

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С.ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«XIV СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«XIV САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

ТОМ 1

**ПАВЛОДАР
2014**

ӘОЖ 001 (063)
КБЖ 72
Ж 33

Редакция алқасының бас редакторы:

Өмірбаев С.М., э.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.Қ., Испулов Н.А., Кислов А.П., Күдерин М.Қ., Күзембаев Н.Е., Сарбалаев Ж.Т., Токтағанов Т.Т., Эрнараров Т.Я.

Жауапты хатшылар:

Абильдинова Г.К., Азербайев А.Д., Анишева Г.М., Досумбеков К.Р., Егинбаева А.Е., Ельмуратов Г.Ж., Жангазин С., Камкин В.А., Карипжанова Г.Т., Касенов А.Ж., Каюмова М.С., Кодекова Г.Б., Кунанбаева К.Б., Леньков Ю.А., Мусабекова Н.М., Огузбаев А.Е., Омашев К.Б., Приходченко И.О., Рахметова А.М., Салихова А.Р., Сартова Р.Б., Титков А.А., Туганова Б.С., Уызбаева А.А.

«Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «XIV Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференцияның жинағы – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2014.

ISBN 978-601-238-376-8
Т. 1 – 2014. – 339 б.
ISBN 978-601-238-377-5

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001 (063)
КБЖ 72

ISBN 978-601-238-377-5 (Т. 1)
ISBN 978-601-238-376-8 (Общ.)

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2014

Құрметті қонақтар, конференцияға қатысушылар!

Сіздерді С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде өтетін дәстүрлі «XIV Сәтбаев оқулары» конференциясының ашылуымен құттықтаймын!

Павлодар облысы Қаныш Сәтбаев сынды белгілі ғалымдардың қасиетті мекеті. 2001 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Сәтбаев оқуларының» міндеті дарынды ғалымның еңбегін жастарға үлгі ету болып табылады. Жастарды ғылымға баулып, білімін шыңдау біздің парыз. Бүгінгі шара болашақ ғалымдар үшін үлкен істің бастамасы болмақ. Сіздердің білім жолындағы ізденістеріңізге сәттілік тілеймін!

Дорогие гости, уважаемые участники конференции!

От всей души рад приветствовать вас на открытии Международной научной конференции молодых ученых, магистрантов, студентов и школьников «XIV Сатпаевские чтения»!

Проведение того или иного научного события всегда знаменательно для людей академического труда. В особенности, если это – научно-практическая конференция международного значения.

За долгие годы в научном сообществе не только нашего региона, но и далеко за его пределами, конференции нашего университета, посвященные нашим выдающимся землякам, стали своего рода эталоном эффективного межотраслевого научного сотрудничества.

Еще одно имя в когорте выдающихся деятелей, которые своими славными достижениями дали творческий импульс для проведения конференции в ПГУ, – Қаныш Имантаевич Сатпаев, первый президент Академии наук Казахстана, основоположник во многих областях казахстанской науки.

В четырнадцатый раз международные Сатпаевские чтения собирают вместе ученых из разных сфер науки.

Примечательно то, что с каждым годом качественный состав участников конференции. Всего в этом году поступило 1146 статей, из них 239 – школьников, 499 – студентов и 408 статей молодых ученых и магистрантов. Сегодня, наряду с представителями казахстанских вузов и школ, в конференции принимают участие представители российских высших учебных заведений – ученые из Барнаула, Читы, Томска, Омска, Якутска и других.

И это тоже неслучайно, ведь только в таком тесном профессиональном сотрудничестве и товариществе – не знаящем национальных и государственных преград – способны возникнуть, окрепнуть и получить воплощение самые смелые научные начинания.


Уважаемые участники конференции!

Я твердо убежден в том, что вы станете достойными продолжателями великих дел нашего великого земляка, вы пойдете по его пути – пути добра, просвещения, демократии.

Это тяжелый, но благородный путь, на котором я от всего сердца желаю вам удачи и настойчивости!

Желаю участникам конференции успешной и плодотворной работы!

С. Торайғыров атындағы
ПМУ ректоры, э.ғ.д., профессор



С. М. Өмірбаев

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – ЖАЛЫНДЫ АҚЫН!

АБДУВАИТОВА М.

8 сынып оқушысы, Павлодар ауданы жалпы орта білім беру мектебі

ГАЛЕЕВА Ә.Т.

мұғалім, Павлодар ауданы жалпы орта білім беру мектебі

«Қарасаздан ұшқан қарлығаш» деген өлеңінде:

«Мен өзім жайында мынаны айтам:

мен ХХІ – ғасыр ұрпақтарының құрдасымын.

Бәлкім, одан әрідегі ұрпақтардың туысымын да ...»

деп жазған екен.

Иә, Шынайы поэзия өкілі, ғажайып ақындардың бірі Мұқағали Мақатаев қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданындағы Қарасаз аулында 1931 жылы 9 ақпанда дүниеге келді. Балалық шағы соғыспен тұспа-тұс келген Мұқағали өленді он-он бір жасынан жаза бастайды. Алғашқы өлендері аудандық газетте жарық көрген Мұқағали шығармалары 1960-1970 жылдары үздіксіз басылады, бұл жылдарды ақынның қазақ поэзиясының биік шыңына көтерілген уақыты деп санауға болады. Ауыл орта мектебін 1948 жылы бітіріп, өз ауылында комсомол кеңес қызметтерінде болған. Кейін аудандық газетте әдеби қызметкер, Қазақ радиосында диктор болған, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімін басқарған. Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясында әдеби кеңесші қызметін атқарған.

Тырнақ алды туындылары Нарынқол аудандық «Советтік шекара» (қазіргі «Хан тәңірісі») газетінде 1948 жылдары жариялана бастаған. 1954 жылы бір топ өлеңі «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында, одан кейін бір шоғыр жыры Әбділдә Тәжібаевтың сәт сапар тілеген сөзімен «Қазақ әдебиетінде» жарияланған.

Аз ғұмыры ішінде бірнеше лирикалық жыр жинағы мен дастандарын ұсынған. Жыр аудармасы саласында Шекспирдің сонеттерін, Дантенің «Құдіретті комедиясын» қазақшалады. Ақынның «Саржайлау», «Сөнбейді, әже, шырағын», «Кел, еркем, Алатауыңа» өлендеріне сазгер Нұрғиса Тілендиев ән шығарған.

Ақын тұрмыс тауқыметін тарта жүріп, сынға ұшырағанда да «Ақынның ақындығы атақта емес, арда ғана» деген байламды берік ұстап, шең-шекпенге де, лауазым-атаққа да қызықпаған.

Өмірді сүюдің ғажайып үлгісін көрсеткен ақын Мұқағали «Жан азасы» (реквием) поэмасында өмір туралы гимн туғызды. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында ел наным-сенімін қастерлеу, сұлулық үндестігін жыр етсе, «Райымбек, Райымбек!» дастанында ел тарихын, ел басына қатер төнгенде қолына ту алып, жауына қарсы аттанған Райымбек Хангелдіұлының ерлігін суреттейді.

М.Мақатаев поэзиясы жұмыр жердің барлық мәселесіне араласқан, кең, ауқымды тақырыпты қамтиды. Оның туған жер, адамдар тағдыры, өмір мен өлім, ана мен бала, ақын мен ақындық, соғыс тауқыметі т.б. тақырыптағы лирикасы қайталанбас ұлттық сипатта, ұлттық зермен кестеленген.

Ақын қай тақырыпты жазса да жалған сезім, жылтырақ сөзге әуес болмады, ол туралы: «мен жырламаймын, сырласамын. Сыры бір замандаспен мұндасамын. Көгендеп жыр қосағын, келмейді жыр жасағым» немесе «тіпті де мен еместі «Мен» дегенім... өзгенің жан-сырын ұғу үшін, өзімді зерттегенді жөн көремін» дейді. Мұқағали шығармашылығының негізі «өзін – өзі» зерттеуден тұрады. «Өмірдастан» атты топтамалы талғауында жесір жеңге (Дариға) образы арқылы тылдағы халық өмірі мен адамдық, азаматтық, адалдық, ар намыс, рух пен нәпсі арасындағы толласыз күрес психологиялық шиеленіс арқылы шебер жеткізілген.

Ол әсіресе тауды, қазақ ауылын көп жырлайды (Тауды өстім, Тау бір аңыз т.б.). Мысалы «Өлмесін деп берген ғой тауды маған, Мен күнірәсем, күрсініп тау жылаған».

Ол қазақ өлеңін мазмұн, пішін жағынан түрлентті. «Қазақтың кара өлеңі құдіретім, онда бір сұмдық сыр бар естілмеген» дейді ақын. Мұқағали дәстүршіл ақын, ол өлеңге интонация, инверсия, мазмұн тұрғысынан жаңалық енгізді. Мұқағали поэзиясы ұлттық характерімен, мінезімен ерекшеленеді, мұны айқындайтын мынандай өлең жолдары бар: «Су сұрасам, сүт берген, айран берген, Қартайып қалыпсын-ау, қайран жеңген». Ақын өлеңге ерекше кие деп қарап, Музаға табынған: «О, Муза, маған алыс сөренді бер, Ғайыптан кел де, мені демеп жібер».

Ол Нағыз ақын алдымен ойшыл, философ болуы қажет. Поэзияда философ болу өзін қоршаған әлемді ұғыну, әр заттың мәнін білу, ақырына дейін «адам жанының инженері болып қалу» дегенді ұстанды. Мұқағалидың адамзат ғұмыры мен әлем сырын жыр еткен лирикасы қазақ әдебиетіне қолмақты мұра боп енді.

Мұқағали әлемі – сан қырлы. Сол әдемі, мұнды, сазды, сағынышты, терен, ойлы жырлар қай кезде де оқырманын үздіктіре

өзіне тартады, қызықтырады. Сүйгенін іздеген, ару аңсар талай жас «сүйгісі келе берер сүйген ерін» деп тұрғаны анық, әдемі жандар жиылған кештерде «әйелдер-ай, әй-әйлар-ай, қулар-ай» дегені, ардақты аналарға арналған «қайран біздің аналар арды ойлаған» деген айшықты сөз, жүрегімізде сақталып, қанша сырлар жан тебіренеткені рас. Мұқағали өлеңдерінің қай-қайсысының да басты нысанасы – адам тағдыры, оның ішкі сезімдік әлемі, жан дүниесі. Адам жанының түрлі-түрлі психологиялық күйлерінің бейнеленуін мына жолдардан анық байқалады.

«Тіршілікте көрінеміз өлместей,
Тұра алмаймыз ерегеспей, белдеспей.
Өтейікші бірімізді-біріміз,
Өшіктірмей, өкпелетпей, сен деспей?»

Психологизмнің негізгі қызметі - өмір шындығы мен көркем шындықтың жанды тамырластығын сақтау. Жалпы, түрлі сана, сезім импульстарына назар аударып, толымды баға беру, байлам жасау рухани, адамгершілік өрісі мол қаһармандарға лайық. Алайда, әр дәуір шығармаларының бәрінде дерлік негізгі қаһармандар өмір шындығына сәйкес биік ой, сана үдесінен шыға бермейтіні аян. Қаламгер стилінің сипатына қарай адам психологиясын өрнектеу ұстанымдары да әр түрлі.

Ақын көңілі сырқатын ойлап, ортайса да, өзге әлемді - еркін көсілетін кең әлемді аңсайды. Екіұдай сәт, екіге бөлінген көңіл шіркіннің қай-қайсысы да ақыннан алыс емес. Қазіргі дерт құрсаған шағына мойынұсынғысы келмей, ақын жаны басқаға жеткісі келеді, арман етеді.

М. Мақатаевтың суреткерлігі – күнделікті өмірдегі әрбір адамның өмірінде кездесе беретін қалыпты жағдайлардың ақиқатын ашатындығы. Бірақ ақынның ойынша, ағымдағы жағдайда адам өмірінің жарқын уақиғалары сонша жиі ұшыраса бермейді. Сондықтан да ақын оқырманға қарапайым болмыстың әр сәті мен әр күнін көрсетуге тырысады.

Ақын лирикасының ендігі бір сипаты кейіпкерлерін сезініп, тануы. Лирикалық қаһарманының болмысын жіті танып, көңіл-күй өзгерісін тап басады. Себебі, ол жағдаят ақынның өз болмысына тым жақын.

Мұқағали поэзия жанрында ғана емес, проза, драма, сын саласында да қалам тартты. Қаламгердің «Қош, махаббат» жинағына (1988) әр жылдары жазылған «Кұлпытас», «Марусяның тауы», «Өзгермепті», «Әже», әнгімелері, «Қос қарлығаш», «Жыл

құстары» повестері мен «Қош, махаббат» пьесасы, бірнеше сыни еңбектері енген. «Рух және сезім», «Сезім найзағайы», «1969 жылғы қазақ поэзиясы» атты әдеби сын еңбектерінде О. Сүлейменов, М. Әлімбаев, Қ. Мырзағалиев, Ж. Нәжімеденов, С. Мәуленов, т.б. шығармаларына талдау жасап, өнер, поэзия, туралы ой толғайды. Ақынның көз тірісінде 3 аударма кітабы (У. Уитмен, «Шөп жапырақтары» (1969); У. Шекспир, «Сонеттер» (1970); Д. Алегерья, «Құдіретті комедиясының» «Тамұқ» бөлімі (1971)), 8 жыр жинағы («Ильич» (1964), «Армысыңдар, достар» (1966), «Қарлығашым, келдің бе?» (1968), «Мавр» (1970), «Дариға-жүрек» (1972), «Аққулар ұйықтағанда» (1974), «Шуағым менін» (1975), «Өмірдастан» (1976) жарық көрді. У. Уитмен, У. Шекспир, Н. Тихонов, Р. Бернс, Ф. Ансари, А. Акоюн, А. Исаакян, Е. Евтушенко, Ф. Моргуннің бірнеше өлеңдерін аударды.

Ақын өз шығармашылығында әр-түрлі тақырыптарда жаза білген. Мен Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін оқып, олардың кейбіреуін мынандай етіп жіктедім:

1. Махаббат туралы: «Махаббатым өзімде», «Махаббат диалогы», «Ғашықпын», «Махаббат» және т.б. Бұл шығармалардың ішінен маған ұнаған «Махаббат» өлеңін сіздерге оқып бергім келеді.

Құмартасың жете алмай,
Қайғырасың сағынып.
Қыл көпірден өте алмай
Қиыласың табынып.
Жүрегінді бос етіп,
Жүдеп жүріп сүйерсің.
Өзіңе өзін қас етіп,
Өз отыңа күйерсің.
Өзіңе бал, басқаға у,
Сезімдіге ең қымбат:
Қайғы, сүю, құмарту-
Ең бірінші махаббат.

Менің ойымша бұл өлең жолдары алғашқы махаббатқа арналған және бұл махаббаттың сәтсіздікке ұшырағандығын көрсетеді.

2. Табиғат туралы: «Қыстың күні», «Көктем», «Күзгі таң», «Түнгі табиғат» және т.б.

3. Достық туралы: «Достарға», «Менің бір досым», «Досым менін», «Досыма хат» және т.б.

4. Ана туралы: «Анама», «Анашым», «Сәби ана», «Жас ана» және т.б.

5. Отан туралы: «Сүйемін, өскен отаным», «Отаным», «Туған жерім» және т.б. Бұл тақырыптағы өлеңдердің ішінен мені тамсандырған «Отан туралы» өлеңі:

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның күдіретті үнін сүйем.

Сонымен қатар өздеріңіз білесіз Мұқағали өлеңдеріне ән жазылып, оны көптеген әншілер орындауда. Мысалы: «Мұзарт» тобы «Көзін сенің», «Бала ғашық», «Нұрмұқасан» тобы «Бақытынды жырлайды» деген өлеңдерді орындайды.

М.Мақатаев туралы көптеген ақындар, зиялы адамдар өз пікірлерімен бөліскен. Бексұлтан Нұжекеұлы ақын туралы былай деп жазады: «Ойын сиқырлы сөзбен айта білу, тапқыр ойды өрнекті тілмен жеткізе білу – Мұқағали өлеңдерінің негізгі күдіреті. Оның талай өлең жолы қанатты сөз боп халық аузында жүр. Мақалға, мәтелге, үлгілі сөзге сұранып тұрған талайының әлі тәлейі алда. Мұқағали-өлең түрін түрлендіруге де көп көңіл бөлген ақын. Ол көне шығыс үлгілерін де, әр сөзі ой шегелеген өзіндік тәжірибелерін де қазақ өлеңінің қанына сіңіріп кетіпті. «Алатау, ассалаумағалейкум!» деген өлеңінде :

- Шаруа-ата секілденіп, өміріңді сарып қып,
Үлкен үйдің ошағындай дүниені қарық қып,

Аман – есен жатырмысың, айналайын жарықтық! - дейтін жан тебіренісі бар. Осындағы «жарықтық» сөзінің кезінде жаман пиғыл көргендер де болған. Алайда тауды кәриядай әулиеге айналдырып тұрған да сол сөз ғой.»

Қорыта келе айтарымыз. «Ғасыр ақыңы» атанған Мұқағалидің барлық еңбегі тұтастай алғанда, өткен ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің рухани дүниесін, тұрмыс-күйін, арман-мүддесін, тарихи тұрғыдағы ұлттық портретін шыншылдықпен хаттаған асыл мұралар қатарына жатады. Өлеңмен де, өмірмен де бүкпесіз қауышып, қалтарыссыз сүйген ақын жүрегі соңғы деміне дейін кіршіксіз сезім өртіне өтті. «Жүрегінің түбіне кір жасырмай» айтып кетті, армансыз ақтарылып кетті. Мұқағали Мақатаев- қазақтың қарапайым тілінің нәрі мен мәнін Абай, Қасымдардан кейін түсініп жазып, түсіндіріп өткен ақын. «Сөз өнерін дертпен тең» көрген парасатты қаламгер. Ақынның әр өлеңінде, әр шумағында бүкпесіз, ақжарқын көңілмен сазды сыр төгіп отырғандай. Өлеңнің ырғағынан да, тербелісінен де ақынның кимылын, дауысын, мөнерін естіп, мінез-құлқын танимыз. Өйткені

ол өлеңнен, өнерден сыр іріккен емес. Өлеңге өз жан дүниесін ашты, өлеңнің сырлы құпияларын жария етті. Мұқағали шығармашылығы әлі де терең зерттеу қажет деп ойлаймыз.

Мұқағали Мақатаев – туған жерінің суретін бейнелеуде өзіндік өрнек таныта, өзгеше поэтикалық әлем аша жырлайды. Табиғат аясында туып-өскен әрбір ақынның сол тақырыпқа қалам тартпауы мүмкін емес. Туған жерді, оның әдемі табиғатын жырлау – барлық ақынның перзенттік парызы. Қазақ даласының табиғатын Мұқағали пәк, таза күйінде көргісі келеді. Адам мен табиғатты ол тұтастықта таниды. Табиғат та адам сияқты кейде көңілді, кейде мұңды. Соған лайық ақын да оны әр-күйде суреттейді. Бірде ол дала бетін жапқан жібектей жасыл шөптер мен асқар тау, балдан тәтті сулар көрсе, кейде сол даладағы бабасы өскен Кеңбұлақты ғасырлардан оралған көштерге теңейді. Кейде сарғайған сары белін сәулелі лағылға теңесе, енді бірде сол даланың соққан самалынан таңдайына қымыздың дәмі келген.

БАЛА ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНЫ

АҚБЕРГЕН А.

6 «В» сынып оқушысы, № 266 мектеп-лицейі,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

БЕКБАНОВА Г. У.

жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Мұғалім – мектептің жүрегі. Мұғалімнің қоғамнан алатын орны зор. Олай болатын себебі мұғалімнің еңбегі өте жауапты, әрі күрделі. Өйткені ол жас ұрпақтың болашақ тағдыры үшін өзін жауапты сезінеді, оның тәртібі, білімі, қоғамнан алатын орны, адамгершілігі, белсенділігі, іскерлігі үшін күресетін, оның жүрегіне жол тауып, оның жан дүниесінің таза қоғам үшін жан тәнімен еңбек етуге құштарлығын оятатын, білімге деген ішкі қажеттігін оята отырып, баланы білімге ұмтылдырып талаптандыратын мұғалім. Мұғалімнің осындай қасиеттері үшін адам жанының инженері деп атайды. Қоғам, мұғалімге балаларды сеніп тапсырып, оларға ықпал жасап тәрбиелеуді, дүниеге көзқарасын дамытып, қалыптастыруды сеніп тапсырады. Мұндай орасан зор сенім, мұғалімдерге қоғам алдында ұлы жауапкершілікті жүктейді.

Қазақтың тұңғыш ағартушысы ғылыми педагогиканың негізін салушы Ы.Алтынсарин мұғалімнің қоғам алдындағы қарапайым, әрі

нақтылы етіп айта келіп, кезінде «Салып жатқан үйдің жақсы болуы, оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты» болатыны сияқты, біздің қолға алып отырған ісімізде, қазақ мектептерінің бар келешегі, көбінесе, істің қазіргі басталуына байланысты. Сондықтан мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат», - деген пікірі бүгінгі өтпелі дәуірде өз мемлекетінің іргетасын қалап жатқан қазақ халқының мұғалімге қоятын талабы ретінде сезіледі.

Мұғалім – мектептің айнасы, бәйтерегі. Мұғалім еңбегінің әлеуметтік мәніне, елдің мәдени өміріндегі белсенді рөліне кезінде қазақ зиялылары көп көңіл бөлген. А.Байтұрсынұлы «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді, басқа кемшілігі болса, мұғалімнің жақсылығын жабады, білдірмейді деген болатын. Мұғалім білім нәрін себуші, мұғалім жақсы білімді болса, білген білімін алдында отырған шәкіртіне үйрете білсе ол мектептен көбірек білім алып шығады. Мұғалім бала жанын түсінетін, онымен үнемі бірге болатын, араласудан жалықпайтын және одан өзіне ләззат алатын адам. Мұғалімнің мейірімділігі мен ізгілігі, әдептілігі балаға шынайы сезіммен құрметпен қарауы оның рухани көрсеткіші. Ақын Ғ.Қайырбеков:

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,

Ұстаз болу – мінездің күншуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы, – деп мұғалім бойындағы ізгілік қасиеттерді сезімталдықпен жырлаған. Мұғалім, адамды қалыптастырып, тұлға етіп тәрбиелейтін өнегелі маман иесі. Әдепті мұғалім – салмақты, ұстамды, байсалды, мінез-құлықтың да, сөйлеудің де әдеп-құлықтың да киім киюдің де қалыптан шығып кетуіне жол бермейді. Олардың оқушылардың көздерінен, назарынан, үнсіздігінен білуі, ұғынуы, көңіл-күйді сезініп түсінуі оқушылар жүрегіне жол ашар кілтін табу деген сөз.

Адамзатқа Алланың берген сара жолы біреу ғана дер болсақ, сол жолда өмірлік бағытың мен бағдарыңды айқындай білу, талантыңды танытып, қабілетіңнің қайнар көзін ашу, туған елің мен жеріңе, айналаңа жақсылық жасау, жігерің мен намысыңды жасытпай рухыңды биік ұстау, арман-мақсаттарыңа қол жеткізу, адамшылық пен парасаттылықтың пернесін теңдей басып, көпшіліктің жүрегінен жол табу – екінің бірінің тәлейіне жазыла бермейтін бақыт. [6,15 б]

Барлық мамандықтың өзіндік ауыртпашылығы бар. Бірақ мұғалім болу бәрінен де қиын. Өйткені ол өскелең ұрпаққа білім беріп қана қоймай, оқушының бойына имандылық, ар-ұят сынды

қасиеттерді ұялату жолында үлкен қызмет атқарады. «Ұстаз жолы - ұлы жол» - деп тегін айтылмаса керек. Міне, сондай ұлы жолды тандап, бүкіл ғұмырын бала тәрбиесіне арнап жүрген ұлағатты ұстаздардың бірі – Наурызбаева Рахат Наурызбайқызы.

Қызылорда облыстық білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтының оқытушысы, 46 жылдан астам уақыттан бері білім саласында тынбай еңбек етіп келе жатқан ұстаз-ғалым және балалар ақыны Наурызбаева Рахат Наурызбайқызы Қызылорда облысы, Қазалы стансасында 1944 жылы 25 қаңтарда, шаруа отбасында дүниеге келген. 1,5 жасында анасынан, 10 жасында әкесінен айрылып, апасы Рахиманың қолында тәрбиеленген. Жастайынан білімқұмар, зерек болып өскен жас талап 1957 жылы № 420 мектептің 7 сыныбын бітірісімен М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, 1961 жылы бітіреді, сол жылы Абай атындағы Мемлекеттік педагогикалық институтқа түсіп, 1965 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады.

Облыс, аудан мектептерінде 12 жыл, М.Мәметова атындағы педагогикалық училищеде 13 жыл, Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік гуманитарлық университетте 8 жыл, №1 гуманитарлық-техникалық колледжде 1 жыл, «Сейхун» академиясында 5 жыл, 2005-2011 жыл аралығында Қызылорда гуманитарлық университетінде оқытушы болып жұмыс істеді. Қазіргі таңда «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында жұмыс атқарады.

Ұстаздық қызметімен қатар, шығармашылық жұмыстармен де шұғылданады. 1980жылы «Жалын» баспасынан «Бастау» атты жыр жинағы, 1985жылы «Аққозы», 1993жылы «Сергек Серік» атты балаларға арналған жыр жинақтары, 1994жылы «Ана тілі» баспасынан «Үй ішімізбен қазақша үйренейік» атты оқу құралы, 1998, 1999 жылдары «Атамұра» баспасынан Ш. Құлманова, М.Оразалиева, Б.Сүлейменовалардың авторлығымен шыққан 2,3-сыныптарға арналған Музыка оқулығына «Жыл басы кім болады?», «Андардың айтысы» атты музыкалық ертегі мен сюжетті шығармасы енді. Оқулықтар 2002, 2003 жылдары қайта басылып шықты. 1989-1990 жылдары облыстық радиоторабынан «Кел, қазақша үйренейік!» атты аптасына 5 күн бастап үйренушілерге 70 сабақтық, тереңдетіп үйренушілерге 90 сабақтық арнаулы бағдарламамен сабақ жүргізді. Қала мекемелерінде: ФНМ, ТЭЦ,

ОГМТС, Банк, жүйке аурулары ауруханасының қызметкерлеріне Білім қоғамының лекторы ретінде туыс халық өкілдеріне сабақ жүргізді. Жүргізген сабақтарының нәтижесін радио, теледидардан арнаулы хабар дайындап көрсетіп отырды. Сол жылдары педагогикалық тақырыпқа «Тәрбие туралы толғаулар» атты аптасына бір рет 20 хабар дайындап жүргізді. [16,25 б]

1994-1997 жылдар аралығында Қазан университетінің «Татар тілі» мен «Педагогика» кафедраларында ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысып,

1997 жылы 23 маусымда «Бала бақша – мектеп – жоғарғы оқу орны жүйесінде жеке адамды шығармашылық бағытта ұрпақтар сабақтастығын қамтып тәрбиелеу» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты атағына ие болды.

2009 жылы Қазан университетінің педагогика кафедрасында «Оқушыларды халық өнері арқылы көркемдік-шығармашылық іс-әрекетке эвристикалық оқытудың педагогикалық жүйесі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының докторы атағын алды.

2002 жылы Қызылорда қаласындағы «Дария» баспаханасынан «Алақаныңда алтын бар» жантану іліміне көмекші оқу құралы, 2003 жылы «Аңсар және К» баспасынан «Алма берсем аласың ба?» атты балаларға арналған суретті кітабы шықты. «Ақмешіт Ақшамы» газетінің бетінде 26.05.2000-22.09.2000 жылдары аралығындағы нөмірлерінде авторлық жұлдыз жорамалы жарияланып тұрды.

2004 жылы «Дария» баспаханасынан “Сахнада самғаймыз” сценарийлер жинағы, “Бала бақша-мектеп-жоғарғы оқу орны” жүйесінде жеке адамды шығармашылық бағытта ұрпақтар сабақтастығын қамтып тәрбиелеу” деген тақырыпта монографиясы, “Қ дыбысының үлгісінде қазақ тіліндегі төл дыбыстарды шығармашылықпен үйрету жолдары” атты оқу-әдіскерлік құралы шықты.

“Ақмешіт ақшамы” газетінің 26.05.2000-22.09-2000 ж.ж. аралығында 20 нөмірде авторлық жұлдыз жорамалы жарияланды.

1991, 1996, 2006, 2007, 2008 жылдары Қазан университеті жанындағы «Біліктілікті жетілдіру факультетінде» білімін жетілдіріп отырды. 2008 жылы Қазан қаласындағы «Инновациялық технология орталығы» баспасынан «Оқушыларды халық өнері арқылы шығармашылық іс-әрекетке эвристикалық оқыту», 2010 жылы «Балаларды көркемдік-шығармашылық әрекетке эвристикалық оқыту» атты монографиялары жарық көрді. Қорыта келе, бүгінгі таңда

автордың 4 монографиясы, 5 жыр жинағы, 10 оқу-әдіскерлік құралы, Қазақстан және Ресейдің Жоғарғы аттестациялық комиссиясы бекіткен журналдарда жарияланған 27 мақаласы, Қазақстан және Ресейде өткен Халықаралық және Республикалық дәрежедегі ғылыми-практикалық конференцияларда 38 мақаласы, республикалық, облыстық ғылыми-педагогикалық журналдарда 28 мақаласы, «Атамұра» баспасынан (2002, 2003ж.ж.) шыққан 2,3 класстарға арналған Музыка оқулықтарында 2 шығармасы, әдеби жинақтар мен педагогикалық журналдарда үлкенді-кішілі 39 көркем-әдеби шығармалары (небәрі – 151 еңбегі), Қызылорда облыстық телерадио торабынан 5 авторлық телехабар, 200 радиохабары жарық көрді.

Ө. Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапханасының жанындағы «Рауан» шығармашылық орталығының құрметті мүшесі, Өзі қызмет істеген Қызылорда гуманитарлық университетінің «Шамшырақ» шығармашылық үйірмесінің көркемдік кеңесшісі ретінде жастарды шығармашылыққа баулып жүрген педагогтың шәкірттері мол [25,30 б]

Балалар ақыны ретінде облыс мектептерінің шығармашылық оқушыларымен өткізілетін кештерде әндері, сценарийлері, жырлары жиі орындалады. Ақын еңбегін насихаттауда

Ө. Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, облыстық телерадиокомпаниясының, баспасөз құралдарының еңбегі зор.

Аударма жұмыстарымен айналысқанды ұнатады. Татар жазушысы Туфан Миннуллиннің “Әлдермештегі Әлмәндәр” атты пьесасын, «Қазақ қызы» атты әңгімесін аударған. Татар жазушылары Ләбиб Лерон, Фәнзаман Баттал, Батулланың әңгімелерін, Ф.Тоқайдың «Шурәлесін» қазақ тіліне аударып, жариялаған. Татар ғалымы Ф.С.Сафиуллинань “Татарша-орысша” 5 баспа табақ сөздігінің қазақша вариантын жасаған, ол қолжазба деңгейінде тұр. Соның қатар, шығармалары қарақалпақ тіліне аударылып “Жеткіншек” (№90, 15.11.1978) газетінің беттерінде, татар тіліне аударылып “Сабантуй”(№88, 6 қараша 1991) газетінің беттерінде жарияланды.

Қазіргі таңда еліміздің экономикалық, саяси-мәдени дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін, парасатты, денсаулығы мықты азаматын тәрбиелеу – ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы мерейлі міндеті. Жас ұрпаққа білім-тәрбие беретін бала жанының бағбаны – мұғалімдер қазіргі таңда қандай болуы керек және олардың еңбегі қалай өлшенуі керек деген сұрақтарға Рахат Наурызбайқызының жауабы:

Біріншіден, мұғалімнің ары таза, адал, әдепті, инабатты, сыпайы, парасатты, байсалды, ұстамды, төзімді, кешірімді болуы ләзім.

Екіншіден, мұғалімнің ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, өз мамандығына сай, оны сүйетін, өз ойын оқушы шәкірттеріне анық, тұжырымды, дәл айтып түсіндіре білуі шарт.

Үшіншіден, мұғалім өз оқушыларына беделді, ұжым арасында сыйлы болуы тиіс. Әрдайым оқушылармен әдептілік қарым-қатынаста болғаны жөн.

Төртіншіден, мұғалім теорияны өмірмен байланыстырып, ғылым мен тәжірибені әрдайым өзі беретін күнделікті сабағына кеңінен пайдалануы қажет.

Бесіншіден, мұғалім үнемі өз бетімен оқып, педагогика, әдістеме жаңалықтарымен танысып, өзінің ой-өрісін кеңейтіп, білімін толықтырып отыруы керек.

Осы қағидаларды әрбір мұғалім тұрақты ұстанып отырса, мұғалімнің күш-қуаты жылдан-жылға арта түсіп педагогикалық шеберліктің шыңына жетуге болады деп толық айтуымызға негіз бар [18,22 б].

Қорытынды

Менің міндетім - балаларға қызық, керек болып тұру. Әр кезеңдегі балалардың өз қызығы бар. Баланың аты - бала. Дүниеге пәк болып келеді. Дүниені таниды, біледі, қорқады, қуанады, армандайды. Ойынға беріліп кіріседі. Үлкендердің міндеті – балаға мейірім шуағын төге отырып, тәрбие беру. Бала - зерек, сезімтал. Біздің кезіміздегі балалардың арманы қазіргі балалардан кем емес. Ересектердің мейіріміне қанып, қамқорлығына бөленіп өскен бала бақытты болады деп ойлаймын – дейді бала бағбаны Рахат апай.

Бала психологиясын жетік меңгерген бала жанының бағбаны аталып жүрген

Рахат Наурызбаеваның шығармалары мемлекеттік бағдарламаға еніп, қолдау көрсетіліп, кеңінен насихатталатын уақыт жетті деп ойлаймын.

Ұзақ жылғы ұстаздық еңбегінің барысында заман талабына сай шығармашылықпен өзін-өзі дамытуының үлгісі ретінде үздіксіз іздену үстіндегі педагогтің әлі де сүбелі шығармаларының куәсі болатынымызға сенімім мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Мұғалім және қоғам» Республикалық педагогикалық-қоғамдық журнал № 2,2012жыл. [6,15 б] 184 бет

2 «Бастауыш мектепте халықтық тәлім-тәрбие берудің шығармашылық жолдары» Р. Наурызбаева. Алматы қаласы «Білім» баспасы. 2006 жыл. [16,25 б] 256 бет

3 «Эвристическое обучение детей художественному творчеству» Р.Н.Наурызбаева. Казань қаласы. Центр инновационных технологий 2010 жыл. [25,30 б] 136 бет

4 «Ақ батамен өс, балам» Р. Наурызбаева. Алматы қаласы. «Білім» баспасы 2012 жыл. [18,22 б] 168 бет

АҚЫН ҚҰМАРБЕК ҚАЛИЕВ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТІЛДІК-КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

АЛТЫБАСАРОВА А., АЙЛАНА О.

оқушылар, К. Ыдырысов атындағы орта мектебі, Ақтоғай ауданы
ТОГТОХ С., КЕНЖЕБАЕВА З. К.

мұғалімдер

Құмарбек Қалиевтің қаламынан туындаған өлеңдер – мағынада үйлесімін, мазмұнда жарасымын, бейнелеуде көркемдік бедерін тапқан тартымды туындылар. Олар көлемі жағынан қысқа, бас-аяғы өте жинақы, ықшамды, жұмыр, шымыр келетіндігімен де ерекшеленеді.

Жаңа адамның жаңа қасиеттерін қалыптастыруда көркем әдебиеттің алатын орны айрықша. Соның ішінде, әсіресе, поэзия жанры өзгеше қызмет атқарады. Өйткені бұл - өлең, өлең өзге жанрларға қарағанда әрі қысқа, әрі жылдам жазылатын жанр. Сондықтан оқырман болашақ жарқын өмір адамының жаңа белгілерін көрсетерлік замандас тұлғасын ең алдымен осы жанрдан іздейді.

Қ.Қалиев - қаламынан көркемдік деңгейі биік, шеберлік аясы кең дүниелер туындаған ақын. Оның өлеңдерінің тақырып түрлілігіне, өмірден алған суреттерінің әр алуан бояуына, сюжет құру өзгешелігіне қарамастан соның барлығы да адамның жаңа сипаттарын бейнелеуге арналған.

Ақын туған ел мен жерге, Отанға деген халқының кіршіксіз таза махаббатын, адалдық, адамгершілік асыл қасиеттерін, еңбек сүйгіштік, достық, жолдастық мінез үлгілерін суреттейді.

Ақынның тілі шұрайлы, сөздік қоры мол болуы шарт. Бұл – қалам иесіне қойылар бұлжымас талап. Жазушы-ғалым З. Қабдолов айтқандай, тіл байлығы сөз өнеріндегі мазмұн байлығына әкеледі. Ал халыққа қажет шығарма – мазмұнды да көркем шығарма. Осы тұрғыдан алғанда ақын Құмарбек Қалиевтің халықтық

тілдің телегей- теңіз бай қазынасын молырақ игеріп, оның қилы-қилы әрі қызық құбылыстарын жете түсініп, әр сөздің мәні мен мағынасындағы ұланғайыр өзгерулер мен өңдеулерді, ауысулар мен алмасуларды, құбылтулар мен құлпыруларды дәл баса білгендігі байқалады. Өлең шумақтарында әр сөзді тандап, талғап тауып, ойды анық, сезімді нәзік жеткізер тың да тартымды суреттер жасай білген.

Ақынның «Әулие» өлеңінде:

Мына тақыр бір кездің көлі ме екен
Мына аңызға бабалар демі ме екен.
Бір қасиет бары анық, әйтпегенде
Әулие деп аталу тегін бе екен, -

деуі осыған айғақ. Ақын айтқысы келген сырын, танытқысы келген шындығын жан тебіренер әсерлі суретке айналдырып, қағаз бетіне көңілдегі қалпынан айнытпай түсіру мақсатында синоним, антоним сөздерді орынды пайдаланады.

Соғыс бітті, біз жеңдік, сүйінші бер
Есі шықсын, қуансын, сүйінсін ел.

Немесе:

Дәруі едің сонан да жаралы елдің
Жұбанышы ең қазалы, қаралы елдің, -

деген жолдарда синонимдерді көрсек, антонимдер төмендегідей қызмет етеді:

Қиналмаңыз, ағасы, деп ініңді қыздырам
Артық емес, кем емес – моншадан соң 100 грамм
(«Көршілер» өлеңінен)

Бұл жерде жоқ биік те, аласа да
Дуылдайды үлкендер, бала-шаға.
(«Тойда» өлеңінен)

Өн тыңдаушы мейірі қанбай ішіп,
Тұрғанында бір суып, бірде ысып.

Немесе:

Жүректің де қарасы бар, ағы бар,
Маңдайдың да соры менен бағы бар.
(«Тіршілік» өлеңінен)

Ақын шығармашылығында бүгінде ескіріп, әдеттегі қолданудан шығып бара жатқан көне сөздер – архаизм де керекке жараған. Көкжал Барақ рухына арналған «Жорықта» өлеңінде олар төменгідей көрініс тапқан:

Уа, алдияр!
Ел шетіне жау келсе,

«Қайдасың Барак» - деп едің
Сен қайқы қара садақ болғанда,
Көбембұзар жалпақ оқ –
Мен - қауырсын жебе едім.
Немесе:
Қапыда естен танбайын,
Міскін боп қолда қалмайын.
Шығыршық көбе, көк берен,
Ақ бадана киейін.
Шарайна төске ілейін,
Тізелік, қолдық тағайын,
Шыңдауылды қағайын.
Ей, жасауыл, дабыл қақ!

Автордың көнерген сөздерді өлеңдерінде орынды қолдана білуі оның ақындық шеберлігін ғана танытпай, сонымен бірге өз халқының арғы-бергі мәдениеті мен тарихи болмысын терең білетіндігін, аса қадірлейтіндігін де танытады. Оның бірқатар өлеңдері тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – мақал-мәтелдерді орнымен кіріктіру барысында сәттілік тапқан. Мысалы «Тойда» өлеңінде:

Жұтынарсың еріксіз, көзің тұнар
Дастарханды небір дәм сіреп тұрар
«Досың асын дауындай же» дер қазақ
Шын достықты көрсетпей қалай шыдар.

Немесе:

«Ештен кеш жақсы» дейді ақбас кәрі
Көңілі бұл кәрінің жатыр әрі.

Сөзден кесте тігіп, дыбысқа жан бітіру шеберліктің бір қыры болып табылады. Ассонанс пен аллитерация да ақын өлеңдеріне әжептәуір ажар беріп, өлең құрылысын, шумақтағы мазмұнды ашуға ықпалын тигізген.

Сен әркімге әртүрлісің, тіршілік
Бірәу күлсе, бірәу тұрар күрсініп
Бір бүтінді іздеп жүрсе бір бүтін
Бір сынықпен табысады бір сынық

Ақын өлеңдерін тың ажар мен әсем әуезге айналдырып, сөздің реңін келтіріп тұрған – құбылту мен айшықтау түрлері.

Қыс та өтер аязды, көктем келіп шуақты
Жер өңдейік бірігіп, аямай күш-қуатты.

Немесе:

Қиыршық тас, қасат қар бетті тілер,
Жынды боран жұлқылап аласұрып.

Иә, бұл эпитеттер ақынның айтар ойы мен салар суретін қаншалықты нәрлендірсе, ал осыған үстеме мағына беріп, көрікке көрік қосуда теңеулер де шебер қолданылған:

Қудай мойның үзіліп,
Сымдай денең созылып.

Немесе:

Шұбатылған түтіндей
Құйрығың артта шашылып
Арандай аузың ашылып
Көмбеден ағып өтсеңші!
(«Бәйге алдында» өлеңінен)
Балбырасаң суға тиген қамыстай
Не болмаса жабағыдай ұйыссаң
Өсіп кетсең кеудең толып талыстай
Ізгіліктен үзе қалсаң құйысқан
Әулиеге қыста бар.

(«Әулие» өлеңінен)

Идеялық мақсат пен эстетикалық мұратқа жетуге ақын үшін көркемдегіш құрал – құбылтулар да қомақты қызмет еткен. Солардың бірі – метафора.

Сен қайқы кара садақ болғанда,
Мен – қауырсын жебе едім, - десе,

бірде:

Көк сүңгінің ұшы – мен
Қыры – сендер, біліндер, - дейді.

Шабытты ақын оқырман көкейіне, оның көз алдына жан тебіренер сұлу сурет тудыруда жансыз табиғатты жандандыра суреттеу, яғни кейіптеу тәсіліне көшкен.

Айнакөл де қопалы, шағалалы
Баяу толқып сипайды жағаны әні.
Тай сұлу да сүйенген босағаға
Тапжылмайды қалпынан бағанағы.
Я болмаса:

Көңіл – аспан кеткен бе аласа боп

Күз қағады есікті қараша боп, - деп ақын әдемі тәсілді әдемі қолдана білген, жансызға жан сала суреттеу арқылы ойды биікке самғатқан.

«Көршілер» өлеңінде сырттай қарағанда тату көршілердің сыйластығы айтылған сияқты. Ал енді осы айтудың астарына үңілсек, мырс еткен күлкі тұрғанын да байқаймыз:

Баптау, күту, суару – міндет болсын сіздерге
Ал, өнімді жинауды тапсырыңыз біздерге.
Шаруа бастан асады үйдің қамын ойласам,
Сиырымды әкеліп, сіздің шөпке байласам...
Бөліп-жарып қайтеміз, оны да сіз сауыңыз
Сүтті әкеліп берсеңіз, болмайды еш дауымыз.

Осындай жеңіл қалжыңмен кейбір адамдардың көршісін мезі етер қылықтары мен әрекеттері әшкереленген.

Сонымен, ақын Құмарбек Қалиевтің қаламынан туындаған өлеңдер – мағынада үйлесімін, мазмұнда жарасымын, бейнелеуде көркемдік бедерін тапқан тартымды туындылар. Олар көлемі жағынан қысқа, бас-аяғы өте жинақы, ықшамды, жұмыр, шымыр келетіндігімен де ерекшеленеді

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ «КӨКШЕТАУ» ПОЭМАСЫН АҢЫЗДАРМЕН САБАҚТАСТЫРА ОҚЫТУ

АХАТ Г. Т.

9 сынып оқушысы,

Ш. Аймапов атындағы қазақ гимназия мектебі, Баянауыл ауданы

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы—ақын шығармаларының ішіндегі көркемдік қуаты жағынан да дәстүр сабақтастығын жалғастыра отырып, тың ізденіспен, жаңашылдықпен жазылған туынды. Поэма 4 бөлімнен, 47 тараудан құрылған. Бастала бере Көкшенің әдемі табиғатын, көлі мен терегін, қарағайы мен қайыңын, тау мен тасын, ауасы мен суын – жаратылыстың суреттей қылып берген сұлулығын тамылжыта, төгілдіре өрнектейді. Табиғат сұлулығына, ел мен жер тарихын, ескі ақындарын, шежіресін қосып сұлулық пен рухани байлық үйлесімділігін жыр етеді.

Поэмада Көкшетаудың табиғаты, елі мен жері, адамдары ғана емес, ақын Көкшенің бүгінгі мен болашағына да көз тігеді. Ақын табиғат сұлулығына адамдар сұлулығын, жер, ел тарихының терең тамырын көркем бейнелер жан дүниесінің ізгілігіне сәйкестендіріп, Көкшенің қадір-қасиетін жерімен, онда тіршілік еткен елімен бірге жырлай

Халық Көкшетау атап кеткен, Сарыарқаның солтүстік бөлігіндегі көгілдір таулы өлке батысынан шығысқа қарай төрт жүз-бес жүз шақырымға созылып жатыр. Көкшенің көгілдір таулары асу бермес асқарлар емес, сайын дала, жалпақ жазира төсінде киіктің лағындай еркелеп, құралайдай құлпыра қызықтырып, келсеңші

қалқам деп еркелей қол бұлғап, жібек орамалы өзіне ынтықтырып тұрған ару таулар. Болмыс-бітімді баурап алатын осынау таулардың ең биігі- Көкше қырқасынан сырлы әлемге көз салу үшін 947 метр биіктікке көтеріліп шығасын.

Иә, Көкшетау—тұнып тұрған сыр, сөйлеп тұрған сурет. Бірінен-бірі асқан көгілдір таулар өз аясына мөлдіреген сексен көлді ұялатып, текше-текше тастарды қиялатып, ұлы табиғат өз өнерін айдай әлемге сиқырлы бояумен паш еткендей.

Ақылбай асуының екі қапталында қолдың саласындай сыңсып қарағайлы көгілжім орман алыстан аю жүнденіп ұйып тұр.

Табанын көкпенбек көлдің мөлдір суы жуған көгілдір таулар сұлай созылып, жон арқасын күн сәулесіне тосып, рақаттана қыздырынып жатыр. Ара-арасынан жұп-жұмыр шың тастар құзартады. Оған ғашық болған ару қарағайлар сыландап жан-жағынан еркелей сыңғырлап, құзарт шыңның омырауын аймалап, маңдайынан иіскеуге ұмтылғандай...

Енді бірде күмістері күнмен шағылысқан тақияларында үкілері үлпілдеп өңкей бір сұлу қыздар сахнаға жан-жақтан қаптап шыға келгендей әдемі әсерге бөленесің. Төбенен төне қарап тұрған сесті құздарды ұмытып, қыз мойнындағы моншақтай тізіліп тұрған тауларға қарай бересің, көзінді қадай бересің. Алдағы әсем көрініске қарап тұрып:

О, Көкше, көзді ерекше тоқтатасың,
Ақша бұлтқа қадалған шокпар тасың.
Ақылбайдың аса алмай асуынан,
Еңісте шөгіп жатыр Ақ Боташым,
деген жыр жолдары еріксіз еске түседі. Ақын Ақ Боташым деп анау бір көрінген Ақбура тауын айтқан. Аты аңызға айналған Ақбура сол.

Бурабай жайында көптеген аңыздар мен әңгімелер бар.

«Алла-тағала әлемді жаратқан кезде кей халықтарға бай орман, кең алқаптар мен ірі өзендер, басқаларына әсем таулар мен сұлу көлдер еншілепті. Қазақтың үлесіне тек кең дала тиіпті.

Содан қазақ ренжіп, Жаратқаннан табиғаттың кереметінің бір бөлшегін сұрапты.

Содан Алла-тағала өз қоржынының түбінен әсем таулар мен жартастардың, мұнтаздай таза сулы көлдердің, шалғындардың, гүлдердің, сонымен қатар салқын сулы бұлақтар мен сылдырап аққан жылғалардың қалдығын даланың ортасына тастай салыпты. Тауларын әр түрлі ағаштар мен бұталардан құралған жасыл кілеммен көмкеріп, ормандарын

андар мен құстарға, көлдерін балыққа, шалғындарын жәндіктер мен көбелектерге толтырыпты. Осылайша Бурабай пайда болыпты.

Абылай хан қалмақтарды шауып, жаудың он жеті жасар қызы қолға түседі. Жауынгерлердің қай-қайсысы оны әйел етіп алғысы келеді. Хан сұлудың өзі тандасын дейді. Бірақ сұлу жартастың шыңына шығып орамалын байлап: «Кімнің жебесі орамалға дәл тиеді, соған күйеуге шығамын»-- дейді. Ешкім тигізе алмайды, себебі, ешкімнің жебесі сондай биіктікке ұшуы мүмкін емес еді. Содан бері қалмақ қызы орамалын ұстап тұрған жартастас, осы аңызға байланысты Оқжетпес аталады. Оқжетпес- етегінен шыңынан 300 метр биіктікті құрайтын пирамида тәріздес жартастас.

Мұнайған қалмақ қызы басына теңдік тимейтінін сезіп, жартастан Бурабай көліне құлаған кезде, қаздар қиқулап, аққулар сұңқылдап қанаттарын сабалап жүргенде, су астынан қыз сымбаттас тас бейне шашын жайып шыға келеді. Осылайша таңғажайып Жұмбақтас жартасты пайда болады. Егер Жұмбақтасқа көгілдір шығанақтан қарасаңыз, қыздың бейнесін байқайсыз, ал кері жағынан қарасаңыз мыстан кемпірді көресіз.

Жұмбақтас жартасты аралы көлдің батыс бөлігінде, көгілдір шығанақта орналасқан. Сәкен сейфуллин өзінің «Көкшетау» поэмасында былай деп суреттейді:

Арканың кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлғтар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.
Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа, жұпар иісі,
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?

Әйгілі Оқжетпеспен бірге туысқандай болып бірінен-бірі сәл қалқыңқы бой түзеп тұрған үш шынарға еріксіз көзіңіз түседі. Оны халық «Үш дінгек» немесе «Апалы-сіңлілі үш ару» деп атап кеткен. Осы орайдағы аңыз мынадай бір сыр суыртпақтайды.

Ертеде Қарауыл ауылдарының бірінде елдің көркі, бірақ дұшпандардың көз құрты болып апалы-сіңлілі үш қыз өмір сүреді. Үшеуі де бірінен бірі өткен хас сұлулардың өзі болады. Орталарындағы жалғыз бауырлары Оқжетпес беті қайтпас батыр болып өседі. Үш апасын қызғыштай қорғап, қамқоршы бола біледі.

Әбден өшіккен жау қапылыста баса-көктеп, елді шауып, үш ару мен бауыры Оқжетпесті анталап қоршауға алады. Төртеуі шетінен

атысып, кейін жылжи береді. Бір кезде ту сырттарына қараса, сынсып тұрған жасыл орман, бау-бақша, мөлдір көл, көгілдір тауларды көреді. Құс жырттылып айрылады. «Туған жердің мұндай балауса бағын арам ниет дұшпандардың қара табанына қалай таптатамыз, қасиетті топырағымызды қалай ойрандатамыз, өзімізді қалай қорлатамыз?»--деп қайраттанған Оқжетпес пен оның үш ару қарындасы қатарласып, жауға қасқая қарсы тұра қалады да, шапса алмас қылышы майырылатын, сүңгітсе қара найзасы қайырылатын, атса оғы асып түсе алмайтын камал тасты тік қаптал құзар шындарға айналып кетеді. Бұны көріп зәрелері кеткен жау тым-тырақай қаша жөнеледі...

Жеке батырдың құрметіне аталған Ұйқыдағы батыр тауы туралы Ш.Уәлиханов аңыз жазып қалдырған.

...Кедей ауылда ғажайып күші мен көптеген армандары бар батыр өмір сүріпті. Жас кезінде ән шырқап, қайырымдылықтың не екенін білмей жүре беріпті. Өсіп ақылы кірген соң, айналасындағы халықтың кедей, мұңды екеніне көзі жетіп, қайғыра бастайды. Елге жиі жау тиіп, қазақтар жайылым үшін қырқысып жатады. Жас батыр өмірге өкпелеп, еркіндіктен бақыт пен байлық іздеймін деп ауылдан кетуге бел байлайды.

Сәті түссе, тапқанын елге бөліп берсем, халық өзара қырқысқанын қояр, тату-тәтті өмір сүрер деп ойлайды. Өзіне қылыш, дулыға шоқпар алып атқа мінеді де, бақыт таппақ оймен жер жәннатына аттанады. Жаумен кезігіп олармен қалай шайқасса да жалғыз өзі жеңе алмайды. Содан батыр бақытты жалғыз таба алмайтындығына көзі жетіп, сол жерде тасқа айналып, мәңгі ұйқыға кетеді. Сәкен Сейфуллин Жеке батыр туралы былай суреттейді:

Болыпты баяғыда Жеке батыр...

Тау бағып жатады екен тігіп шатыр.

Бір күні қарауылда қалғып кетіп,

Сол батыр бүгінгіше ұйықтап жатыр.

Тағы бір аңыз бойынша Көкшетау далаларында аппақ қардай сұлу қос өркешті Бура өмір сүріпті. Ол құдіретті, ажалсыз, тұлпардай жүйрік болған екен. Бура Көкшенің етегінде жайылып, көлдің салқын суынан шөлін қандырады екен. Бір қайғы болса, еліне с оғыс пен жұт қауіп төнсе, Бура құс болып Көкшені айнала ұшып, белгі береді екен. Ақырған даусы өте шығады екен. Жұрт осы белгіден кейін жаумен шайқасқа дайындалады. Халық Бураны пір тұтып, ұлы оқ пен өткір көзден қорғаштап отырады.

Бір күні Бураға суатқа барар жолда Абылайдың баласы Қасым сұлтан кездеседі. Жігіттердің көзінше күші мен мергендігі туралы

мақтанған ол садағына жебе салып, қос өркешті жануардың дәл жүрегіне атады. Бура ақырып, алдыңғы аяғымен құлайды. Бура ем болатын суға жете алмай тас болып, тауға айналады.

Көрген жұртты таң қалдыратын Әулиекөлдің солтүстік жағалауындағы «Биші қайындар шоқ орманы» туралы да тамаша аңыз бар.

...Бурабай маңындағы ауыл жастары орман ішіндегі алаңқайға жиналады екен. Жігіттер мен қыздар ойын ойнап, ән шырқап, би ұйымдастырады. Хан жастардың талантын естіп, бұл нәрсені өз көзімен көргісі келеді. Бірақ ол жаққа бара алмайды да, жасырын түрде бармақ болады. Қарапайым жігіттің кейпінде хан ойынға келіп, қалың жұрттың арасына сіңісіп кетеді. Бір ойын екінші ойынға жалғасып, жиналғандарға би өнерін көрсететін уақытта келіп жетеді. Алаңқайдың ортасына толған айдың сәулесімен шағылысып, қайындай болып қыздар шығады да, билей бастайды. Айналған ақ көйлектер желбірі, бас киімдегі үкі қанаттары өз үйлесімін тауып, бәрі керемет билеп жатты, сол уақытта шыдамаған хан:

--О, тамаша сиқыршылар, бақытты болындар, ұзақ жасандар!-- деп айқайлап жібереді.

-Мынау, хан иеміз ғой,- деп көптің арасынан біреу танып қояды.

Сол кезде жиналғандардың бәрі хан аяғына жығылуға жүгіреді.

Биші қыздар қайда тығыларын білмей, бұралған күйлерінде биші қайындарға айналып кетіпті.

Осынау табиғат таңғажайыбына Біржан сал да, Ақан сері де, ғалым, жиһангер Шоқан да, Үкілі Ыбырай да, Балуан Шолақ та таңдай қағып тамашалай қараған.

Ақын бұл суреттеуінде бейнелі сөздерді қолдану арқылы Көкшетаудың сұлу табиғатының алдында бесіктегі баладан бастап, еңкейген кәріге дейін бас иіп құптатады. Теңеу сөздерді орынды қолдану поэмаға ерекше бір әр береді.

Мысалы, ауасының тылсым тазалығын «жұпар ісі» десе, Жеке батыр тауын «Ұйықтаған батырға» теңеуі, Бурабай тауын шөккен түйеге теңеуі, Оқжетпес шыңының атауы, биік жартасты мылқау-керең адамға теңеуі ақынның шеберлігін тағы бір қырынан танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қирабаев С. Алматы, 1962.

2 Сейфуллин Сәкен. «Көкшетау» Алматы «Жазушы», 1994.

3 «Талапкер» топтамасы, «Арман-ПВ» баспасы, 2005.

ОТАНЫМЫЗДЫҢ АЗАТТЫҒЫ АҒА ҰРПАҚТЫҢ АРМАНЫ БОЛҒАН

БАБЫКОВА А.

8 сынып оқушысы, №1 қазақ орта мектебі, Ақсу к.



*Отан – деген сөзім қандай әдемі!
Көзге елестер бүкіл қазақ әлемі.
Таңдандырды жан-жағымды
– бай өлке,
Қарапайым, кең дастархан, әдебі.
Атам қазақ аңсағаны еркіндік,
Сақтау үшін азаттықты бекіндік,
«Қастығы жоқ қазақ» деген аңыз бар,
«Татулықтың символымыз» сертім нық.*

Халқымның «әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген даналық пікірін ойлап қарасақ, ата-бабаларымыздың асқар таудай ақылында, өз өмір тәжірибесінен өткен өнегелі істері - елін, жерін қорғау, бірлікте, ынтымақта өмір сүріп, еліне елулі, халқына қалаулы болу сияқты жақсы қасиетті ұрпақтан-ұрпаққа дарыса деген асыл арманы екен. Сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен байқасақ, ежелден-ақ ру - тайпаларымыз өз жерін жауға бастырмаған, ұлын құл, қызын күң еткізбеге батырлық ержүректігін, жауына қатал, досына адал, шыбын жанын шүберекке түйіп, садақ ұстап қол күшіне сеніп, найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен.

Отанымызды қорғаған еліне деген сүйіспеншілігі, ерлер сияқты қолына қару алып, ат құлағында ойнап жүріп жауын женуі сақ қызы – Тұмар падишаның ерлік істері.

«Маған туған жердің бір уыс топырағы да қымбат. Сонда енді не бар!?» деп тұрсындар ғой... Менде ел бар, менде жер бар, мен елімді, жерімді қорғадым, - деген Тұмар падиша осындай байтақ та бай дархан Отанымызды жұдырықтай жүрегіндегі ерлік сезіммен қорғаған.

«Тар қолтықтан оқ тисе, тартып алар қарындас» - деп қыздарға сеніммен арқа сүйеген де, шашын төбесіне түйіп жауға шапқан батыр қыздардың қазақта болуы бізді зор мақтанышқа бөлейді.

Сен ғасырлық тарихымызда мақтан тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметімен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан-ғайыр ата - қонысының (этникалық территориясын) қалыптасуын; ұлттық мемлекеттігіміз - қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлаған хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан

ақыл-кеңес берген ұлы билер дәстүрлерін, ата-бабаларымыздың халқымызға тән шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан үлесін, батырларымыздың ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады.

Алла Тағала біздің осыншама кең жерді нәсіп еткенін түсінуге ұмтылсақ, ұшқан құстың қанаты талатын осынау ұлан-ғайыр Алтай мен Атырау аралығын ата-бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келген.

Жоңғарлардан даламызды арашалап қалған батырлардың ерлігі туралы тарихи жырлар Исатай, Махамбетке байланысты мұралар, Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстың басты кейіпкерлері туралы жыр дастандар біздің ұлттық сана-сезімімізді көтереді.

Азаттық қазақтың ежелгі арманы еді. Түлкі бұлаң тарихтың нешеме бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымындағы тер кешпеді. Ат үстінде өткен ғасырлар көп болды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді. Қаша ұрыс салып жүргенде қапы кетті. Ханның басы қанжығада кете барды...

Ата дініміз ислам болғандықтан, мұсылмандық сабырлықпен, ұстамдылықпен соғысқан Кенесары жауынгерлері әуелі «Алла» деп, содан кейін «Абылай», «Ақжолтай» деп, өз ерлерінің қадірін бағалай біліп, ұранға айналдырғаны мәлім. Әруақтарын ұран қылғанда, ол есімдерге Алланың ерекше нұры түскенін мойындап, сол арқылы сол кезде қажет рухани күштің әсерін сезінгендері белгілі. Бізге бүгін қажет жігерліктің, батырлықтың, біліктіліктің, адалдықтың, Отансүйгіштіктің мысалдары өткен тарихи оқиғаларымызда жатыр.

Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасаттылығымен ел мұның, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында, табандылығында, тапқырлығын да таныта білген хан Абылай қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді, қазақ елін аса іргелі елге айналдырды. Батырларын, елін сүйген ерлерін, ақын-жырау, өнерпаздарын достық-бірлікте ұстап, оларды жүзге бөліп жармады. Жауын торғайдай тоздырып, тарыдай шашып, ірімшіктей іріткен, қоқандап қоңқылдаған Қоқанмен де, қалың қара Қытаймен де, ормандай орыспен де тіл табысқан бабамыздың даналығының арқасында, осы біз өмір сүріп отырған аяулы Отан – Қазақстан жері сол бабалардың сақтап қалған, бізге қалдырған асыл мұрасы екені сөзсіз.

Айдын шалқар, күміс сулы бұлағым,
 Жасыл – желек ат көрінбес құрағым.
 Мыңғырған мал даласында жайылған,
 Бабалардың болған сондай тұрағы.
 Бұхар, Қоқан бұл байлыққа қызықты,
 Орыс патша арам ойлы бұзықты.
 Қорған салып, жерін алып, қуса өзін,
 Сонда көрген сорлы қазақ шыжықты.
 Қазақта жер қалмады патша алмаған,
 Елін, жерін, малын тегіс жалмаған.
 «Қойға тиген қасқырдай» боп қазақтың,
 Отаршылдық қыр соңынан қалмаған...

Халық басына осындай қиын – қыстау заман зары туған шақта, қазақ қауымының бас көтерген батыр да ержүрек перзенттері елдің елдігін, ердің ерлігін сақтап қалды.

Абай, Шоқан, Ыбырай дәуірін қылыштан гөрі қаламның қуатты екенін дәлелдейді. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басын ала бере тарих сахнасына қазақтың оқығандары шықты. Ол кезде Отанымызда кеңестік кезең орнаған еді. XX ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысында күшейген Сталиндік өміршіл-әкімшіл жүйе қоғамның тарихи заңдылықтарына қайшы келетін эксперименттер жасағанын бірінші кезекте айтар едік. Олар бүкіл КСРО-ны, оның ішінде Қазақстанды да қамтыды. Бұл эксперименттердің басты бағыттары мынадай болды: ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру және соның негізінде байлар мен ауқатты шаруаларды тап ретінде жою; аса тез қарқынмен елді индустрияландыру (бұл шара негізінен колхоздарға зорлап кіргізілген шаруаларды аяусыз қанау есебінен жүргізілді); мәдени-рухани салада, демографиялық саясатта, ұлт мәселесінде жергілікті (ұлт аймақтарындағы) халықтарды орыстандыру; қоғамдық саяси өмірдің негізгі салаларында тек қана коммунистік идеологиялық үстемдігін орнату.

Осылардан туындайтын және басқа да ірілі-ұсақты шаралар болды. Тоталитарлық тәртіп жүзеге асырған халыққа жат саясат аса зор, қасіретті зардаптар әкелді: жаппай отаршылдықтың салдарынан қазақ халқының жартысына жуығы қырылды; өзінің атамекенінен басқа елдерге ауа көшті, тіл мен діл, дін мен ұлттық сезім, таным жойыла бастады; қазақ халқы өз жерінде ұлттық азшылыққа айналды...

Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжан, Мұстафа, Смағұлдар алаш туы астында ел болуға, мемлекет құруға шақырды. Сұлтанмахмұттың «Өлер жерден кеттік біз, бұл заманға жеттік біз» деп жапанға жар

салатын, кезінде ұлт зиялылары не істеу керек, қайтеміз, қалай ел боламыз?-деп ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгіртіп еді. Сонда Әлихан Бөкейхан «Автономия, бізге керегі-автономия!» деп қайта-қайта шырылдап, телеграмма салумен болды. Сондағы ойы «мемлекет құрып алайық, мемлекетіміз болса, қалғаныңның бәрі болады» деген асыл арман-ды. Қазақ автономиясын жариялағанда алаштың арыстары «міне, ел болдық, еркіндік өз қолымызға тиді» деп бөріні аспанға атты. Алайда, бұл қуаныш ұзаққа бармады. Қазақтың еркіндігінен қорыққан қызыл империя көсемдері алаш туы астына біріккендердің бәрін біртіндеп құртты. Ең алдымен Жүсіпбек Аймауытовты атты. Қалғандарын, қияндағы Шәкәрімнен бастап, қаладағы қазақ оқығандарын түгел қырды.

Мұстафа Шоқай шетел асты... Алашорда партиясына мүше болғандардан жалғыз Мұхтар Әуезов қана аман қалды... Алаш деген сөзді тарихи санадан өшіру әрекеті басталды. Дүниедегі ең жек көрінішті сөзге айналдыруға тырысушылардың «еңбегі» зая кеткен жоқ. Әлі күнге дейін кейбіреулер алаш дегенде селк ете қалады...

Қазақтың өз билігі өз еркінен кеткен соң, қара халықты қалай қорлаймыз деп қызыл империя аса қиналған жоқ.

... 32-33-тің ашаршылығы қолдан жасалды.

... 36-37-нің қырғыны әдейі істелді.

1937-1938 жылдары яғни, бір жылдың ішінде 125 мың қазақ зиялысы қырылған. Жоғары білімді қазақтың бетке ұстайтын азаматтарының бар кінәсі-көзі ашық болғаны, өз ұлтының намыс-сезімін жақтағандары ғана. Бүгінгі ұлттық сана-сезімнің құны осыншама құрбандықпен келгенін есте сақтағанымыз жөн болар еді. Осы асыл азаматтардың үзілген жас, қыршын өмірлері, орындалмаған үміттері, армандары бізге аманат сияқты болып көрінеді.

«Мен үшін Отаным адал солдат болудан артық бақыт жоқ», - деп Ислам Жемейі айтқандай, Отан қорғау жолында 41-45 –ші жылдары ең көп қырылған қазақ солдаттары еді.

Ұлы Отан соғысында Қазақстаннан 1 миллион 196 мың адам қару асынып, майданға аттанды. 700 мың адам еңбек армиясының сапында болды. Соғыстан тек 410 мың Қазақстандық жауынгер ғана оралды.

Осыншама нәубеттің ішіндегі ең сұмдығы – 1949 жылдан қазақ халқы атом полигондарының сынағына тасталды. Қазақ қоян құрлы болған жоқ. XX ғасырда дүние жүзіндегі бір де бір ел қазақ көрген азапты көрген жоқ. Аяулы Отаным – Қазақстан – ядролық қарудың қасіретін әлем бойынша ең көп тартқан ел. Оның талай ғасырға

жететін тарихын қозғасақ, бабалардың кешкенін көзге елестетсек, көздің жасын тия алмаспыз. Қазақстан ядролық инфрақұрылымынан құтылуда әлемге Қазақстанды бейбітшілікті сүйетін ел ретінде танытқан, еліме тәуелсіздіктің туын желбіреткен елбасы Нұрсұлтан ағамызға алғысымыз ұшан-теңіз. Атом сынағынан аман өттік, бұл заманға да жеттік. Аяулы Отаным – Қазақстан жерін бабаларымыз ерлікпен қорғап, бізге қалдырған, кейінгі ұрпағыма «Асыл мұрам, ал балам» деп айту үшін, бізге тұтас уланбай, жоғалмай, өртенбей, сынбай-жанбай, ауыр азап, қиын-қыстау кезеңдерді бастарынан өткізген екен. Халқымыз сол заманнан бері-ақ, елінің елдігін, жерінің байлығын сақтап қалу жолында талай ержүрек, ақылды, шешен де білгір азаматтарының бастауымен «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» қағидаларды сақтап, «Абылайдың ақ жолы», «Нұрсұлтан ағамыздың нұрлы шапағатына» ұласып отырғанын көріп отырмыз. Әрбір адам баласын тіршілік етіп, өзін-өзі асырап отырғаны, ұрпағын қалдырып, дамып жатқаны осы Отанның арқасында. Отан сүйгіштік кісінің бойындағы күш-қуатын, білімі мен өмір тәжірибесін халық мүддесінің игілігіне, кір жуып, кіндік кескен жеріне деген ыстық махаббаты оның кісілігін танытатын ерекше асқақ сезім. Мәселен, М. Әуезов «Отан-анам. Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іскер күшім жоқ», дейді. Ал, В.А. Сухомлинский; «Отан-өз бесігің, өз үйің, өз бесігіңді ұмытпа», -дейді. К.Г. Паустовский; «Адам жүрексіз өмір сүре алмайтын болса, Отансыз бақыт жоқ, кім-кімнің де тамыр жаяр топырағы-туған жері», -дейді. Ал, Ж.Ж. Руссо; «Ең зор ізгі ерліктерді Отанға деген сүйіспеншілік туғызған», - дейді. Ф.М. Достоевский; «Өз Отаныңның мүддесін қорғап, өміріңді құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ», -дейді. (Л.Н. Толстой; «Отан халықтың өткені мен бүгінгі және келешегі», -дейді. Осындай небір ұлағатты, қасиетті сөздер көзі ашық, көкірегі ояу азаматқа рух берер сөзсіз. Қаны қандас, тілі тілдес, дініміз де тіліміз де бірдей бауырлас ағамыз Расул Гамзатов өзінің әкесінде Шамильдей ерлерінің бір хатының сақталғанын айтады. Онда былай деген екен: «Менің таулықтарым! Өздеріңнің жалаң жабайы жартастарыңды сүйіндер, оны сақтандар, ол үшін күресіндер. Сендердің қылыштарыңның шыңылы менің бейіттегі ұйқымды тәтті қылар»

Ал, Отансүйгіштік туралы айтылған ақын тебіреністері де бірінен-бірі асып түседі.

«Отанның намысы үшін оттан қашпа,
Шын сүйсең мақсатыңнан қия баспа.
Тайсалма бар Отанның құрбаны бол,
Өмірің орынсыз боп кетпес босқа».
О ,дариға, алтын бесік-туған жер,
Қадіріңді келсем білмей кеше гөр
Отан!

Қайсар ар-намысым, жайсаң інкәр шапағым
Перзентке жүктеген қорған ісім,
Сен намыстың ну қалың орманысың,
Сол үшін шыңнан заңғар атағың
Тұлғасына табындырған,
Алыс жүрсем сабылтып, сағындырған,
Менің ұлы әкем сенсің, Отаным!-деп Мұхтар Шаханов

жырлаған.

Қайсар ар-намысты аға ұрпақ кеңес үкіметі жылдарында, атап айтқанда, 1929-1931 жылдары, Қазақстанды күштеп ұжымдастыруға қарсы 370-тен астам көтерілістер мен әртүрлі деңгей мен көлемдегі қарулы қарсылықтар ұйымдастырды, ал, 1917жылығы Қазан революциясына дейін халқымыз отарлық езгіге қарсы 400-ден астам көтерілістерге шығып, наразылықтар көрсетті. Осындай азаттық күрестің басында халқымыздың ортасынан қайнап шыққан ірі-ірі тұлғалар болды. Солар көрсеткен, үлгі сепкен ұрық бір ұрпақтан екінші ұрпаққа табиғи тілде ауыса келіп, 1986 жылғы желтоқсанда жаңғыруға әкелді. Желтоқсан көтерілісі ұлттық рухтың өлместігін жарқын түрде дәлелдеді.

1986 жылы желтоқсанда елде жария етілген қайта құрудың 20-ші ай өтіп жатқан-ды. Құқықтық мемлекет құрамыз дегене сеніп, Горбачевтік «сәуір тезистерінің» тың идеяларымен жігерленген қазақ жастары орталықтың бұрынғыша өткендігіне келіспеушілігін білдіруге митингілер, шерулер өткізіп, алаңға шықты.

Қылышынан қаны тамып, жарты әлемді билеп тұрған қызыл империя кеңестік коммунистік партия кезеңінде қазақ жастарының ұлттық намысын ту етіп, отаршылдыққа қарсы алғаш жойқын бұлқыныс танытуы - Мәскеудегі өктемшіл шовинистердің төбесіне жай түсіргендей әсер етті. Өйткені, уысындағы қол бала іспеттес көптеген ел бұдан «үлгі-өнеге» алып, ол өрт қаулай түссе, халдерінің мүшкілденетінінен қауіптенді. Оны олар алдын-ала сезді де, басқыншылық фашистік қатігездік қадамдарға да көз жұма барды. Әділдіктің салтанат құруын сұраған жалаң қолды бейбіт жандардың

тілектеріне құлақ асқысы келмеген озбыр орталық жүйесі жүректері тітіркенбестен мұздай қаруланған әскермен шеруге шыққандарды аяусыз жаншыды, итке талатты, бас-көз жоқ ұрып соқты Кремльден кесапатты бұйрықтың пәрмені солай аласапыран құбылды.

Қазақ жастары Алматыда, Талдықорғанда, Ақмолада, Орталық Қазақстанның бірнеше елді мекендерінде тоталитарлық билік жүйесіне қарсы көтеріліп, өкіметке саяси талаптар қойды. Желтоқсан көтерілісі сол кездегі Кеңес Одағының керегесін шайқалтып, КСРО-дағы ашық демократиялық үрдісінің негізін қалаушы оқиғалардың бірі болды. Белгілі ән-өлеңде айтылғандай, «желтоқсан гүлді солдырып, нұрды оңдырып, көңілде мұңды із қалдырып» қана қойған жоқ, сонымен бірге және ең маңыздысы-халқымызды, ең алдымен, жас буынның ұлттық санасын оятумен, ұлттық намысын көтеруінде болды. Ол еліміздің тәуелсіздік алуының алғышарттарын дайындауға қызмет етті. Қатыгездігі мың батпан солақай саясат орын алған соң, жүздеген еркіндік аңсаған ақ ниетті азаматтар алаштың арманын асқақтатып, кеудемсоқтықты көксегендерге ойсырата соққы жасады. Мұндай тегеруінді қарсылықтың болуы тиіс деп есептейтін кеудесіне нан піскен КОКП төбе шашы тік тұрып, «бұл нағыз қазақ ұлтшылдығы» деп апыл-ғұпыл баға беріп тастады. Олар үшін, әрине, бұл оп-оңай шаруа. Ал, сонда халық намысын қайда қоймақпыз? Орталық партия комитетіндегілер қазақ жастарының Республика алаңына шығуын нашақорлардың, маскүнемдердің әрекеті деп, жалпақ жұртқа жария етті. Уақыт өте өздері ушықтырып, күш қолданғандарын бүркемелегісі де келді. Бұл үлкен оқиғаны тентектік әрекетке балауы, көрсоқырлық еді. Көп ұзамай шындықтың бет пердесі ашылды. Оған көзі жеткен кеңес одағының тізгінін ұстаған серкелер «қазақ ұлтшылдығы» деген КОКП шығарған қаулының, яғни, қазақ халқына жабылған жаланың күшін жоюға мәжбүр болғаны белгілі. Жазықсыз, қиянатпен жоғары оқу орындарынан шығарылған, сотталған сан мындаған қыз-жігіттер кейін ресми ақталды. Бірақ, олардың жүректерінде қалған қаяу, сызат-дақ кете қойды ма екен?! Талайы зардабын шегіп, қасіретін тартты. Қаншама өрімдей жасөспірімдердің қанаты қайырылса да намысын жерге таптатпай, еңселерін биік ұстады. Бірақ, сырын сыртқа шығармай, шерін тарқата алмай іштен тынды. Заман райы солай болды. 1991-жылы қазақ елі егемендікке қол жеткізіп, өз алдына тәуелсіз мемлекет атанды. Шын бағасын иеленбеген желтоқсан көтерілісін жай оқиға деу қиянат екенін дауыстап айтуға мұршамыз келеді.

Мұстафа Ататүрік айтқандай, «шынжырларды балқытып, тәж бен тақты күйрететін күшті нұр – ұлттық егемендігімізге қолымыз жетті».

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,

Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы.

Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің

Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы! – деп ақын жырлағандай, желтоқсанның мұзға жаққан алауы, 1991-жылы 16-желтоқсанда тәуелсіздік таңын тудырды. Бұл күнді тарихи бір сәт десек те болады. Әрине, қарапайым ұғымда. Ал, мұны дүниенің жаратылысымен тарих дөңгелегінің заманалар белесіндегі қасиетімен даралап айтсақ, Қазақстан тарихында бұл дата ешқашанда ұмытылмайтын, бақытты бағасымен халқымыздың есінде мәңгілік сақталып қалары анық.

Тәуелсіздік – халықтың тойы, елдің тойы. Қалың қазақ, алты алаш туған күн, мерейтой.

«Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршен уақытқа кестірген кезден бастап, осынау 15 жылдың бедерінде айшылық жерде алты бет аттаған алып секілді, дәуір жылының мығым ұстап тізгінін бекем қаға білді» - деп, елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай егемен Қазақстанды бүкіл әлем таныды. Туған Отанымыз жер жүзілік қауымдастықтың терезесі тең мүшесі ретінде демократиялық өркениетті даму жолына түсті. Үш ғасырға созылған ата-бабамыздың арманының жүзеге асқаны, оған өзіміздің күәгер болғаным – мен үшін шексіз қуаныш. Мен өз халқымның нақақ қиянат жасамағанын мақтан етемін, ал, қиянат жасамағанға Алланың көзі түзу. Біздің қолымызда қанның емес, тердің иесі бар. Демек, біз – жасампаз халықпыз.

Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын-қыстау жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды. Отанымыз Қазақстанымыз туралы айтарымыз да, мақтанарымыз да көп-ақ! Ендігі жеңіс те, ерлік те біздің қолда. Дербес болуға бақыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп байытатын, абыройын асырып, өз бақытының болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, яғни, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет. ХХІ ғасырда қазақтың қасіреті аз болғай қуанышы көп болғай! Таяудағы жүз жылдық, әрідегі мың жылдықтарда қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін хақ тағала баянды етпей!

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 М. Шәбжантайқызы., А. Байтанұлы., М. Төлегенқызы «Ауылым-алтын бесік» Көкшетау – 2003.
- 2 М. Шаханов. «Жаңа қазақтар». Алматы., Білім, 2000.
- 3 Л. Н. Толстой Полн.собр.соч. Москва., 1928-1958.
- 4 В. А. Сухомлинский. «О воспитании» Москва., 1988.
- 5 И. С. Тургенев. Ленинград., 1968.
- 6 Ф. М. Достоевский. «Материалы и исследования». Ленинград. 1976.
- 7 К. Нұрпейіс. «Егер біз». Жас алаш. №15. 2001.
- 8 Н. Жүсіп. «Алаш туы астында, күн сөнгенше сөнбейміз!» Жас алаш. №1. 2001.
- 9 Ш. Сариев. «Тәуелсіз ел қазағым». Егемен Қазақстан. №16. 2003.
- 10 Л. Сайлаубеков. «Бодандыққа қарсы бұлқыныс». Ақ жол. №21. 2006.

ҚАЛИЖАН БЕКҚОЖИН ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ

БӘКЕН А. Қ.

9 сынып оқушысы, Бекқожин атындағы № 12 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

АНЕСОВА Г. Ж.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,

Қ. Бекқожин атындағы № 12 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Қазақ поэзиясының көгінен өз орнын тапқан, өлең өлкесінде өздерінің шығармашылық бай қазынасын жасап кеткен, ұрпаққа мұра қалдырған озық ойлы дарынды ақындарымыз көп. Жалпы алғанда отызыншы жылдарда қазақ поэзиясы сан жағынан да, сапа жағынан да жаңа қияға өрледі. Ақындардың қаламынан саяси-әлеуметтік лирика кең тыныспен өрістеді, үгіттік, ұрандық мәні күшті өткір жырлар көптеп жарияланды. Поэзияның ең қымбат қасиеті де, заман бірінші кезекке қойған мәселелерге жұмыла қызу ат салысуында болатын. Заман мен замандасты жырлап үйренуі-қазақ поэзиясының зор табысы. Отызыншы жылдардағы ақындардың қазақ поэзиясына әкелген өзіндік сыбағасы елеулі екенін көріп, олардың өлеңдерімен бірге ілгерішіл ойлайтын, кемелденген дәуір ісіне қалтқысыз берілген интеллект адамы-лирикалық қаһарман келеді. Ол қаһарман – ұлы мұраттарға сенімі күшті, табанды, қарапайым жан. Сол тұста, яғни

отызыншы жылдарда ақындық дарынын еркін танытып, қазақ поэзиямыздың өркен жаюына елеулі үлес қосқан таланттарымыздың санаулысының бірі де бірегейі-Қалижан Бекқожин еді.

Қалижан Бекқожин поэмаларындағы сөздің белгілі бір стильдік мақсатты өтеуі үшін, сол мәтіндегі өзге сөздерге “арқа сүйеу” керек екендігін де жақсы сезеді. Сол себепті ақын поэмаларындағы сөздер қай сөз табына жататындығына қарамастан, мағыналық реңктері біртектес (мысалы, бірыңғай жағымсыз) немесе тақырыптас болып келеді. Ақынның «штык пен қылыштары жарқылдасып», «соққылап бірін-бірі қансыратып», «сілтесе қылышынан қан сорғалап» деген зат есімдер бәрі де қанды соғыстың суретін көз алдымызға елестетеді, бәрі де жүрегімізге қорқыныш сезімін ұялататын жағымсыз (үрей) эмоция тудыратынын іс-әрекеттерді атайды.

Сөз, көбінесе, алдында айқындайтын сөздермен образ жасайды. Мысалы, ақын:

Көгерген көк күмбездей кербез тауым,
Алқаға толы қазір омырауым,
Кеудемде әшекейлі айшық бұлт,
Бәйшешек балдырған-шыңырауым, [1] -

деген өлең жолдарында бұлт сөзінің өзі тың образ болып тұр. Айшық бұлт-“оюланған,кестеленген бұлт” деген ауыспалы мәнде келген қолданыс. Осы бұлт деген сөзді айқындап, оның алдына айшық сөзін келтіргенде образ одан сайын ажарланып, оқырман сезіміне ерекше әсер беретін тіркеске айналған.

Тілдердің қай-қайсысына да бір нәрсенің (адамның, заттың, құбылыстың) белгілерін бейнелеп, әсерлі түрде атайтын, әрі сол атаумен үнемі бірге қолданылатын эпитеттер болады. Олардың көбі өздерінің тура мағынасында келеді, бірақ анықтап тұрған сөзімен тіркесіп, белгілі бір образ үшін жұмсайды. Мәселен, Қалижан Бекқожиннің: көк толқын; жас қыран; ақ сойыл; асау тай; биік баған,-дегендері тұрақты эпитеттермен келген тіркестер, ал: күнгірт шак; сұрғылт заман; айшық бұлт; кербез тау,-деген анықтауыштар өздерінің тура мағыналарында емес, ауыспалы мәнде келіп, тұрақсыз эпитеттер болып тұр, яғни күнгірт шак (барлық адамның басында бірдей уақытта бола беретін кез емес) ол бір адамның басында белгілі кезеңде ғана (мәселен, соғыс жылдары) болатын жай. Сол сияқты заманның сұрғылт, бұлттың айшық, таудың кербез болуы да өзіне тән тұрақты белгі емес.

Қалижан Бекқожин поэмасының лексикалық қат-қабаттары әр түрлі болып келеді. Әсіресе, ақын поэмаларында көбірек

көрініс берген көп мағыналы сөздер, синонимдер, антонимдер өлеңдердің көркемдігін арттырып, стильдік бояуын айқындай түседі. “Художественно образным называется язык, которому придают свойства образного воспроизведения действительности. Это язык, передающий индивидуальное в людях и жизненных явлениях изобразительного т.е. непосредственно жизненной форме”, суреткер көркемдік үшін, өз ойын көркемдік дәрежеде жеткізу үшін стильдік бояуы бар көп мағыналы сөздерді қолданып, бір сөздің бірнеше мағынада қолданысын көрсетеді. Мысалы: жас ойшыл, жас жанға, жас бауырға, жас қыран, жас құлын, жас жүрек, жас баладай, жас келіншек, жас өмірім, жас ұрпағым, жас сері, жас дәурен, жас кеудем, жас ұлан, жас коммунар, жас жігіт, жас инженер, жас қарағай, жас сұлу, жас дене, жас қызын, жас өлеңім, жас қазақ, жас достарым, жас үн, жас лағындай, жас өрендер, жас құшақ, жас махаббат, жас тұлғандай, жас ұлды, жас мереке, жас даланы, жас дәуірмен, жас кезінде, жас қаланы, жас қайындар, жас шағымдай, жас қалам, жас шопандар, жас әуенді, жас құрақтай, жас ойым, жас өрім, жас бұлбұлын, жас қайым, жас қаны, жас бұғанам, жас ойнақ, жас зердеме, жас мәуелер, жас шынардай, жас дүбірі, жас алабұртқан, жас көктемін, жас арудай, жас капитан, жас ақын, жас киіктей, жас әйел, жас жігерді, жас түлек, жас боталар, жас торғын, жас күнімде, жас бөбектер, жас дауыстар, жас офицер, жас жырдың, жас дүниені, жас шыбық, жас бұталар, жас құрақ. Келтірілген сөз тіркестерінен жас сөзі 73 сөзбен тіркесіп тұрғандығын байқаймыз. Одан басқа қара сөзінің 25(қара үнгір, қара түнек, қара албасты, қаралы аспан), ақ сөзінің 49 (ақ сойыл, ақ жарқын, ақ топан, ақ маңдай, ақ бас) сөзбен тіркес жасайтынын есептедім. Бұл сөз тіркестері-ауыспалы және тура мағынасында қолданылып, өлеңге эмоциялық-экспрессивтік рең беріп, әрі соны күшейтіп тұрған, әрі бейнелі сөз тіркестері. Неткен сұлу ғажайып,

Кешкі кезген жас дәурен.

Жүрегіме, сыр жайып,

Көтермеді жас кеудем [2]-

«Жас»-сындық ұғым, бастапқы лексикалық мағынасы-адамның жас ерекшелігін танытады. Жас дәурен-жастық өмір, жастық шақ тіркестерінің ерекше тіркес екендігін тану қиын емес. Жас кеудем-ақынның бұл тіркесті қолдануының өзі, адам қанша егде тартса да, оның жаны, жүрегі мәңгі жас болып қалатынын бір айғағы іспеттес. Екі тіркес те эпитетті жасап тұр.

Көремін кең далада нұр толқытқан-

Гүлдерді жан көрмеген жаңа шыққан.

Жас жүздер көзді тартқан гүлден нұрлы,

Өмірді өрге шапқан, күнге ынтыққан,-

жас жүздер-жас адамдар, жас қыздар деген мағынаны білдіріп тұр. Ақынның поэмаларын жете мән бере зерделесек, «жас» сөзінің әр дәрежеде өз көркемдік реңінде орынды қолданыс табуының өзі, ақын талантының биіктігін байқатады.

Қалижан Бекқожин шығармаларында жиі кездесетін сөздердің енді бірі-қара сөзі.

Артында қала берді жаралы жан,

Күн сөнді түсті түнек қаралы маң.

Қарады оң, сол көзінің шарасына.

Өшетін күндей батып барады орман.

Бұл өлең жолдарындағы «қара» сөзінің ең негізгі лексикалық мағынасы-қайғылы, адам өлгенін білдіріп тұр. Ал осы жолдардағы «қаралы маң» метафоралы тіркесті ақын жай қолданып қоймай, оған тағы қоса күннің сөніп, жерді түнек басқанын жазып, тіркеске ерекше мағыналық реңк берді. Ал, «ақ» сөзі:

Жапан түзде жасап жатыр қыс бүлік,

Қар жасағы ойнақтайды ысқырып.

Қиян қырдың аспанында жүр жосып,

Ақ шудалы аппақ бура түсті бұлт,-

Ақынның бұлтты әрі ақ шудағы, әрі аппақ бура түске алмастыруынан, өзіндік қайталанбас қолтаңбасын көруге болады.

Суреткер тіліндегі осындай көп мағыналы сұлу сөздер-әдеби тіліміздің қаншалықты теңдесіз бай екендігінің бірден-бір көрсеткіші.

Ақын поэмалары тіліндегі тағы да бір соны құбылыс-синонимдер. Бұл тәсілге анықтама беруде ғалымдар Ә.Болғанбаев, М.Серғалиев, З.Қабдолов, С.Негимов, А.Будагов, А.Н.Гвоздев, Л.И.Тимофеев, М.А.Петрова әр түрлі маңызды пікірлер айтқан болатын. М.А.Петрова синонимдердің ерекшеліктеріне тоқтала келіп: “Синонимдер-мағыналық реңктермен ажыратылатын сөзде, оның идеографиялық стилистикалық, жалпы тілдік және контекстік деген түрлері бар”, - деп жан-жақты талдаулар жүргізген.

Ақын синонимдерді жиі қолдана отырып, оның күллі қыран нәзік түсіне, талғап қолданады. Мәселен, “аштық, апат “үнсіз, жым-жырт” “ер жүрек от екпінді, ер намысты, жауынгер батыр, қайсар [3]”. Осы қолданылған бірнеше синонимді қатарлап қою да, ақынның өзіндік ерекшелігін, сөз тапқырлығын танытады:

Өткен ғасыр, өткен заман,

Көне дүние, күнгірт шақ.

Қайғы күйін шерткен адам.

Тіл тұтығып, дерт құсап.

«Өткен ғасыр, өткен заман, көне дүние, күңгірт шақ, қайғы дерт» тіркестері қатар қолданылып, бұрынғы өтіп кеткен уақытты, заманды білдіріп тұр.

Синонимдерді таңдау ұйқас жасауда, қатар келген өлең жолдарында қайталамау сияқты қарапайым шеберлік үшін де синонимдер қатары пайдаланады.

Синонимдердің стильдік, коннотивтік, үдетпелік қасиеттері де бар десек, оларды Қалижан Бекқожин тілінен көре аламыз. Синонимдер контексте мағыналық контраст деп аталатын қарсы мән тудырып, оның оқырманға тигізетін әсерін-экспрессиясын күшейту арқылы стильдік қызметін күшейтеді. Мысалы:

... Шіркеу соты қазір, түннен
Жайды сұмдық бір жаманат:
«Коля Степнов азды діннен
Ол- малғұн, ол-лағнат! [4]»

Есімдер сияқты етістіктер де өлең мәтінінде поэтикалық-стильдік қызмет атқара алады.

Әдетте, «Орман қызы» поэмасында айтылмақ ой жай баяндау түрінде ұсынылса, етістіктер көбінесе ашық райдың ауыспалы шақ, өткен шақ (кетті) тұлғаларымен беріледі.

Әкенің әуенімен қыз ер жетті,
Жасы да он алтыдан әрі кетті.
Албырап алма беті күлімсіреп,
Түнғыық мөлдір көзі нұрын төкті [5].

Суреткер ұшқыр қиялының жетегімен небір суретті сөздерді, ішкі мазмұны мен сыртқы сұлулығы үйлесіп жатқан бейнелегіш құралдарды жарқырата дүниеге әкелген. Бейнелеу құралдарының ендігі бір тәсілі-метафораны суреткер бейне, характер жасау, қаһарманның көңіл-күйінің өте нәзік жақтарын суреттеп көрсетуде шебер қолданған.

Сөз –суреткер қолындағы негізгі құрал-қару, оны ақын тек номотив мағынасында жұмсамай, көріктендіріп, құбылтып, яғни жаңа семантикалық рендер үстеп, өзге сөздермен жанаша тіркестіріп қолдана алады, бейнелеп айтсақ, сөзді ойнатады.

Қалижан Бекқожин өзінің поэмаларында әрбір сөздің, әрбір тіркестің, әрбір сөйлемнің орындылығын, дәлдігін, түсініктілігін және де әсерлі әсемдігін көздеп жұмсайды. Сондықтан да ақынның жырлары оқырманын селт еткізбей қоймайды.

Сөз зергерлерінің тіліндегі көріктеу құралдарының бірі-метафораның қолданылуы аясы өте кең. Көп жағдайда суреткердің индивидуалдық стилін танытатын бейнелі сөз қолданысы.

Сондықтан да метафораның көріну объектісі көркем шығарма, ақынның өзіндік қолтаңбасының көрінуі болып табылады. Енді Қалижан Бекқожин қолданған метафораларға көңіл аударар болсақ, осының мәтіндегі көріну мүмкіндігі өте кең. Метафора ақын тілінде идеялық-эстетикалық, бейнелілік және стильдік, көркемдік жағынан келгенде үстеме мағыналар арқылы ой айқындығын, мазмұн тереңдігін қамтамасыз ету мақсатына бағындырып қолданған. Осыдан ақын лирикасындағы сөздің шексіздігі танылып, сөз күдіреті өмір құбылыстарының бәрін де бейнелеп, суреттеп, астарлап айтып бере алатындығы айқындалады. Мысалы, «азығы-айран, сүті аз қараның» «мен толқынның бауыры», «денем-тас, түгім-ағаш, киімім-қар», «көлігім-жалғыз атым», «құрығы-торлы сүзбе», «өнеге-әкелердің ақ мінезі» «сөз-күрес», «қызыл ту-жанған өрт» «кеңес-сенім», «тап кегі-тірегі де айбарыда», «ерлігі-кектің қысқан қайнары», «туған жер бесігі ғой балалықтың», «Алатау-ақ отау ғой қарындасқа» [6]. тәрізді балама жолдардағы мағыналық та, логикалық та түр-тұлғалық та ұқсастықтар ақын тілінде метафораның бай қазынасы барлығын дәлелдейді.

Қ.Бекқожин поэмаларында метафораның жай түрі, жалғаулар арқылы жасалған түрі, күрделі немесе ұлғайған түрі көп кездеседі. Қазақ тілінде ең көп метафоралар түбір күйінде, қосымша жалғану арқылы жасалған. Жоғарыда келтірілген мысалдардың көпшілігі зат есіммен жасалған метафораның жай түріне жатады. Әр сөздің өзіндік ұғым, семантикалық жағы болады. Олардың лексикалық, грамматикалық мағынасы, контексте ашылып, ой тиянақтылығына, жинақтылығына қызмет етеді.

Қалижан Бекқожин поэмаларының тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері, олардың семантикалық топтары, құрылымдық сипаты, бейнелегіш-көркемдегіш тәсілдері арқылы сөздерді ойнатып қолданудағы мүмкіншілігі жаң-жақты сөз болды. Ақын поэмалық тіліндегі сөз тіркестері, жаңа мағынаның пайда болуы, сан алуан лексикалық қабаттары лингвистикалық тұрғыдан қарастырылды. Ақынның поэмалық шығармаларында жалпы халықтық сөздермен қатар оның жазу мәнерін өзгелерден бөлектеп тұратын өзіндік дара, авторлық қолданыстардың да стильдік қызметіне назар аударылды.

Ақынның поэмасы-негізінен оның шығармаларының өзегі, мызғымас іргетасы болып табылады. Кеңестік өмірді, сол дәуірдегі

заман шындығын, адам тағдырын, жарқын болашағын жырлаған, дауылдай бұрқырап, жалындай лапылдап шалқыған, терең де өткір, ойлы да отты сезімнің поэзиясы.

Қалижан Бекқожиннің өмір шындығын өлең өнері арқылы бейнелеудегі ақындық ізденістері, мұраты, ойы, мақсат мүддесінің баршасы келіп осы сезімнен туындап, өрбіп, тарап жатады.

Ақын ғасырмен бірге қозғалды, халықпен бірге өсті, қан майданды бірге кешті. Демек, ақын шабытын оятқан, оны тебіренге толғатқан-заман сыры, халық өмірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Өлеңім-өмірім: Қалижан Бекқожин туралы естеліктер / құраст. Е. Бекқожин, М. Бекқожина. - Алматы: Білім, 2004.
- 2 Қ. Бекқожин Алтын қалам кітабы, Алматы. 2010.
- 3 Қ. Бекқожин Алты асқар. Екі томдық. - Алматы: Жазушы, 1973.
- 4 Қ. Бекқожин Батыр Науан: өлеңдер. - Астана: Елорда, 2002.
- 5 Қ. Бекқожин Дала комиссары: дастан. - Алматы: Мектеп, 1989.
- 6 Қ. Бекқожин Кешкі жаңғырық: өлеңдер. - Алматы: Жалын, 1987.

КҮРЕҢ СӨЗІНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ БЕРЕТІН МАҒЫНАСЫ

БАХЫТХАН Ш.

6 сынып оқушысы, Ақжол селолық округі орта мектебі, Ақсу қ.

ХАЛХЫН С.

мұғалім, Ақжол селолық округі орта мектебі, Ақсу қ.

Осы аталмыш ғылыми ізденіс жұмысымда қазақ тілінде сирек қолданылып немесе түр-түс, сапасын, сынын білдіріп, яғни сын есімдік немесе зат есімнің орнына жүріп, қолданылатын сөздердің ішінен қоңыр сөзіне кеңірек тоқталып жан-жақты ізденіс жасап, талдап, талқылаулар жасадым. Мұнда тек қоңыр сөзімен ғана шектелмей күрең немесе күрең қызыл өңін салыстыру үшін, тіпті өңдік қасиеті жағынын немесе мағыналық қасиеті жағынан жан-жақты талдап, ізденіс жасау менің келесі міндетім. Ондай болса, ең алдымен Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінен күрең сөзінің тізбегін жазып алып оны да жан-жақты талдап, талқылап ой-өңірінен өткізуді қарастырмақпын:

Күрең (күрең ат)

Күрең жал

Күрең жол

Күрең қызыл
Күрең төбел
Күреңдену, күреңденбеу, күреңденген
Күреңдеу, күреңкей тарту
Күрең от
Күреңсе (өсімдік)
Күреңсей
Күреңтал (өсімдік)
Күреңшөп (өсімдік)
Күреңіту
Күрең күз
Күрең шай
Күрең сусындық
Күрең қабак
Күрең төбел
Күрең сай
Күрең тау
Күрең ала
Күрең шаш
Күрең ат
Күрең бұлт
Күрең қасқа - сөздері берілген.

Ендігі жұмыс жиынтыққа сүйене отырып, қосымша іздену жұмыстары ақын жазушылардың шығармалары күнделікті өмірде, ән-жырларда кездесетін күрең сөзіне тоқталып түсінік беру

Күрең сөзінің беретін мағыналары

Күрең ат, күрең жал, күрең жол, күрең қызыл, күрең төбел сөздері зат есім тұлғасындағы аттың, яғни жылқы малының өңі, түрі, түсі ретінде қарастырылса, екінші бір тұсында көзге күрең болып көрінетін атаулардың әр түрлі мағынада қолданылып, сан түрлі ойды білдіретінін айқында керектігі ескеріледі.

Біріншіден бұлардың барлығы тіркесіп келіп күрделі сын есім болса, екіншіден, әрбір түр-түсті айқындай отырып, яғни малға жан-жануарларға тіпті зат есім тұлғасындағы сын есімдерге мағына үстеп, тау-тастың, жер-су атауларының мәнін ашуға айырмашылығын айқындауға үлкен себін тигізіп тұрғанын аңғару қиын емес. Енді осы аталмыш сөздер әдеби оқулықтар да немесе күнделікті өмірде қалай аталып жүр. Оған кейінірек тоқталамыз.

Күрең ат, күрең жал ат сөздерінде жылқының түр-түсін айырықша ашып көрсетуді қазақ халқы аса шеберлікпен бейнелейді

Енді күрең жол, күрең қызыл, күрең төбел сөздері жолдың өңін, күрең тас құмына қарап немесе күрең шөп талдарына басқа да безендіріп көрік беріп тұрған табиғи түріне қарап, күрең жол немесе күрең төбел дөң, күрең-қызыл ағаш және күрең жас құмдарды қатыстырған сөздерді айтқан.

Күреңдену, күреңденбеу, күреңденген, күреңдеу, күреңкей тарту сөздерінде күреңдену сөзі, біріншіден, өсімдіктің, жеміс-жидектің пісіп-жетілуін бабына келіп, толуын айтады.

Күреңдену адамның көңіл-күйінің сыртқы көрінісі, ұялу, ашулану, артық күш салу, бетіне қан жүгіріп ажарлануы және тағы басқа, үшіншіден күреңкей тарту сөзі қараңғы тарту болса, пісіп жетілудің толық емес екендігін айқындауда да айтылады яғни жеміс-жидектің пісіп-жетілуін айтуға болады. Тіпті күннің бұзылуы, аспанның күреңкей тартуы-бәрі қатысады.

Күрең от (өсімдік) шөптің қызыл өңді түрі малға ерекше мәні бар шөп. Жанып тұрған отты да күрең от деп атаймыз. Бұл арада күрең от сөзі омоним ретінде қолданылады.

Күреңсе-күздің жеміс-жидек пісіп-жетілген кезінде күреңітіп тұрған шөпті айтады. Кейде күреңсе жүзді адам деп те айтып жатамыз.

Күреңтал ағаштың күздегі пісіп-жетілген кезіндегі күрең өңге өзгеріп, күрең тартқан көзі күрең тал болып аталған.

Күрең шөп-бұл да жеміс-жидектің пісіп-жетіліп күреңденіп толған кезі. Тіпті көзге күрең тартып көрінетін шөптерде бар. Сол себепті күрең шөп болып аталған.

Күреңіту-аспан күреңітіп бір түрлі ауа райы құбылған немесе күреңіту сөзі көршімен күрең қабақ болу, досыңмен араздасу, келіспей қалу, ашулану, қысылу, ұялу деген мағыналарға жетелейді

Ақын-жазушылардың еңбектерінен қарастыру, мәнін ашу

Менің жүргізген іздену ғылыми жобама арқау болған негізінен қоңыр және күрең сөзі болса, осы аталған сөзді нақты талдап, талқыдан өткізу үшін ақын-жазушылардың әнші-сазгерлердің шығармаларына үңіле отырып ерекшелігін ажыратып мағыналарын ашу болмақ.

Әйгілі күміс-көмей әншіміз Мадина Ералиеваның дүние салар алдындағы айтқан әні «Күрең күз» әнінде күрең сөзінің қаншалықты әсерлі-мағыналы сағынышты, жабырқаулы, немесе асқақ қолданылуында күрең сөзінің атқарар рөлі айырықша. Толығырақ сөздеріне тоқталсақ:

Қош енді, қош бол, күрең күз,
Күрең күз маған жібердің

Күлермін деп едім, түнердің!

Білермін қалай білермін!

деген бастапқы шумағында күрең күз сөзінің жақсылықтың жаршысы ретінде жіберілсе, келесі тармағы ашу шақыру, келесі тармағы, күрең қабақ таныту екенін аңғару қиын емес.

Жырау поэзиясының өзінде, соның ішінде, Ақтанберді жыраудың толғауында «Күрең ат» былай жіктеледі:

Күлдір-күлдір кісінетіп,

Күреңді мінерме екенбіз

Күдеріден бау тағып,

Кіреуке киерме екенбіз

Сонымен қоса, күрең сөзін есітіп зерттеу үшін көне-көз ата-әжелердің аузында жүрген «Қос күрең өні» барын естідім. Онда былай деп берілген:

Жеті өткел басың жайлау

Баурың қыстау, қос күрең – ай

Өнерді қоям деген есте жоқ

Өтеді – ай өмір амал жоқ!

Жай ғана күрең атты баптап мінбей, күлдір-күлдір кісінеуінің өзі ерекше көркемдеп, батырға лайық киім-киіс сөздерін күрең сөзі арқылы жинақталып берілген. Мекен еткен жердің атын, ондағы адамдардың артық іс-қимылы табиғатқа келтірген зиянын өмірдің, қос күрең аттың жүрісіндей қатарласа өтуінің мәнін ашады. Бұнымен ғана тоқталмай, күнделікті өмірде адамдар қажет етіп тұтынатын ішімдіктерде жиі қолданып жүргенін айтқым келеді

Күрең қызыл шай немесе күп – күрең шай, күрең өңді сусындық, күрең өңді шарап сөздері жиі айтылады. Біріншіден, күрең өңді шайға түсінік беру шайдың бояуының ащы екенін айтса, дәмді және татымды дегенді де білдіреді. Күп – күрең шай деп – ұлғайтып күрделі сын есімге айналдырып жатамыз. Екіншіден, Күрең өңді сусындар қан толтырып, олар қызылшадан, қызыл қанттан жасалады. Күрең сусындық деп кейбір қасиетті бұғы мүйізінен жасалып, дәріге қолданылып дәрілік қою, сұйытылған қанды айтады.

Салыстырулар

Осындай айырықша түсініктерден кейін қоңыр сөзінің қаншалықты ұғымға ұласып, ауқымы кеңейіп, беретін мағынасы артып, екінші бір қырынан танылып кететін аңғару қиын емес, олай болса салыстыру арқылы күрең сөзінің де қырлары мен сырларына тоқталып өту алдағы жұмыс болмақ. Салыстыру үшін сөздер тағы да орфографиялық сөздіктен алынған.

Қоңыр ат-күрең ат екеуі де аттың, яғни түр-түсінен айырмашылығын айтса, жалпы алғанда күрең ат, қызылдан қарағанда, қоңыр дегенге келіп, күрең болып айтылса, қоңыр қорадан қарағанда, қызғылт немесе сарғышқа қарай бейімдеп айтылады. Кейде қоңырат сөзі қосылып жазылса, басқа ұғымға, яғни «Алпамыс батыр жырындағы» Алпамыстың қоңырат руынан шыққан екендігі беріледі. Ал күрең ат қосылып жазып, жеке мағына бере алмайды.

Күрең жал. Ол жылқының, яғни күрең жылқының жалын желке шашын айтып тұр. Қоңыр жал деп те айта аламыз. Мұнда тек қоңыр атқа ғана тән қоңыр жал емес, басқа да өңді жылқыларға, малға «қоңыр жалды» деп айта береді. Міне біз бұл арадан – ақ қоңыр, күрең сөздері бір ұғымды немесе бір ғана атауға тән еместігін байқауға болады. Күрең жал немесе қоңыр жал деген қолданыста бар. Мұнда жолдың, жердің, табиғаттың, тау мен тастың реңіне қарап айтылса керек. Екеуі де бірігіп келіп ешқандай мағына үстей алмайды.

Күрең қызыл немесе қоңыр қызыл сөздері өңнің аралас келуін, екі өңнің қосылуы арқылы басқа өң, басқа сөз болып қолданылады.

Күрең төбел сөзін салыстыру үшін қоңыр төбел сөзін алуымызға болады. Екеуінде жылқының өңін ажырату үшін төбел маңдайындағы ақ өңін, бір түп жүннің өңі ғана екені артық бола тұра екі сөзге екі өңге артық екенін аңғарамыз.

Күреңдену сөзі салыстырғанда қоңырлану сөзін қоса алуымызға тура келеді. Өйткені күреңдену сөзі адамдар арасында түрінің күреңгітіп, ұялу, ашулану кезінде болатын сәті айтылса, кейде жеміс – жидектің пісіп – жетілген шағында өңнің өзгеруінде күреңгітті деп айтып жатамыз. Ал қоңырлану сөзіне келетін болсақ, мұнда да адам баласының, өңін айтатын болса, аспанды бұлт басып, қоңырланып тұрған сәтті де аспан қоңырлануының себебі деген сөздер кездесіп жатады.

Күрең шөп – бұл да шөптің қоңыр тартқан түр – түсі жағынан мағына беріп тұр.

ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

БӘКЕН Д.

оқушы, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

Кез-келген халық тілі – сол халықтың шынайы этникалық болмысының көрінісі. Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстар мен олардың сапа-қасиетін сезім мүшелері

арқылы сіңіріп, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өңдейді, қорытады, елпекшәйді, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде ғаламның тілдік бейнесі жасалады.

Осындай тың мәселелердің бірі – аталымның жасалуындағы сананың, танымның, ойлаудың тілдегі таңбасы бүгінгі лингвистикада кешенді зерттелуде. Тіл мен ойлау – бір-бірімен байланысты заңды құбылыс. Қазақ тілін талдап тануда А.Байтұрсынұлының еңбегін ерекше атау керек. Тілші: «...қазақ сөзі не байырғы мағынасын жаңғырту (өзгерту) не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген атаулар, көбі жасанды сөздер» 1, 21 б.]

Ақ	Тазалықтың белгісі (ақ босаға, ақ отау, ақ бесік т.б.)
	Сұлулықтың белгісі (ақ тамақ, ақ дидар, ақша бет т.б.)
	Үлкендіктің белгісі(ақ сақал, ақ бас, ақ қас т.б.)
	Қасиеттіліктің белгісі(ақ сүт, ақ ана ақ шаш т.б.)
	Қуаныштың белгісі (ақ күн, «ақ сарбас» т.б.)
	Адалдықтың белгісі (ақ жол, ақ ниет, ақ бата т.б.)

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде боз түсінің бірнеше мағынасы берілген, оларды тілдік талдау арқылы былайша бөлуге болады: 1. Тура түстік мағынасы. Ақшыл қылаң түс. 2. Заттық мағынасы. боз торғай, боз қарағай, боз қараған т.б. 3. Ауыспалы мағынасы. бозбала, боз өкпе, боз ауыз т.б. Боз сөзіне қатысты жастық, құрметтілік, қасиеттілік мағыналары анықталды.

Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының атқаратын қызметі мен аңғартатын мағынасы мен мәні сан алуан. Түр-түс атауларының бұл қасиеті жай уақытта байқала бермейтін, бірақ тілдің ұзақ даму тарихында қалыптасып қолданысқа енген, оның күші мен күдіретін, әсерлілігі мен әсемдігін танытатын қасиет. Түр-түстердің бұл қасиетін тілдің ішкі заңдылығына, табиғатына сүйене отырып қарастырғанда, түр-түс атауларының түстік мағынасынан тыс ауыспалы мағынасының өзі бірдей емес екендігін байқадық. Түр-түстердің қоғамда, ондағы әдет-ғұрыптарда, дәстүрлерде, белгілі бір ұлтта, кейде жеке тұлғаның түсінігінде өзіндік орны болады. Әрбір ұлт түсінігіндегі түстердің өзіндік ұғымы мен мағынасы, таңбалық символы болады. Қазіргі әрбір халықтың, мемлекеттің рәміздері мен нышандары, символикасы, тарихы олардың ұлттық дәстүрімен, салт-санасымен, әдет-ғұрпымен тығыз байланысты.

Қай халықтың болмасын, тұрмысы мен танымындағы бар дүние сол халықтың жадында сақталып, тек тілінде ғана көрініс табады. Тіл арқылы мәдениетті: халықтың тарихын, салт-дәстүрін, мінезін, менталитетін танимыз. Халықтың дүниетанымы негізінде қалыптасқан мәдениеттің кейбір құпия сырлары тілдегі символ сөздерде жасырынған. Қазақ халқының ұлттық танымында қалыптасқан әрбір түр-түстік символдар халықтың рухани-материалдық мәдениетінен де, салтынын да орын алады. Бұл әр халықтың түр-түс табиғатын өзінше танып, өзінше анықтап, өз тілінде ат қойып, күнделікті қолданысына енгізуіне байланысты болса керек. Мәселен, ақ сөзімен келген тіркестердің мазмұны қазақ халқының ұлттық дүниетанымында қасиеттіліктің символдық галереясын сомдайды. Қара сөзі тіркескен сөзіне орай бірде қайғы, қаза, өлімнің, жамандықтың, арамдықтың белгісі, бірде (қара шаңырақ, қара қазан) қара сөзі қасиеттілікті, киелілікті, қарапайымдылықты аңғартады. Халқымыздың жанына жақын түстердің бірі – қоңыр түсі мінезге тән қарапайымдылық пен момындықты белгілейді. Сары түсіне байланысты ұғым-түзілімдердің басқаларға қарағанда азырақ болуы да қазақ халқының менталитетіне, көзге ерекше түсіп жүруді қаламағандығына байланысты болса керек. Ал көк түс қашан да қазақ халқы үшін биіктікті, адалдықты, тұрақтылықты, мәңгілікті сипаттайды.

Қорытындылай келгенде, тіліміздегі түр-түстер өздерінің символикалық қасиеттері арқылы түр-түске мүлдем қатысы жоқ не одан бүгінде тым алыстап кеткен ұғым-түсініктерді, мән-мағыналарды білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 361б.
- 3 Марғұлан Ә. Алматы: 2003. – 368-б.
- 4 Есенберлин І. Алматы: 2005. (1-10 т)
- 5 Әуезов М. Алматы: 2007ж. 1-4т.
- 6 Ә. Кекілбаев.
- 7 Мақатаев М. Алматы: Өлеңдер жинағы. 2008ж. 1-2т.
- 8 Қайдаров Ә, Ахтамбердиева З. Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992.– 160 б.
- 9 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т. Жанұзақов. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

- 10 Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. І. Кеңесбаев. – Алматы: 1977.
- 11 Түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестері. Ф. Р. Ахметжанова мен Қ. Т. Қайырбаева. – Алматы : 2000.
- 12 Оралбаева Н. Күрделі сөздер // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. №2, 1999. – 27-41 б.
- 13 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері (Монография). – Алматы: Санат, 1994. – 168 б.
- 14 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Алматы: Мектеп, 1980. – 125 б.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

БЕСПАЕВА Ф. Б.
7 «А» сынып оқушысы, №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі,
Ертіс ауданы
КӨШЕРБАЕВА М. С.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Дауылпаз ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірден өз орнын анық тауып, артына өшпес мол мұра қалдырғанын анық білеміз. Оның лирик ақын екені де баршаға аян. Лирикалық өлеңдері де өте мол. Қазіргі таңда Мағжан жырлары кеңінен насихатталуда. Мектеп бағдарламасынан да білеміз. Мағжанның өлеңдерінде жастарды өз тарихын, ана тілін, салт-дәстүрін ерекше құрметтеп бағалауға, оларды Отаншылдыққа, ұлтжандылыққа шынайы суреттеуі байқалады. Сондықтан Мағжанның өлеңдерін оқи отыра, ақын ағамыздың болашақ ұрпағының бойында көргісі келген асыл қасиеттердің тәрбиелік мәні туралы айтқым келді. Бүгінгі 21 ғасырдағы Қазақстан азаматы, өзін-өзі мемлекеттің өкілімін деп санайтын әрбір адам еліміздің, өзінің тарихын білуі тиіс деп ойлаймын. Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Бұл тәуелсіз Қазақстанның азаматы ғасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихын ой елегінен өткізіп, «Кеше кім едік? Бүгін кіміз? Ертең кім боламыз?» деген. Бұл, - ... Туған елінің, халқының, өзінің тарихы ешкімнен де ойқы еместігін деген сөз. Бұл әрбір азамат өзінің ата-бабалары қалдырған кең байтақ елдің, жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын деген сөз.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы аты аталмай келген, ақты-қара, қараны-ақ деп түсіндірілген зорлық-зомбылық дәуірінің құрбаны болған Мағжан Жұмабаев кім, қандай ақын?-

деп ой саламыз. Поэзия әлемінде айрықша із қалдырған өзіндік үлкен өнерден өрнек тудырған, терең сырға, үшкыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат етіп, өлмес сөз қалдырған ақын М.Жұмабаев өзі де қиын қыстау, тауқымет жолын көп кешсе де оның туындыларын уақыт сынына төтеп берерлік бүкіл ұлттық, азаматтық мазмұн тақырыбын, тіл құнарлылығы мен ой тереңдігін, сөз қолдану шеберлігі ерекше ақын. Мағжан Жұмабаев -поэзия әлеміндегі жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс .XX ғасырдың бас кезіндегі оқиғалардың бәріне Мағжан куә. Олардың бәрін ой елегінен, өлең өрнегінен өткізіп отырған. Қай сәтте болса да ақын үлкен ой, ойлану, толғану үстінде болады. Оны біз ақын шығармаларынан тереңірек байқай аламыз. Ақынды толғандырған басты мәселе – қазақ елі мен жерінің тағдыры, ұлт болашағы. Сайфи Құдаштың мынандай сөзі бар: «М.Жұмабаевты мен өзіндік ерекше табиғат болмысы бөлек ақын, өлеңнің асқан шебері санағанмын және солай санаймын да». Бұл орайда, оны Абайдың лайықты жолын қуушы, әрі дамытушы дегуге болады. Қазақ поэзиясы философиялық биікке соңына қарай Абай арқылы көтерілсе, XX-шы ғасырдың басында ұлттық әдебиетіміздегі осы Абай шыңына Мағжан да иықтаса қатар қонды. Ақылдың ақыны Абай мен сезімнің жыршысы Мағжан қазақ поэзиясының көгінде қос жұлдыз болып жарқырады. М.Жұмабаев – әдемдік деңгейге көтерілген ақын. Оны мұндай биікке көтерген – негізінен қазақтың ұлттық поэзиясының нәрлі құнары. Ол өзіне дейінгі қазақ поэзиясын жақсы білген, керегін алған, үздіктерінен үйреніп, оларды әрі қарай дамытқан жаңашыл ақын.

Ақын сөзі ащы шындықтың айнасы болып отырған. Өзі оны түсінген де, білген де. Асыл сөздерінің қадірменді иесі бар екенін көміл ұққан. Ол — парасат қайнары, мейірбан жүректі туған елі еді. Мағжан ақын бар өмірін, өнерін, білгенін сол туған халқына, еліне арнаған, арнаған да, сарнаған да.Өзі де, өлеңі де қиын-қыстау тауқымет жолын көп кешкен. Жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі шытырман оқиғалардың бәріне Мағжан куә. Олардың бәрін ақын ой елегінен, өлең өрнегінен өткізіп отырған. Қай сәтте болса да ақын үлкен ой, ойлану, толғану үстінде. Қандай өзгерістер, жаңалықтар туып-өніп жатса да, ақын жаны күйзелісте, жүрегі оған елжірей қоймайды. Өйткені негізгі мәселе — қазақ елі мен жерінің тағдыры ақын түсінігінде баз-баяғы жүдеу қалпында. Бұрынғы, қаймағы бұзылмаған қазақ халін еске алады, соны жырлайды. Сол 1912 жылғы «Шолпан» жинағына басылған бір өлеңінде ақын:

Ойламай біздің қазақ текке жатыр,
Бір іске жанаса алмай шетте жатыр.
Азырақ, көз жүгіртіп қарап тұрсан,
Қазекен таң қаларлық кепте жатыр,—

дейді. Алғашқыда бұл «Жатыр» деген өлең 1911 жылы «Айқап» журналының

2-нші санында басылған. Сол тұстағы ақын өлеңдерінің көпшілігі осы сипаттас болып келеді. Оқу-өнерден кемшін қалған қазақ елінің жай-күйі қапаландырады, толғандырады, кейде тіпті ашындырады. Ақындық қайрат, өжеттілік те осындай ащы шындықтан бастау алып, асып-тасып жатқандай.

«Жан сөзі» деген әйгілі өлеңінде (1920 ж.):

Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған:

Болғайсың, сыншы болсаң, әділ сыншы,

Кінәні жүрекке қой, қойма маған,— деуінің де төркіні сонда.

Мағжан өз тегін де, өз жерін де ардақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын адақтауға ұмтылған, өлең сөзді асыл маржандай терген, сұлу жырымен оқырман жүрегін баураған, ал өзі болса, өне бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мүлт кеткен, өзі айтатындай, соры арылмаған халқының зарлы перзенті.

«Өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет тұрғызған, сөзге жан бітірген, жаңа өлшеулер шығарған» Мағжанның осындай қасиеттерін, ішкі шығармашылық күдіретін жұрттан бұрын байқаған әрі аса жоғары бағалаған Мұхтар Әуезов: «Мағжан мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай... Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» деп жазды. [5. 264] Мағжан Жұмабаевтың алғашқы өлеңдері ағартушылық сарында жазылды. Ол түсінікті еді. Мағжан өмір сүрген уақыт қаншалықты күрделі саяси, қоғамдық тақырыптарды алға тартқанымен, оның алдындағы Шоқан, Ыбырай, Абайлар бастап кеткен ағартушылық ой-пиғыл бұл кезең әдебиетінде басымдау жатты. Мағжан да Абай дәстүрінде жыр жазды, ұлы ұстаз үлгісін жалғастырды. Алғашқы өлеңдерінің бірін «Алтын хакім Абайға» деп атауының өзінен ақынның ұлы Абайды ерекше құрмет тұтқаны сезіледі. Өз өлеңдерінде қазақ арасындағы әр түрлі келенсіз мінез-құлықты,

әрекетсіздік пен жалқаулықты, сауатсыздықты сынайды. Елін білім алуға, өнер үйренуге шақырады. «Жазғы таң», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Қазағым», т.б. өлеңдерінде ақын осы тақырыпты көтереді. Мағжанның ағартушылық сарындағы өлеңдерінің арасында ел мен жер тағдырына алаңдаушылық жатады. Ақын туған елін сүйді, туған жерінің әрбір пұшағын жүрегіне жақын тұтты. Ол: Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр, Кілтін өнер-білім ашып жатыр,- дей келіп, қазақ арасында мұндай ұмтылыстың әлі де жоқ екеніне өзегі өртенеді. Мағжанның азаматтық парасатынан туындаған арман-мақсаттар бұдан әлдеқайда биік. Туған халқы туралы айтқанда, оның кешегі өткен жолын еске алады, оны бүгінгі жағдайымен салыстырады. Онымен де шектелмей, ақын жалпы түріктік идея көтереді. Түркі тектес халықтардың бәрінің болашағынан үміт күтеді, жалпы Шығысты пір тұтады. Бұл қатарда ақынның «Пайғамбар», «Күншығыс», «Түркістан», «От», т.б. тәрізді бірсыпыра өлеңдерінде түптің түбінде жақсылық атаулының бәрі де Шығыстан келмек, Батыстан торлаған қою қара бұлтты Шығыстың жарық сәулесі ғана талқандамақ. Бұл өлеңдерінде ақынның туған жерге, өз топырағына, Шығысына деген ғажайып сүйіспеншілігі, перзенттік патриотизмі айқын көрінеді. Күншығыс өлеңінде:

Қисық көзді Күншығыс,

Бұл тұруың қай тұрыс?

Серпіл енді, алыбым ! — деп, Шығыс елдеріне ұран тастай отырып, өз ойларын әйгілі «Пайғамбар» өлеңінде былайша жалғайды:

Күншығыстан таң келеді, мен келем,

Көк күніреңді: мен де көктей күніреңем.

Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,

Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем !

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры !

Қап-қара түн. Күніреңді түн ұлы.

Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:

Мен келемін, мен — пайғамбар, Күн ұлы.

Өлеңде ақын шабытының ғаламат күші қаншалықты сезіліп тұрса, ақынның Шығысқа, оның ұлдарына деген махаббаты мен мақтаншы да соншалықты жарқырап көрінеді. Мағжанның бұл тақырыптағы өлеңдерінде заман шындығы халықтың басынан өткен тарихи белестерді ойға алу арқылы түсіндіріледі. Ол Шығыстың, оның ішінде түркі елдерінің кешегі тарихына көз жібереді. Бір кезде жайлаған мекенін еске алады.

М.Жұмабаев - өз тілін, ел дінін, мәдениетін, тарихын, жер – суын жетік білетін ақын.

Ақынның лирикалық кейіпкері — аса батыл, нені болса да кесіп айтатын өткір жан.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте — бұлт, жерде желмін гулеген,

Жер еркесі — желдің жөнін кім сұрар? — деп басталатын

«Мен кім?» атты өлеңінде Мағжан өзінің лирикалық кейіпкерінің дәл осындай айбатты да қайратты, адал да қайсар бейнесін ашып береді. Ақынның «мені» өзін көктегі күшке, түпсіз теңізге, қызуы мол жалынға, жүйрік тұлпарға теңейді. Ақын өзін немесе өзінің лирикалық кейіпкерін ғана емес, айналасындағы жастарды да «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» қалыпта көргісі келеді. Халқының болашағы үшін күресетін негізгі күш—жастар. Олай болса, өмір бойы «алаш» ұранын көтеріп өткен Мағжан үшін жастардың орны бөлек. Өзінің «Мен жастарға сенемін» деп аталатын өлеңінде ол жас жеткіншектерге үлкен үмітпен қарайды. Жастардың бойынан қыранның қанатындай күштілікті, таза жүрек пен сүйкімді мінезді, туған жерге деген шексіз махаббатты көреді. Соған мақтанады. Шабыттана жырлайды. «Мен жастарға сенемін!» деп асқақтай сөйлейді. «Адам тағдырын тәрбие шешеді, тәрбие құралы-сөз», [5.б.2]-деп заманымыздың белгілі ақыны Олжас Сүлейменов айтқанындай жастарды тәрбиелеуде сөздің күдіретті күшін пайдаланудың маңызы зор екендігін сезінген ақын өнегелі, өрелі асыл сөздерін кейінгі ұрпаққа сыйлайды. Егемен еліміздің ертенгі қызметін атқарар лайықты тұлға - ол жастар екенін ескеріп, «Мен жастарға сенемін» өлеңінде елдің қалыптасуына жастардан үлкен үміт күтіп, аманат сенім артатындығын ағартады.

«Сүттей таза жүректер», «Айбынды алаш елім дер» иманды жастарға ғана сенемін деуі оқушы-оқырманның сана-сезіміне әсер ететіндігі, оны азаматтық, отаншылдық ойға жетелері күмәнсіз. Мағжан өлеңдеріндегі ең басты тақырып — ел мен жер тағдыры. О бастан-ақ халқына азаттық өмір тілеген ақын туған елінің өткен тарихына үнемі көз жіберіп отырады. Сол арқылы тарихи шындықтың бетін ашады.

Сенімінен гөрі үміті басымырақ ақынның. Осындай көңіл күйде жазылған Мағжан өлеңдерінің бірі — «Сағындым». Тар қапаста отырған ақын сары даласын, алыстағы анасын, туған елін, құрдастарын, сүйген жарын сағынады. Содан соңғы сағынары — бостандық. Бостандықта өткен күнді сағындым, Желдей зулап кеткен күнді сағындым.

Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті, Ойдағыны өткен күнді сағындым, — деп адам баласының еркін өмір сүруін аңсайды. Сол еркіндікке жету жолында абақтының азабын тартып отырғанын ақын өлең жолдарына түсіреді. Ақын жырында болашаққа сенім мол.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,

Маған атақ ұлтым үшін өлгенім! — деген жолдарда Мағжанның ұлтына, халқына деген шексіз махаббаты сезілсе, одан кейінгі:

Қалың елім, қалың кара ағашым,

Кайраты мол, айбынды ер, алашым!

Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,

Ақымақтар байқамаған шамасын, — деген жолдардан оның ертеңгі болашақтан үміті, қалай болғанда да осы қиындықтың артында азат күндердің келеріне деген сенімі көрінеді. Өмірге күштарлық, айналасындағы адамдарға, туған табиғатқа, жер-анаға ғашықтық туралы ойлар — Мағжан өлеңдерінің басты сипаттарының бірі. Ақын негізгі жырласа да, ерекше махаббатпен, шынайы жүрекпен жырлайды.

Мағжанның барлық өмірі – поэзиясында. Ақын ел ішіндегі әлеуметтік, қоғамдық өмірге белсене араласады. Соларға ақындық үн қосып, өз өлеңдері мен мақалаларын баспасөз беттерінде жиі жариялап отырады. Бірнеше өлең жинақтары жарық көреді. Мысалы, «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы Мағжан өлеңдері негізінен халқының, ел – жұртының тағдырына бағышталған. Ақынның еліне, халқына, бүкіл түркі нәсілдес, қандас халықтарға деген сүйіспеншілігі, оның жырларынан анық көрінеді. Мағжан Жұмабаев: «Тіл әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де – қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде жасай алған емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмаққа тиісті» деген екен. Онымен келіспеуге болмайды. Әр азамат өзінің туған тілі ерекше құрметтей білу қажет. Бұл туралы өзінің «Қазақ тілі» өлеңінде жырлайды.

Ұлтты сүйу, кісілік деңгейге дейін көтерілу, туған халқының мүддесі үшін құрбандыққа баруға әзірлік — Мағжан Жұмабаевтың өмірлік мұраты. «Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиюін Абай да іздеген. Абай да сөздің ішін мөнерлеп, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауда, сөздің сыртқы түрін әдемілеуде Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ... Олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жана түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан

екенінде дау жоқ», - деп жазады Жүсіпбек Аймауытов өзінің 1923 жылғы «Мағжанның ақындығы туралы» деген мақаласында. Мағжан – сыршыл ақын. Ол үшін бақ пен қуаныш - сүйе білу. Мағжан – халқының болашағына сенген, келешектен зор үміт күткен. Кейінгі ұрпақ шуақты күн шапағатына бөленетініне сенім білдірген ұлтжанды ақын. Ол бүкіл ақындық талантын ұлтына, Алашына бағыштаған. Әрдайым халқының адал перзенті болған. Алаш жұртын бөлмей, оған өз жүрек жылуын, жан лүпілін білдіре жырлайды. Өлең жолдарындағы әсем сөз маржандары оқушыны сұлулық әлеміне ендіріп, сүйіспеншілік сезімге бөлейді. Мағжан ақын ағамыз дүниеден ерте озса да, оның жазған еңбектері бізге өшпес мұра боп қалды. Оқушыларды ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеуде жүрегі елім деп соққан ақын аталарымыздың шығармаларының алатын орны ерекше. Өйткені олардың шығармаларында туған еліне, жеріне, ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен махаббаты сақталған, ұлттық рухани байлықтың қайнар көзі көрініс тапқан.

Қазіргі заманда мен кезінде Мағжан ағамыз аңсаған, жырлаған заманда өмір сүріп жатқаныма мақтан етемін. Аңсаған Тәуелсіздігімізге қол жеткіздік. Қазақ балалары өз ана тілінде оқып, білім алып, болашағына үміт артатын азаматтар өсіп келе жатыр. Біздер де ақын аталарымыз ұрандап қалдырған асыл қасиеттерімізді сақтап, туған еліміздің болашағының жарқын болуына адал еңбек етуге дайынбыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Елеуқенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: «Жалын» Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.
- 2 Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. Алматы «Атамұра» 2002.
- 3 Әлкебаева Д. Мағжан поэзиясының тілі. - Алматы: Қазақ.
- 4 Әуезов М. Қазақ әдебиеті, 1988.23 желтоқсан.
- 5 Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1992.
- 6 Әлімбаев М. Толқыннан толқын туады. Алматы, 1992.
- 7 Жұмабаев М. Шығармалар. 3 томдық. Т.1. – Алматы: Білім.
- 8 Майтанов Б. Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы. - Алматы. Қазақ университеті. 2001.
- 9 Балтоғаева. Ж. Мағжан поэмаларының жанрлық-көркемдік ерекшеліктері. Алматы, 2003.
- 10 Елеуқенов Ш. Мағжан Жұмабаев. – Алматы: Санат, 1996.
- 11 Базарбаев М. Мағжан Жұмабаев // Жұмабаев М. Шығармалар.

АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ БАЙЫРҒЫ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

БУРАКАНОВА Г. С.

10 сынып оқушысы, «№ 22 ЖОББМ» КММ, Семей қ.

ОСПАНОВА Р. Ж., БАКТЫБАЕВА Г. О.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, жетекшілері,

«№ 22 ЖОББМ» КММ, Семей қ.

Тәуелсіздікке қолы жеткен халқымыздың көне тарихқа, мәдениетке деген қызығушылығы арта түсті, ұрпақтан – ұрпаққа мұра болған қазақтың ұлттық өлшем бірліктері қазақ халқының көне дәуірінде мәдени деңгейінің өте жоғары болғандығын дәлелдейтін фактілер көп. Жұмыстың құндылығыда осында.

Зерттеу жұмысының ғылыми болжамы: Егер қазақтың ұлттық өлшем бірліктері жөнінде оқушылар мәлімет алса, рухани құндылықтарды бағалай білетін ұлттық және патриоттық санасы жоғары тұлға қалыптасады.

Зерттеудің теориялық мәнділігі: Қазақтың ұлттық өлшем бірліктері туралы пікірлер жинақталып, мәдениеттану, педагогикалық, тарих ғылымдары тұрғысынан кіріктіріле қарастырылады.

Зерттеудің практикалық мәнділігі: «Қазақтың байырғы өлшем бірліктері» атты қосымша оқу ретінде материал ұсынылды.

Қазақ өлшемдері - ұлт мәдениеті мен этнографиясының қызықты салаларының бірі болып табылады. «Халық айтса, қалып айтпайды» дегендей халық өлшемі анық өлшем деуге де болады. Өйткені, оны ата - бабаларымыз бірнеше ғасырлар бойы қолданып, сол арқылы өлшем негіздерін жүргізген.

Жұмыстың мақсаты: Бұрынғы ата, бабаларымыздың, ұлттық мәдениетіміздің үлгі, өнегесін бүгінгі ұрпаққа тарихи құндылығымызды саналарына жеткізу және Тәуелсіз Қазақстанға деген патриоттық сезімдерін қалыптастыру. Қазақтың байырғы ұлттық өлшем бірліктері мынадай түрлерге жүктеледі: салмақ, көлем, ұзындық, қашықтық, уақыт, мезгіл өлшемдері. Салмақ өлшемдерін халық былайша жіктеген. Мысалы, қадақ – 750г, келі – 1кг, пұт-16 кг, батпан – 100кг. Қазіргі кезде осы өлшем бірліктер әлі де қолданылып жүр. Бұл өлшемдермен бірге «салмағынан жер ойылғандай», «түйеге жүк болғандай» деген сияқты айшықты сөз өрнектерін қолданып, ауыр, жеңіл деген сөздері пайдаланылады. Көлем өлшемдері бір заттың немесе малдың саны, көлемі мен мөлшерін, аумағын шамамен белгілейді. Мысалы: бір шөкім, бір шымшым, бір уыс, қос уыс, бір тілім, бір түйір, бір қолтық,

бір шүйке, бір құшақ, бір қап, бір тамшы, бір арқа, бір шок, бір қарын т.с.с.заттың көлеміне байланысты, бармақтай, шынашақтай, алақандай т.с.с. теңеу сөздер қолданылады. Мыс: «Жылқыдан шынашақтай қазы түсті» деп айтылады. [1, 43]. Туған тілінің асыл қазынасының тұнығын білген, оның інжу - маржанын мөлдіретіп тізіп ала білген ұрпақ қана халқын сүйе алады, елінің ертенін ойлайды. Байтақ далада сан ғасыр көші - қонды күндер кешкен халық жан сезімін өлең-жырларын ағытқан, ақыл мен ойдың кені даналық сөз өнерінде деп қадірлеген, жүйелі сөзге жүгінген. Сөз асылы жыраудан -жыршыға, атадан - балаға ұласып, тот баспай, ғасырлар аттап, біздің дәуірімізге жеткен. Мәселен, өлшем бірліктерін білдіретін қазақтың көне сөздері өте көп кездеседі. Бұрынғы кезде қазақ халқы дән өлшейтін мысқалдан бастап, астық өлшейтін шойын таразыларға толы болған. Біздің халқымыздың ауыз әдебиетінде, татымдай, шынтақтай, қолдаяқтай, таман, тарта, торсықтай, найза бойы, қадақ, тұтам, баданадай, кез, тарыдай т.б. сөздер өлшем бірліктері ретінде қолданылып келген. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінде өлшем сөздері жиі кездеседі. Мысалы: «Екі елі ауызға - төрт елі қақпақ», «Ауру батпандап кіреді, мысқалдап шығады», «Көңіл азып, тон тозса, берген көйлек кез болар», «Біреудің мінінің бір елі артықтығы бар», «Өмір көрген түлкінің үш-үштен іні болады» (орыс мақалы). Енді кейбір өлшем бірліктерінің мағынасына тоқталайық. Мәселен, «батпан» сөзін алайық. «Батпан»-орыс патшаларының Ресейдің бұратаналар мекендейтін бөлігінде пайдалануға рұқсат берген көне азиялық салмақ өлшемі»-деп жазады И.Е.Андреевскийдің басшылығымен шыққан «Энциклопедиялық сөздіктегі», «Батпан» мақаласында. Батпан туралы орыс әдебиетінде алғашқы дерек А.Никитиннің «Үш теңіздің ар жағына саяхат» атты кітабынан бастап кездеседі. Қазақтарда батпан өлшемі-ең ауыр дегенді білдіреді. [4, 12-13]. Халық ауыз әдебиетіндегі «Батырлар жырында» алып батырлардың күрзісі үнемі батпан өлшемімен көрсетіледі. Егер Бұхарада 7 пұт - 32фунтқа тең болса, Талас өңірінде 12 пұтқа тең болған. Қазақта батпанға ұқсас «дыр» деген сөз бар. Дыр - үлкен, ірі, зор. Батпандыр өлшемдері - көлемдік өлшемдер. Ал «Әшмүшке», «тырнақтай», «титімдей», «тоқымдай», «ұлтарактай», «мысқал», т.б. Дәлірек айтқанда, мысқал 25 грамға тең салмақ өлшемі, 1-қадақта 96 мысқал бар. Қадақ - 200 грамға тең салмақ өлшемі. «Қадақтай» - кішкентай, аз дегенді білдіреді. [5, 23]. Ауыз әдебиетіндегі «Ер Тарғын» жырында:

Келген қалмақ көп еді,

Көп те болса қалмақтан,

Алты күн айғай салғанда,

Азғантай қалды қадақтай-деп жырлайды.

«Үш ғасыр жырлайды» еңбегінде:

Мысқалы мың теңгелік асыл заттар,

Барады арзан болып жылдан-жылға.

Жақсыны жау да болса, дұшпан тұтпа,

Жаманның басында тұр заман ақыр.-делінсе,

«Гаухарды мысқалдап өлшейді», деп көрсетілген қазақ мақалында. Мысқалдау-аз, аздау, там-тұмдау, мысқалдай – болар-болмас, кішкентай, азғантай. Әшмүшке – қадақтың сегізден бір бөлігі.

Шығыс аңыздарының желісінде құрылған дастандар қазақ халқының бай мәдени мұрасының едәуір бөлігін құрайды. Олар дала халқы өмірінде дәстүрлі фольклормен қатар орын алады. Мысалы, Атымтай жомарт, Қасым жомарт дастандарында қонақжайлылық жырлана отырып, қазақтың байырғы өлшеуіш мазмұнындағы сөздері жиі кездеседі.

Ажалына мен себеп болдым-ау деп,

Көзімнен қан аралас ақты тамшы, немесе

Алуаны асап жеді табақтан,

Ашыққанда түйе өткендей тамақтан.

Екеуі де, әсіресе, патша алды,

Артықырақ он екі, он үш қадақтан. (Қасым жомарт дастанынан)

Осы сияқты байырғы өлшем бірліктер «Құлқаныс – Зеберше», «Қарқабат» дастандарында кездеседі.

Бір ауыз жүрегіме от тастадың,

Қалмады сабыр, тағат шыдай тұғын.

Құлқаныс, арызым бар, тоқтағын тез,

Кәмілге бір, екі ауыз сөз сөйлеңіз, делінсе, «Қарқабат» дастанында:

Ауыздары он қарыс,

Қайтпайтын жаудан ер еді.

Бес мысқал мойнындағы жарқыраған,

Гаухардың менің таққан белгім еді.

Қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі ұзындық өлшеміндегі өлшем сөздер: кез, аршын, сүйем, құлаш, тұтам, шынтақ, қарыс, елі, табан т.б. түрінде кездеседі. Кез-көне өлшем бірлігі. Шамамен -70-80 см-ге тең (дәлірек айтқанда -71,12 см). Мысалы, «Өлгі құлын алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты». (Қазақ ертегілерінен).

Ал батырлар жырында:

Саурылған екі кез,

Шүйел белін құрған тез.

Сия берер айтсам сөз...

«Алпамыс» жырында:

Аузын ашты келді де,

Жұдырықпен бір ұрып,

Қырық кез болат сандықты. [6, 47]

Кез өлшемі басқа мағынада да кездеседі. Кез- метрмен өлшенеді. Қазақта – кез ұзындығы бір метрге тең ағаштан жасалған өлшемдік құрал. Кез-садақ оғының ойыс келген түбі, серіппеге ілінер жері. Кез-түйенің екі өркешінің аралығындағы ойыс жер. Құлаш-иық деңгейінде көтерілген қолдың екі саусағының арасына тең өлшем. 1-құлаш=8 =2,5 шарият кез=167,5 см. Елі-=2см, 1қарыс=23см, 1-сүйем=18см. Шынтақ – ежелден бері қолданылып келе жатқан, шамамен екі қарысқа тең. Аршын метрге тең өлшем бірлігі, заттың көлемін мөлшерлеу. Мысалы:

Мұндай құс кез болып қалса керегінде,

Ет берер кісінің ебі болса.

Таңырқап талай адам тұратұғын,

Жарты аршын құйрығының ағы болса. («Үш ғасыр жырлайды»)

Уақыт мезгілдерін анықтауда және оның жиіліктерін жіктеп, айыруда халық теңеулері мен өлшемдері әрі қызық, әрі анық, әрі түрге де бай: елең-алаң, құланиек, құлқын сәрі, таң бозара, алакеуім, күн шыға, күн арқан бойы көтеріле, тал түс, шаңқай түс, сәске түс, бесін, екінті, көлеңке басы ұзара, ымырт, апақ-сапақ, ақшам, бей уақыт, қас қарая, ай туа т.с.с. Мұнан тек уақыт шамасы ғана емес, халқымыздың таным түсінік, ой, әр істің байыбына терең бойлау, бағдарлау, тіл қабілетінен жоғары тұрғанын дәлелдейді. Мезгілді қазақтар күндіз көлеңкеге қарап, түнде жұлдызға қарап та анықтаған. «Рүстем Дастан» Т. Ізтілеуов 1961 жылы мақаласында:

Ұзыны елу аршын, он кез еді,

Демімен тартады ішкі көркі нәні,

Балаңды бұл ретте қосып бер деп,

Қалайда қинап отыр өте мені.

Алты жүз аршын болсын биіктігі,

Ай тұрсын алтын арай, сүйіп мұны. («Әбілхарис» ертегісінен) [2, 4]

Аршын – ұзындық өлшемі. Ол қазіргі қолданылып жүрген «метр» өлшеміне жуық. Аршын парсы тілінен алынған

Сүйем – қазақтың ұзындық өлшемін бірдіретін метрологиялық сөз. Сүйем – бас бармақ пен сұқ саусақты керең кездегі ұзындық. Ол моңғол тілінен алынған

1 сүйем = 18 см

Қазақ халқы уақытты анықтауда өзіндік бай тәжірибе жинақтаған. Ұлттық ұғымда мерзім уақыттың, мезгілдің шамасы мен ұзақтығын білдіреді. (Мысалы: бие сауым – 1,5 сағат, екінті – сағат 2, азан – таңертең ерте т.б.)

Салмақ өлшемдерін халық былай жіктеген. Мысқал - 1 грамм, қадақ – 750 грамм, келі – 1 кг, пұт – 16 кг, батпан – 100 кг. Бұл өлшемдер мен бірге қазақ халқы саламғынан жер ойылғандай, түйеге жүк болғандай деген бейнелеу, теңеу айшықты сөз өрнектерін қолданған.

Көлем өлшемдері бір заттың немесе малдың саны, көлемі мен мөлшерін, аумағын білдіреді. Мысалы: бір шымшым, бір шөкім, бір уыс, қос уыс, бір түйір, бір шүйке

Ұзындық және қашықтық өлшемі мүлде екі түрлі ұғымды, екі түрлі өлшемді білдіреді. Мысалы: екі елі, тұтам, сынақ – 14 – 15 см, сүйем – 17 – 18 см, қарыс, кез – 50 см т.с.с.

Қашықтық өлшемдері жердің қашықтығын анықтау үшін қолданылады. Мысалы: адым – 1 метр, таяқ тастам – 10 – 15 метр, әй дейтін жер – 100 метр, дауыс жететін жер – 250 -300 метр, иек асында – 4 – 5 км, қозы көш жер – 5 – 6 км, көз ұшында – 6 – 7 км, тай шаптырым – 4 – 5км, ат шаптырым 25 – 30 км. Осы қазақтың байырға өлшем бірліктері қазіргі кезде ауыл ішінде жиі айтылады. [7, 26]

Қорыта келгенде, қазақ халқының байырғы ұлттық өлшем бірліктері ерекше орын алады деуге болады. Сондықтан, қазақтың ұлттық өлшем бірліктерін білудің маңызы зор. Мысалы күнделікті өмірде тамақ дайындағанда көз мөлшермен өлшем бірліктерді пайдаланамыз деп нақты айтуға болады. Кез келген нәрсенің, дененің, табиғат құбылыстарының ерекшеліктері, қасиеттері, өлшем бірліктермен сипатталады. Табиғаттың өз мөлшері, өлшемі болатынын бәріміз де білеміз, сондықтан адамадар өлшеусіз, мөлшерлемей, болжамай өмір сүруі мүмкін емес. Мысалы: уақыттың өлшеуін білу арқылы оны үнемдеу керектігін айтсақта жеткілікті. Қазіргі заманда уақытты дұрыс пайдалану, дұрыс мөлшерлеу әрбір баланың алдына қойған мақсат – мүддесіне жетуіне үлкен ықпал етеді деп айтуға болады. Қазақта «Алтын уақытыңызды бөліп келегеніңізге көп рахмет» деп айтып жатады. Бұл уақыттық қасиетін көрсетеді. Сөйтіп, қазақ халқының өлшем бірліктерін білгеніміз қазақ халқының салт – дәстүрін дәріптегеніміз болып есептеледі. Ата – бабамыздың тұрмыс тіршілігінде қолданылдып келген өлшем бірліктерін мұрасы деп есептеп, келешек ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Ақиқат» 1993 жылы, №6, 43 – 45 б.
- 2 «Ана тілі» газеті 2000 жыл, 4 – 5 б.
- 3 «Жалын» журналы, 1990 жылы, 62 – 65 б.
- 4 «Жеті қазына» 1-кітап. 1997-2003 40 – 50 б.; 2-кітап. 2002-2003 12 – 15 б. Кенжеахметұлы. С., Алматы.
- 5 «Қырық қазына» - қазақ халқының ауызша есептері. Алматы. «Мектеп» 1987 жылы, 23 – 25 бет.
- 6 «Қазақстан мектебі» 1999 жылы №6, 47 – 50 б.
- 7 Нұрмағанбетов. Ә. «Сөз сырына саяхат». Алматы, 25 – 30 б.

БИЛИНГВИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДАҒЫ СИПАТЫ

ДАУЛЕТБЕКОВ Д. С., ХАБЗАИРОВ С. М.

5 сынып оқушылары, Дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы, Ақсу қ.

Билингвизм /лат. Bilingualism - Bi – екі рет + lingua – тіл/ — қостілділік, дербес екі тілде бірдей ойлап, жаза білетін адамдардың психологиясын зерттейтін тіл білімінің әлеуметтік саласы [1, 32].

Қоғам дамуының және халықтар арасындағы тұрақты әлеуметтік- экономикалық және мәдени қатынастар орнауының нәтижесінде, билингвизм жаппай бұқаралық құбылыс ретінде көрініс беріп отыр. Өйткені, көп ұлтты мемлекетте барлық халық экономикалық және мәдени өмірге бірдей дәрежеде қарқынды түрде араласады, нәтижесінде қостілділік кеңінен таралады.

Сонымен қатар, қостілділіктің таралуының тағы бір себебі - бір халықтың екіншісімен аумақтық жағынан алғанда, көршілес тұруы немесе олардың тұтас бір аумақта бірігіп өмір сүруі болып табылады. Мысалы, Қазақстанға Ресейдің көршілес жатуы және орыс ұлтының көп кездесуі орыс тілінің біздің елде көп қолданылуына себеп болып отыр. Билингвизм жағдайында бірінші тіл ретінде ана тілі алынады, ал екінші тіл ретінде – жеке тұлғаның ана тіліне жаппайтын тіл алынады (мысалы, татарлар үшін – орыс тілі, орыстар үшін – ағылшын немесе татар тілі). Бұл жағдайда билингв сөйлесу кезінде орын алған жағдайды ескере отырып, белгілі бір әлеуметтік қоғамдастық аясында екі тілді де белсенді қолдану мүмкіндігіне ие болады. Сонымен бірге, ол ауызша және жазбаша (әдеби) тілді немесе коммуникация әрекетінің бір формасын ғана меңгеруі мүмкін [1, 42].

Қостілділік (билингвизм) лингвистикалық білімнің тәуелсіз бағыты ретінде ХІХ (1885-1890жж.) соңында зерттеле бастады, ал ХХ (1953 жылдан бастап) ғасырдың ортасында ғана педагогикалық зерттеулердің нысанына айналды. Билингвизм проблемасы орыс және шетелдік авторлардың зерттеулерінде шешімін тапты. Мысалы, Н. И. Толстой, В.В. Иванова, С. Эрвин, Э. Хауген. Арнайы әдебиеттерде «қостілділік» деген түсінік екі түрлі аспектіге ие екендігі айтылады: психологиялық және әлеуметтік. Қостілділік әрбір жеке адамды (психологиялық аспект) сипаттауы мүмкін немесе бұқаралық не топтық қостілділік (әлеуметтік аспект) орын алуы мүмкін. Қостілділік өзінің тар мағынасында – екі тілді бірдей деңгейде меңгеру, кең мағынасында – екінші тілді салыстырмалы түрде меңгеру, оны сөйлесудің белгілі бір салаларында пайдалана алу дегенді білдіреді. Америка зерттеушісі С. Арсенян 1930-шы жылдар соңында, АҚШ-та эмигранттар отбасында туылған 2000 италиян және еврей балаларын зерттеген. Ол билингвизмнің баланың ақыл-ой дамуына да, мектепке қалыптасуына да еш кедергі болмайтындығын анықтаған.

Билингвизм — қостілділік, дербес екі тілде бірдей ойлап, жаза білетін өнер адамдарының да психологиясын зерттейтін тіл білімінің саласы. Әсіресе екі тілді қатар пайдаланатын өнер қайраткерлерінің шығармашылығына ерекше назар аударатын ғылыми бағыт. Әуезов те сондай тұлғалардың санатына жатады. Ол «Абай» трагедиясын орыс және қазақ тілінде бір мезгілде жазды. «Қасеннің құбылыстары», «Қынаптан қылыш», «Бекет», «Райхан», «Қалқаман-Мамыр» т. б. шығармаларын өзі орыс тіліне аударды. Әдеби мақалалары мен зерттеулерін екі тілде бірдей жазды. Қоғам қостілді жазушыларды құрмет тұтқан: «Бауыржан Момышұлының қазақ тілін өте жақсы білсе де, орыс тілінде одан да тамаша жазады» деп баға берген.

Қалыптасқан тарихи факторларға байланысты Қазақстан қоғамында негізінен қазақ-орыс қостілділігі басымдыққа ие болған. Ғалым Б. Хасановтың қазіргі тәуелсіз Қазақстандағы әлеуметтік-лингвистикалық ахуал жайлы пікіріне тоқталар болсақ: «Қазақстанның тіл саясаты игілікті сипатты болып келеді. Сол себепті де елімізде тәуелсіздік жағдайында қостілділіктің жаңа, жоғарғы түрі – егемендік қостілділігі пайда болуда» [1, 47].

Белгілі әлеуметтанушы (социоллингвист) филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Х.Хасанов 40 жылға жуық уақыт қазақ-орыс әдеби қостілділігі, қазақ тілінің қазақстандық қоғамның түрлі

салаларында мемлекеттік тіл ретінде қолданылу мәселелерін зерттеумен шұғылданды. Б.Хасановтың басты еңбектері мыналар:

«Қазақско-русское двуязычие». – Алматы: Наука, 1987,

«Қазақско-русское художественное литературное двуязычие». – Алматы, 1990.

Б. Хасанов қазақстандық әлеуметтік лингвистика ғылымының өзіндік мектебін қалыптастырды. Оның негізгі мәселесі әдеби қостілділік пен мемлекеттік тілдің қызметін кеңейту болды.

Билингвалды білім беру ұғымдарының мағынасы туралы тоқталып өтейік. Ғылыми әдебиеттерде осы ұғымға көптеген анықтамалар берілген. Олардың ішінде:

- билингвалды білім беру- оқу және оқудан тыс жұмыстардың негізгі бағыттарын екі тілде іске асыру, педагогикалық үрдісте екі тілді оқыту құралы ретінде пайдалану.

Профессор Б.Қасым әлемдік білім кеңістігіне енудің жолдары ретінде мынаны атап көрсетеді: «Қазақ тілін үштілділіктің көлеңкесінде (ағылшын, орыс) қалмайтындай, еңбек нарығында мемлекеттік тілді білуді талап етуді бірінші орынға қою, елімізде қазір керісінше, ағылшын тілін білуді талап етуде, ғаламдану үрдісінде, бірақ бәсекелестікке төтеп бере алатын қоғамның мүддесі мен мақсатына қызмет ететін қазақ тілін сол деңгейге жеткізу керек» [4, 32 б.]. Көптілді және билингвалды білім беру үлгісін енгізудің идеялық негізіне алынған Елбасымыздың 2006 жылғы Жолдауында Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы кім дегенде үш тілді біліп, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін сөйлеуі шарт екендігін, көптілділік біз үшін қалыпты жағдайға айналуы керектігін айтса, 2007 жылғы Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс», - деген болатын [5].

Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясында билингвалды білім беру жүйесі 2008 жылдан бастап жүзеге асырылды. Жоғарғы сыныптарда физика, ал бастауыш сыныптарда дүниетану пәні қостілділік жүйесімен өткізіледі.

Өз сыныбымда дүниетану пәні ағылшын тілінде жүргізіледі. Пәндік негізгі терминдерді қазақ-ағылшын тілдерінде салыстырмалы түрде үйренеміз. Мысалы, «Ғарыш және оны зерттеу» тақырыбына байланысты төмендегідей терминдік сөздердің аудармасын ұсынамыз: ғарыш - space, жұлдыз - star, шоқжұлдыз - constellation, күн - a sun, планета - planet, ай - moon, жер – earth.

Туыстық атаулар - туыстық қарым-қатынасты білдіретін ұғымдар.

Бір отбасындағы туыстық атаулардың қазақша сипаттамасы:

Ата - баланың әкесінің және анасының әкесі.

Апа - баланың әкесінің, сондай-ақ, анасының шешесі. Одан арғылары әже, ұлы әже деп аталады.

Әке - баласы бар ер адам

Ана - балалы әйел, туған шеше.

Аға - бірге туған ағайындылардың ер жағынан жасы үлкені.

Іні - бауырлас ер адамдардың жас жағынан кішісі.

Бауыр - бірге туған қыздардың үлкендеріне бауырлас ер адамдардың жасы жағынан кішісі.

Әпке - бірге туған қыздардың жас жағынан үлкені.

Сіңілі - бірге туған қыздардың үлкендеріне жас жағынан кішісі.

Қарындас - бірге туған ағайынды ер адамдардан жасы кіші қыздар.

Қазақ о бастан қонақжай, бауырмал, туысшыл халық. Сондықтан ағайын-туыс, құда-жекжаттарымен үнемі жақсы қарым-қатынаста болған. Соның арқасында «туысқандардың» тек қана бір отбасында шектеліп қалмай кең ауқымдағы ұғым беретіні қалыптасқан.

Туған-туыстардың орыс және ағылшын тіліндегі нұсқасын қарастырып көрдік. Ағылшын тілінде де туыстар ұғымы болғанымен, арасында қазақшылыққа тән кейбір туыстық атаулар жоқ. Оны ағылшын тіліндегі туысқандық атаулардың қолданысының тарлығымен түсіндіруге болады. Ағылшын тілді елдердің тұрмысында тума-туысты түп тамырына дейін түгендеу деген түсінік жоқ десе де болады. Оларды толықтырып жазу біраз еңбекті қажет етеді. Сондықтан, әзірге белгілі әрі көп қолданылатын сөздерді қарастырдық.

Қазақ отбасындағы туыстық атаулардың орыс және ағылшын отбасындағы нұсқаларын салыстырмалы түрдегі сөздігі:

Ата – дедушка – grandfather

Әже –бабушка – grandmather

Әке –папа - father

Ана –мама - mather

Ұл –сын – son

Қыз –дочь - daughter

Әпке –сестра - sister

Сіңлі –младшая сестра - a sibling

Қарындас –младшая сестра - a sibling

Аға –брат - brother

Іні –брат - brother

Нағашы ата – an enate

Нағашы әже – an enate

Нағашы әпке – aunt

Нағашы аға –дядя - Uncle

Жезде – зять - brother-in-law

Жеңге – невестка - a sister-in-law

Келін – сноха - daughter-in-law

Күйеу бала –зять - a son-in-law

Немере – внук - grandchild

Жиен –племянник – nephew (ұл), a niece (қыз)

Құда – сват - Swat

Құдағи – сваха - matchmaker

Қайын ата – свекор - father-in-law, parents-in-law

Қайын ене –свекровь - mother-in-law, parents-in-law

Қайын аға – деверь - chief brother of husband

Қайын апа –заловка - what chief sister

Қайын сіңлі – младшая сестра - what junior sister

Қайын іні –шурин - brother-in-law

Осы сөздерді оқушылардың қолдануына қолайлы болу үшін сызғыштың екінші жағына басып шығардық. (сызғыш ұсынылып отыр)

Қай халық болмасын, адамзат үшін үйдің алатын орны ерекше. Зерттеу барысында осы тақырып аясына жататын мақал-мәтелдердің екі тілде де көптеп кездесетіндігі байқалды. Мақал-мәтелдер – ұзақ жылдар бойы халықтың іс-тәжірибесінен түйінделген даналық жемісі. Мақал-мәтелдер - әр кезеңде ата-бабадан ұлағатты сөз, парасатты ой ретінде ұрпақтың еншілеген мол қазынасы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінде халықтың өмір сүру барысындағы тәжірибесі, көңілге түйген ақылының кені жатыр.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мақал мен мәтелге мынандай түсіндірме берілген: мақал – үлгі-өнеге ретінде айтылатын жалпы халықтық нақыл сөз; мақал деп қысқа, образды, ұйқасты, тұжырымды нақыл сөзді айтамыз [6,102]. Мәтел – тұжырымды. Бейнелі әрі ықшам нақыл сөз [6,168].

Мысалы, ағылшындар «My house is my castle» (с.с.а.: Өз үйім - қорғаным) десе, қазақ халқы «Өз үйім-өлең төсегім» деп, оған бейнелі түрде ерекше сипат береді. Тарихи деректерге сүйенсек, ежелгі ағылшын баспаналары қорғаныс үшін аса мықты болмаған және Англияда қорғандардың салына бастауы 1066 жылғы нормандар басқыншылығымен байланысты. Жергілікті халық қаһарынан қауіптенген нормандар «түнгі ұйқы кезінде бауыздап кетпеуі үшін мықты баспана керек» деген ұйғарымға келіп, батпақтан үй салып, ағаштан мұнаралар тұрғыза бастаған. Демек, өзге халықтарға тән

тарихи қалыптың, дәстүрдің жергілікті халықтарға сыналап өнуі, үйдің ассоциативті түрде қорғанға балауы «My house is my castle» «төрізді тұрақты тіркестердің тілде қалыптасуына негіз болған деп ойлаймыз. Ал «өз үйім - өлең төсегім» «Біреудің байлыққа толы кең сарайында қысылып, қымтырылып отырғаннан гөрі өзіннің қарапайым, жұпыны төрінде көсіліп жатқанға не жетсін» деген ұғымда қолданылады. Жалпы алғанда, қос тілдегі мақал-мәтелдердің арқылы берілетін негізгі ой біреу, яғни адамның үйіне деген ыстық сезімі мен үйдің адам өмірінде алатын орны. Бірақ осы ой ағылшын және қазақ мақалында сол халықтың өдет-ғұрпына, салт-санасына, дүниетанымына байланысты пайымдаулар арқылы берілген.

Ағылшынның «Give me a child for the first seven years, and you may do what you like afterwards» деген мақалын талдап көрейік. Бұл мақалдағы ұғым (Бала тәрбиесі жетіге дейін қалыптасады) біздің ұлтымызда да кездеседі. Алайда қазақтар баланы тіпті күрсақта жатқаннан бастап тәрбиелеу керек деп сенеді. Осы сенімнің дұрыстығы қазір ғылыми түрде дәлелденіп те қойды. Бірақ бізде дәл осы мағынаны ашатын эквивалент жоқ болғандықтан, мына мақалмен балама бергенді дұрыс көрдік. Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін. Бұл мақалдың мағынасы тәрбиенің маңыздылығын дәріптейтін болғандықтан, аналог ретінде қолданыла алады.

«Жеті күн аш қалсаң да, атанды сыйла» дейді қазақ мақалы. Оған аналог ретінде «Respect olders anyway» мақалын ұсынамыз. Өйткені «respect» ұғымы бүгінгі күн жастар арасында «сыйлы кісі» ұғымында кең қолданылып жүр.

«Ұлдың ұяты әкеге» дейді біздің қазақ. Ал орыстар «Какой отец такой и сын» десе, ағылшындар «Like father, like son» деп тәрбие бастауы отбасы екендігін үш елде де мойындайды екен.

«Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер» деген қазақ мақалы да бала тәрбиесіне қатысты болғандықтан оған мағыналас ретінде «History knowledge leads to patriotism» мақалын қолдануға болады.

«Гардиан» и «Таймс» газеттерінде зерттеулерден алынған мәліметтер бойынша Англия балаларға салқын қабақ танытатын елдер қатарына жататындығын жазады. Оны «A child may have too much of his mother's blessing» (Ана өз мейірімімен баланы тәрбиелей алмайды) және «Children must be seen but not be heard» (Балалар көзге көрінсе де, дауыс шықпауы тиіс) мақалдары дәлелдейді.

Түйіндей келе қазақ мақалдарының ағылшынша кейде орысша эквивалентін қарастыру арқылы біз өзіміздің билингв ретіндегі даму қарқынымызды байқадық. Мақалдар әртүрлі халық тілінде бірдей

сөйлейтініне көз жеткіздік. Қазақ, ағылшын, орыс отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктері мен ұқсас тұстарын пайымдадық.

Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясының бастауыш сыныптары арасында билингвизмді қолданысы бойынша сауалнама жүргізіп, бастауыш сынып арасында билингвизмнің қай түрі таралғандығын анықтау, оқушылардың өз ана тілдеріне деген құрметі деңгейін бағамдауды мақсат еттік. Сауалнамаға 8 бен 10 жас аралығындағы 160 оқушы қатысты. Сауалнамаға қатыстырылғандардың 100 % қазақтар құрайды.

1. Сіз мектепке дейін қай тілде сөйледіңіз? - 90 % пайызы қазақша
2. Сіздің ана тіліңіз: - 100 % қазақ тілі
3. Сіз тілді қалай үйрендіңіз? Оқу орындары - 20%, үйден - 60%, кітап оқып - 20 %.

4. Ана тіліңізді (қазақ тілін) отбасы мүшелері арасында қалай қолданылады?

- Әрқашан 30%,
- Жиі 45 %,
- Анда-санда 25%,
- Ешқашан

5. Қазақ тілін меңгерудің Сіз бен Сіздің балаларыңыз үшін маңыздылығы орасан зор деген пікірмен келісесіз бе?

- Келіспеймін - 100%,
- Келісемін

6. Сіздің пікіріңіз бойынша, жол көрсеткіштері және көше атаулары мына тілде болуы тиіс.

- Қазақ тілінде - 98 %,
- Орыс тілінде
- Ағылшын - 2 %,
- Жауап беруге киналамын

Сауалнама нәтижесінде қазақ-ағылшын көстілділігінің мектеп қабырғасында әлі де кең етек жая қоймағанын аңғардық. Сондықтан «Дүниетану пәнінен» 4-сыныпқа арналған қазақ-ағылшын терминдер сөздігін кітапша етіп жасадық. (кітап ұсынылып отыр)

«Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!» деген Қадыр Мырза Әлидің әйгілі өлеңінде лингвистикалық капиталдың негіздемесі жатыр. Өзге тілді білсең — өрге шығасың, Өз тіліңді білсең, төрге шығасың. Орыс тілі әр елге, ағылшын тілі әлемге есік ашады. Жеті жұрттың тілін біліп, мемлекеттің мүддесін, ұлтын мен жұрттыңның жай-күйін әлемге даусың жететін әйдік мінберден асқақтатып айтып тұратын күнге жетуіміз керек.

Қазіргі заманда әсіресе ағылшын тілін пайдалану қажеттілігі туып отыр: онсыз халықаралық қарым-қатынас, жаңа технологияларды меңгеру мүмкін емес. Ғылым мен техника салаларының бірақтарында ол біртіндеп кезінде орыс тіліне тиесілі болған кеңістікті алып келеді.

Көптілділік қазіргі әлемнің басты мәселесі – адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектеседі. Сондықтан құрбы-құрдастарымыздың арасында билингвтер қатарын көбейтуді отбасынан, туыстық атауларды үйренуден бастауды ұсынамыз. Осы тақырыптарда сынып сағаттарын, факультатив сабақтар ұйымдастыруды ұсынамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Хасанұлы Б «Қазақско-русское двуязычие». – Алматы: Наука, 1987.
- 2 Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра. – Алматы: Жазушы, 1992. – 272 б.
- 3 Хасанұлы Б. Аймақ тілдері мен мемлекеттік тіл қызметін арттырудың егемендік тұғырнамасы: әдіснама мен мониторинг мәселелері. – Қостанай, 2002. – 62 б.
- 4 Б.Қасым. Ағылшыншаны тым ерте тықпаламайық // Ана тілі. - №9. – 28 ақпан, 2008. –
5. Қазақстан Республикасының президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Ана тілі. – 2007. – № 7 (896). - 1, 7-10-Б.
6. Назарбаев Н.Ә. Тіл тағдыры - ел тағдыры // Ана тілі. – 2006. - № 46 (831). – 1-2 Б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы-1998.

АБАЙ ӨЛЕНДЕРİNДЕГІ ЭПИТЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

ДЖАКИНА Ш.

9 сынып оқушысы, №1 қазақ орта мектебі, Ақсу к.

Біз өткен тарауларда Абай өлендеріндегі архаизм, диалект, шет сөз, неологизмдерге тоқталып, олардың әрқайсысы Абай шығармаларында қандай орын алып, ақынның өзіне шейінгі фольклор тарихи әдебиет және өз кезіндегі әдебиеттерден тіл жағынан ерекшелігі қайсы, шет тілдерден нені қабылдап қарсы шықты, өзі не жаңалық кіргізді деген мәселелердің бетін аштық. Абайдың қазақ әдебиетінің тілін дамытудағы ұлы еңбегін түсіну де, бағалау үшін де бұлардың әрқайсысының мәні зор, әрқайсысының орны ерекше. Әйтседе, поэтикалық тілдердің негізгі

саласы болып саналатын эпитет, теңеу, тропа, фигура, олардың түрлері айрықша талдауды керек етеді. Мұнан былайғы тарауларда Абай тілінің осы жақтарын зерттелмек.

Ұлы ақындардың қайсысының болсын тілін зерттеушілер ең алдымен поэтик тілдердің негізгі түрі деп те және көп кездесетін түрі деп те эпитет пен теңеулерді алады. Сондықтан, ең алдымен Абай өлендеріндегі эпитетке тоқталмақпыз.

Басқа тілдердегі тәрізді, қазақ тіліндегі эпитеттер де негізінде сын есім арқылы анықтауыш т.б. жолдармен де жасалынады. Сосынғы бір түрі – көсемше мен өткен шақтық есімше. Сөйлемнің мүшесі жағынан көпшілігі анықтауыш, кейде толықтауыш, пысықтауыш болып келеді. Бұлар алдыңғы анықтауыш болып келетін эпитетке қарағанда, анағұрлым аз, анағұрлым сирек. Эпитеттің шығу тарихын зерттеуші дүние жүзінің ғалымдарының қайсысы болсын мейлі, эпитет поэтик тілдің көрі замандардан бері келе жатқан адам баласының сәбилік дәуірінде өзінің ой-пікірін сурет арқылы берумен байланысты жарыққа шықты деп таныса, қазақ фольклоры да бұл пікірдің дұрыстығын растайды. Қазақтың ескі заманнан сақталынып келген фольклор нұсқауларын алсақ эпитет, әсіресе, тұрақты эпитеттерді жиі кездестіреміз.

«Қызыл шұбар айдаһар,
Қара шұбар жолбарыс»,
«Сары өзеннен өткенде,
Тас суындай сарқырап,
Тарлан атпен Көбікті
Артынан жетті барқырап»,
«Солқылдаған ақ найза,
Басыма сайғақ болсын деп,
Оң қарыма ілгенмін...»

Бұл үзінділердегі қара әріппен терілген сөздер сын есім арқылы жасалған эпитеттер де, қара курсивпен терілген сөздер – көсемше мен өткен шақтағы есімше арқылы жасалған эпитеттер. Эпитеттің төртінші түрі және ауыз әдебиетіндегі өте жиі кездесетін түрі – тұрақты эпитет. Мысалы:

«Айнаменен ақ жүзімді көрейін,
Хактың салған жарлығына көнейін»,
немесе,
«Есік алды қара су
Майдан болсын, жар-жар-ау.
Ақ жүзімді қарауға
Айнам болсын, жар-жар-ау.»

Қысқасы, қандай жағдайда айтылса да, ауыз әдебиетінде «жүздің», «алдына» көпшілігіне «ақ» деген эпитетті кездестіреміз. Басқа түрлі эпитет, не өте аз, не кездеспейді. Немесе, тақтың алдында «алтын» деген ғана эпитет қолданылады. «Алтын тақтың үстінде» деп келеді.

Бұл тұрақты эпитеттердің шығу тегіне, мәніне көз салсақ, «алтын» эпитеті анықтамақ зат есімнің жасалынған затымен байланысты және соған әбден берілген болса, «ақ» эпитеті кейінгі кезде тавтологияға айналғанға ұқсайды. Әсіресе, айтыстарда, айтысып отырған қызы сары болсын мейлі, не қара болсын мейлі, оның жүзіне келгенде: «Ақ жүзінді көруге құмармын» деп дағдымен кетеді. Кейде жақсы деген нәрсенің бәрін де «ақ» арқылы атайды: «ақ патша», «ақ пайғамбар», «әлди-әлди ақ бөпем», «ақ бесікке жат бөпем», «ақ қалқа», «Ақ еркем, отыр ма екен, жатыр ма екен.» т.б.

Қазақтың әдеби тіліндегі эпитеттің не бары осы төрт түрден құралады десек, осылардың өз ішінен шығатын күрделі эпитет және бар. Бұл, әрине, жеке түр болып саналмайды. Жоғарғы үзінді келтірген «қызыл шұбар айдаһар», «Қара шұбар жолбарыс» сын есім арқылы жасалынған әрі күрделі эпитеттерге мысал бола алады. Өйткені, күрделі эпитеттің жасалу негізі әлденеше эпитеттен тұратындықтан, бір сөйлемде эпитет біреуден жоғарғы болғансын, бәрібір күрделі эпитет саналады.

Эпитеттің барлық түрі халықтың ауыз әдебиетінен түгел табылғасын, Бұхардан бастап, Абайға шейінгі, не Абаймен тұстас ақындардан да, не Абайдың өз өлеңдерінен де түгел табуға болатындығы өзін-өзі анық. Сондықтан, эпитет жөніндегі Абайдың өз ерекшелігі қайсы, соған келелік.

«Абай өлеңдеріндегі жаңа сөз, жаңа сөйлем» деген бөлімімізде біз, Абай өзіне шейінгі әдебиетте қолданылмаған жаңа сөз, жаңа сөйлемдермен әдеби тілімізді байытқан ақын деп, өзімізше, дәлелдеп, бірнеше мысалдар келтірдік. Бұл жаңалықтарды біз эпитеттер туралы да айта аламыз.

«Қан жүректе қайғылы- ау,

Қайрыла кет сен маған,

«Ызалы жүрек, долы қол,

Улы сия, ащы тіл...»

«Асау жүрек аяғын шалыс басқан,

Жерін тауып артқыға сөз болмай ма.

«Алқыны күшті асаулар

Ноқтаға басы керілді...»

«Өрбіген жүрек басылмай,

Талапты көңіл елірмес...»

«Жер қорыған желкек шал

Желіп жүріп боздайды».

«Адасқан күшік секілді

Ұлып жұртқа қайтқан ой»

Тағы басқа сықылды ауыз әдебиеті, не Абай алдындағы тарихи әдебиетте қолданылмаған эпитеттер Абайда көп. Біз бұларды тек мысал үшін ғана келтіріп отырмыз.

Абай өлеңдеріндегі жаңа эпитеттер әр түрлі жолдармен жасалынады.

Кейбіреулері жалғаусыз түбір, кейбіреулері жалғау, кейбіреулері жұрнақ арқылы, не сөз, не дыбысты тастап кету арқылы жасалынады. Қысқасы, қалай болсын Абай сөзге жаңаша мән беріп, жаңа эпитет етіп шығарады.

«Қан жүрек», «долы қол», «алқыны күшті асау», «өрбіген жүрек», «желкек шал», «ұлыған ой» т.б. алсақ, бұл тәрізді сөз қолданыс Абайға дейінгі әдеби нұсқалардың ешқайсысында жоқ. Ал:

«Кейбіреуі дүрсіп жүр,

Жер тәңірісіп кер мағыз»,

«Пәледен тұрмас шошыны,

Тұл бойын желік жеңген-ді».

деп алсақ, мұндағы: «дүр» - жеке алғанда архаизм. Сол «дүр» қалпында ескі әдебиеттерде кездесе береді. «дүр ақын», «дүрде араз» т.б. Абай осы «дүр» ді алады да «сіп» жұрнағын қосып, архаизм негізінде: «дүрсіп» деген, өзінен бұрын қолданылмаған, сондықтан жаңа саналатын эпитет жасайды.

Сонғы екі жолдағы ерекшелік – сөздің бір әріпін қысқарту. «Тұла бойы» - Абайға шейінгі әдебиетте қолданылмаған сөз.

Бұл айтылғандарды жинақтап келгенде: тілге жаңа эпитет енгізудегі Абайдың бір алуан жолдары, әдебиетте, эпитет қатарында бұрын қолданылмаған сөздерді, жаңаша сөз байланыстырады, сөйлем құрылыстары арқылы көркем тіл мүшесі ету; архаизмдік сөздерге жұрнақтар жалғап эпитетке айналдыру жаңа нәрсе етіп көркем тілге енгізуі, не кейбір эпитеттердің дыбыстарын әдейі тастап кетіп, құлаққа естілуін жаңа етіп (сондықтан, оның көңілге қонуы жаңа болуы сөзсіз) шығару.

Абай эпитетінің ой - сезімге ететін әсерін жаңарту үшін кейде инверсия заңына сүйінеді. Екінші сөзбен айтқанда: эпитеттің дағдылы орнын ауыстыруда. Дағдыда эпитеттердің қай түрі болсын мейлі, анықтайтын сөздердің алдында келеді. Мысалы:

«Қызыл шұбар айдаһар»,
«Сорғалап көктен қыран құйылғанда,
«Алтын тақ»
«Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын».

Абайды эпитеттің бұл үлгілері көп те, орынды да, ол өз алдына. Біздің бұл жерде айтпағымыз – Абайдың инверсия заңына сүйеніп жасаған эпитеттері

Өлеңде бұрын кездеспеген, не аз кездесетін жаңа сөз, жаңа образ, не жаңаша сөз құраулар көзге тез түседі. Бұл - табиғи нәрсе. Өйткені әлеумет өміріне енген әр түрлі жаңалықтар жаңа сөз, жаңа образдарды да ала келеді. Сонымен қатар, оқушы көркем шығармадан әрдайым жаңалық күтеді, адамның жан жүйесі, жаңаша сезімді аңсайды. Сондықтан, жаңа образдардың бұрынғы дағдыдағы қалпынан өзгертіліп құрылуы оқушыға жаңаша әсер еткіш келеді. Ол образдар мүлде жаңаша, не бұрынғы бар образдардың дағдыдағы қалпын өзгертіп, жаңаша құрды ма, бәрібір, оқушылар олардың шығу тегін іздеп жатпайды, өзінің жаңалық аңсаған жан жүйесін, сезім дүниесіне сусын берсе болады, ол образ оған жаңа болып есептеледі. Шыныда да бұл дұрыс ұғыныс. Өйткені бір халықтың тілінде бұрын мүлде болмаған жаңа сөз кіргізу, кімге де болсын өте қиын. Достоевский өзі ойлап шығарған бір сөзін газет бетінде көргенде орыс тіліне мен де бір сөз кіргіздім деп қатты қуаныпты дейді.

Адам баласы мәдениет сатысына көтеріліп, ой сана ілгерілеген сайын өмір құбылысын терең түсініп, бір нәрсенің қасиетін, ерекшелігін әр түрлі жақтарынан тани бастайтын мәлім нәрсе десек, бұл жалпы көркем тілдің тәсілдерін әсіресе эпитеттерді талдағанда айрықша көзге түседі. Міне, бұл тұрғыдан қарағанда, Абайдың өзінен бұрынғы әдебиеттен де, өз кезіндегі әдебиеттен де мойны анағұрлым озық, анағұрлым жоғарғы сатыда тұрған ақын екендігін көреміз.

Мысал үшін «жүрек» деген сөзді алсақ, Абай жүректің алдына әр түрлі эпитет қойып, оның әралуан, эпитет арқылы «жүрекке» әр түрлі мән береді. Мысалы: «ет жүрек», «асау жүрек», «қан жүрек», «күйген жүрек», «ыстық жүрек», «ызалы жүрек», «өртенген жүрек», «сорлы жүрек», «ит жүрек», «жау жүрек», «өрбіген жүрек», «суынған жүрек», «Жылы жүрек», «Бінталы жүрек»

Бұл сықылды бір сөздің сан ерекшелігін ашып, түрлі мән беруді Абайға шейінгі әдебиеттен табу қиын.

Абай өзіне шейінгі әдеби тілдің жақсы традицияларын алып дамытты, ілгерілетті, мәдениеттік сатыға көтерді. Әртүрлі өмір

құбылысын суреттеу үшін өзіне тән образдарды пайдалана білу керек, екендігінің үлгі, өнегелерін қалдырды.

«Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса:
Күнді уақыт қызартып,
Көк жиектен асырса.
Күнгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа,
Төмен қарап мұндасар
Ой жіберіп әр жаққа.
Адасқан күшік секілді,
Ұлып жұртқа қайтқан ой,
Өкінді жолың бекінді,
Әуре болма оны қой»

Бұл өлең ақынның өз кезіндегі әлеумет өміріне болған әр түрлі тар соқпақ, бұраң жолдары қажытып, өзінің ішкі сезім дүниесімен сырласпақ, өзінше айтсақ, «жүрегіне себілген – уларын» санамақ, болған көңіл күйінің сәулесі, сезім дүниесіндегі қоңыр көңілсіздікті сөз арқылы сыртқа шығарған элегиялық өлең болса, эпитеттер де соған тән, дәл болып келеді.

Эпитет туралы айтылғандарды қорыта келгенде:

Бірінші кіргізіп, әдебиет тілін байытты. Оның жасалынуы жолдарын көрсетті.

Екінші кіргізіп, эпитетпен байланысты бірнеше поэтик тілдердің басын қоса отырып, өмір құбылысының бейнесін толық беру мүмкіншілігінің тамаша үлгерін қалдырды.

Үшінші: инверсия заңына сүйеніп отырып, эпитеттің дағдылы орны ауыстырып қолдану әдісін қалдырды.

Төртінші: Бір нәрсенің өмірде толып жатқан қыры мен сыры болатындығын танытып, эпитет арқылы олардың әр алуан қасиеттерін ашып, әр эпитет бір сөзге әртүрлі мән беретіндігінің үлгісін пішіп берді.

Бесінші: түр мазмұнының түрі болуы керектігін, әртүрлі жағдай, әртүрлі құбылысын суреттегенде солардың әр қайсысына эпитеттерді лайықтап, таңдап ала білудің айқын жолдарын көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қ. Ж. Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелер және Абай поэзиясының тілі»

2 Абай 1 том, 211 бет .

- 3 Абай 1 том, 183 бет.
- 4 Абай 1 том, 206 бет.
- 5 Абай 1 том, 88 бет.
- 6 Абай 1 том, 151 бет.
- 7 Абай 1 том, 172 бет.
- 8 Абай 1 том, 139 бет.
- 9 Абай 1 том, 119 бет.
- 10 Абай 1 том, 172 бет.

СОҢҒЫ 20 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ТАЛҚЫЛАНҒАН ПАВЛОДАР АЙМАҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЕРКЕБҰЛАН Ж. Қ.

оқушы, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы №10 лицей мектебі,
Павлодар қ.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады.

Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс. Тіл – халықтың тарихының, салт- дәстүрінің, мәдениетінің көрсеткіші. Тіл – арқылы біз адамның қандай екенін ұлтын, дінін, мәдениетін біле аламыз.

«Қараңыздар, еліміз тәуелсіздік алған тұста қазақтың саны 6,8 млн. адам болатын немесе халықтың 41 пайызын құрайтын. Ал қазір 11 млн-нан асты, 65 пайызға жетті. Қазақтың саны ғана осы жылдар ішінде 4 млн.-нан асты. Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеген болса, тіліміз әлдеқашан Ата заңымыздағы мәртебесіне лайық болар еді. Қазақ тілі туралы айтқанда істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмыт қалады, әр уақытта. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім алдымен өзгені емес, өзін қамшылауы тиіс емес пе?! Тағы да қайталап айтайын - Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін! Сонда ғана өсеміз. Өзімізді түземей тұрып, өзгеге тіл үйреткеніміз қалай болады? Сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың қолданыс тіліне айналады», - деді Мемлекет басшысы.

2011 жылы Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға арналған Тілдерді дамыту және қолданудың мемлекеттік бағдарламасы құрастырылды.

Бағдарламаның міндеттері:

- Мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттау;
- мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымын дамыту;
- мемлекеттік тілді оқыту процесін ынталандыру;
- мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру;
- мемлекеттік тілге сұранысты арттыру;
- қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу;
- тіл мәдениетін жетілдіру;
- коммуникативтік-тілдік кеңістіктегі орыс тілінің қызмет етуі;
- Қазақстанда тілдік әртүрлілікті сақтау;
- ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйрену

Бағдарлама мыналарды: мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесін («Қазтест» тапсырудың нәтижесі бойынша 2014 жылға қарай - 20%, 2017 жылға қарай - 80%, 2020 жылға қарай - 95%);

– мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мектеп түлектерінің үлесін (2017 жылға қарай - 70%, 2020 жылға қарай - 100%);

– мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі контенттің үлесін (2014 жылға қарай - 3%, 2017 жылға қарай - 60%, 2020 жылға қарай - 70%);

– тұрғындардың ономастикалық комиссиялардың жұмысындағы шешім қабылдау процесін талқылау кезінде қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуына қанағаттанушылық дәрежесін (2014 жылға қарай - 60%, 2017 жылға қарай - 75%, 2020 жылға қарай - 90%);

– қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесін (2014 жылға қарай - 20%, 2017 жылға қарай - 60%, 2020 жылға қарай - 100%);

– республикадағы орыс тілін меңгерген ересек тұрғындардың үлесін (2020 жылға қарай - 90%);

– ұлттық-мәдени бірлестіктер жанындағы ана тілдерін оқытатын курстармен қамтылған этностардың үлесін (2014 жылға қарай - 60%, 2017 жылға қарай - 80%, 2020 жылға қарай - 90%);

– республикадағы ағылшын тілін меңгерген тұрғындардың үлесін (2014 жылға қарай - 10%, 2017 жылға қарай - 15%, 2020 жылға қарай - 20%);

– үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген тұрғындардың үлесін (2014 жылға қарай - 10%, 2017 жылға қарай - 12%, 2020 жылға қарай - 15 %-ға дейін) ұлғайтуды болжайды.

Павлодар облысында мемлекеттік тіл саясатын тілдерді дамыту бойынша басқарма жүзеге асырады. Оның басты міндеті – мемлекеттік тілді дамыту үшін барлық жағдайлар жасау, оны қолдану аясын кеңейту, облыста тұратын этностардың тілдерін дамыту және мемлекеттік қызметкерлер мен басқа тілеуші азаматтарға мемлекеттік тілді оқытуда көмек көрсету.

Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында барлық мемлекеттік органдарда іс қағаздарын жүргізудің жағдайы ерекше бақылауға алынды, сәйкесінше әдістемелік көмек көрсетілді және негізгі үш бағыт бойынша белгілі бір жұмыс жүргізіледі.

Бірінші бағыт – облыстың мемлекеттік органдарында мемлекеттік тілде іс қағазды жүргізуді бақылауды жүзеге асыру және әдістемелік көмек көрсету.

Жыл сайын облыстың ревизиялық комиссия мүшелері мен облыстық прокуратураның қызметкерлерінің қатысуымен тілдерді дамыту бойынша басқарманың мамандары қалалар мен аудандарда және облыстың мемлекеттік органдарында тексерістер ұйымдастырады. Олардың қорытындылары бойынша мекемелердің бірінші басшыларына анықтамалар жіберіледі.

2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Президентінің әкімшілігінің ішкі саясатының бөлімінің басшысының тапсырысы бойынша «Мемлекеттік органдардың ішіндегі құжат айналымы (нормативтік актілерден басқа) мемлекеттік тілде рәсімделеді. Қажет болса орыс тіліндегі нұсқасы жалғанады». Фирмалық бланкте рәсімдеу тек мемлекеттік тілде ғана жүзеге асырылады. Егер осы талап орындалмаса, онда құжат қабылданбайды».

Қазіргі уақытта 14 мемлекеттік орган және 3 мәдениет мекемелері синхрондық аударма аппаратурасымен жабдықталған. Сапалы аударманы қамтамасыз етудің мақсатымен жыл сайын облыстық бағдарламаның шеңберінде синхрондық аударманың мамандарының біліктілігін жоғарылату және оқыту жүргізіледі.

Бүгінгі күні облыстың тілдерді дамыту бойынша басқармасымен барлық мемлекеттік органдар, облыстың қалалары және аудандары қазақ тілін оқыту бойынша оқулықтармен және мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу үшін қажетті сөздіктермен толық жабдықталған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында тілдер туралы» Заңының 21 бабына сәйкес барлық визуалды ақпарат екі тілде болу керек. Осы бағытта үнемі тексерістер жүргізіледі және жүйелі түрде түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылады.

Тұрғындарға қызметтер көрсететін негізгі ұйымдарда түбіртектер екі тілде рәсімделеді («Қазақтелеком», «Горводоканал», «Энергоцентр», «Спецмашины», «Пәтер иелерінің кооперативі»).

Сонымен қатар халыққа қызмет көрсететін мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде «Басқару күндері» өткізілді, атап айтқанда Халыққа қызмет көрсету орталығында, Жылжымайтын мүлік орталығында, азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінде (АХАТБ) және халықпен тығыз жұмыс істейтін банк жүйесінің филиалдарында, «Цесна Банк», Банк Центр Кредит», «АТФ Банк» «ҚР Ұлттық Банкі». Басқару күнін өткізудің басты мақсаты – мемлекеттік тіл саясатын үгіттеу және «ҚР тілдер туралы» заңын түсіндіру.

Сонымен қатар Заңға сәйкес «Павлодар қалалық трамвай басқармасы», «Автопарк №1» пассажирлерді тасымалдау бойынша қалалық кәсіпорындар қоғамдық транспортта ішкі және сыртқы жарнаманы рәсімдеуді және аялдамаларды хабарландыруды екі тілде жүргізеді.

Сауда қызметтерін көрсету саласында мемлекеттік және ресми тілдерде құжаттарды жүргізу бақылауға алынды (қызметтерді көрсету, тауардың атауы, меню және т.б.), сонымен қатар Заңға сәйкес «Павлодар аэропорты», «Павлодар темір жол вокзалы», «Автовокзал» қалалық мекемелерінде анықтама-ақпараттық қызметтер екі тілде көрсетіледі.

Екінші бағыт – мемлекеттік тілді оқыту бойынша жұмысты ұйымдастыру. Халықтың әр-түрлі қабаттарының арасында облыста жыл сайын жүргізілетін әлеуметтік-лингвисттік зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, аймақта соңғы жылдары мемлекеттік тілдің әлеуметтік мәртебесі жоғарылады.

Жыл сайын Ертіс өңірінде мемлекеттік тілде білім алғысы келетін байырғы емес ұлттың өкілдерінің саны өсіп келеді. Бүгінгі күні мектеп жасына дейінгі байырғы емес ұлттың 1500 астам баласы бала-бақшалардың қазақша топтарында, шамамен 500 мектептерде және шамамен 200 студент қазақ тілді оқытумен ЖОО-да тәрбиеленеді. Мемлекеттік тілді меңгерген байырғы емес ұлттың жастары жыл сайын әр-түрлі республикалық конкурстардың жүлдегерлері болады.

Облыстың 19 ұлттық-мәдениет бірлестіктері және 57 құрылымдық бөлімшелері мен ұйымдары бірыңғай мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырады. Басқарма ұлттық жаңғыру мектебінің ұлттық бөлімдері үшін оқу-әдістемелік құралдарын жыл сайын басып шығарады. Жалпы Павлодар қаласының ұлттық жаңғыру

мектебінің оқушылары мен студенттері үшін туған және қазақ тілдерін үйрену үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Облыста қазақ тілді оқытумен бала-бақшалардың санын ұлғайту бойынша мақсатты жұмыс жүргізіліп келеді.

Облыстың әкімшілігінің шешімімен 2005 жылы ашылған «Ана тілі» мемлекеттік тілді оқытудың Павлодар облыстық орталығымен қатар басқа да оқу орындары жұмыс істейді. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті және Инновациялық Еуразиялық университетінің негізінде ашылған оқыту орталықтарында қазақ тілін үйрету үшін арнайы курстар ұйымдастырылған. Мемлекеттік тілді оқыту «Қазақтелеком», «Алюминий Қазақстана», «Богатырь Көмір», «Еуразиялық энергетикалық бірлестік», «Ақсу ферроқорытпа зауыты», «Павлодар мұнай-химия зауыты» сияқты облыстың ірі кәсіпорындарында да белсенді жүргізіліп келеді. Облыстың тілдерді дамыту бойынша басқармасының тарапынан сәйкесінше әдістемелік көмек көрсетіледі. Одан басқа, облыстың әкімшілігінің бұйрығының негізінде барлық осы кәсіпорындарда қазақ тілінің кабинеттері ашылды. Қазіргі уақытта қазақ тілін үйренгісі келетін барлық азаматтар үшін бұл кабинеттерде қазақ тілінің сабақтары жүргізіледі.

Жыл сайын 10 мыңнан астам азаматтар мемлекеттік тіл курстарынан өтеді. Тілдерді дамыту және қолдану шараларының облыстық жоспарының шеңберінде әрбір жылы әр-түрлі категориялы 250 адам қазақ тілін тегін үйренеді. Жалпы бүгінгі күні облыста «Новое поколение», «Интертич», «Langberry» және басқа да жеке орталықтар сияқты мемлекеттік тілді оқытудың 10 орталығынан астамы жұмыс істейді. Бір сөзбен айтқанда, қазақ тілін меңгерем дегендерге барлық жағдайлар жасалуда.

Үшінші бағыт – мемлекеттік тіл саясатын үгіттеу және жүзеге асыру, әр-түрлі мәдени-жаппай шараларды ұйымдастыру, диаспоралардың тілдерін сақтау және дамыту үшін жағдайлар жасау. Берілген шаралар облыста мәдени кеңістікті қалыптастыру, халықаралық серіктестікті бекіту, қазақстандық отансүйгіштікті дамыту үшін бағытталған. Дәстүр бойынша, жыл сайын жыршы-әншілердің, жыраулардың облыстық конкурсы, «Ғасырлар жырлайды» ақындар айтысы ұйымдастырылады, мемлекеттік тіл саясатын кең үгіттеу мақсаттарында А.Байтұрсыновтың поэзиясының білгірлерінің «Тіл білімнің атасы» конкурсы, Абай поэзиясының білгірлерінің «Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ» облыстық конкурсы ұйымдастырылады. Одан басқа,

облыста жарияланған тілдер айлығының шеңберінде О.Бөкей және М.Мақатаев атындағы көркем оқу шеберлерінің облыстық конкурсы, «Мемлекеттік тіл және мемлекеттік қызмет» мемлекеттік қызметкерлерінің арасындағы конкурс және қазақ тілін жетік меңгерген басқа ұлт өкілдерінің қатысуымен «Тіл – халықтың жанын тануға әкелетін жол» атты конкурсы өткізіледі. Жыл сайын облыста Түркі халықтарының жазбасының күндері және Славян жазуының күндері дәстүрлі шаралары өткізіледі. Тілдер мейрамының қарсаңында мемлекеттік мекемелерде, жоғары оқу орындарында, мектептерде, бала-бақшаларда, кітапханалар мен мұражайларда басқа да маңызды шаралар ұйымдастырылады.

Қазақ тілін дамыту мақсаттарында КВН ойындарын құрудың бірінші күндерінен бастап әр-түрлі қолдау көрсетілуде. «Жасыбай толқыны» КВН жазғы кубогы жыл сайын өткізіледі.

Облыстың бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тіл саясатын кең үгіттеу, қазақша, әсіресе орыс басылымдарында мемлекеттік тілді үгіттеудің белсенділігін жоғарылату мақсатында жыл сайын «Тілдер айлығының» шеңберінде «Мемлекеттік тіл және бұқаралық ақпарат құралдары» облыстық конкурсы өткізіледі. Осы конкурсқа орыс басылымдары белсенді қатысады.

Мемлекеттік тілдің дамуы, қоғамның барлық салаларында оның сәйкесінше мәртебесін алуы мемлекеттік мәні бар өте маңызды проблема болып табылады. Сондықтан тілдің мәртебесін жоғарылату – ол біздің ортақ міндетіміз.

Қазақтардың саны - 48% құрайды, орыстар -38%. Павлодар облысында басқа этностарға тұрғындардың 13% келеді. 2010 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 0,2% өсті. Ал қазақтардың саны 2,2% өсті.

Павлодарда қазақтардың санының өсуі байқалады. Үш ресейлік облыстармен шекаралас аймақ үшін бұл үлкен жетістік. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Павлодар облысында 746 мыңнан астам қазақтар тұрады. Облыстың шамамен 50% қазақтары ауылдық жерлерде тұрады, ал 360 мыңы – қалаларда.

20 жыл ішінде аймақтағы қазақтардың саны 30% өрлеу жетті. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін облыстан басқа мемлекеттерге 7098 отбасы көшіп кетті. Бұл шамамен 31,5 мың адам.

Қазақ тұрғындарының санының өсуімен бірге қазақша бала-бақшалар мен мектептердің саны өсіп келеді. Басқа ұлттардың өкілдері өздерінің балаларын қазақ сыныптарына оқуға береді. Ресейдің шекаралас аймақтарында тұратын қазақтар өз балаларын Павлодардың мектеп-интернаттарына оқуға береді.

Ұлттық сұрақты позитивті шешу кез-келген мемлекетте басты приоритеттердің бірі болып табылады. Берілген міндеттерді шешу үшін жолдар әр-түрлі болды. Қазақстан өз жолын таңдады, және уақыт мемлекетте тұратын барлық этностардың тілдері мен мәдениеттерін сақтаумен және келесі дамытумен жаңа мемлекеттілікті қалыптастыру жоспарында ең конструктивті болғанын көрсетті.

Мен терең тамырлары бар туған тіліммен мақтанамын, оны бай және әдемі деп есептеймін, оның кейбір сөздерінің мағынасының тереңдігі соншама, әлемнің ешбір басқа тілдерінің біріне де тура аудармасы жоқ.

Қазақ тілін дамыту үшін көп нәрсе жасалып жатыр және жасалады. Енді барлығы өзімізге байланысты: біздің ынтымаққа, біздің біліміміз бен ықыласымызға. Өйткені Қазақстанның болашағы біздің қолымызда.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Н. Назарбаев жолдауы.
- 2 <http://www.pavlodar.gov.kz/>
- 3 Статистикалық комитет басшысының оынбасарының сауалнамасы.
- 4 Тілдер дамыту мемлекеттік бағдарламасы 2011-2020.
- 5 Балақаев.Тіл білімінің мәселелері туралы кітап

КӨНЕ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ШЫЛАУЛАР

ӘЛСЕЙІТ Ж.

9 сынып оқушысы, № 204 мектебі

ҚАДЫРОВА А. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Тілдегі сөздерді түрлі семантика - құрылымдық топтарға жіктеу теориясының тіл білімінің тарихын айқындауда өзіндік орны бар. Мұнда сөз таптарын сөздерінің құрылымдық - семантикалық немесе лексика – грамматикалық топтары деп топшылайда да, олар бір – бірінен білдіретін мағыналары мен морфологиялық белгілері, сөзжасамдық және сөзөзгерімдік қасиеттері, сөйлемдегі синтаксистік қызметі жағынан ажыратылады. Тілдегі осындай сөз таптарының бірі – шылаулар. Шылау сөз табы атауыш сөздерден кейін қалыптасқан деген пікірдің бары шындық. Бірақ мұның дәрежелік

деңгейі әлі зерттеуді қажет етеді. Жалпы көне түркі тілдеріндегі шылаулардың мәнін ашып, табиғатын тану, жүйелі анықтамалар мен дәлелді тұжырымдар жасау зерттеушілер тарапынан белгілі бір мөлшерде жүйеленген. Бүгінде көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі жазба ескерткіштер тіліндегі шылаулардың пайда болуы мен қалыптасуы, даму факторлары мен үрдісі, тарихи құрамы мен лексика – грамматикалық мағыналары, сонымен қатар өзге сөз таптарының шылаулануы және синтаксистік қасиеттері лингвистикалық тұрғыдан бағаланбақ. Көне түркі тіліндегі шылаулардың орнын белгілеу қажет. Зерттеу нысаны. Көне түркі тілінде жазылған жазба ескерткіштері «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты» газет материалдары. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Бітіру жұмысының негізгі мақсаты көне түркі тіліндегі шылау сөздердің лексика – грамматикалық сипатын қарастыру. Көрсетілген мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі міндеттерді шешу жөн деп есептедім. Шылаулардың қалыптасу тарихын анықтау.

- Көне түркі тіліндегі шылау сөз табының мағыналық түрлерін ажырату.

- Көне түркі тіліндегі шылауларды қазіргі қазақ тілі шылауларымен салыстыру.

- Көне түркі тіліндегі шылаулардың лексикалық, грамматикалық мағыналарын саралау.

Шылаулану - өзге сөз таптарының шылаулар қатырына ауысуын білдіретін бірден – бір процесс. Шылаулану үрдісі көне дәуірде емес, одан әрірек болған да, категориялық мағынада топтасуы Орхон – Енисей жазбаларынан басталады. Бұл құбылысқа ғылымда жіті зер салынбай транспозициялық тәсілдің конверсия құбылысы анайы түрде айтылып, сөздердің грамматикалық формалары арқылы лексикалануы семантикалық мағынаның өзгеруі сияқты мәселелер толығымен қамтылмай келді. Сонымен қатар көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздердің синтаксисі де тіл білімінде өзін таныта алған жоқ. Осы мәселелер жұмыста шешімін табады.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы. Зерттеу нысанын тілдің теориялық тұжырымдарымен негіздеу үшін де оларды құрылыс материал есебінде қарамай, дайын тілдік құрал ретінде алып қарастыру ғылым теориясы принциптерінің бірі. Жұмыстың нәтижелері мен деректері практикалық тұрғыдан көне түркі тілі, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы, түріктануға кіріспе, жалпы тіл білімі курстарына жәрдемші құрал бола алады.

Жұмыстың құрылымы. Жұмыс кіріспеден, үш негізгі тараудан және қорытындыдан тұрады. Зерттеу жұмысының соңында пайдаланған әдебиеттер тізімі, шартты қысқартулар берілген.

Түркітану саласында осыған дейін руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздер арнайы ғылыми зерттеу ретінде алынып қарастырылмаған. Дегенмен тіл ғылымындағы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап бой көрсете бастаған еңбектерде түркі танушы ғалымдардың азды – көпті пікірлерімен әртүрлі көзқарастары бар. Бірақ олар алғашқы зерттеулердің бірі болғандықтан, тіл даму эволюциясына байланысты кейбір пікір көзқарастары қазіргі түркі тілдес тілдер жүйесіне сәйкес келе бермейді. Себебі негізгі міндеті мен мақсаты белгілі бір сөз табын жан-жақты зерттеп, оған ғылыми тұрғыдан болжамдар мен дәлелдемелер жазып, елеулі еңбектер қалдыру емес. Мұнда тіл білімі саласындағы қайшылықтар мен басы ашылмаған мәселелерді реттеу, қандай да бір халықтың тіл ерекшеліктерін айқындау, тілдік жүйесін бір ізге келтіру сияқты көпшілікке танымал грамматикалық оқулықтар жасау десек артық не кем айтқандық бола қоймас. Мәселен, И.Гиганов «Грамматика татарского языка», М.Казем –Бек «Общая грамматика турецко-татарского языка», «Алтай тілдері грамматикасы», П.Мелиоранский «Краткая грамматика казак-киргизского языка», М.Терентьев «Грамматика турецкого, персидского, киргизского и узбекского языка» деген еңбектерде әрбір жеке сөз табын көбінесе ғылыми жағынан гөрі, жалпы сипаттамалық тұрғыдан қарастырған. Жалпы жоғарыда көрсетілген грамматикалық оқулықтарда көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздер жайлы жекелей тарау болмағанымен, олардың табиғатына қатысты деректер жоқ деуден аулақпыз.

Қазақ тіл білімінің қай саласында болсын өз ізін қалдырған тілші ғалым А. Байтұрсынов сөзімен айтқанда «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйінін түйгенінше айтуға жарау» [1]. Ендеше, тілдің маңызды міндеттерін атқару үшін халықтың өзіндік рухани тәжірибесінен туындайтын жетістіктер мен тарихи атамұра жазба ескерткіштер тілін жан-жақты зерттеу қажет. Олай болса Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тілін қазіргі қазақ тілімен салыстырып қана қоймай, оны әрі қарай дамыту – маңызды міндеттердің бірі. А. Саади қазақ тіліне қатысты ойын : «Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол – қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек» деп бағалайды [2,б.18]. Осындай таза да бай тіліміздің бойындағы

қасиеттері қаншалықты шұрайлы екендігін көрсету үшін тілдің тарихына жүгінеміз. Тілдің әрбір тарихи кезеңіндегі күйін білдіретін жазба материалдар тіл тарихының шежіресі және негізгісі болып саналады. Мәселен қазіргі қазақ тіліндегі бір шама шылау сөздердің архетиптері Орхон –Енисей жазба ескерткіштер тілінде кездеседі. Бұндағы айғақ – қазақтың ана тілі өзімен бірге туып, бірге өсіп, дамып келеді деген сөз. Жалпы зерттеу барысында қазіргі қазақ тіліндегі қолданылып жүрген кейбір шылаулардың тарихи таным өрісі кеңейген сайын бағзы бір күрделі немесе көмескі мәселелердің басы ашылып, толығып, өзіндік тілдік жүйеге еніп, менгеріліп отырылады. Ендігі кезде, әсіресе көне мұралардың тілін зерттегенде «әрі тарт, бері тартқа салмай, өзінің қалпында, мұртын бұзбай, мызғытпай зерттеу керек. Олар қазіргі заман мамандарының өзіндік ой-эксперименттері үшін жазылған емес» деген орынды ескертпеге де үн қосуысыз қажет [3,б.30]. Зерттеу нысанын тілдің теориялық тұжырымдарымен негіздеу үшін де оларды құрылыс материалы есебінде қарамай, дайын тілдік құрал ретінде алып қарастыру ғылым теориясы принциптерінің бірі екендігін ескере кеткен жөн. Өз алдына бөлек категория болып қалыптаса бастаған көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздердің лексика – грамматикалық сипатын қазіргі қазақ тіл білімі даму дәрежесіндегі теориялық негіздермен тарзылаған уақытта, оның принциптік маңызы мен кумулятивтік қасиеті арта түспекші. Бұл ескертпелерді ескере отырып, атамұра жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздердің лексика-грамматикалық сипаттын қарастыру зерттеудің басты принципі болса, қазіргі қазақ тіліндегі шылаудың сөз табылық дәрежесімен салыстырып, қаншалықты ұқсас - ерекшеліктері бар екендігін айқындау – зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты. Бұл тек қана қазақ тіл тарихын танудағы мәселе емес, жекелеген түркі тілдеріне де ортақ нәрсе. Негізінен шылаулар категориялық болмыс ретінде түп қазығы (ауызекі сөйлеу тілін есептемегенде) көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінен бастап қалыптасты десек артық айтқандық болмас. Мұны Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштер тілінде қолданылған шылау сөздер құптай түсері хақ. Осы уақытқа дейін түбірінің мағынасын, жұрнағының және жалғауының қайсысы екенін айыра алмай келсек, енді оларды зерттеп, ғылыми баға беруді уақыттың өзі талап етіп отыр.

Шылаулардың дербес сөз табы болып қалыптасуына байланысты айтылған пікірлерге келетін болсақ, жалпы тіл білімі саласындағы көптеген лингвистикалық түсініктер тәрізді сөз табы туралы ұғым өзінің шығу төркінін көне антикалық дәуірден бастайды.

Сөз табы жөніндегі алғашқы түсінік біздің дәуірге дейінгі 4 ғасыр шамасында есім сөздер мен етістіктерге қатысты қалыптасқан деген пікір бар [4,б.170]. С.Мұхтаров: «Үнділердің ұзақ мерзімдік тіл туралы толғамдарының нәтижесі біздің эрамызға дейінгі 4 ғасырда өмір сүрген Панинидің еңбегінде толық көрініс тапты. Ол еңбегінде санскриттің толық жүйесін бере отырып, алғаш рет сөз таптарын ажыратты. Кейінгі үнді ойшылдары Яска, Вапаруди, Катяанна, Патандыжалилер Панини салған ізбен жүрді. Бұлар тілдегі сөздерді негізінен төрт сөз табына ажыратты: есім (paman), етістік (akhyata), сөз алдына қойылатын көмекші сөздер (предлог - unasarga) және демеулік (частица – pirata)» деп шылаулардың алғаш сөз табы болғандығынан түсінік береді [5,б.6]. Мұны Б. Базылханның алтайлық тектілердің дәуірлік долбарымен топшыласақ, «күрделі сөз дәуірінде» абстракт сөздер қалыптаса бастаған дегенімен тұспа-тұс келеді [6,б.11]. Ал М.Оразовтың қазақ тілінің тарихи даму жолын үш дәуірге бөлгенімен есептесек, соның біріншісі «тарихқа дейінгі дәуірмен» немесе Н.А.Баскақовтың «Алтай дәуірімен» сәйкеседі [7, б. 35]. Шылау сөз табы-даму барысында көптеген ғасырлар бойғы тілдік процестерді басынан кешірген туында тарихи категория . Олай дейтін себебіміз, қазіргі түркі тілдеріндегі кейбір шылау сөздердің құрамындағы аффикстер шығу тегі жағынан алғанда, сөздің түбірінен ажыратып алуға келмейтін дәрежеге жеткен де, түбірге сіңісіп бір тұтас бөлінбейтін бөлшек болып келеді. Осындай түбір мен қосымшаның жымдасуынан, яғни транспозициялық тәсілдің нәтижесінде шылаулар қалыптасқан. Тарихи шығу төркіні жағынан алып қарағанда, шылау сөздердің бәрі дерлік атауыш сөздерден, демек әуелдегі дербес мағыналы есімдерден, етістік формаларынан шыққан. Бұл процесс тілдің белгілі бір даму тарихында кейбір есім,етістік формаларынан бастапқы лексикалық мағыналары бірте-бірте қолданыста солғындап, әр алуан грамматикалық мағыналарға ие болуының нәтижесінде қалыптасады. Жалпы шылаулардың дамуында көне түркі, орта ғасыр, қазіргі түркі тілдеріне тін негізгі ортақтық – етістіктің көсемше формалары мен есімдерге тән формалар арқылы көнеленіп шылаулану процесіне өтуі. Содан барып, біртіндеп тіл дамуында өзінің қолданылу аясына байланысты шылау сөз табының құрамына енген. Бұл сөз табы ретінде түркі тілдерінде басқа сөз таптарынан кенже қалыптасқан. Олардың сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы тілдің ғасырлар бойындағы тарихи даму барысында әр түрлі өзгерістерге ұшырап отырған. Бұдан жалпы сөз таптарының бірден пайда болмай, тілдің тарихи

дамуы барысында біртіндеп жасалатындығын шылаулардың сөз табы ретінде қалыптасуынан – ақ айқын көруге болады. Осылайша дамудың, қалыптасудың барысында сөздердің топтары сараланып, грамматикалық тұрғыдан сөз таптарына бөлінеді. Олардың әрқайсысы өзіндік жалпы категориялық мағынаға ие. Себебі тіл - тілдегі әрбір сөздің белгілі бір мағынасы мен атауы болады. Сөздердің лексика – грамматикалық топтары бір – бірінен жалпы категориялық мағынасы мен белгілері жағынан ажыратылады. Шылау сөздердің лексикалық мағынасынан гөрі, грамматикалық мағынасы басым болатындығы тіл ғылымында айтылған пікір. Олар тек тіл-тілде алуан түрлі грамматикалық мағыналарды білдірудің тәсілі ретінде қолданылады. Бұл - оның басқа сөз таптарынан ерекшелінетін басты қасиет.Екінші бір қасиеті көмекші сөздер қатарына шылау сөздерден басқа көмекші есім, көмекші етістік және бейтарап сөздер жатады.Бірақ солардың ішінен жалпы категориялық мағынаны иеленген лексемелер тек шылау сөздер ғана.Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылауларды туыстас түркі тілдердегі шылаулармен салыстырып қарағанда, оның ішінде тең жартысының астамы қазақ тілімен сәйкес келетіндігі байқалады. Кейбір аздаған фонетикалық ерекшеліктері болмаса, лексика-грамматикалық сипаты жағынан сабақтасады.

Тілдің басқа салалары сияқты синтаксистің құрылысы да заман өткен сайын бірден – бірге өзгеріп, толығып, жетіліп отырады. Бірақ тілдің бұл құрылысы басқа салаларға қарағанда құбылмалы емес. Алғашқы категориялық негізде дамып, кенейіп отырады. Ал тіл фактілері оның ұзық жасайтын тұрақты грамматикалық сала екендігін байқатады.

Тілімізде біраз сөздер сөзге қосымша мағына үстеу үшін жұмсалып, грамматикалық амал ретінде қызмет атқарады.Олардың өздеріне тән лексика – грамматикалық мағыналары бар. Олар тілдің бүкіл даму тарихында кейбір есім, етістік формаларының бастапқы лексикалық мағыналары бірте – бірте әр түрлі дәрежеде солғындап немесе жоғалып, әр алуан грамматикалық мағыналарды иеленіп қалыптасқан. Шылаулардың лексика – грамматикалық мағыналары жеке тұрғанда абстракты болғанымен сөз аралықтарында конкреттеніп отырады. Жалпы шылаулардың грамматикалық мағыналары лексикалық мағыналарына қарағанда әлдеқайда басым. Орхон – Енисей және Талас ескерткіштеріндегі шылаулардың атқаратын қызметтері өзіндік ерекшеліктерімен әр түрлі дәрежеде көрінеді. Олардың біркатары сөз бен сөздің

арасындағы грамматикалық байланыстарды айқындаса, кейбіреулері жеке сөздер мен сөз тіркестерін не болмаса сөйлемді анықтау, толықтау үшін я қосымша реңк беру үшін және тағы басқа мақсаттар үшін қолданылады.

Көне түркі тілінде кездесетін көптеген шылау сөздер қазіргі тілімізде өздерінің грамматикалық тұлғасын өзгерткен. Кейбір шылаулардың грамматикалық мағыналары мен қызметтері өзгермей, тек фонетикалық өзгерістерге ұшыраған. Ал қазақ тіліндегі тұлғалық жағынан өзгерген шылау сөздерінің орнына сол мағынадағы басқа тұлғалар бар. Қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде қазақ тілінде жоқ формалары (коды, үдү, азу) сақталынған. Мәселен, коды сөзінің қызметін қазақ тілінде бойы тұлғалы шылау атқарады. Азу тұлғалы шылаудың орнына әлде формасындағы шылау жүретіндігі сияқты.

Орхон – Енисей жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздердің синтаксистік қатынаста қандай қызмет атқарғандығын сөз тіркесі тұрғысынан алып қарастырамыз. Себебі синтаксистік дәрежелерінің алғашқы сатысы болып есептелінетін бөлшек – сөз тіркесі. Синтаксистік қатынастың көрінісі ең алдымен жеке сөздердің тіркесінен байқалады. Ал жеке сөздер өзара тіркесімділік сипатта болу үшін бір – біріне бағына жұмсалуды қажет. Сөздердің осылайша үйлесімділігі ғана оларды тіркесімділік қабілетке түсіреді. Көне түркі жазба ескерткіштер тіліндегі шылаулардың сөз тіркесінде лексика – грамматикалық мағынасы болады. Бұндағы синтаксистік қатынас дегенді жеке сөздер мен шылау сөздердің өзара байланысы, сөйлемдегі сөздердің аралық қатынасы және жеке- жеке сөйлемдердің үйлесе айтылуы тәріздес мәселелер төңірегінде қарастырылады деп ұғынуымыз қажет. Сөйлемдегі сөздердің байланысы түрліше грамматикалық амал – тәсілдердің негізінде жүзеге асады. Соның нәтижесінде өздері тіркескен сөзіне әр түрлі грамматикалық мағына туғызып сөйлем мүшелік, жалпы сөйлемнің қызметі анықталып, сөйлемнің қызметімен үндесе келеді. Шылау сөздер өзі тіркескен сөзін басқа сөздермен байланыстырып қана қоймай, сонымен бірге оған қосымша грамматикалық мағына реңктер беріп отыратыны мәлім. Бұл жөнінде М.И.Стеблин-Каменский: «Грамматическое значение следует рассматривать в связи с функцией слова в акте речи. Каждая группа значений играет различные функции в мышлении: лексическое значение даст материал для мыслительного процесса, а грамматическое значение формирует его» деп грамматикалық мағынаның қасиетін аша түседі. Көне түркі руникалық жазба тіліндегі шылау сөздерден бұндай

қасиеттерді көруге болады. Мысал: «Темір қапығқа тегі сүледім – Темір қақпаға дейін соғыстым». Бұл жерде сөйлемді синтаксистік және морфологиялық тұрғысынан алып қарағанда қазіргі тіліміздегі нормаларға сәйкес. Соның ішінде тегі септеулік шылау тіркесі арқылы жалпы шылау сөздерінің синтаксистік дәрежесін көрсету үшін немесе зерттеу үлгісі ретінде талдап, түсініктеме беріледі. Сонымен біріншіден, «қапығқа тегі» тіркесі – есім сөз бен етістікті байланыстырушы аналитикалық формант. Екіншіден, барыс септікті зат есім сөзбен тіркесіп келіп, іс-әрекеттің таралатынын, жететін шегін білдіреді. Үшіншіден, тіркескен сөзбен бірге келіп, сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Төртіншіден, меңгеріле байланысады. Ең маңыздысы Темір қақпаға дейін соғысытым деген сөйлемді, Темір қақпаға соғыстым деп тегі шылауынсыз айтатын болсақ сөйлеміміз түсініксіздеу, тиянақсыз болар еді. Мұндағы ерекшелік қақпаға деген сөзді емес, екі компонент аралығындағы абстарктылық мағынаұштастығына байланысты болып отыр.

Қазіргі қазақ тілінде барыс септікті меңгертетін шылау сөз тек дейін тұлғасы ғана емес, тіпті контексте кейде шейін мен дейін шылауының бір-біріне мағыналық реңк жағынан айырмашылығы болады. Сол себептен бұлардың аффикстік байланыстан да, басқа сөз таптарынан да ерекшеленетін қасиеттерінің бірі – синтаксистік қатынастағы лексика-грамматикалық мағыналары. Мысалы: Мен үй келдім деген қосымшасыз тұрған сөйлемді алсақ, объектілігіне байланысты мен үйге келдім, мен үйден келдім, ауыс мағынасында мен үйсіз келдім, мен үймен келдім деген сияқты әр түрлі грамматикалық көрсеткіштер жалғану арқылы сөйлем мағынасын тиянақтауға, үйлестіруге болады. Ал шылауларда олай емес. Олардың қызметін басқа сөз таптары түгіл шылаулардың өзі бірінің орнына бірі жүре бермейді. Мысалы: «Мен үй үшін келдім. Мен үй арқылы келдім» деген сөйлемдердегі үшін, арқылы септеулік шылаулардың орнына басқа шылау сөздер жүрмейді. Шылаулар сөз құрамында емес, тіркес құрамында келіп білдіретін грамматикалық мағыналармен ерекшеленеді. Бұнымен синтаксисінің маңыздылығын танытады. Әрбір шылау лексемасы сөз бен сөз аралығын ғана байланыстырып қоймайды немесе өзі тіркескен сөзіне ғана қатысты болып келмейді. Жалпы сөйлемнің қандай түрі болмасын олардың мағынасына тәуелді болмақ. Сөйлем «темір қақпаға дейін соғыстым» деп дейін шылауымен келген уақытында ғана айналасындағы басқа сөздермен тығыз байланысқа түсіп, белгілі бір мақсаттағы сөйлем құруда өз дәрежесіне қатынаса алады. Мұндай көрініс шылау сөздер

мен дербес сөздердің тұлғалық және мағыналық жақтарынан тығыз байланысқа түсуінің нәтижесінен туындайды. Мағыналық ұғымның дұрыс болуы үшін сөздер, сөйлемдер арасында үйлесе алатын дұрыс грамматикалық байланыстың болуы қажет. Контекстік мағыналық ұғымның дұрыс болуы ең алдымен сөздер арасындағы шылаулардың мағына қиюласуы мен ұштасуына байланысты болып келеді.

Сөйтіп, шылау сөздер жеке сөздер арасын байланыстыруда ерекше қызмет атақарады. Бұндай ерекшелікті шылаулар арқылы әр түрлі синтаксистік қатынасты білдірулерімен түсіндіруге болады. Ал синтаксистік қатынас – сөйлем бойына тән қасиет. Шылау сөздер осындай ерекшеліктердің негізінен туындайтын сөйлемдерде алдыңғы қатарда жүреді. Себебі сөздер мен сөйлемдер арасын байланыстырудағы өрісінің кеңдігі олардың бойына тән өзіндік қасиеттерінен шығып жатады. Шылау сөздердің грамматикалық жүйеде алатын орны, оның өзге де категориялық мағынаға әсері синтаксистік қатынаста ғана жүзеге аспақ. Олар сөз тіркесі құрамында келіп, сөйлем құрауға қатысатындығы және құрмалас сөйлем түрлерінің құрамында болып, әр түрлі дәрежеде қызмет атқаруы аналитикалық формант есебінде саналады. Олардың құрылымдық сипатының өзі көпшілік жағдайда ондағы жетекші сөздің грамматикалық және лексикалық табиғатына негізделеді. Сөздің басқа бір сөзбен тіркесіп, белгілі бір күрделі номинативтік мәнге ие болуы ең алдымен, оның лексика – грамматикалық мүмкіндігінен туындайды. Сөз тіркесін ұзақ дәуірді басынан кешірген семантикалық және тұлғалық жағынан бір – бірімен үйлескен сөздер ғана құрай алады. Сөз тіркестерінің даму барысында тіркес құрау қабілеттілігі артып, тарихи өзгеріп, мағыналық жағынан толығып кеңейеді. Негізінен «сөз тіркестері тұрғысынан алып қарастыруда тілдегі әрбір жаңа құбылыс бұрыннан бар элементтердің негізінде пайда болатындығына көз жеткізіледі. Сол элементтердің жүйелі байланысы мен қатынастарына негізделеді» деген ғалымдардың пікірін басшылыққа алған жөн. Сөйтіп, қазіргі қазақ тіліндегі шылаулардың толық лексикалық мағынасы бар сөздермен тіркесіп келуін Орхон – Енисей жазба ескерткіштер тіліндегісімен байланыстырамыз. Олар сөз тіркесі шеңберінде ғана емес, сөйлем, сөйлем мүшелері бойынша салыстырмалы түрде зерттелінетін болады. Сөз тіркесі аспектісінде қарастырылғанда тіркестің түрлері, формалық байланысы, сөйлем мүшелеріне қатысы анықталынады. Жалпы көне ескерткіштер тіліндегі шылау сөздер қандай формамен тіркесетінін анықтау үшін сөйлем мағынасы мен мәтін мазмұны

шеңберінде алып қарастырамыз. Себебі, жатыс, барыс, шығыс, табыс септіктері бірінің қызметін бірі атқарады. Көне түркі тіліндегі септік парадигмада қазақ тіліндегідей қалыптасқан жүйелік жоқ. Мысалы «қондукта кісре» тіркесі «қонғаннан кейін» түрінде болады. Әрі қарай талдауымызда «қонғаннан кейін» шылаулы тіркес етістіктің есімше формасынан кейін жалғанған шығыс септікті етіс тіркес екендігі көрсетіледі. Содан соң шығыс септікті есімше формалы етістік сөзгк кейін шылауы тіркесіп, белгілі бір фактінің сонынан болатын мекендік немесе мезгілдік ұғымды білдіретіндігі түсіндіріледі. Көне түркі тілі: Ебі он күн өңре үркүп бармыш (МЧ.31) – Үйі он күн бұрын үркіп қашқан. Бұл сөйлемде есім сөзбен тіркесіп, мезгіл мағынасын білдіреді. Шылау қызметінде өңре тұлғасы бір – ақ жерде көрінеді. Көбіне үстеулік мағынада жұмсалған. Қазақ тілінде өңре – нің орнына бұрын септеулігі жүреді. Бұрын сөзінің де сөйлем ішінде орын тәртібіне және мағынасына байланысты бірде үстеу, бірде шылау қызметін атқарғандығы белгілі. Қазақ тілі: Сірә, бір іргелі әңгіме болатын секілді колхозда да бір жұмадан бұрын түсіне бестады. Бұрын кеме қаздай қалқып он жеті күн жүретін жолын, енді сұұсырдай сүнгіп төрт – ақ күнде жүзіп өтетін болды. Соңғы сөйлемде бұрын сөзі өз алдына жеке сұраққа жауап беріп, үстеу қызметінде көрінеді. Алғашқы сөйлемде шығыс септікті сөзбен тіркесіп, негізгі мағынасына қоса бір амалдың алдын – ала болатын мәнін үстейді.

Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздер синтаксистік тұрғыдан кейбір қазіргі түркі тілдермен (қазақ, қарақалпақ, өзбек, түрік, түрікмен) салыстырылып қарастырылды. Соның нәтижесінде Орхон-Енисей және Талас жазбаларындағы шылаулардың сөз тіркесі және сөйлем аралығындағы грамматикалық мағыналары мен байланысу түрлері айқындалды.

Шылау сөз табының пайда болу тарихы мен қалыптасу жолдарын айқындауда, зерттеушілердің ғылыми тұжырымдарына сүйене отырып, көне түркі тіліндегі шылаулардың лексика – грамматикалық сипатын сараладым. Шылау сөздердің пайда болып қалыптасуы басқа сөз таптарындай емес. Олардың шылаулану процесіне түбір мен қосымшасы бірігіп, тұтас бір бөлінбейтін жаңа тұлға болып қалыптасты. Яғни толық лексикалық мағынасы бар сөздерге қосымшалар жалғанып, әуелгі мағыналарынан мүлде айырылып, жартыла лексикалық мағынасы бар лексемалар жасалынған. Жалпы айтқанда бұндай процесс негзінде пайда болатын туынды тұлға кездейсоқ құбылыс емес. Сөз жасауда

болатын тарихи заңдылық. Шылаулану – басқа сөз таптарының шылауларға ауысатындығын білдіретін конверсиялық процесс. Түркі тілдеріндегі шылаулану үрдісі – тіл дамуында ежелден келе жатқан құбылыс. Көне тіліндегі шылау сөздер түгелдей өзге сөз таптарынан туындаған тұлғалар болып саналады. Бұл процесс олардың сөз табы ретінде қалыптасып толығының негізгі көзі болып отыр. Шылау сөздердің мағыналық түрлерін қазіргі жекелеген тілдердегі түрлерімен салыстыру барысында ерекшеліктер мен ұқсастықтары айқындалды. Статистикалық мәлімет бойынша өзара қолданыс дәрежелері де көрсетілді. Сонымен қатар бүгінгі күнге дейін шылау деп танылып келген кейбір тілдік единицалар жайлы толық мағлұмат берілді. Шылау сөздердің этимологиясының анықтау олардың қай сөз табы екендігін, оның құрамындағы қосымшалардың даму сатысы тілдің қандай кезеңіне дейін жеткенге дейін және қай дәуірде қолданыстан ығыстырылғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай талдаулар тек шылаулардың ғана емес, өзге сөз таптары мен оның грамматикалық көрсеткіштерінің пайда болу жолдарын айқындауға септігін тигізеді. Әрбір шылау сөзге жеке – жеке талдау жасап, олардың қандай жолмен және қандай формалардан жасалатындығы көрсетіліп отырды. Мағыналық, функциялық жақтан әбден сұрыпталып, ұзақ та күрделі қалыптасу жолынан өткен сөздер ғана шылаулар қатарынан көріне алады. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінде етістіктің көсемше формалары жекелеген шылау сөздерді жасауда өнімді болған. Мұндай сөз жасаушылық қасиетінің барын қзіргі тіл жүйесінен де байқауға болады. Негізінен көсемше формаларымен лексикаланған шылаулар сөйлем ішінде тіркескен сөзбен бірге амал, мезгіл, мөлшер пысықтауыш қызметінде кеңінен қолданылады. Бір ерекшелігі көсемше формаларын қабылдаған сөздердің барлығы шылаулар қатарына өте бермеген. Олардың көбі етістікке және үстеулерге тән қасиетін сақтап қалған. Түркологияда құрамды қосымша есебінде танылып келген қару/керу, ғару/геру формаларына өзіндік этимологиялық талдау жасалынды. Сонымен қатар ча/че және бірле тұлғаларына да қатысты жаңа негіздер ұсынылды.

Шылаулардың басты қасиеті синтаксистік қатынаста ғана анықталады деген тұжырым басшылыққа алынды. Жалпы олардың қалыптасуына синтаксистік қатынас ықпал еткен. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі кейбір сөздер бірде шылау, бірде үстеу қызметінде көрінеді. Мұны тек синтаксистік тұрғыдан ғана анықтай аламыз. Түркі тілдеріндегі шылаулар – сөз бен сөз, сөз тіркес және

сөйлем аралықтарындағы байланыстырушы қасиеттерімен бірге, тіркес аралығын күрделі оймен ұштастырудағы грамматикалық құбылыс. Негізінен, пысықтауыш пен анықтауыштық қатынаста болуы шылауларды өзге сөз таптарынан даралайтын басты ерекшеліктерінің біріне жатады. Басқа сөз таптарынан ажыратып тұратын тағы бір белгісі – түрленбейтін, өзгеріске түспейтін сөз табы бола тұра, түрленуші сөздердің барлығымен грамматикалық қатынасқа түсуі.

Жалпы көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылаулардың табиғатына қатысты мәселелер бойынша тілдік талдаулар мен мәліметтер берілді. Сөйтіп көне түркі тіліндегі шылау сөздердің ешқайсысы қолданыстан шығып қалмағандығы анықталанып, олардың әрқайсысына жүйелі түрде тарихи – салыстырмалы тұрғыдан зерттеу жүргізіліп, қорытынды жасалынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Ақжол / А. Байтұрсынов. – Алматы: Жалың, 1991. – 493 б.
- 2 Саади А. Тіл, әдебиет, язу әм олардың өсулері / А. Саади. – Қазан: Татгосизд, 1926. – 127 б.
- 3 Жұбанов А. Қ., Куманша - қазақша жиілік сөздік / А. Қ. Жұбанов., А. Қ., Құрышжанов. А. Қ., А. Б. Белботаев. – Алматы: Қаз. ССР ҒА – Тіл білімі институты, 1978. – 277 б.
- 4 Тронский И. М. Учение о частях речи у Аристотеля / И. М. Тронский. – Уч. зап. ЛГУ, 1941. – 174 с.
- 5 Мұхтаров С. С. Қазақ тілі біліміндегі сөз таптастыру териясының қалыптасуы / С. С. Мұхтаров. – Алматы: 1999. – 30 б.

ҚОЗҒАЛЫС БЕЛСЕНДІЛІГІ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

ӘШІРБЕК Ж.
оқушы, № 216 мектебі
САРМАНОВА А.
ән-әуез пәнінің мұғалімі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

*«Дене шынықтырумен шұғылдansaң,
дәрігерге пысырыпта қарамайсың»*

Денсаулықты нығайтудың негізгі жолы-қозғалу. Қозғалыстың адам ағзасына пайдасы зор. Адам қимыл-қозғалыссыз өмір сүріп, еңбек ете алмайды. Ой еңбегімен шұғылдану үшін-қозғалыс қажет. Неғұрлым көбірек қозғалсақ, соғұрлым денсаулығымыз жақсы болады, ауырмаймыз.

«Қозғалыс-өмір қоймасы» демекші, дене жаттығуларымен қалыпты және өз уақытында шұғылданып отырсаң, ешқандай емделуді қажет етпейсің.

Әрбір адам салауатты өмір сүру үшін өз денсаулығына ұқыпты қарауы тиіс. «Ас тұрған жерде дерт тұрмайды» дегенді ескерсек, ең бастысы дұрыс тамақтану екені анық. Күш-қуатты да, энергияны да тамақ арқылы алып отырамыз. «Апұл-ғұпыл ішкен ас, асқазанға түскен тас» демекші, денсаулығымызды нығайту үшін сапалы, құнды тамақтанудың маңызы өте зор.

Егер біз әр тағамның тәуліктік мөлшерін сақтап, тамақтанудың талаптарын дұрыс орындайтын болсақ, онда деніміз сауығып, есте сақтау қабілетіміз артып, көңіл-күйіміз жақсарады. Денсаулығымыз дұрыс болса, жан-жақты білім алып, рухани дүниемізді байытамыз. Мәдениетті, білімді, дені сау адам ең бақытты адам деп ойлаймын.

Гигиена - аурулардың алдын алуға және денсаулық сақтауды қорғайды. Адамдардың айналасын қоршаған сыртқы ортаның факторларын негізге ала отырып, гигиенистер адамзат баласының тіршілігі мен еңбегіне ыңғайлы жағдайлар жасауға адамзат баласының арулардан айықтыруға, өмірді ұзартуға, еңбекке деген қабілетін көтеруге және т.б. биологиялық жағдайларды жақсартуға бағытталған ғылым. Бір сөзбен айтқанда адамзат баласына залал келтіретін факторлардан адамзат баласын қорғау. Жалпы гигиена, еңбек гигиенасы, оқушы жастар гигиенасы, тағам гигиенасы, әйелдер гигиенасы болып бірнеше топқа бөлінеді.

Әр адам баласының денсаулығы өз қолында. Сондықтан барлығымыз да гигиеналық ережелерді сақтайық, Оларды орындау қиында емес, бірақ тигізер пайдасы зор. Олар:

Теріні күту. Күнде таңертен душ қабылдау қажет, аптасына 1 рет ванна немесе монша қабылдау абзал. Ас ішердің алдында, даладан келгенде, дәретханадан кейін үнемі қолымды жуамын. Теріні таза ұстаумен қатар, ылғалдандырып, нәрлендіру қажет.

Шашты күту. Аптасына 2 рет менің шашымы тән жуғыш заттармен шашымды жуам. Күнделікті таңертен, кешке шашымды тараймын, айнаға қараймын. Күнде кешке шашты тарау абзал, өйткені, басымыздағы қан айналым жақсарып, ұйқыға дайындалады.

Тырнақты күту. Аптасына 1 рет тырнағымды алам, әртүрлі түсті тырнақ бояғыштарды пайдаланбаймын.

Ауыз қуысын күту. Күнделікті таңертен және кешке тісті тазалау қажет, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызымды шайамын. Жылына 2 рет барып, тіс дәрігеріне көрінемін.

Мұрын қуысын таза ұстау. Мұрынымды бөлме температурасындағы суға ас тұзын қосып, таңертен және кешке жуамын. Мұрынмен тыныс алуға дағдыланамын.

Киім мен аяқ киімді күту. Киімдерімді, аяқ киімімді ұқыпты ұстаймын. Киімім үнемі таза, үтіктелген.

Осы айтылған гигиеналық талаптар менің денсаулығым үшін қажет. Егер адамдар жеке басының гигиеналық талаптарын сақтамаса, әр түрлі ауруларға ұшырайды. Әр адамның денсаулығы өз қолында.

Тәртібімді қажет болған жағдайларда өзгертулер енгізе аламын. Күн тәртібімді уақытылы, үнемі пайдаланамын, күні бойы не істейтіндігімді, сол іске қанша уақыт мөлшері қажет екендігін біліп жүремін. Сол себепті барлық достарыма күн тәртібін сақтауға кеңес беремін.

Қазіргі заманды компьютерсіз елестету мүлде мүмкін емес. Адам және компьютер бір-бірімен тығыз байланысты. Компьютерлер адам өмірін жеңілдетіп түседі. Компьютер пайда болғаннан бері адамзат өмірі лезде алға басты, адамзат дүниесі үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Бірақ, компьютердің зияны әркімді толғандырған. Компьютердің зияны мен пайдасын айта кетсек, олар:

Пайдалы жақтары	Зиянды жақтары
Жұмыс жасауды жеңілдетеді	Жүйке жүйесіне әсер етеді
Уақытты үнемдейсің	Көру қабілетін нашарлатады
Ақпарат алмасу мүмкіндігі	Электромагниттік сәулелер бөледі
	Омыртқа жотасының кисаюына әкеп соғады
	Қол буындары ауырады

Жоғарыда келтірілген кестеден, компьютердің адам ағзасына зияны басым екенін көріп отырмыз. Бірақ ХХІ ғасыр адамы бұл құрылғысыз өз өмірін елестете алмайды. Сол себепті менің ұсынар 14 кеңесім бар:

1. Өзіңізге қолайлы жұмыс орнын жасаңыз.
2. Егер сіз компьютерде 2 сағаттан артық отыратын болсаңыз, ноутбукке арналған арнайы тығыршықты қолданыңыз.
3. Монитор мен сіздің көздеріңіздің арасындағы қашықтық 50 см-ден кем болмауы керек.
4. Жоғарғы бөлігі сіздің көзіңіздің деңгейінде орналасатындай биіктік бойынша монитор күйін келтіріңіз.
5. Сізге терезе немесе жарық сәулелері кедергі жасамайтындай етіп монитор күйін келтіріңіз.

6. Егер бұл жарықтың дұрыс түсуіне мүмкіндік бермесе, мониторды 10-20 градусқа артқа қисайтыңыз.

7. Биіктігі бойынша пернетақта сіздің шынтақтарыңыздың деңгейінде болуы керек.

8. 10 градусқа пернетақтаны артқа қисайтыңыз. Сонда сіздің қолдарыңыз жинақы болады.

9. Реттелетін кресло немесе орындықты қолданыңыз.

10. Өз көздеріне демалыс беру үшін, түкпірдегі объектілерге көзқарасты мезгіл-мезгіл шоғырландыра беріңіз.

11. Әлсін-әлсін креслодан тұрыңыз және арқаның бұлшық етін асықпай тартыңыз.

12. Монитор тікелей сіздің алдыңызда болуы керек. Бұл бастың тұрақты бұрылыстарына мүмкіндік береді.

13. Сіздің жұмыс орныңыз көңілді, жақсы болса, денеңіз бір қалыпты болып, шаршамайсыз. Сондықтан мониторды , пернетақтаны, креслоны мерзімінде түзетіңіз.

14. Сіз компьютерде өткізетін уақытты азайтуға тырысыңыз.

Менің денсаулыққа деген жолым.

Денің сау, ғұмыр жасың болады ұзақ,

Ауыруға төрт нәрсемен күрсаң тұзақ.

Жылы сөз, жеңіл тамақ, жақсы әуен

Күлкідей бола алмайды бәрі бірақ.

Денсаулық-өмірдің негізі. Денің сау болмаса пайдаң жоқ. Бір жерің ауыра қалса, жаның сол арада тұрғандай мазасызданасың. Барлық жұмысыңды, ойыңды жиып қоясың. Жаннан тәтті не бар?! Сондықтан, әрқайсымыз жанымызды сақтауға, яғни бірінші байлығымыз-денсаулығымызды жоғалтпай, немқұрайлы қарамауымыз қажет. Денсаулық - басты байлық. Денсаулыққа қажетті шарттар:



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің халқына Жолдауында 2030 жылға дейін экономикалық-әлеуметтік биіктерге көтерілу үшін рухани байлықтың, денсаулықтың қажеттігі атап көрсетілгені мәлім. Шынында да, қазақ “Тазалық - саулық негізі, саулық - байлық негізі” деп бекер айтпаса керек. Гүлденген экономиканы дені сау, саналы азаматтар жасайды. Денсаулықтың қадірін, әдетте, адам ауырғанда ғана білетіні өкінішті-ақ. Денсаулықтың мықты болуы адамның өзіне де байланысты. «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеген» әлдеқайда тиімдірек. «Денсаулық — зор байлық» Денсаулық- адам өмірінің негізі, тірегі.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНДЕГІ ҰҚСАС СӨЗДЕРДІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

ЖАМАШОВА С. Р.

8 «В» сынып оқушысы, М. Қашғари атындағы жалпы орта мектебі,

ОҚО, Кентау қ., Қарнак ауылы

САЙФУЛЛАЕВА А. А.

жетекші

Зерттеу жұмысының өзектілігі: қазақ және өзбек тілдерінің шығу тегі және құрылымы жағынан түркі тілдер тобына жататындығын дәлелдеу;

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері: қазақ және өзбек тіліндегі ұқсас сөздердің лексикалық, фонетикалық жағынан ұқсастығын талдау;

– жаңа ғылыми ізденіске жетелеу, фонетикалық құбылыстардың ерекшелік-терін жете түсіну;

– Зерттеу жұмысының жаңашылдығы: қазақ және өзбек тілдерінің туыстығын, бір тектен шыққандығын көру;

– Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» делінген. Сондай-ақ, мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайтынын да атап өткен. Ана тілі мен мемлекеттік тілді салыстырып талдау, мемлекеттік тілді тереңірек меңгеруге жол ашады. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілін білуге тиіс» деп айтқан болатын. Сондықтан біз мемлекеттік тілді үйрену отырып, екі тілдің ұқсастығын дәлелдеуге әрекет жасадық.

Қазақ және өзбек тілдері шығу тегі және құрылымы жағынан түркі тілдері семьясына жатады. Басқа тілдер семьясымен салыстырғанда түркі тілдері грамматикалық құрылысы мен сөздік құрамы жағынан бір-біріне өте жақын. Тілдерінде ортақ белгілер көп кездескендіктен, бірқатар түркі халықтарының өкілдері (қазақ, өзбек, қырғыз, ұйғыр т. б.) бір-бірімен түсінісе алады.

Бұл пікірді дәлелдеу үшін қазақ және өзбек тіліндегі ұқсас сөздердің лексикалық, фонетикалық жағынан ұқсастығына талдау жасаймыз.

Қазақ және өзбек тілдеріне ортақ сөздер

Қазақ және өзбек тілдеріне ортақ сөздерге бір кездегі жалпытүркілік көне лексикадан сақталып қалған, осы күні түркі тілдерінің бәрінде

кездесетін сөздер жатады. Сондықтан олар жалпытүркілік сөздер деп те аталады. Жалпытүркілік сөздерден қазақ және өзбек тілдерінің туыстығын, бір тектен шыққандығын көреміз.

Қазақ және өзбек тілдеріне ортақ сөздерді төмендегідей топтарға бөліп зерттедім.

	Қазақ тілінде	өзбек тілінде
адамның дене мүшелерінің атаулары	кұлак көз қол бел тіс	қулоқ кўз қўл бел тиш
мал атаулары	ат түйе қой қозы жылқы	от туя қўй қўзи йилқи
туыстық атаулар	ана іні аға жиян	она ини оға жиян
жан-жануар атаулары	қоян түлкі бөрі арыстан	қуён тулки бўри арслон
табиғат құбылыс-тарының атаулары	су көл ай күн	сув қўл ой кун
түр-түсті білдіретін атаулар	қызыл жасыл қара	қизил яшил қора
сапа-сынды білдіретін атаулар	қысқа ұзын қалың ескі	қисқа узун қалин эски
сан есімдер	бір екі үш	бир икки уч
есімдіктер	мен сен біз қанша?	мен сен биз қанча?
қимыл атаулары	кел кет бар	кел кет бор

Мен зерттеп отырған тақырыпта дыбыстық жағынан негізгі ерекшелік дыбыс ауысуы болып саналады. Сондай-ақ, кейбір сөздерде дауыстылардың немесе дауыссыздардың түсіп қалуы, кейбір дауыстардың қосылуы, орын ауысуы сияқты ерекшеліктер кездеседі. Дыбыс ауысуының кейбір көріністері жиі кездессе, кейбірлері сирек кездесетін құбылыс саналады. Мұндай құбылыстардың өзіне тән ерекшеліктеріне қарап екі топқа бөліп қарастыруды жөн санадым.

1. Дыбыстарға тән өзге құбылыстар
2. Дауысты дыбыстардың ауысуы

Сөз құрамында немесе сөздердің аралығында көршілес келген дыбыстардың бірі екіншісіне ықпал етіп, өзара үндесуі ассимиляция деп аталады. Көрші дыбыстардың бірі екіншісіне ықпал ету бағытына қарай ассимиляция екі түрге бөлінеді: оның бірі – прогрессивті ассимиляция, екіншісі – регрессивті ассимиляция.

Қатар келген екі дыбыстың алдыңғысының соңғысына әсер етіп, оны өзіне бағындыруы прогрессивті ассимиляция деп аталады. Мысалы, күміс деген сөзге қосымшалардың қатаңнан басталып жалғануы (күміс-тен, күміс-ке) түбір сөздің қатаңға бітіп, қосымшаның бастапқы дыбысын өзіне бағындыруынан. Ұяндардан кейін соның ыңғайына қарай ұяң дыбыстардың келуі де, мысалы: өзбек тілінде тоғ-дан, кўз-да түрінде айтылуы да прогрессивті ассимиляцияның нәтижесі.

Қатар келген екі дыбыстың соңғысының өзінен бұрынғы дыбысқа әсер етіп, оны өзіне бағындыруы регрессивті ассимиляция деп аталады.

Мысалы, қазақ тілінде н дыбысы ерін дыбыстарының (б, п) алдынан келсе (сөнбе, Жанпейіс), ол (н) айтылуда өзінен кейінгі ерін дыбыстарының ықпалымен м дыбысына (айтылуда сөмбе, Жампейіс) айналады. Немесе өзбек тілінде з, қ дыбыстары с дыбысының алдынан келсе, регрессивті ассимиляция ықпалында с, х болып айтылады.

Мысалы: *тузсиз – туссиз, тўқсон – тўхсон.*

Редукция мен элизия

Белгілі бір фонетикалық жағдайда дыбыстардың әлсіреп көмескіленуі, соның нәтижесінде олардың дыбысталуының өзгеруі редукция деп аталады.

Кейбір жағдайда дыбыстардың мүлдем түсіп қалуы элизия деп аталады.

Элизияны редукцияның нәтижесі деп айтуға да болады. Әдетте, редукцияға ұшырайтындар - екпін түспеген буындағы

дауыстылар. Мынадай түбір сөздерге қосымшалар жалғанғанда, түбірдің соңғы буынындағы қысаң дауысты екпіннің ауысып кетуінен редукцияланып, мүлдем түсіп қалады:

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Өзбек тілінде</i>
<i>орын + ы - орны</i>	<i>ўрин + и - ўрни</i>
<i>қарын + ы - қарны</i>	<i>қорин + и - қорни</i>

Енді қазақ және өзбек тіліндегі ұқсас сөздерге тән элизияны көріп шығамыз. Мұнда қазақ тіліндегі сөздерде кездесетін ы, і дауыстылары өзбек тілінде түсіп қалады.

Мысалы: *құлып - қулф, бақыт - бахт, борыш - бурч, жыныс - жинс, зейін - зехн, кәсіп - касб, көрік - кўрк, шұғыла - шўгла, атырап - атроф*

Эпентеза. Екі дыбыстың аралығында қосалқы дыбыстың келіп кіруі эпентеза құбылысы деп аталады.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі ұқсас сөздерден де бұл құбылысқа көптеген мысалдар айтуға болады.

Мысалы: *құман - қумгон, киіз - кигиз, кілт - калит, қуыршақ - құғирчоқ, мәміле - муомала, мәре - марра, ине - игна, мәсі - махси, сиыр - сигир*

Протеза. Бұл эпентезаның бір түрі болып саналады. Эпентеза бойынша дыбыс сөздің ортасына қосылатын болса, протеза бойынша дыбыс сөздің алдынан қосылады. Бұл негізінен «ғ» дыбысымен, сондай-ақ, дауыстылармен басталатын қазақ тіліндегі сөздерге тән.

Мысалы: *ажойиб - ажайып, азиз - газиз, асп - асыр, ошиқ - ашық, олам - галам, олим - галым, ажаб - гажап, ибодат - гибадат және т. б.*

Бұл кейде керісінше болуы да мүмкін. Яғни өзбек тіліндегі сөздерге қосымша қосып айтылады.

Мысалы: *лақ - улоқ, апта - қафта, аула - ҳовли, ақиқат - ҳақиқат,*

ауа - ҳаво, әзіл - ҳазил, әр - ҳар, әріп - ҳарф, әзір - ҳозир, әкім - ҳоким

Апокопа. Тілде кейбір сөздердің соңындағы дыбыстардың түсіп қалу құбылысы кездеседі. Бұл құбылыс апокопа деп аталады. Мұндай құбылысқа мысал болатын ұқсас сөздердің соңындағы дыбыс айтылмайды, жазуда жазылмайды:

Мысалы: *рост - рас, маъно - мән, сариқ - сары, сиёх - сия, дўст - дос, тирик - тірі, кичик - кіші, аччиқ - ащы, оққуш - аққу*

Метатеза. Сөз құрамындағы дыбыстардың орны ауысуы метатеза деп аталады. Қазақ және өзбек тілдерінен бұған көптеген мысалдар айтуға болады.

Мысалы: *қақпақ – қопқоқ, қақпан – қопқон, нысап – инсоф, мейірбан – меҳрибон, айыр – айри, айнала – айлана, өкпе – ұпка* және т. б.

Фонетикалық ерекшеліктер

Қазақ және өзбек тілдері фонетикалық жағынан дауыстылардың келте – созылындылығы, жуан немесе жіңішке болуымен бір-бірінен ажыралып тұрады. Сондай-ақ, дауысты дыбыстар саны жағынан да, сапасы жағынан да түрлі-түрлі болып келеді. Қазақ тілінде дауыстылар - он бес.

Тоғыз жалаң дауысты дыбыс (а, е, ы, і, ә, о, ө, ұ, ү), екі дифтонг (и, у), қалғандары орыс тілінен енген дауыстар (э, ё, ю, я)

Өзбек тілінде дауысты дыбыстар саны - он.

Алты жалаң дауысты (а, о, у, ў, э, и), төртеуі дифтонг (е, ё, ю, я)

Сингармонизм өзбек тілінен басқа түркі тілдерінің бәрінде бар. Сингармонизм заңы бойынша түбір сөздегі дауыстылар қосымшалардағы дауыстыларды билеп, өзінің әуеніне қарай икемдеп бағындырады. Түбір сөздегі дауысты дыбыс жуан болса, қосымшалардағы дауыстылар соған бағынып, жуан түрде жалғанады.

Мысалы: қа-ғаз-дар, дәп-тер-лер

Ал өзбек тілінде дауыстылар үндестігі сақталмайды.

Мысалы: қо-ғоз-лар, даф-тар-лар

Дауысты дыбыстардың ауысуы

А – А: зерттелген материалдар ішінде бұл құбылыс көп кездеседі. Қазақ тіліндегі жуан «а» қолданылған сөздердің көбісіне өзбек тіліндегі «а» сәйкес келеді.

Мысалы: *аза – аза, ажырық – ажриқ, айғыр – айгир, абзал – афзал, азап – азоб, айран – айрон, айту – айтмоқ, айыл – айил, айып – айб* және т.б.

Ә - О Жоғарыда аталған құбылысқа керісінше қазақ тіліндегі жіңішке «ә» орнына өзбек тілінде «о» дауысты дыбысының қолданылуы орындары кездеседі.

Мысалы: *әдеп – одоб, әдет – одат, әділ – одил, әйнек – ойна, әдепті – одобли, әдетте – одатда, әділдік – одиллик, әлем – олам* және т.б.

Ә - А Бұл дауыстылар әр екі тілде де бірдей айтылады.

Мысалы: *әдеби – адаби, әне – ана, әрең – аранг, әсер – асар, әтір – атир, әуелі – аввал, әулет – авлод, әулие – авлие, бәлкі – балки, бәлі – балли*

А – О. Қазақ тіліндегі жуан «а» дауысты дыбыс өзбек тіліндегі «о» дауысты дыбысқа сәйкес келеді. Әр екі тілдегі ұқсас сөздерді

осы ерекшелік бойынша талдаймыз. Нәтижеде бір мағынаны білдеретін ұқсас сөздер көп екенін біліп аламыз.

Мысалы: *ага – ога, ағым – оқим, адым – одим, аз – оз, азар – озор, азаттық – озодлик, азық – озик, ақ – оқ, ақсақ – оқсоқ, алау – олов*

Е – А. Бұл құбылысқа мысал ретіндегі мынадай сөздерді айтуға болады:

Мысалы: *білек – билек, дәулет – давлат, дәптер – дафтар, әңгіме – хангома, бөлек – бұлак, егер – агар, шек – шак, шекер – шакар*

Кейде мұндай ұқсас сөздерде бірдей дауысты (е – е) қолданылады.

Мысалы: *мейман – меҳмон, мес – меш, мен – мен, кексе – кекса, кек – кек, бел – бел, белбеу – белбоғ, белгі – белги, бек – бек, бес – беи*

Өзгерістің бұл түрі тек бірінші буынға ғана тән. Өйткені өзбек тілінде сингармонизм заңы сақталмағандығынан кейінгі буындарда «а», «о» дауыстыларымен ауысып алады.

Мысалы: *бекет – бекат, бетеге – бетага, келесі-келаси, келіншек-келинчак, кеме – кема, керек – керак, мерген – мерган, кеше – кеча*

Е – Э. Қазақ тіліндегі «е» дыбысы орнына өзбек тілінде «э» айтылатын орындар да кездеседі. Мұндай өзгеріс «е» дыбысымен басталатын сөздерге тән.

Мысалы: *егілу – эгилмоқ, егелу – эгалмоқ, елу – эллик, егу – экмоқ, егін – экин, езілуші – эзилувчи, ежу – эламоқ, елші – элчи, емен – эман*

Е-мен басталатын қазақ тіліндегі сөздерде бұл дыбыс «и» дыбысымен ауысады.

Мысалы: *екі – икки, екеу – икков, емтихан – имтихон, емле – имло*

Кейде е - о дыбысымен ауысады.

Мысалы: *кенші – кончи, әдеп – одоб, кесе – коса, кетпен – кетмон*

Демек, түркі тілдес халықтар деп есептелінетін қазақ және өзбек тілдерінің лексикалық және фонетикалық жағынан ұқсастықтары көп. Біз бұл ұқсастықтардың бір бөлігін ғана зерттеп көрдік. Қазіргі таңда түркітанушы ғалымдар ортақ түркі тілді жарату туралы көп айтуда. Мен де болашақта бұл тақырыпты кеңінен зерттеп, тілдеріміздің дамуына өз үлесімді қосуға ынта білдіремін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 К. Аханов. «Тіл білімінің негіздері», Алматы, «Санат», 1993
- 2 Ә. Болғанбайұлы, Ғ. Қалиұлы. «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы», Алматы, «Санат», 1997
- 3 Д. Сайфуллаев, «Қазақша-өзбекше сөздік», Алматы, «Сөздік-словарь», 2001
- 4 Ш. Рахматуллаев «Қозирги замон ўзбек тили», Ташкент, «Ўқитувчи», 1975
- 5 «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі», Алматы, «Дайк-Пресс», 2001

М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕҢГІРБАЙ БИ БЕЙНЕСІ

ЖЕТЫБАЕВА М.
10 сынып оқушысы, № 37 гимназиясы
ОРИНФОЖИНА Л. С.
жетекші, Семей қ.

Өз заманындағы исі Тобықтының көсемі-иесі, кейінгі ұрпақтарының сыйынатын аруағы, киесі болған Би ата (Кеңгірбай би Жандосұлы) 1735 жылы ел Сырдың бойынан ауып келе жатқанда, Ұлытаудағы Алашхан, Жошыхан бейіті тұрған Кеңгір өзені бойында туғандықтан атын Кеңгірбай деп қояды. Шәкәрім Құдайбердіұлының шежіресінде Кеңгірбай бидің ата-тегі былай таратылған: Арғын-Қотан-Тобықты-Рыспетек-Мұсабай-Сүйірбас-Сары-Кішік. Сол Кішіктен Олжай, одан Айдос, Қайдос, Жігітек(Жандос) аталады. Жігітектің бәйбішесінен Кеңгірбай туған. Бидің анасы Торғын атына заты, ажарына ақылы сай адам болған. Ал, Кеңгірбайдың ата-бабалары өз тұсында елін, жерін ішкі-тысқы басқыншы жаудан қорғап келген батыр, бай, сұлтан болған. Кеңгірбай да сол аталарының жолымен Тобықты руына би, сұлтан, батыр болған. Әкесі батыр Жандос жау қолында қалған ағасы Қайдостың балалары Бөкенші, Борсақты жау қолынан құтқарған ерлігіне, батырлығына, тапқырлығына риза болған елі, халқы жігіт-ау екен деуімен Жігітек аталып кеткен. Осы Бөкенші, Борсақты жау қолынан құтқару үшін аттанған Жандостың ерлігі жазушы Оралхан Бөкейдің «Үркер ауып барады» кітабында «Айпара ана» повестінде суреттелген.

Кеңгірбай бидің бәйбішесінен Төлеу, Ералы туады. Қабекен ұлды болды дегенді естіп, Жасы тоқсанды алқымдап қалған Мамай батыр атқа қонды. Баланы алғызып, маңдайынан иіскеп отырып:

-Кеңгіржан әлгінде келе жатып жол-жөнекей ырым етіп мына бала еліне ес, еріне әл болар. Атын Ерәлі қойдым! – депті. Кейін ауызекі айтылғанда ол Ералы болып естіліп, солай айтылып кетеді.

Кеңгірбай заманында халқына, руына үлкен еңбек сіңірген адам. Заманымыздың заңғар жазушыларының бірі-Сәбит Мұқанов «Абай Құнанбаев» атты монографиясында: «Кеңгірбайға шейін Арғын руларының ішінде еңселі ел болмаған. Оған шейін Тобықтыны көршілес отырған Уақ та, Керей де, Матай да теңдікте ұстамаған. Кеңгірбай тізгінге ие болып, би атанғаннан кейін көршілес рулармен тенеуі былай тұрсын үстемдігін күшейтті», - деп айтуынан, сонымен бірге Абайдың: «Кеңгірбай басшы болмаса, біздің ел бытырап, әркімге сіңісті телім болып кетер еді», - деп, Байкөкше ақынға «Кеңгірбай би» деген дастан шығартуы тегін емес. Халық жазушысы Әнуар Әлімжанов «Жазушы» романында Малайсары батырдың Кеңкені Шыңғыстауға қарай шығарып салып тұрып: «Ұзынқұлақтан естуімше бүгінде ол жерге аруақты жас би Кеңгірбай бастаған Тобықтылар келіп орын тепкен көрінеді. Жолдарында кім кездессе де, ол саған Жоңғарға (қалмаққа) қарсы қол жиып жатқан батырға барар жолды көрсетеді» - деуінде де Кеңгірбайдың күллі қазаққа сыйлы, әрі беделді тұлға болғандығын аңғартса керек. Кеңгірбай бидің кім екендігі, ел үшін еткен еңбегі мен халқына қадірі қандай болғандығы, заманында әділ, алғыр, өте кеменгер би саналғандығы М. Дулатовтың «Абылай хан» поэмасында, кеменгер ғалым А. Байтұрсынұвтың «Ақ жолында» Кеңгірбай бидің қазасына айтқан Зере анамыздың жоқтауы толық берілген және тағы басқа көптеген тарихи басылымдарда көрініс береді. Шәкәрім Құдайбердіұлы Би атаны «Қабекен-Кеңгірбай биге қойылған ат. Қабан сықылды бұрылмайтын мықты деген сөзден шыққан» - деуінде де шындық жатыр.

Би ата «ғұмырды жалған» демей, «ақиқат» деп түсінген. Және ол елдің қорғаны, қалың жұрттың көшбасшысы, адасқан шақта жол табатын кеменгер, әулие адам болған.

Талай боздақтардың обалына қалған сол 1930 жылдардың зобаланы Ахметбек ақсақалды да шарпып өтті. Сол жылдың басында «байдың баласы» деген желеумен ұсталған ол Аягөз түрмесіне түседі. Бір күні таңғы сағат 4-тер шамасында түрме бастығы милиция жіберіп, Аханды кабинетіне алдырады. «Беймезгіл уақытта неге шақыртты екен» деп қобалжығанымен сыр білдірмей, кабинетке кіреді. Сонда түрме бастығы:

-Менің түсіме бір шал кіріп, Мұртазин Ахметбекті шығар деп аян берді, - дейді.

Ахметбек жұлып алғандай:

-Би атам ғой ол Біз Кеңгірбай бидің атын атамай, Би ата дейміз, сол кісі ғой,-дейді. Аса қобалжулы түрме бастығы үндемей басын изейді.

Сонымен, Ахметбек Аягөз түрмесінен босап, содан Алтай өлкесі жаққа жан сауғалап, өзінің көзі ашық, сауаттылығы, еті тірілігінің арқасында аман қалады.

Еңліктің төркін жұрты апшыны қуыра бастайды. Не істерін білмеген Көбей, биге тағы келеді. Сонда Кеңгірбай:

Әнет бабаң емес пе менің атам,

Бірақ ондай қабыл ма менің батам?

Көшсем көлік, отырсам қонысым жоқ

Қайтейін, көмегім жоқ тыныш жатам-дейді.

Жеңілсең «барар жер, басар тауың жоқ» бүгін елді, бүгін елді тағы да ақтабан шұбырындыға ұшыратасың, немесе басқа амалым жоқ, көп үшін бір ерінді құрбан етесің деген байлауы екен. Оның үстіне Еңлік пен Кебек сол кездегі ата дәстүрін, шарифат заңын бұзып отыр ғой. Кебектің қалыңдығы болса, Еңліктің атастырған күйеуі бар дегендей. Бұрмаланған тарих кезінде мұның бәрін біз қате түсініп келдік емес пе? Ел ауызындағы тиіп-қашты аңыздардың ұзын-сарынды әңгімелер де әр қилы болды. Бәз біреулер «Еңлік-Кебекті ат күйрегіне тағып өлтіртті» -деп Әнет бабаның жолын ұстаған Кеңгірбай биді «қанішер жеңдетіне» дейін тенең, «қасқырдай өз күшігін өзі жеген» деп сол заманның әлеуметтік, құқықтық шындығының байыбына бармастан тарихи тұлғалардың бетіне орынсыз күл шашып, табалады, жалалады.

М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында:

-Уа, Кеңгірбай! Кеңгірбай! Әруағыңа не боп еді сәнің? Осы ма еді кешегі, азған қызға айтқан сәнің жолың? Кеңгірбай, шақырдым әруағыңды! – деп, сырт айналып жүре берді. Кеңгірбайдың Еңлік пен Кебекті осындай жесір дауы үстінде өлімге бұйырғанын айтып еді ол шал

...-Кеңгірбайдың халық қойған аты «Қабан» болатын! Жем үшін осындайда қарындастың қанын ішкендіктен «Қабан» атанған. Ұқтың ба? Мен Кеңгірбайдың ұлы емеспін. Адамның ұлымын! – деді.

Абайдың осы сөзінен соң, қақ басқа таяқпен бір салғандай болған Жиренше мен Оразбай үн қатпай сілейіп тұрысып қалды. Абай кете барды.

Екеуі онаша қалып, бір-біріне ажырайысып қарасқанда, түстерінде үлкен ыза бар еді. Жиренше жалғыз-ақ сөз айтты:

-Асқан екен мынау! Көрермін!

Оразбайдың да ойындағы сөзі осы екен.

- Кеше Құнанбай бір асып-тасып төгіліп еді. Бұ да тіленген екен! Тәуекел Жиренше, Тарт бері! – деп, екеуі бірге кетті,- деп жазылған.

Ел ішіндегі шежіре қарттардың айтуы бойынша: 1942 жылы Мұқаннның «Ұлы ақын» туралы романының бірінші кітабы «Абай» деген атпен шыққан, амандасуға Балтақайдың үйіне келдік, әңгіме Биге келгенде Мұқаннның өңі бұзылып, орнынан тұрып кетті: «Жазатын күн туып, заман болса, би дара ғой, амалсыздан, шарасыздықтан, лажсыздан бардым. Тыңнан тесіп түрен салған, жанкешті, жан пида да жол тапқан қажымас, қайтпас, қайсар пері, наркескен, кесіп айтып, тесіп шыққан, кекті жерде текті болған, даулы жерде дауылпаз болған, аруағынан айналдым, қайран Баба! – деп,

-Сендер білесіңдер ме?! Таңертең оразамды ашпай, дастарханымның басында отырып, Биге үш рет құран оқып, үш рет кешірім сұрап, сыйынып жазу үстеліме содан соң келіп отырамын, – деп көзі жасқа толып, толқып ағынан жарылғандай болған еді деп айтады Тілеке ақсақал

Би Ата өмірден өтерінде бұл пәни жалғанға не арман, тілегіңіз бар деп сұраған жақын туғандарға: «Дүние тірлікте орындалмаған екі арманым бар. Бірі – бозбала шағымның нұр сәулесіндей болған інкөр, асылым Қарашаш сұлуға кедейліктен қолымның жетпеуі болса, екіншісі -- кезінде батырымды (Кебекті айтады) сақтап қала алмауым», - деген екен. Осы сөзінен – ақ оның Еңлік – Кебекті өлімге шарасыздықтан қиғанын аңғаруға болады.

Бүкіл тобықтың көсемі, иесі, кейінгілердің табынатын киесі, сыйынатын аруағы, осы елдің бірлігі мен тірлігі үшін бір басын отқа да, суға да салған шешен би болған Ұлы бабаның аруағы барлығымызды қорғап, қолдап жүрсін демекпін!

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ӨМІРІ

ИСМАЙЛОВА Ж.
9 сынып оқушысы, № 49 ЖББМ
УЛЬТАМБАЕВА С. С.
ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ

Тақырыптың өзектілігі. Ғалымдар пікіріне сүйене отырып, ғалымның уақыт сынына төтеп берген асыл мұрасының өміршендігін өзіндік ой-пікірмен жан-жақты ашып көрсету.

Ғылыми жұмысының мақсаты:

Шоқан Уәлихановтың әдебиет зерттеуіндегі ғылыми еңбектерінің маңызын, әдебиеттегі алатын орнын анықтау

Мақсатқа жету барысында шешілетін міндеттер:

- Ш.Уәлихановтың өмірі мен қоғамдық қызметіне шолу жасау
- Ш.Уәлихановтың әдебиет зерттеудегі еңбектеріне талдау

жасау

- Ғалымның “Манас” жыры жайындағы айтқан пікірлерінің құндылығына тоқталу

- Шоқан мұраларының маңызын айқындау

Зерттеу әдістері:

Ғылыми еңбектерді, мерзімді баспасөз мақалаларын пайдалана отырып, өзіндік ой-пікірлер нәтижелерін қорытындылау

Ғылыми жұмыстың құрылысы:

Жұмыс кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Шоқан Уәлиханов қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы-демократ, отандық ғылым мен әдебиет тарихында үлкен орын алады. Оның қысқа да жарқын өмірі мен ғылыми қызметі қазақ халқының көпғасырғы дамуының, рухани ізденістерінің тамаша қорытындысы, биік жалғасы болды, қоғамдық ой-сана, пікір-тұжырымының биіктей өркендеуіне ықпал етті.

Шоқан (шын аты – Мұхаммедханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылдың қараша айында, Көкшетау уәзіне қарасты Құсмұрын бекінісінде дүниеге келіп, балалық шағын Сырымбетте өткізді. Күрмеуге келмейтін қысқа, бірақ барынша мағыналы өмірін ғылым жолына бағыштаған Шоқан 1865 жылдың көктемінде қазіргі Талдықорған өңіріне қарасты Алтын Емел жотасының баурайында қайтыс болған.

Шоқан-Абылайдың немересі. Абылайдың бірнеше әйелі болған. Қалмақтан алған әйелінен Қасым, одан Кеңсары, Наурызбай қарақалпақ қызы Сайманнан Уәли, одан Шоқаннан әкесі Шыңғыс туған.

Шоқаннаң өзі әкесі Шыңғыс орысша білім алған, полковник, екі рет Петербургке патша алдына барған. Осындай отбасында өскен Шоқан да жасынан білім жолын қуады. Алғашқы білімді Құсмұрында алады.

1847 жылы Омбыдағы кадет корпусына түсіп, оны 1853 жылы бітіріп шығады. Одан соң Омбы Генерал-губернаторына қызмет істейді. 1857-1858 жылдары Қашқарияға саяхат жасап, Қытайдың алты шаһарының тарихын жазады.

Айта кететін жайт, Шоқанның ерте өсіп, сана-сезіміне, рухани өсіп, жетілуіне бірден-бір әсер еткен әжесі-Айғаным. Тумысынан сезімтал, дарынды балаға әжесі халық даналығының сарқылмас бұлағы

болған Халықтың озық дәстүрлері мен салтын бойына сіңірген әжесінің жарқын бейнесі Шоқан өмірінің аясына дейін ұмытпай есте сақтайды.

Шоқан Уәлиханов қазақтың халық поэзиясына ерте жастан құмартып, оның классикалық үлгілерін жазып алып, өзінің ата-атасына дауыстап оқып жүреді. “Қозы Көрпеш-Баян Сұлу” және “Ер Көкше” атты халық дастандарын ол тіпті бала кезінде жазып алып, кейін өзінің ұстазы – Н.Ф.Костылецкийге берген.

Шоқанның ғылымға ден қоюына, әкесінің алдыңғы қатарлы орыс интелгенциясының өкілдерімен тығыз байланыста болуы да үлкен әсер етті. Академик Л.И.Шренк, Сібір қазақтарының облыстық басқармасында қызмет істеген декабристер С.М.Семенов, В.И.Штейнгель, және Қазан университетінің студенттері С.Сотников, Н.Ф. Костылецкий, т.б. көптеген жоғары білімді адамдар Шыңғыстың ауылында талай рет болған. [1, 146.].

Шыңғыс Қазақстанда зерттеу жұмыстарын жүргізген орыс ғалымдары үшін түрлі мәліметтер жинап, дайындау ісіне кейде өзінің баласын да қатыстырып отырған.

Шоқан кадет корпусында оқып жүрген жылдары оған Белинский ізіндегі әдебиетші Н.Ф.Костылецкий, И.В.Ждан-Пушкин, тарихшы Гонсевский, К.К.Гутковский, С.Я.Капустин сияқты оқымыстылардың зор ықпалы болды.

Корпустың осындай маңдай алды оқытушылары жас Шоқанды білімге, ғылымға талпындырып, оның демократиялық көзқарастарының қалыптасуына көмектескен, озбырлықпен әділетсіздікке қарсы өшпенділік рухын көтеріп кітапқа, ғылыми әдебиет пен көркем әдебиетке құштарлығын күшейте түскен.

Жас Шоқан буржуазиялық қоғам шыншылдықпен бейнеленген философиялық трактаттар мен әлеуметтік романдарды терең зерттеп оқиды. Шоқан негізінен орыстың ұлы ойшылдары Белинскийдің, Герценнің, кейінірек Чернышевский мен Добролюбовтың шығармаларынан өзінің философиялық танымдарын қалыптастырды.

Уәлиханов Карлейльдің әлеуметтік-философиялық трактаттарымен қызыға танысып шықты. Өз мақалалары мен жазбаларында кейде соларға сүйенеді.

Пушкин мен Лермонтовтың поэзиясы Шоқанға зор әсер етті. Ол бұлардың көптеген өлеңдерін жатқа білді. Шоқан Батыс Европа жазушыларынан Руссоның, Диккенстің, Теккейдің, кейінірек материалист-философтардың еңбектерін зор зейін қойып оқиды.

Жазғы демалыс кезінде Шоқан сахардағы өзінің ауылы-Сырымбетке баратын. Бұл сапарлары оған үлкен ләззат алуымен

қатар, өзінің туған еңбеккер халқының өмірін жақыннан көріп, оның өлең-жырларын аңыз-ертегілерін жете зерттеп, халық тұрмысының көрністерін суретке салып, бейнелеуіне мүмкіндік беретін. [3, 49 б.].

Өзінің туған елі мен Шығыс елдерін зерттеу, тіпті кадет корпусында оқып жүрген кезінде-ақ Шоқанның ойында болады. Ол “зерттелмеген Азияда” үлкен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді арман етеді. “Корпустың оқытушылары Шоқанды болашақ зерттеуші, тіпті ғалым болуы да ықтимал, деп жүрген кезде Шоқан не бәрі он төрт-он бес жаста еді “,-дейді Г.Н.Потанин (1;10)

Шоқан корпустан жан-жақты терең білім алып, өзінің замандастарынан өресі анағұрлым биік болып шығады.

Шоқан Кадет корпусын 1853 жылы он сегіз жасында бітіріп, офицерлік атақ алып шығады.

Шоқан Уәлихановтың қоғамдық және әдеби қызметі оқуды бітіріп шығысымен –ақ бірден басталады.

Ш.Уәлиханов ғылымның түрлі саласында еңбек еткен. Алайда оның шығармалары негізінен екі салаға жіктеледі:

1. Қазақтың өткендегі әдет-ғұрып, салты, ауыз әдебиеті , тарихы, Қытайдың алты шаһары жайындағы ғылыми-географиялық мәні бар еңбектері. Соңғы еңбегі арқылы Шоқан орыстың Географилық қоғамына жиырма жасында мүше болған.

2. Шоқанның демократиялық көзқарастарын көрсететін саяси-әлеуметтік мәні бар еңбектері.

Шоқанның басты арманы Қырғыз бен Орта Азия халықтарының этнографиясын, мәдениетін зерттеп, туған еліне шығармашылық қызмет ету болғандықтан, бұл арманы да жүзеге аса бастады. Яғни бұл тарихи оқиғамен тікелей байланысты. Бұл сол кезде Қазақстанды Ұлы жүз қазақтарымен Ыстықкөл қырғыздарының Ресейге өз еркімен қосылуына байланысты болған тарихи жағдайдың бірегейлігіне байланысты еді. Іле сырты өлкесіндегі Тянь- Шань тауында, сол секілді Шу алқабында атқарылуға тиісті үлкен де күрделі жұмыс тұрды. Мұнда Қоқан хандығының ықпалы әлі күшті еді, бұны Жетісу феодалы Таучобектің сөздірінен аңғаруға болды.

1854- 1857 ж.ж. Шоқан Ұлы жүз қазақтарының және қырғыздан бұғы Сарыбағыш және солту руларының Ресейге бейбіт жолымен қосылуы туралы мәселені шешуге жігерлі түрде қатысады. Сонымен бірге ол қазақтар мен қырғыздардың географиясын, тарихын, әдет-ғұрпын, халық поэзиясын күш салып зерттей бастайды.

1856 жылы Шоқанның ғылыми зерттеу еңбектерінің дамып, өркендей беруіне кең өріс ашылады. Ол Хоментовский деген білімді

офицердің басшылығымен ұйымдастырылған үлкен әскери – ғылыми экспедицияға қатысады. Экспедицияның мақсаты қырғыз халқымен танысу және Ыстықкөл алабын картаға түсіру еді.

1857 жылы Шоқан Алатау қырғыздарына тағы да сапар шегеді. Осы сапары шынында Уәлихановтың Қашғар экспедициясы алдындағы сын қадамы болып табылады.

Бұл сапарында Шоқан қырғыз халқының өмірімен, тұрмысымен бұрынғыдан да жақсы танысып, оның тарихы мен этнографиясын, халықтық поэзиясын терең зерттейді. Қажымас қажырлы еңбегінің нәтижесінде ол қырғыз халқы туралы өте бай тарихи этнографиялық очерктер, статистикалық мәліметтер, тарихи хабарлар, үйсіндер мен Алатау қырғыздарының халық әдебиетінің ескерткіштері туралы жазған. [2, 50 б.].

Бұл сапарында жас Шоқанның әсіресе, қырғыз халқының “Манас” атты атақты поэмасына алғашқы рет көңіл бөліп, бірінші рет оны ғылыми жолмен жазып алуының және ішінара орыс тіліне аударуының ерекше үлкен маңызы болды. Бұл поэмаға ол тұңғыш рет әдеби және тарихи талдау жасап, оның аңыздық кейіпкері-Манас образына және басқа кейіпкерлерге талдау жасайды. [4, 85б.].

Ш.Уәлихановтың 1856-1857 жылдардағы алғашқы саяхаттарының ғылыми нәтижелері оның “Ыстықкөлге бару сапары” , “Қытай империясының Батыс провинциясы және Құлжа қаласы”, “Қырғыздар жайындағы жазбалар ” деген тамаша очерктерінде жазылған.

Ш.Уәлихановтың ғылыми және ағартушылық істері XIX ғасырдың елуінше жылдарының аяқ шені мен алпысыншы жылдарының бас кезінде әсіресе өрлей түседі.

1858-1859 жылдары Шоқан өзін ержүрек саяхатшы даңқына бөлеген атақты Қашқар саяхатына барып қайтады.

Еуропаға беймәлім болып келген бұл елдердің географиясы, тарихы мәдениеті және саяси жағдайымен терең танысып, Ш.Уәлиханов Шығыс Түркістанды ғылыми жолмен зерттеудің бастамасын жасады. Көптен бері орнығып, қалыптасқан тәртіп бойынша Қашқарияның қақпасы ол кезде Еуропа ғалымдары үшін жабық еді. Белгілі географ Адольф Шлагинтвейт Қашқарияға Шоқаннан бір жыл бұрын барады, бірақ Уәлихан төре деген Қожа оны өлім жазасына бұйырып басын алады. Ғалымның қайғылы қазаға ұшырағаны жөніндегі ең алғашқы анық хабарды Шоқан алып келеді. Оның аянышты тағдыры бүкіл ғалымдар қауымын күйзелтеді. [5, 20 б.].

Ш. Уәлихановтың ғылыми еңбектерінің көпшілігі қазақ халқының тарихына, әдебиетіне арналған. Қазақ әдебиетіне арналған көптеген еңбектері де ғалымның зерттеушілік деңгейінің биіктігін, асқан білімдарлығын нағыз қалыптасқан, тоғысқан филолог болғанының айғағы.

Ғалымның қазақ әдебиеті мен тілі туралы зерттеулері оның әлеуметтік, қоғамдық ой-пікір деңгейіне, демократиялық көзқарастарының орнықтылығына, өткен мұраға сын көзімен қарағандығына, озық идеялығына байланысты еді. Ш.Ш. Уәлихановтың бай, мол әдеби мұрасын қоғамдық ғылымдардың басқа да салаларына қосқан үлестеріне байланыстыра зерттеу де көп қажеттің бірі.

Ш. Уәлихановтың еңбектері қазақ халқының қоғамдық ойында жаңа бағыттың өріс алуына ықпал етті. Оның еңбектері ең алдымен туған қазақ халқының ғасырлар бойы даму тарихын тану, халық өзін-өзі тану, рух сергектігін саралау, сонымен бірге осы халықты басқа халықтарға таныту, солар мен қатарласа дамуына мол негіздері барын ашу болып саналады. Ғалымның қазақ әдебиеті туралы еңбектері де осы биік гуманистік мақсаттарды пана етуімен ардақты.

Шоқан мұралары шығыстың көгінде әрдайым жарқырап тұрар қордалы байлығымыз. Одан түркі халықтары тегіс сусындап, мәдениетін, ой-өрісін, кісілігін шындайды. Келер ұрпақ Шоқан еңбектерін жастанып оқитын болады. Өйткені уақыт сынына төтеп берген мұра, бой бермеген тұлға ең асыл мұра, ең дара тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сүйіншәлиев Х. 19 ғасыр басындағы қазақ әдебиеті – Алматы; Жазушы 1994, 230 б.
- 2 Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар жинағы – Алматы; Ғалым, 1985, 600 б.
- 3 Бердібаев Р. Кәусар бұлақ Алматы; Жазушы 1989, 210 б.
- 4 Марғұлан Ә. Шоқан Уәлиханов өмірі мен қызметі- Алматы; Ғалым 1980, 150 б.
- 5 Қазақ әдебиетінің тарихы – Алматы; Ғалым 1961, 300 б.

ҚАЗАҚТЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ, ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МӘНІ

КАИРБАЕВ С. Р.

10 сынып оқушысы, Мүткенов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі
ЖАКУЛЕНОВА Ж. Қ.
жетекшісі, Мүткенов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі,
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Мүткенов ауылы

«Тілімізде жаман сөз жоқ, кінә - сөзді орнына қолдана білмейтіндердің өздерінде, әр сөзге сөйлемдегі өзінің таңдаулы, талғаулы орындардың дұрыс тауып бере білсе, жай сөздің өзі де поэтик тілдің ролін атқарады»

Қажым Жұмалиев

Қазақ мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым Ш. Уәлихановтан бастап бүгінге дейін зерттеушілер мақалдың дүниетанымдық сипатына көңіл бөлмегендіктен осы тақырыпты таңдап алып отырмын.

Ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан және өркендей беретін халық педагогика- сының қасиетін қадірлеп, ұлттық тәрбиеге жан-жақты жағдай жасап, көңіл бөле бастағанымыз – болашақтың сәулетіне нұрын шашқан күн шуағы іспетті. Адамды адам еткен еңбек пен тәрбие болса, сол еңбекті ұрпағына үйретіп, адамдыққа баулыған халқымыздың танымдық, тәрбиелік дәстүрлері, салт-санасы, әдептік хадистері мен тұжырымдары – мәңгі нәр алатын рухани асыл қазынамыз.

Дүниетанымдық элементтерді өз бойына мол дарытқаны да, дүниені көркемдік әдіспен бейнелеуде күрделі жанрлық ерекшелігі мен дараланатыны да және философиялық мазмұнының тереңдігі жағынан шағын жанрлардың ішіндегі шоктығы биігі – мақалдар мен мәтелдер.

Олар қолдану әдісі мен аясына қарай мазмұн мен мәні жағынан сан-санаққа құбылып отыратын көне де күрделі жанр. Мақал мен мәтелдердің дүниетанымдық табиғатының күрделілігі оның көнелілігі мен қолдану аясының кеңдігінде ғана емес, мыңдаған ұрпақтардың ми қазанында құрыптай шыныққан ой өрісінің биіктігіне, тәжірибе елегінен сұрыпталып өткен сұлу мүсіні мен ой маржанының тазалығында жатыр. Мақал-мәтел жас ұрпақты тәрбиелеу құралы болумен қатар қоршаған ортаға деген

дүниетанымдық түсінігін қалыптастыратын басты құрал болып саналады. Сондықтан да оның құны жойылмайды, мәңгі жалғасын таба береді. Халық ауыз әдебиетінің асыл маржандарының бірі – мақал-мәтел құрылымдық тұрғыда көп өзгеріске ұшырамайды, өзінің этимологиялық қасиетін сақтайды.

Мақалдардың негізгі ерекшеліктерін ескерген жөн:

Мақалдар объективтік дүниені көркемдік тұрғыдан жалпылай қорытады.

Мақалдардың негізгі атқаратын қызметі сөйлеу тәжірибесінде қолдану ерекшелігі арқылы ашылып отырады.

Мақалдардың тура және ауыспалы, ишарат, бейнелі мағыналарының қатынасын қатаң еске алып, олардың біріншісінен екіншісіне ауысу үрдісін белгілі мәселеге халықтық көзқарасты өзгеру құбылысымен байланысты қарау керек.

Мақалдар дүниені көркемдік тұрғыдан бейнелегенде өзіне тән логикалық заңдылықтарға сүйенеді.

Мысалы, «Ақыл – тозбайтын тон, білім – таусылмайтын кен», «Өнерлі жігіт өрде озар, өнерсіз жігіт жер соғар» деген екі мақалдың дүниетанымдық идеясы айтпаса да белгілі сияқты болғанымен, тыңдаушыны логикалық тұрғыда ойландырады.

Мақал мен мәтел ұрпақтар ойының қиыннан қиыстырылған жүйесі мен қоғамдық-тарихи тәжірибеде қорытылған жиынтығы, даналық ойдың шежіресі мен халықтың рухани өмірінің практикалық энциклопедиясы. Олар - әлеумет өмірінің алуан саласын көркем образ түрінде бейнелеп, адамның сонау сәбилік дәуірінен сыр тартып, ұрпақтар үнінің жаңғырығынан елес беретін елгезек жанр. Осындай қасиеттің арқасында ұрпақтан-ұрпаққа таралып, еңбекші бұқараның құдіретті еңбек ұраны мен ежелгі ережесіне айналған келісті көркем сөз кестесін халыққа әрқашанда қасиетті мұра ретінде қатты қастерлеп отырған.

Сиқырлы сөз құдіретін, табиғатын терең меңгерген поэтикалық дарында дала данышпандарының шығармашылық фантазиясынан туындаған бұл шығармалар еңбекші халық болмысының аса бір биік шыңы. Түптеп келгенде, мақалдар мен философиялық ойлау әдістерінің арасында тарихи туыстық бар.

Адамның жеке тұлға ретіндегі мінез-құлқының қалыптасуы, оның өзін-өзі басқаруы мен тұрмыста тәлтіректемей табанын тік басып, мығым тұра білуі іс-қимыл шеберлігінің дамуына байланысты. Адамның осы сапалық қалыптасуындағы шешуші фактор – еңбек болып табылады.

Адамға, әсіресе, қоғамдық еңбектің әсері мол. Себебі, еңбектің әдептік, инабат-парасаттылық, тәрбиелік ықпалы зор. Еңбек арқылы отбасының, мектептің, бүлдіршіндер мен жастардың қоғамдық белсенділіктерін дамытып, әдеп-инабат дағдыларын қалыптастыруға тигізетін әсерлері нығайтылады.

Даналығы түпсіз терең, тарихи тәжірибесі ұшан-теңіз халық : «Асық ойнаған азар,

Дойбы ойнаған тозар», - деп шамадан тыс сауықшылық, ырду-дырдуға құмарлық адамды бұзатынын, ал оны дене және рухани бүлінуден аман алып қалатын бірден бір құдіретті күш-еңбек екенін баяғыда-ақ білген, соны келешек қауым кейінгі ұрпаққа өсиет етіп:

«Еңбек етсең емерсің»,

«Бейнет түбі – зейнет»,

«Еңбек түбі – береке»,

«Еңбегіне қарай – құрмет»,

Жасына қарай – ізет» сияқты еңбектің қасиетін бейнелеген мақалдар туғызған.

Қазақтың мақал-мәтелдері дүниетанудың философиялық түйіндері болып табылады. Мақал-мәтел баланың тіл байлығын дамытып қана қоймай, логикалық тұрғыда өсіп жетілуіне жөн сілтейді. Қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасауға, табиғаттың қыр-сырын түсінуге тигізер әсері мол. Мұхтар Әуезов: «Мақал мен мәтел ауыз әдебиетінің ең тәтті қаймағы, халық даналығының ең құнды қазынасы» деп қорытындылаған. Мақал көпшілікке үлгі-өнеге ретінде жиі пайдаланылады. Мақал көлемі шағын, образды, сөздерінің орны тұрақты, өзгертуге болмайтын, әр мақал аяқталған ойды білдіретін, жасалған түйін сөз үлкенге де, кішіге де үлгі. Мақал – қысқа ұйқасты, тұжырымды нақыл сөздер тіркесі. Онда өнеге берерлік бейнелі ырғақты сөздер жиі кездеседі. Мысалы, «Көз қорқақ, қол батыр». Мақал – сөз мәйегі болғандықтан келешек ұрпақты бедерлі сөйлеуге, мақал қолданып оның мәнін түсіне білуге шақырамын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Алматы, 2008

2 Б.Қыдырбекұлы «Түгел сөздің түбі бір» Алматы, 1993.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ИМАНДЫЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫ

ҚАНАТ А.

оқушы, № 1 мамандандырылған дарынды балаларға арналған
лицей-мектебі, Екібастұз қ.

Имандылық – күллі адамзат баласын жақсылыққа, ізгілікке, татулыққа, т.б. жақсы қасиеттерге баулитын негізгі қасиет. Сөз өнері, оның ішінде поэзия адамзат баласын тәрбиелеуде маңызды қызмет атқаратыны баршамызға белгілі. Поэзияның ішіндегі имандылық тақырыбын ту етіп ұстап жырлаған өлеңдер жас өскін мен қарияға да үлгі, өнеге болары анық. Сондықтан, осы тақырыптың маңызды мәні мен мағынасын ашып көрсету және оқырманның имандылық сауатына аз да болса үлес қосу, қазақ поэзиясындағы имандылық тақырыбындағы шығармаларды жинап, талдап, аражігін ажыратып, өзіндік ерекшеліктерін анықтау, әдебиеттегі дәстүр жалғастығын зерделуді жөн деп таптық.

Қазақта имандылық адамгершілік, ізгілік қасиеттерді білдіреді. Имандылықтың мұндай мағынаны білдіруі қазақтың мұсылман болуынан туындаған. Имандылық сөзі иманнан шыққан. Иман – жүректегі нұр, имандылық – соның сыртқы пішіні. Сондықтан қазақта имандылық – ауқымы аса кең ой-толғамға ие, ерекше мәнді ұғым. Атам қазақ иманын өз болмысының тірегі мен ар-ожданнан асыл тас ақиқаты деп ұққан. Сол себепті, атам қазақ жүректен иман шыққаннан кеудеден жан шығуды артық санаған. Оған атам қазақтың мына сөзі куә: «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы». Бұл жерде атам қазақтың «арым», деп, отырғаны – иман. «Ұят кімде болса, иман сонда» деуі де содан қалған. Ар-ұятын сатқан жанды «иманын сатты», арсыз жанды «имансыз» деген сөзбен түйреген.

Біз имандылық мәселесін жыраулар мен шешендер және ақындар поэзиясынан қарастыра келіп, қазақта қара сөзге дес бермеген ұлы тұлға Абай поэзиясы, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім шығармалары, қалдырған мұраларынан зерделедік.

Абай:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жолы деп әділетті.
Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп тахкиқ біл.

Ойландағы үшеуін, таратып бақ,
Басты байла жолына, малын түгіл.
Дін де осы, шын ойласаң, тағатта осы,
Екі дүние бұл тасдих- хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуесқой- онан шошы [1, 178 б.].

Жоғары да айтылған мәселелерде ақын, дін не иман не барлық нәрсенің көрінісін осы өлең шумақтары арқылы жеткізе алған. Ақын осы үш нәрсені бұзатын, жаман қасиеттерді де өте орынды бере білген. Имандылық қасиеттерге жататын жайлардың бәрі, әдептілік, көрегендік туралы былай дейді:

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.
Біріңді бірің ғизат құрмет етіс,

Тұрғандай бейне қорқып жаның шошып [1, 10 б.],- дейді ол бізге. Бізді ынтымаққа, татулыққа шақырады. Ел болғымыз келсе данышпанның өсиетін өзімізге серт қылайық. Оның кәусәр жырына шомылып, тазарайық. Абаймен толығып кемелденейік, Абайша сабырмен іс қылайық.

Дүниеге дос ақіретке бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей боп орынға алмас.

Дүниеге ынтық, махшарға амалсыздың
Иманы түгел деуге аузым бармас [1, 36 б.].

Абайдың әр сөзінің аржағында қорғасындай ойлар, көңіл толқыны, жан жарасы, өмірдің қатыгез шындығы жатады.

Абайдай дананың иман жайлы айтқан мәселелері таусыла қоймас, ол төмендегі айтып өткен жайларда иман түгілі адамзаттың кім екендігі, қайда баратын барлығын терең әрі құнарлы да бай, екі-ақ ауыз сөз бен жеткізе білген. Оның әрбір сөзінің сом алтындай жарқырап тұруының өзі, кез келген мәселені нақтылап, бір ауыз сөзбен жеткізуінде. Ол мына өмірдің жалған екенін және адам мәңгілік тұрмайтынын, дүниенің қызығы Алланның хикметін сүю екенін, одан басқа қызықтың жоқ екенін төмендегі өлең жолдарында керемет суреттеген.

Абай ұғымы біз үшін кең ұғым, ақын адам баласының бұл өмірден өткен соң, екінші өмірдің бар екенін, адмзатқа түсіндіріп о дүниеге сауаппен бару керектігін түсіндіреді. Адам тек қана өзінің жаратушысына қайта оралады, ол өлмейді тек қана тәннен рухтың айырлуын айтып, өз жырында өте жоғары дәреже де дәлелдейді:

Өлсе өлер табиғат адам өлмес,
Ол бірақ қайта айналып ойнап күлмес.

Менімен менікінің айырылғанын,

Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес [1, 14 б.], - деп жырлап сауатсыздық пікірден алшақтатқысы келеді. Ақыннан қай мәселе жайы болсын артпаған.

Абай өзінің әлеумет өміріндегі ролін жақсы түсінді. Ол өзін өз кезінің ақыны ғана емес, ұстазы деп білді. Сондықтан ол өмірдің барлық саласынан, жұртының бүгінгісіне де, келешектегісіне де сабақ беруді адамдық борышым деп ұқты. Ақынның онысы дұрыс та, орынды да еді. Өйткені XIX ғасыр қазақ тарихы Абайдан артық ойшыл, онан оқымысты, онан асқан ақындық талантты білмейді. Сөйтіп, өз заманының ұстазы, өмірді «оқушыларына» үйретуші, танытушы ақын Абай ақыл, нақыл сөзге көп көңіл бөлді.

Әсемпаз болма әрнеге

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де – бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар, қалан! [1, 174 б.] , - деп ақын адамгершілік туралы ойларын қайрат, ақыл, әділет, шапқат сияқты адам бойындағы асыл қасиеттер негізінде ашады. Бұл төртеуі бір-бірінен шет қалса, онда адамгершілік негізі кемелденбей, өмірі бағдарсыз, баянсыз өтетіні айтылады. Сондай-ақ ақын адамгершілік, кемелдікке жетуге ниет еткен кісінің қандай жаман қылықтардан бойын аулақ салуы парыз екендігі көрсетіледі.

Ақылмен ойлап білген сөз,

Бойыңа жұқпас, сырғанар.

Ақыл, тілден шыққан сөз,

Шымылдық боп көрсетпес

Шынның жүзін (Тәңірдің Дидары),

Ынталы жүрек сезген сөз,

Бар тамырды Қуалар.

Жүрек-теніз, қызықтың бәрі-асыл тас.

Өмір адамға бір рет беріледі. Өйткені, адамға Тәңірдің сынағы бір-ақ рет беріледі. Бұл – тағдыр. Сондықтан өмірдің мәнді өтуіне көңіл бөліп, ер болып өту керек. Абайдың ұғымындағы ер және ердің ісі – ақылдың айтқанына көну, өзінді өзің жеңу, яғни бойды жеңбек. Есті адам – әділетті, ақылды. Қара қылды қырыққа бөлген, әр нәрсенің орнын, құнын, бағасын біледі. Оның таразысы – ақылы, қазысы – жүрегі, ары – өзінде. Бойды жеңу – таза жүрек болу, нәпсі зынданынан құтылу. Бұлар – Абайдағы мәнді өмірдің ерекшеліктері. Оның ойынша адамның адамдығына өлгеннен кейінгі өмірден емес, өлгенге дейінгі өмір сынындағы істеген ісіне қарап баға береді.

Сондықтан адамзат тірлікті дәулет біліп, ақылмен, адал еңбек пен мал табуы, күнелтуі тиіс.

Қазақтың әйгілі ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларына келетін болсақ, оның шығармаларында имандылық мәселелері аса дәріптеліп жырланғанына көз жеткіземіз. Мәшһүр Жүсіп бар асыл ойын заманаға, келер ұрпаққа арнады. Оның шығармашылық қызметінің негізгі мақсаты – адам тәрбиесі, адам өмірі, оның дүниемен, қоршаған ортамен тұтастығы, имандылық мәселелері. Мәшһүр Жүсіптің артына қалдырған мұраларын сараптар болсақ, бейберекет өмірден, белгілі бір тәртіпке бағынатын өмірге көшу керек. Адам өмірін дұрыстау үшін бұрынғы жаман әдет, мінез-құлық, іс-әрекет, ой-өрістен құтылып, дұрыс жолға түскісі келеді. Ол өмірдің реттегіш тәртіптерін қабылдап, оны мүлтіксіз орындауға тырысады. Бұл оның санасын адамдық деңгейге көтереді, ал өзі адам сатысына өтуге мүмкіндік алады. Өмірді реттегіш тәртіптердің негізі имандылықта жатыр деп біледі.

Ұлттың рухани бірлігін танытатын имандылық мәселелерінің ақын шығармаларындағы түзілісі моральдық құндылықтардың тілдегі көрінісі іспетті. Ақын имансыздың сегіз түрлі қасиетін санамалап көрсетеді:

«Имансыз сол ұжмақты көрмес!»-дейді,

«Бір Құдай имансызды сүймес!»-дейді.

Бір Алла қаламында аян қылды:

«Адамдар сегіз түрлі кірмес!»-дейді.

Әуелі бір Құдайға серік қосқан,

Екінші – ұрлық қылып жолды тосқан.

Үшінші – кісі өлтірген нақақ жерде,

Төртінші – зинашы дүр, дінге дұшпан.

Бесінші – ел ішінде өсек айтқан,

Алтыншы – күншілдік қып діннен қайтқан.

Жетінші – залымдар дүр, рақымы жоқ,

Ғайбат айтып, әрқашан күнәсы артқан!

Сегізінші - әрдайым арақ ішкен,

Әрқашан жаманшылық күні кешкен.

Осылар дүр жұмаққа кіре алмайтын,

Тәубе қылмай, дүниеден, босқа көшкен [2, 156 б.].

Өмірдегі зардаптардың ең ауыры – адамдар жүрегіндегі иманның солғындауы, яғни оларды қылмыс жасаудан, қулық-сұмдықтан, ұрлықтан, зинақорлықтан, көре алмаушылықтан сақтандыратын жаратылыстан болған ішкі тежегіштердің әлсіреуі болып отыр. Имансыздық жеке адамды ғана аздырып қоймайды, мұндай дерт

қоғамды кеулеп, мемлекеттің де іргесін шайқалтуы мүмкін, сөйтіп, жер бетіндегі тұтас аймаққа шарпуын тигізуі ғажап емес.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы имандылық ислам құндылықтарымен бірге қарастырылады. Ақын адам бойындағы рухани тазалықты имандылық өлшемімен бағалаған. Ол осы шығармасында адамгершіліктің этикалық-әдеп нормаларын ұсынады. Мәшһүр Жүсіптің өсиет-толғауының қорытындысы адамгершілік, имандылық тәрбие екенін таныта отырып, адамды қор қылатын ең залалды жаманшылықтарды санап өтеді. Олары: Аллаға серік қосу, ұрлық, кісі өлтіру, зинақорлық, өсек, күншілдік, ғайбат сөз айту, арақ ішу. Осылайша ақын діни үгіт жасай отырып, өз ұғымындағы моральдық философияның тәрбиелік талаптарын ашып көрсетеді.

Имандылық – иманды іске асыру, яғни болмыстың бір себебі барына, ол барлығына ортақ заңдылықтарға бағынатынына сеніп, өмірді соған лайықтау. Бұл бүкіл болмыс өмірінің үйлесімділік тәртібі болғандықтан, имандылықты қабылдауды материалдық жетілу сатысының басы, салауатты өмірдің басталуы деуге болады. Мәшһүр Жүсіптің айтпағы осы.

Шәкәрім өлеңдеріндегі адамгершілік-имандылық ойдың ерекшелігі – халқының арасында, қоғамда болып жатқан кемшіліктермен байланысты екендігінде. Себебі, адамдардың білімге ұмтылуы, адал еңбектенуі, адалдықты жақтау жетіспейді, нәпсіні тыймау, көре алмаушылық, ақылды мен дарындысын аяғынан шалу, халқын өркендетпейтініне ашынады.

Ақын:

Біз семірттік денені азықпенен,
Байлап бердік жанды оған қазықпенен.
Ұйқы, тамақ күйлеген сорлы дене,
Құтылар ма осындай жазықпенен, - дей келе,
Ашу жеңсе адамда ақыл қалмас,
Ой ойланып, орынды іс қыла алмас.
Болмай соған бойынды тоқтатып ал,

Бза менен мастықтың түбі жалғас [3, 108 б.] - деп, ашуға мінген адамды көзге елестетеді. Бұл бәрімізге де белгілі жағдай. Себебі, ашуға мінген адам өзін тоқтата алмағандықтан неше түрлі келеңсіз жайттардың болуына себепші болып қалуы мүмкін. Ал ақын мұндай жағдайлардың алды алынбаса, одан да күрделі жамандықтардың келіп шығуын ескертеді.

Шәкәрімнің шығармалары адам баласының өміріне тән басты маңызды жағдайларға арналғаны белгілі. Бұл мәселені ақын келесі өлең жолдарында толықтыра түседі.

Тумақ өлмек тағдырдың шын қазасы,
Ортасы өмір жоқтық қой екі басы.
Сағымдай екі жоқтың арасында,
Тіршілік деп аталар біраз жасы.
Өмірдің өкінбейтін бір айласы,
Ол айла қиянатсыз ой тазасы.
Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,
Таза жүрек, тату дос – сол шарасы [3, 154 б.].

Осылайша Шәкәрім өз кезеңінің өміріне әсер еткізетін сөздер тауып сол кезде қажет, маңызды ойларды өз замандастарының санасына кұйып отырған. Діни білімді меңгерген, Абайдың ақындығынан сусындаған Шәкәрім нақты мысалдармен ойын дәлелдеп өмірде пенденің басына түспейтін сынақтардың мәнін өз оқырманымен бірге іздейді. «Ашу мен ынсап», «Шаруа мен ысырап», «Анық пен танық», «Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние» - атты өлеңдерінде ақын адам баласына қатысты мәңгі сұрақтарға жауап береді

Мысалы: «Анық пен танық» өлеңінде:

Арам оймен ар сатып үзіп жұлмақ
«Міне, пайда қылдым» - деп мақтан қылмақ
Бірөу білген айланы бірөу біліп,
Өзі құрған дарына о да асылмақ...
«Құдай кешер алда» - деп күнә қылмақ
Ар кетіріп ант ішіп жан сатылмақ
Не жалғанда, немесе ақыретте

Оң алмастай өкпеден бір атылмақ [3, 59] - дейді ақын жүрегін мазалаған жәйттерді қағазға түсіреді.

Бір қараған да жалт етіп көзге «Арам», «Мақтану», «Алдау» деген адам баласының жағымсыз қасиеттерін бейнелейтін ұғымдар көрінеді де оқушыны қызықтырады. Ары қарай өлеңді ынтамен оқысақ қана ақынның айтайын деген ойын түсінуіміз мүмкін. Арам оймен, арам ниетпен пайда көремін - деп, өзінің бойындағы ар-ұятын сатып, соның есебіне мақтанып жүрген жандар ақыры барып қорлыққа ұшырайтынын ақын дөп басып айтқан.

Шәкәрім ақынның имандылық, адамгершілік деген адамға тән қасиеттерге қатысты ойлары халқын ағартушылық жолға бастайтын көзқарастарымен кезектесіп келіп отыратын сияқты. Сондықтан ол адамгершілік - имандылық туралы ойларының қайсысын болса да өсиет, үлгі ретінде ұсынады. Жамандықтан қашып, жақсылыққа ұмтылуды уағыздайды. Абайша сыналған өтірік, өсек, мақтаншақ және сабырсыз адамдар Шәкәрімде де жеріне жеткізе сыналады:

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан

Анық төмен болмай ма хайуанаттан.

Ынсап, рақым, ар-ұят табылмаса

Өлген артық дүниені былғағаннан. [3, 38 б.] -деген

Шәкәрім еріншектік, ашу, құмарлық – жамандықтың басы, адамдықтың тамырын жоятын арам шөптер - дейді. Шәкәрім адамның сыртқы сұлулығынан гөрі адамгершілік жағынан сұлу болуы басты қасиет деп санайды.

Имандылық қасиеттің сырына тереңірек үңілетін болсақ, қазақ халқы имандылықтың үш негізін өздеріне тірек еткен. Ол біріншіден, дін – Ислам діні. Екінші тірегі – салт– дәстүр. Қазақ тұрмысында «тал бесіктен жер бесікке» дейін қайталанып жататын далалық өркениеттің жарқын көрінісі. Салтынан, әдет – ғұрпынан қол үзбеген жұрттың кезінде талай өзге елдің өкілдерін, ғалым – зерттеушілерді тамсандырғанын білеміз. Имандылықтың үшінші тірегі – ана тілі. Ананың бал әлдиімен бойға дарып, жүрекке сіңген ана тілдің құдіреті байтақ даламызға береке дарытты, ұлттың ұлан – ғайыр жерде бытырап жоғалмай, бір шаңырақ астына бірігуіне күшті құрал болды.

Қорытындылай келе, осындай басты – басты үш қасиетті берік ұстаған ата-бабалар біздерге, кейінгі ұрпақтарына «адастырмас айқын жолды» көрсетіп кетті. Ата-бабамыз қалдырған осы мұраны сақтау, оны келер ұрпаққа табыстау міндетіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абай. Өлең - сөздің патшасы. Халықаралық Абай клубы. Жидебай, 2006. – 650 б.

2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: ЭКО, 2007. – 485 б.

3 Құдайбердиев Ш. Таңдамалы шығармалар жинағы. - Жидебай, 2008.

«ДАЛА УАЛАЯТЫ ГАЗЕТІНДЕГІ» ӘДЕБИЕТ МӘСЕЛЕСІ

КАСЫМОВА А. К.

11 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған

Абай атындағы №10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

ЖҰМАДИЛОВА Ш. Т.

жетекші

«Дала уалаяты» газеті — 1888 жылдың 1-қаңтарынан 1902 жылдың 12-сәуіріне дейін Омбы қаласында қазақ, орыс тілдерінде «Акмолинские областные ведомости» газетіне қосымша ретінде шығып тұрған ресми газет. Оның жарыққа шығуы 1882 жылы құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары кірген Дала генерал-губернаторлығының құрылуымен байланысты болды. Газеттің басты мақсаты жергілікті халықты үкімет жарлықтарымен таныстырып отыру болған. Қазақшасының редакторлары — Ешмұхамед Абылайханов пен Дінмұхамед Сұлтанғазин. «Дала уалаяты» газеттері басында көлемі 1/2 баспа табақ болып 4-бетке басылып тұрған. 1888 жылғы 8-санынан бастап газет көлемі екі есе көбейтіліп, тұтас бір баспа табаққа жетіп, 8-бет болып шыға бастаған. 4-беттік сандарында газет беті екі бөлікке бөлініп басылған. Сол жақтағы 1-бөлігінде араб әріптерімен жазылған қазақша мақалалар, оң жақтағы 2-бөлігінде орыс тіліндегі материалдар басылған. Ал 8-беттік нөмірлерінде алғашқы төрт беті түгел қазақша, қалған төрт беті орысша басылған. «Дала уалаяты» газеттері аптасына бір рет, алдымен жұма сайын, кейіннен жексенбі сайын шығып тұрған. Таралымының аздығына қарамастан, газет Қазақстанның қазіргі территориясына түгел дерлік тараған. Газеттің барлық тиражы бізге мәлім емес, бірақ бір мәліметте газетке «міндетті жазылушылар» дегеннің саны 1332 адам екені көрсетіледі. Газет редакциясы кейде жоғарыдағы бекітілген программдан шығып кетіп, қараңғы халықтың көзін ашуға көмектесетін материалдарды да басып отырған. Газеттің жабылуына да осы жағдай бірде-бір себепші болған сияқты. «Дала уалаяты» газетінің түпнұсқадан түсірген фото-көшірмелері Қазақстанның Орталық ғылым кітапханасының сирек кітаптар бөлімінде сақтаулы. Сол фотокөшірмелер негізінде Үшкілтай Субханбердинаның құрастыруымен «Дала уалаяты» газетінің материалдар жинағы 4-кітап болып басылып шықты. 1989 - 1992 жылы шыққан алғашқы үш кітапта кезінде газет бетінде жарияланған әдеби нұсқалар жинағы: ертегілер, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, әдеби аудармалар, өсиет сөздер,

көркем шығармалар, т.б. хронологиялық ретімен басылса, 1994-жылы шыққан төртінші кітапқа газет бетінде әр жылдары басылған адам, қоғам, табиғат туралы мақалалар жиналып басылған. Дерек көзі ретінде маңыздысы осы 4-кітап. Сонымен қатар Үшкілтай Субханбердина 1996 жылы «Дала уалаяты» газетінің 5-кітабын, мазмұндалған библиографиялық көрсеткішін жарыққа шығарды [2].

«Дала уалаяты» газетіндегі 1894 жылғы бірінші санында мынадай құлақтандыру басылды: «Газеттің ресми емес бөлімінде:

I. Ресей империясындағы және оған қарайтын халықтардың арасындағы оқиғалар, әртүрлі жерлердегі шаруашылық бастамалары, сауда-өнеркәсіп орталықтары мен жәрмеңкелердегі жағдайлар, қазақ даласынан шығарылатын өнімдердің қалай сатылатыны туралы мағлұматтар;

II. Өлкенің тарихы, этнографиясы бұратана халықтың тайпалық және тілдік құрамы, көшпенділердің қоғамдық-рулық тіршілігі, салт-дәстүрлер, аңыздар, ертегілер сияқты мақалалар;

III. Ауыл шаруашылығы және мал шаруашылығына арналған мақалалар;

IV. Халық мейрамдарының сипаты, халық арасында белгілі адамдардың өліміне арналған минахиттер мен билер сотының, болыс сияздарының үкімдері, табиғи құбылыстары мен апаттар туралы материалдар жарық көреді».

Газет негізінде жергілікті отаршылдық-әкімшілік орындардың ресми органы болғанымен, халықты отаршылыққа, өнер-білімге, мәдениетке шақырып тәрбиелеуде едәуір роль атқарды, қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына зор ықпал жасады. Оның бетінде қазақ тілінде бұрын болмаған қоғамдық-публицистикалық, ресми іс-қағаздарын жүргізу жөніндегі мақалалар жарияланды, ғылыми стильдің негізі қаланды, аударма тәжірибесінің алғашқы қадамы жасалынды, араб графикасына негізделген қазақ жазбасында тұңғыш рет тыныс белгілері қолданылды. Ұлттық баспасөзіміздің қарлығаштарының бірі – «Дала уалаяты газетінің» дүниеге келуі қазақ халқының өткен ғасырдағы мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. «Дала уалаяты» газетінде басылған шығармаларда қазақ халқының әр кезеңдеріндегі өмірі, тұрмыс-тіршілігі, күрделі жағдайлар мен оқиғалар толық, тұтас қамтылмағанымен, тарихымызда болған ұлы өзгерістер, халық өмірінің жеке-жеке суреттері алғаш рет осы газет бетінде жарияланып, ұлттық әдебиетпен мәдениеттің негізін қалауға көмектесті.

Қазақ халқының көне заманнан бергі қалыптасқан тіл байлығы, шежіре сөз саптауы осы газет арқылы қағаз бетіне түсіп, белгілі

стильдік мәнге ие болды. Газет қазақтың бай тілін пайдалана отырып, қажет болған жағдайда басқа тілдермен сөз алудан қашпау керектігін, қазақ тілінде жоқ жаңа ұғым, атауларды кіргізу үшін әсіресе орыс сөздерін қолдануды ұсынды. Орыс тілінен кірген сөздерді қалай жазу керектігін газеттің бас аудармашысы Д. Сұлтанғазин «Қазақ тілінде жазу туралы» деген мақаласында: «Қазақ тілінде кірген сөздердің қазаққа қанша ұғымдылығына қарау керек. Егер қазаққа ұғымды болса орыстардың өз сөйлегендеріне ұқсатып жазуға тырысу керек.

Зерттеу мәселесі кеңес дәуірінің отызыншы жылдарынан басталып, кезең кезеңімен 1961-жылға дейін ара-тұра қаралды. 1961-жылы тілі мен әдебиет мәселесі зерттелді.

«Дала уалаяты» газетін алғы сөзінде жалпы шолу жасап зерттеген ф.ғ.к. Ү. Субханбердина.

«Дала уалаяты» газетінде әр уақытта Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, Б. Әбілқасымов т.б. жерлес ғалымдарымыз Қ. Жүсіп, Н. Жүсіп, С. Сүтжанов, А. Тұрышев т.б. өздерінің ғылыми еңбектерінде қолданған. Түбегейлі тілін және әдебиет мәселесіне қатысты алғаш зерттеген ф.ғ.д., профессор Б. Әбілқасымов.

Қазақ халқының көне заманнан бергі қалыптасқан тіл байлығы, шежіре сөз саптауы осы газет арқылы қағаз бетіне түсіп, белгілі стильдік мәнге ие болды. Газет қазақтың бай тілін пайдалана отырып, қажет болған жағдайда басқа тілдермен сөз алудан қашпау керектігін, қазақ тілінде жоқ жаңа ұғым, атауларды кіргізу үшін әсіресе орыс сөздерін қолдануды ұсынды. Орыс тілінен кірген сөздерді қалай жазу керектігін газеттің бас аудармашысы Д. Сұлтанғазин «Қазақ тілінде жазу туралы» деген мақаласында: «Қазақ тілінде кірген сөздердің қазаққа қанша ұғымдылығына қарау керек. Егер қазаққа ұғымды болса орыстардың өз сөйлегендеріне ұқсатып жазуға тырысу керек.

«Дала уалаяты» газетінің алғаш шыққан кезінен бастап, көптеген жылдар аралығында болған жайттарды газетті оқу барысында бастан кешіргендей болдым. Газеттің ең бастапқы мақсаты жергілікті халықты үкімет жарлықтарымен таныстыру болған, бірақ бірте-бірте газет беттері көбейіп, басылатын мақалалардың тақырыбы да алуан түрлі өзгерді. Соның өзінде де басты тақырыптар болып жер, су, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, әдебиет, мәдениет сақталған. «Дала уалаяты» газетінің тарихи маңызы зор. Өйткені осы газеттегі жазылған мақалаларды оқи отыра біздің ата-бабаларымыздың күнделікті

тұрмысы, шаруашылығы, қандай мәселелер оларды толғандырғанын айқын біле аламыз. Газеттің таралымы аз болғандығына қарамастан Қазақстанның бүкіл жерін қамтыды деп айтуға болады. Менің ойымша «Дала уалаяты» газетін жергілікті халық үшін оқып отыру өте маңызды болған. Өйткені, тек газет арқылы қарапайым халық жарлықтармен, жаңалықтармен танысып тұрды. Қазақ жерлерінде болып жатқанның барлығын жіті қадағалап отырған. Газетте тек қана бірнеше аймақтың жаңалықтары ғана емес, қазақ жерінің барлық аудандарынан жиналған жаңалықтар. Бүгінгі күннің өзінде «Дала уалаяты» газетінің алатын орны бөлек. «Дала уалаяты» газеті біздің тарихымыз. Әдебиетіміздің, мәдениетіміздің, қараңғылықтан шығуымыздың биік мансапты бастамасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Дала уалаяты газеті», Ү.Субханбердина. Алматы «Ғылым», 1994.
- 2 «Алғашқы қазақ газеттерінің тілі», Б.Әбілқасымов. Алматы Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1971.
- 3 Ғаламтор, el.kz\1266.
- 4 Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің фольклоршылық еңбегі. (Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. ҚР Ақмола 1998.
- 5 Мәшһүр-Жүсіп және фольклор (1858-1931). Павлодар 1999.
- 6 «Қазақ энциклопедиясы», Алматы «Ғылым», 1998 жыл 2-том
- 7 Ғаламтор: http://www.zox.kz/load/aza_debiet_t_1_alary/m_sh_r_zh_sip/12-1-0-302.

МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ КӨРКЕМ ДИСКУРСЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ (МЕТАФОРАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАР НЕГІЗІНДЕ)

ҚАЛЫМ А. Б.

оқушы, Ы. Алтынсарин атындағы облыстық қазақ гимназия-интернаты,
Павлодар қ.

ШАХМЕТОВА Н. А.

ф.ғ.к., С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Дискурс» терминінің нақты сипаттамасын беру қазіргі тіл білімі мен жалпы ғылымдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Себебі, «дискурс» ұғымының таралу аймағы өте кең. Ол

лингвистикамен қоса, философия, әлеуметтану, әдебиеттану сияқты басқа түрлі ғылымдардың нысаны болып табылады.

Қазіргі лингвистикада дискурстың бірнеше тұжырымдамасы бар (Н. Д. Арутюнова, Н. А. Алефиренко, Ю. С. Степанов; Н. И. Гайнуллина, К. К. Садирова, Г. Г. Бүркітбаева т.б.).

Дискурс ұғымына едәуір толық сипаттама жасаған Н. Д. Арутюнова, онда: «Дискурс (француз тілінен – *discourse*) – это связный текст в совокупности экстралингвистическими, прагматическими, социальными, культурными и психологическими факторами; текст, взятый в событийном аспекте; речь, рассматриваемая как социальное действие, как компонент, участвующий во взаимодействии людей и механизмов их сознания; речь, погруженная в жизнь» делінген [1, 136 б.].

Көріп тұрғанымыздай, жоғарыда берілген анықтамада дискурс феномені функционалдық аспектіде қарастырылады, оның динамикалық қасиеті айқындалады.

Қазақстандық ғалым К. Қ. Садирова дискурсты коммуникативтік, когнитивтік және тілдік белгілердің жиынтығы деп береді: «Дискурс коммуникативтік, когнитивтік, тілдік құрастырушыларының тұтасынан пайда болады. Коммуникативтікке белгілі бір тіл өкілінің – тілдік тұлғаның дискурста орындайтын ролі мен позициясы енеді, когнитивтікке дискурс хабарламасында мазмұндалатын білім типі кіреді, тілдік сипатына тілдік тұлғаның құзыреті кіреді». Ары қарай автор былай тұжырымдайды: «Дискурс дегеніміз – коммуникацияға қатысушылардың санасындағы әлемнің психологиялық бейнесін сөз жағдаятында модельдеу күйі мен әрекеті, олардың коммуникативтік міндетке сай ақпараттық мазмұнда өзектелуі мен тілдің (лексикалық және грамматикалық мағыналы сөздер тіркесімділігінің, синтаксистік құрылымдардың) айтылым сапасында шоғырлануы, сол айтылымның болу шартын жинақтаған коммуникация кеңістігі» [2, 9-10 б.].

Ю. С. Степановтың анықтамасында дискурс әлеуметтік болмыстың ерекше белгісі ретінде қарастырылады: «дискурс – это «язык в языке» и он существует в таких текстах, «за которыми встает особая грамматика, особый лексикон, особые правила словоупотребления и синтаксиса, особая семантика, – в конечном счете, – особый мир» [3, 44-45 б.]. Демек, дискурс – белгілі бір тілдік тұлғаның әлемі.

Қазіргі лингвистикалық ғылымда «дискурс» пен «мәтін» терминдерінің ара-қатынасы кең қарастырылуда. Ғылыми зерттеулерде мәтін сөйлеудің жазбаша, ал дискурс болса, ауызша

түріне жатады. Алайда, қазіргі таңда дискурс сөйлеудің жазбаша түрі деп саналып жүр.

Н. А. Алефиренко дискурсты сөйлеу үрдісі ретінде қарастыра отырып, үрдіс пен одан алынған нәтиже оппозициясын ұсынады: «Дискурс – процесс речевой деятельности, а текст – его продукт; первое связано с динамикой, второе – со статикой» [4, 21 б.].

Г. Г. Бүркітбаеваның пікірі бойынша, мәтін дискурстың құрылымына енеді: «между текстом и дискурсом могут быть определены как отношения включения – текст Маруттонова Н. Д. Функции языка // Русский язык. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Сов. Энциклопедия, 1988. – 685 с.

Садирова К. Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. – Алматы: ҚазҰУ, 2008. – 121 б.

Степанов Ю. С. Дискурс // Язык и наука конца XX века. – М.: Наука, 1995. – С. 44-45.

Алефиренко Н. Ф. Язык. Текст. Дискурс // Материалы межд. науч. конф. – Ростов-на-Дону: Изд-во РГПУ, 2005. – С. 20-23.

Бүркітбаева Г. Г. Текст и дискурс. Типы дискурса: учебное пособие. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 382 с.

Көпеев М. Ж. Екі томдық. 2 т. – Алматы: Ғылым, 1992. – 224 б.

Мөшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том. – Павлодар: ЭКО, 2003. – 436 б.

ҰЛТТЫҚ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

ҚАРАТАЙ Б.

9 сынып оқушысы, № 20 лицей-мектебі, Павлодар қ.

КӘРІПЖАНОВА Г. Т

ф.ғ.к., доцент,

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ тілінде теңеуді жан-жақты зерттеген ғалым Т.Қоңыров теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрлымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген. Қазақ теңеулері атты монографиясында ғалым теңеуге мынандай анықтама береді:

«Теңеу дегеніміз - ұқсас ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [1, 7], - дейді.

Ал әдебиетші ғалым З.Қабдолов: «Әдеби тілде үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі - теңеу /орысша-сравнение/» [2, 212], - деп тұжырымдайды.

Ж.Аймауытұлы романындағы теңеудің стильдік мәніне көңіл аударсақ, жазушы теңеулерді бірде кейіпкерлердің кескін-келбетін, бет пішінін, сыртқы көрінісін, тұлғасын, портретін беру үшін қолданса, бірде кейіпкердің мінез-құлқын, көңіл-күйін, ішкі сезімін ашуда таптырмас тәсіл ретінде пайдаланады.

Бір мезгілде өкірген сиырдай қараңғы түнді күнірентіп, қатындардың дауысы баж ете түсті. Жан шошырлық бажылға дір етпеген жүрек қалмады. Сөйтсе, апанда теңселіп, серейіп жаққан бәйбішенің үстінен шыққан екен.

Мамырбай өгіздей өкіреді, сылқ ете отыра кемті. Ауыл қойдай маңырап, қозыдай шулап жатқанда, дүрсілдеткен атты кісінің тықырын шеттегілердің құлағы шалып қалды.

-Атты-атты!-дегенде, су жүрек боп қалған жұрт ішін тартқан дауылдай кенет басыла қалды да, сонша болмады, қайтадан дәуірлей, бажылдай, күніреніп кетті... (Ж.А.,171- бет).

Алаңсыз отырған бейбіт ауыл тіршілігін бұзған оқиғаның әсерін, кейіпкерлердің жан күйзелісін өгіздей өкірді, қойдай маңырады, қозыдай шулады, ішін тартқан дауылдай сияқты тұрақты теңеулер арқылы әсерлі де, нақты бейнелеп жеткізген.

Енді, Ақбілек әкесіне масыл болды. Бала ұстаған емес, жұртқа тамашалаушы маймыл ұстап отырған кісі тәрізді. Ақбілектің қырсығынан ақсақал өзін масқара болып, абыройынан айрылғандай көрді. Міне, ақсақалдың өз баласына түзу қарай алмай, қашқақтап жүргені сол еді. Қызғаныш, жиреніш, өкініш, аяныш, ыза, қорлық бері ұласып, оның тірі қалып, көзге күйік болғанына бармағын шайнап, зығырланар еді. Бірақ өз қолын өзі кессін бе? Өз ішіне өзі пышақ ұрып, жарылып өлсін бе? У жеген қасқырдай іші алау-жалау боп өртеніп, шықпаған сүлдесін сүйретіп жүр еді.

Сорлы Ақбілектің хал-жағдайы әкесіне де ауыр тиеді (Ж.А.,285-бет).

Мәтіндегі теңеу, тұрақты тіркестер - ақсақалдың уайым-қайғысын ашуда стильдік жүк көтеріп тұрған тәсілдер. Бірнеше адам сезімін қатар алып, бірінғай мүшелер арқышы ақсақалдың ішкі толғанысын толық көрсетіп береді. Мәтінде Ақбілектің әкесінің уайым - қайғысын, психологиялық халі, әрі қазақ халқының салт-

дәстүрін берік ұстанған әкеге қызының халі өте ауыр тигенін маймыл ұстап отырған кісі тәрізді, у жеген қасқырдай теңеулерінің ұтымды қолданылуының нәтижесінде ерекше әсерлі беріледі.

Енді бірде автор тұтқындағы Ақбілектің көңіл күйін теңеулер арқылы нақты жеткізеді:

Әуелгі кезде Ақбілек қолға түскен құралайдай, екі көзі мөлдіреп, көп ит анталаған күшіктей құнысып, маңайындағы жанның бәрін жан алғыштай көріп, үркіп, елегізіп жүрсе де, анасын ауылын ойлап, аузына дәм салмай, аштан қатып бүк түсіп көрсе де, әрі-беріден соң шыбын жаны түскір шыдатпады, мезгілсіз өле алмады (175- бет).

Ақбілекті аянышты, ауыр халін бейнелеу үшін оны аңның әдемісі құралайға, дәрменсіз күшікке теңесе, төңірегіндегі жұртты қорқынышты жаналғышқа теңеу арқылы Ақбілектің қайғылы халін оқырман жанына әсер етер бейнелі көрініс арқылы бере білген. «қолға түскен құралайдай», «көп ит анталаған күшіктей»-теңеулері – авторлық тіркестер. Халықтық теңеулер қаламгер қолданысында жаңаша бір реңк түр бояуға енеді.

М.Әуезов: «жеке сөз өзінің орны мен сәтін тапқан шақты жаңаша жанданып кетеді. Сондай шағына жетіп, жанданған сөздің демі, лебі білініп, тың тірлік етіп бал-бұл жанып тұрады. Ол көп қолданылатын өлі боп кететін сөз емес, қызықты, ыстық лепті қайнар сөз болады»[3,84],-дейді. Ж.Аймауытұлы қаламынан туған теңеулер – «жанданған, лебі бар, бал-бұл жанған теңеулер». Мысалы,

Өткен күндерін бір-бірлеп есіне түсіріп, жағалап қара мұртқа да келді, оның түрі, қылықтары демде көз алдынан елестеп өтті. Енді мынау ағаларының ауылына келе жатқанына таңғалды, таңғалып қана қойған жоқ, өзін бейне бір арам сирақ ұрлық малындай, әкесіне арам жегізетіндей көрді. Енді бұрынғы нәрестедей уыз денесі былғанып, арамданып қалған тәрізді, бұрынғы кіршіксіз, аппақ кеудесіне енді қара құзғын ұя салып кеткен тәрізді, күнә-сұмдықты білмейтін-ақ жүрегі арамдықтың неше атасын біліп, бұрынғы қыз басы енді қатын болып қалған тәрізді, бұл былғанған дененің кірі, жанның күнәсі өмірі тазармайтын тәрізді... ..Ит жалап кеткен ыдыстай, өзінің денесін де, демін де арам деп білді. (201- бет).

Мәтіндегі бейне бір арам сирақ ұрлық малындай, қара құзғын ұя салып кеткен тәрізді, нәрестедей уыз дене, былғанған дененің кірі, жанның күнәсі өмірі тазармайтын тәрізді, ит жалап кеткен ыдыстай теңеулері-авторлық теңеулер. Айтылған іс-оқиға, құбылыс теңеулер арқылы оқырман жанын тербетіп, кейіпкердің жанын жеген нәзік сырды аңғартады. Ақбілектің басына түскен ауыртпалықты

қоюлата түседі. Ақбілектің ішкі сезім иірімдері толығырақ ашылады. Осы теңеулер арқылы психолог жазушы басқа жазушылардан ерекшеленіп, шеберліктің шыңына жеткен.

Ит дауысы алыстап барып, қайта жақындап, абалады. Ажал да абалады. Дүрсіл ауылға қайтып келді. Күбір-күбір адам дауысы естілген тәрізденді. Ақбілектің жүрегі зырқ ете мүсті. Зырқ етпей қайтсін, тықыр шықты. Жүрегінің дүрсілі болғай еді деп, қолын кеудесіне басып еді. Тас, тас емес-ау, темір емес - ажал шықыр еткендей, құйқа тамыры шымыр етті. Апан көр сияқтанды. Өйткені ажалдай түсі суық саудыраған үш адам келіп қалды. Бала қамаған лаққа ұсап, апанды айнала жүгіріп, өкпесін соққан торғадай торға ілінді (Ж.А.,150-бет).

Көріктеу амалдарының бірнеше түрін қолданған. Ажал - абстракт ұғым, бірақ мәтінде ажал ит сияқты абалайды, ажал шықыр етеді, жанды нәрседей дыбыс шығарады. Мұның бәрі эмоциялық әсер туғызады. Ажалдай түсі суық саудыраған үш адам, бала қамаған лаққа ұсап, өкпесін соққан торғайдай теңеулері, ажал сөзінің қайталанып келуі баяндалған оқиғаның әсерін күшейтеді.

Ілгері жүруге қорқып, Қартқожа шегініп ылдига мүсті. Өні екенін, түсі екенін айыра алмады. Жын соққан кісідей, аузы жыбыр-жыбыр етті. Түрі жұртта қалған су шүберектей болып, ерні кезерген (Ж.А.,93 бет).

Пропада кейіпкерлердің көңіл-күйін, ішкі сезімдерін ашатын төмендегідей теңеулер кездеседі.

Ел сен соққан балықтай (Ж.А.,43- бет).

Жігіттер желдей гүлейді, судай толқиды, ду-ду етеді (Ж.А.,49- б.).

Ақбілектің іші мұздай болып кетті (Ж.А.,178 -бет).

Аяғы қорғасын құйғандай, ауырланып кеткендей тәрізді (Ж.А.,182-бет).

Адасып жүріп, тұмсығы тығырыққа тірелген адамдай, беттеген жолынан тайқып қайта берді. Ел мені шоқынып кетті деп кірпідей жиырылады.

Кейіпкерлердің күйін, өкінішін, аянышын, ызасын, көрген қорлық-зорлығын, жиреніш сезімдерін жинақтап жеткізген теңеулер жазушының шеберлігін танытып, адам жанын түсініп, адамзаттың ішкі сезім иірімдерін жеткізе білген психолог жазушы екендігін танытады.

Сонымен, теңеулердің пропадағы қызметі төмендегідей сараланады:

-адам сезімін, көңіл-күйін, психологиялық, халін суреттеуде теңеулердің атқарар рөлі ерекше: Жұртта қалған сулы шүберектей, өкпесін соққан торғайдай, сен соққан балықтай т.б.;

-кейіпкерлердің портретін беру үшін теңеулерге иек артқан: аузы-басы бияздай қожаға аитқан нияздай; бет-аузы жұртта қалған сірідей тырысқан; қол-аяғы шидей; бойы шүкіттей; көзі тұздай, мұрны біздей, шашы кірпішешендей; бет-аузы құмты шөміш; шапашоттай жымырайған; қарны кебежедей; денесі сүйреткен қыл қыбырдай; күректтей теке сақалды теңеулер арқылы кейіпкердің жағымсыз бейнесі суреттелсе, емі уыздай аппақ; білектері, сандары оқтаудай жұп-жұмыр; без белді қара бүркіттей; мұртын қаздын құйрығындай ширатқан; шашын енесі жалаған бұзаудай тарап; қол-аяғы бақандай; қойшының өгізіндей қоңыр жігіт; тұтқыштай қара, жарғақтай ысқаяқ; кеспектей дембіл қара жігіт; қошқар туған қозыдай келбетті; ай мен күндей бір сұлу; мойны құйған шамдай; оймақтай аузы; үріп ауызға салғандай т.б. теңеулері кейіпкерлер портретін сомдайды.

Жазушы кейіпкерлері түр-түсі, келбеті жағынан бір-біріне мүлде ұқсамайды. Емі уыздай аппақ, білектері-сандары оқтаудай немесе мойны құйған шамдай, емі уыздай аппақ, үріп ауызға салғандай, ай мен күндей деп теңеу арқылы қыздың ешбір мінсіз көз тартарлық көркем де нәзік қасиеттерін қоса аңғартады. Бұл теңеулер ауыз әдебиетінде де кездеседі. Бұдан шығатын қорытынды, автор тіліндегі теңеулер халықтың үлгіден бастау алған, өз ерекшелігі, әсерлі айшығы бар теңеулер.

Көксау мойны мықырайған, көз бақырайған, бет-аузы жұртта қалған сірідей тырысқан, қол-аяғы шидей, бойы шүкіттей бір жарқанат еді. Көксаудың білмейтін ел жапсары, қатын өсегі, партия, пәле жоқ еді (Ж.А.,373 - бет) немесе Тұяқ 6-7 қаралы кедейдің баласы. Мұрны кертеш, иегі кемiek, бет-аузы құдды шөміш, мойны ішке кірген бейнесіз ақ жігіт (Ж.А.,352-бет).

Жұртта қалған сірідей - деген тұрақты теңеу. Теңеулер айтылатын ойға байланысты әр қилы мағына туғызады. Мәтінде Көксау мен Тұяқ бейнелері теңеулер арқылы суреттеледі, әрі автордың көзқарасы, кейіпкерлердің ұнамсыз бейнелері беріледі.

Прозада қол-аяғы бақандай, кеспектей дембел дегенде теңеулер үлкендік, ірілік ұғымын берсе сомадай, дардай теңеулері тек қана үлкендік, ірілік ұғымын беріп қана қоймай, қосымша түрлі мәндерді үстейді. Жазушы шығармаларында осы ірілік ұғымын беретін төмендегідей теңеулер синонимі кездеседі: екі иығына екі кісі мінгендей, кеспектей, қол-аяғы баққандай т.б. ;

-табиғатты суреттеу барысында автор табиғатты басты кейіпкерлердің сезімдерімен, тағдырымен байланыстырды:

«Тұңғыш көбік қар. Тынық қатқак. Әуе шыныдай, аттың ізі бадандай. Қаладан шыға беріс тепсеңде шерттіре аяндаған екі атты. Бергінің мінгені - екі таңасқан, ешкі бас, құлан сан тобылғы торы. Әсем басады, қарды уыстап лақтырады»(Ж.А.,240-бет).

Табиғат көрінісі осы тараудағы кейіпкерлердің, Бекболат пен Ақбергеннің кәсібіне сай суреттеуден басталған.

Күн ыстық. Аспанда ақ сабынның көбігіндей, машық ақ бұлт жүзеді. Әуе-шыбынның ызыңы, шегірткенің шырылы. Ащы өзеннің бір мүйісінде ақ торықтай ауыр қотан ақтылы қой жусап жатыр (Ж.А.,78-бет).

О кезде ызғырығы ызылдап, бойды мұздатып, сабалақ қара бұлттан түн жамылған күздің көзсіз қара түні ақ бас Алтайдың үстіне қара бурабай шөгіп, сай-салаға бауырын төсеп, дүние қарауытып келе жатыр еді. Көк жүзінде жайылып жатқан жұлдыз, қойларын көздеп тұратын шопан атасындай - жау көргендей, зымзия жоғалыпты (Ж.А.,178-бет).

Әуе шыныдай; аттың ізі баданадай; кеспектей қара бұлт; уыз қымыздың майда ақшыл көбігіндей, буылдыр шарбы бұлттар; жапырақтары ай сәулсіне танадай жалтырап, көбелектің канатындай желбіреп, арба астындағы шыбын қақан бұзаудың құлағы тәрізденіп әрең-әрең, анда- санда бір селбендеп қыбырлаған ең төменгі жапырақтар т.б. теңеулері табиғат көріністерін оқырман сезіміне әсер етерліктей дараландырып көрсетеді;

- жазушы кейіпкердің қимылын, іс әрекетін, әдетін, қалыпты күйін теңеулер арқылы береді:

Ол өзгелердей сөйлескен де, күлген де жоқ, құба шынға құлаш ұрған жез қанат бидайықтай, талмау көзін талықсата, терең қиялға шомды (Ж.А.,160 -бет). Кейіпкердің терең ойға берілген бір сәттегі күйін суреттейді. Сол арқылы Ақбілектің алдағы тағдыры осы ойда отырған қара мұртпен байланысты екендігін аңғартады.

Бетінен майы шыққан, ақ жарқын мес мұғалім, облыстық комитетке «ресми» түрде қатынас қағаз жазып, сүзеген бұқа тәрізді мұрты түксиген жұқа қабақ мұғалім түйіліп газет оқып отырғанда, қутындаған қунақы зиялы жігіт жайтандап кіріп келді (Ж.А.,110-бет).

Эпитет теңеулерді қолдану арқылы екі мұғалімнің мінез-ерекшелігін, үш кейіпкердің болмысын береді.

Алған тышқанына түйіліп қараған бөктергіше, өшетіл қағазға оқшия қарады (111-бет).

Күні бойы қымыз ішіп, алысып-жұлысып, шабыттанып отырған жігіттер сортаңнан келген сиырдай оптығып, қырып барады (65-бет).

-кейіпкерлердің кимыл-әрекетін теңеулер арқылы образды бейнелейді:

Ақтың әскері басқан жерге шегіртке жайлағандай, бүйі тигендей болды.

-теңеулер арқылы жазушы тұрмыстық жағдайларды шебер суреттейді:

Бірақ мынау жолдағы елдер қыркылған құстай, арқандаулы аттай қол-аяғы кесіліп, еріксіз көше алмай отыр (Ж.А.,131-бет).

Елді ішек құрттай жайлап, теспей сорып, жоғалтатын нәрсе капитал, сауда-саттық (Ж.А.,133-бет).

Картқожа жүк артқан көк есектей болды.

Келтірілген мысалдардағы қыркылған құстай арқандаулы аттай, көк өсектей теңеулер кейіпкерлердің тұрмыс жағдайларының ауырлағын шынайы бейнелеуге қызмет еткен.

Теңеудің жұбы етіп қазақ халқы бұрыннан сиырды, қой мен түйені, қасқырды, атты, шал-кемпірді күнделікті өмірде маңызы бар құбылыстарды алады. Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларында теңеудің жұбы етіп атты, түйені, қой мен сиырды, құсты алады.

Мысалы, ... балалар енесіне табысқан қозыдай жамырасып ...

Бекболатты тамақ ішуге шақырған екен. Қоңылтыр аяқтағы сылдыр сорпаны жеріген жылқыша тамсанып ұрттаған болды. Сорпа ішіп отырғанын да, су ішіп отырғанын да аңдаған жоқ: ойы бөлініп, килы әлдеқайда отыр еді (Ж.А.,207-бет).

Барғанмен көре алмассыз, ұйықтап қалды,-деп еді, ол сөз Бозінгеннің құлағына бит шаққандай құрлы кірген жоқ, қол-аяғы жерге тимей, шошалада сүт пісіріп жатқан қара кемпірге барып, көзін ашып-жұмып, естіген хабарын айтты. Қара кемпір бір тамсанып, отын көсей берді. Оған жарымаған кісідей, Бозінген шудасы желкілдеп, байын іздеді.

Өз үйіне түгел естірген соң, бұл хабарды ішіне сыйғыза алмай, Бозінген бошалаған түйеше тайрандай басып, екі қолын алды-артына құлаштай сермеп, Біркұлактікіне қарай жөнелді. Ауылды қыдырып жүріп, бірталай жанды құлақтандырған соң, қасына екі қыз, бір қатын ертіп, енді Бозінген Күмсінайдікіне тартты (Ж.А.,196-бет).

Сөз қуған, өсек айтқан Бозінген мінезін автор оның кимыл-әрекетін, жүрісін суреттеу арқылы образды түрде жеткізеді. Осы мәтінде етістікті тіркестердің қызметі айырықша. Қол-аяғы жерге тимей, көзін ашып-жұмып, естіген хабарын айтты; естірген соң; ішіне сыйғыза алмай; құлақтандырған соң, шудасы желкілдеп; бошалаған түйеше тайрандай басып; жөнелді; тартты – Бозінгеннің кимыл әрекетін мысқылдау үшін тартылған бірліктер.

Бошалаған түйеше теңеуі кейіпкердің өсекшілік қылығына автордың мысқылдық қатынасын білдіреді. Бейнелеу тәсілінің ұтымдылығы кейіпкердің жүріс-тұрысын суреттеу арқылы оның бүтіндей образын беруі. Прозадан сортаңнан келген сиырдай, шөлкес аттай, арқандалған аттай, жылқы тістеген «майлы аяқша», мұрны жырық тартыншақ түйеше, т.б. теңеулерді көптеп келтіруге болады.

Мысалы, Құлтуманның аузы-мұрны маймылдың тұмсығындай компаып, сорайып, адырайып, ақымақ болды да қалды. Мына сияқты көк айыл, кер ауыз қатынға неғып шыдап жүргеніне өзі де таң қалды (Ж.А.,399-бет).

Маймылға теңелген кейіпкердің шарасыз күйінде кекесін бар. Қазақтың байырғы, дағдылы теңеулері жазушы қолданысында түрленіп шығарма тілін шырайландырады.

Батыстан шыққан кетпектей қара бұлт келді ішіне тартып, үілдей бастады.

Торғай ұясына, тышқан ініне тығылып, жан-жануар бас сағалау камында ...

Жел кенет тынайын деді. Тынғаны емес, ішін тартқаны еді.

Қайта соққанда, ауылдың шаңын аспанға шығарды ...

Айналасы екі минут болған жоқ, долданған дауыл уықты сықырлатып, үйді еңсеріп, әкеміп барады. Жұрт желбауға, бақанға, керегеге жабысып жатыр. Дауыл үдеді.

Құтырған құйын шеттегі қараша лашықты доптай ұшырды.

Тоңқаймалар - үш қанат, төрт қанат үйлер жалп-жалп етті. Үлкен үйлер де алдына таман үмініп, ұйықтап тұрған қатынның жаулығы құсап қисайып қалды (Ж.А.,89-бет).

Алынған мысалдағы доптай ұшырды теңеуі құйынның қаттылығын бейнелесе, ұйықтап тұрған қатынның жаулығы ұқсап деген теңеуі - ұлттық өрнектің жемісі.

Күнікей үйіне келіп, оң босағада жүресінен отырды. Жаздың жайдарлы Күні маңдайына түсіп қыз-қыз қайнатады. Манайына түскен қызу арқасынан емеді. Ұйықтап тынайып қалған жас денесі ширатқан қыл шылбырдай шиыршық атады. Ор жағалап ойнатаған шұнақ қара қасқа лақша ыршып-ыршып түскісі келеді (Ж.А.,391-бет). Ширатқан қыл шылбырдай теңеуі - ұлттық айшық.

Қазақ халқына таныс, қазақ тұрмысынан, салт-дәстүрінен алынған теңеулер қолданылады. Ол теңеулер арқылы адамның дүниетанымы, қарым-қатынасы, автордың берген бағасы, сезімдері көрінеді.

Шағала көлдің беті айнадай. Сұлу құшқан жігіттей ай сәулесін құшақтап, көл жымың-жымың емеді. Көлді біреу көшіріп кететіндей,

әлсін-әлсін кикылдап, әлек болып қызғыш жүр. Кабинетінде отырып, өмір өткен комиссарша маңғазданып, окта-текте аққу сұңқ-сұңқ етеді. Кәдеге таласқан қатындарша ию-қию болып, бажылдасып қаздар жатыр (Ж.А.,43-бет).

Көктемнің бауырмал, жарқын күні жерге нұрын үшкіріп, ызғарын аластап, жүзіне шырай бергенде, жігіттердің де бойы жадырады. Тоқымдығы кеппей жүрген қунақы жануардай жасарған жерге тыраңдап аунап, сілкініп, артқы аяғын тебініп, Арқаны сағынған кезде, сүйіндік жігіттеріне де кезек тиді (Ж.А.,100-бет).

Қаздарды кәдеге таласқан қатындарша деп, кейіпкерлердің өздерін, іс-әрекеттерін өрмектен аттанған әжедей, жүген көрмеген басы асау жылқыша, көкпарға тартқан серкедей, жұртта қалған сірідей, т.б. теңеулер арқылы әсерлі суреттейді. Теңеулік образдарды қазақ өмірінен, танымынан алады.

Теңеулерді көркемдеу тәсілдің бірі ретінде қолданған Жүсіпбек Аймауытұлының прозасында -дай,-дей, -тай, -тей журнағының көмегімен жасалған теңеулерді жиі кездестіреміз.

Сонымен қатар -ша, -ше жұрнағының көмегімен жасалған (іннен шыққан қасқырларша, бәкіше бүктеліп, кірпіше жиырылып, т.б.) теңеулер де ұшырасады.

Тәрізді, сияқты, секілді, бейнелес сөздерінің тіркесуі арқылы жасалаған (шабындының түйірі бейнелес шаш, шажа байталы бейнелес кілбиген, т.б.) теңеулер кездеседі.

Прозадағы теңеулердің көпшілігі – қазақы танымнан алынған, қазақтың тұрмысы мен салт-дәстүріне байланысты теңеулер.

Эмоциялық-экспрессивтік әсері күшті авторлық теңеулермен қоса, қазақтың байырғы, дағдылы теңеулері жаңаша түрмен қолданысқа түсіп, шығарма тілін шұрайландырған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы, 1978. - 192 б.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. -Алматы, 1983. - 231б
- 3 Әуезов М.Әр жылдар ойлары. -Алматы, 1979. - 556 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ


МҰҒАМБАР Ж. Ғ.
10 сынып оқушысы, № 134 орта мектебі,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Шәкен ауылы
АЛИЕВА Д. А.
жетекші

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық керек.Бүгінгі таңда мектеп пәндерін ақпараттық технологиялардың көмегімен меңгеру ең басты орын алады. Ақпараттық технология - компьютерді пайдалануға, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды пайдалануға, интернетте жұмыс жасауға негізделеді.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі: «Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл міндеттерді шешу үшін, нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа жүйесіне көшу үшін жеке тұлға күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа ақпараттық технологияларға, әлеуметтік, тұлғалық және жеке құзыреттіктерге ие болуы тиіс. Бұл талаптар күнделікті әдістемелік жұмыстың жүйелі түрде ұйымдастырылуы негізінде жүзеге асырылады.

Компьютерлер мен интерактивті тақтаны оқушылардың тілдік күзіндірілігін, шығармашылық потенциалын дамыту құралы ретінде пайдалану интеллектуалдық, эстетикалық және ақпараттық сауаттылығын арттыруға көмектеседі, ал көрнекі құрал ретінде пайдалану оқу-танымдық үрдіс тиімділігін арттырады. Қазақ тілі сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге мүмкіндік береді.

1 кесте – Қазақ тілі сабағында оқу әрекетінің түрлері



Осы бойынша сынып оқушылары қазақ тілі сабағында оқу әрекеті қалыптасып, белсенді қызмет етуге ұмтыламыз. Бұл әрқайсымыздың дербес компьютердің және мұғалімнің көмегімен өзара түсінісу ортасында қазақ тілі сабағында жаңа білімдерді алуымызға, танымдық іс-әрекетімізді дамытуға айтарлықтай септігін тигізеді.[1.186]

Тыңдап – түсіну, көріп – байқау құралдарының концепциясында оқыту былайша орналасады: тыңдау – сөйлеу – оқу – жазу. Оның ішінде ауызша қабылдау (тыңдау мен сөйлеу) әрдайым ілгері шығып отырады.

Тыңдап – түсіну, көріп – байқау құралдарының ішінде сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі – аудио құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, сұхбаттар жазылған ұнтаспа, т.б.

2 кесте – Аудиоматериалдар сабақта қолданудың тиімділігі



Таспа арқылы тыңдалатын мәтін оқушының тілін дамытады. Тіл үйренудегі тыңдау сөйлеумен тығыз байланысты. Оқушыға таспадан естігенін тілінде пайдалану қажеттігі туады. Таспадан тыңдалған мәтін бойынша сұрақ қою ең тиімді жол, өйткені оқушы сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтінді ынтамен тыңдап, мәнін түсінуге тырысады.[2.236]

Мысалы, оқушылардың аудиомәтіннің жалпы мазмұнын түсінгенімізді тексеру үшін мынадай жұмыстар жүргізілді:

1. Мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақ береді, әр сұраққа екі жауап ұсынады;

2. Бірнеше сөйлем береді, солардың біреуі ғана аудиомәтіннің мазмұнына сөйкес келеді.

Оқушының коммуникативтік қарым-қатынасын, тілдік күзінеттілігін, шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында жұптық, топтық тапсырмалар беріледі. Мысалы, берілген сөздерді орыс тіліне аударып, сөйлем құрайды немесе сурет салады. Жұпта жасаған жұмыстарын ортаға салады. Мұнан оқушылардың айтылым, жазылым, тыңдалым, тілдесім әрекеттерін байқауға болады.

Ақпараттық технологияны қолдануда, әдетте шынайы өмірлік бірігіп шешу мәселелері ұсынылады, рольдік ойындар пайдаланылады, білгірлігінің қалыптасуы барысында жеке белсенді позициясын қалыптастыруға жағдай тудырады, қарым-қатынас дағдыларын орнықтырады, сыни тұрғыдан ойлауға үйретеді. Демек, ақпараттық технологияны пайдалану оқу үрдісіне енгізу тіл үйретуде тиімді. [3.156]

Қазақ тілі сабағында мынадай тапсырмаларды да орындатуға болады: компьютер экранына бір сөйлем жазылады. Ол сөйлем белгілі уақыттан соң өшеді. Экранда қандай сөйлем жазылғанын есте сақтап, қатесіз компьютерге енгізсе, онда ойлану уақыты екі есеге азайтылады. Егер дұрыс жауап берілмесе, ойлану уақыты ұзартылады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың сөйлем мағынасын түсіну, есте сақтау дағдыларын қалыптастырады. Нәтижесінде, тапсырманы қандай дәрежеде орындағандығында байланысты ұпай санын көрсету оқушының өз білім дәрежесін сезінуге мүмкіндік береді.

Сабақ барысында ақпараттық технологияны қолданудың жақсы жақтары:

- Түрлі – түсті иллюстрациялар, ұлттық музыка, анимациялар есте сақтау процесі үшін тиімді.
- Әр сабақта сөйлеу әрекетінің бес түрі де қолданылады: тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым, айтылым.
- Әр сабақ төмендегілерді қамтиды:

а) компьютермен үзіліссіз тілдік қарым – қатынас;

ә) бірнеше рет тыңдау мен оқып – білген материалды қайталаудың арқасында дағдыларды машықтандырғанға дейін меңгертіледі.

- Компьютер оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастырады.

- Компьютер оқытудың аудио және бейне құралдардың мүмкіндіктерін табысты байланыстырады.

- Компьютерлік желілермен жұмыс істеу арқылы оқушылардың тілдік сауаттылығы, шығармашылық потенциалының, тілдік күзiреттiлiгiнiң дамуына мүмкіндік туады.

Ақпараттық технологиялардың бірі - интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары. Былтырғы жаңа оқу жылының ерекшелігі – республикада алғаш рет жалпы білім беретін мектептерде Елбасының он-лайн режимінде өткен интерактивтік сабағымен басталды. Бүгінгі таңда Республика көлеміндегі мектептердің 97 пайызы интернет желісіне қосылып, әр салада оқушылардың ақпарат алуын қамтамасыз етіп келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен еліміздің көптеген мектептерінде интерактивтік тақта орнатылды.[4.976]

Біз оқитын мектепте де жаңа ақпараттық технологияларды қолдану барынша қарастырылған. Мектептің информатика кабинетінде интерактивтік тақта орнатылған. Сондықтан бұл тақтамен сабақ өткен бізге қызықты, әрі түсінікті.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялардың оқу-тәрбие үрдісінде қолданылуы мұғалімдердің де, оқушылардың да мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ендеше ақпараттық технологияларды үйлесімді пайдалану қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналып отырғаны даусыз.

Интерактивті тақтамен жұмыс барысында қолдануға болатын сызбалар

Абайдың қара сөздерін өту барысында ауыз әдебиеті блогында мақалды жалғастыр ойының интерактивті түрде өткізу оқушылардың мақалдарды есте сақтап қалу қабілетін күшейтеді. Мысал ретінде мына мақалдарды алуға болады.

Отан оттан да

Мақал - сөздің

Ата-ананың қадірін білерсің

Ер қанаты

Керекті сөздер: жылы, ыстық, көркі, мәйегі, балалы болғанда, жасың келгенде, ат, көлік. Осы мақалдарды ребус түрінде де беруге болады.

Қорыта айтқанда, жаңа ақпараттық технологияларды қазақ тілі сабағында қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

1. Оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;

2. Тіл байлығын дамытады;

3. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;

4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.

5. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады. [5]

Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы.

Қорыта келгенде: «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте – мөте қажет» деп, ел Президенті атап көрсеткендей, ақпараттық технологияларды мемлекеттік тілді оқытуда тиімді пайдалану – жаңа білім берудің бірден – бір шарты. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А. Медешева, Компьютерлік программаларды оқу-тәрбие жұмысында қолдану. Бастауыш мектеп, №1, 2001 ж.

2. А. Иманбаева, Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2005 ж.

3. С. Т. Мұхамбетжанова, Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008 ж.

4. Т. Жұмажанова, С. Дүйсебаев, Ә. Мамырова, З. Көпбаева, «Қазақ әдебиетінің» әдістемесі. Алматы «Білім», 2003.

5. Интернет www.google.kz

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ

НАҚЫСБЕКОВА Қ. М.
 №32 ЖББМ, Алматы қ.
 ЖҮНИСОВА М. Ә., УМАРОВА Б. М.
 ф.ғ.к., ғылыми жетекші

Ғылыми жоба тақырыбының өзектілігі. Еліміз өзінің тәуелсіздігін алғаннан бері жан-жақты қарқынды дами бастады, өз тарихының зерттелмей жатқан беттерін түсіндіруге, зерделеуге жол ашты. «Мәдени мұра», «Алаш мұрасы» бағдарламалары бекітіліп, қыршын кеткен арыстарымыздың еңбектері әр қырынан зерттеліп, жарық көре бастады. Алаш ардақтыларының бірі Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғаға саналу сипатын дәлелдеу осы тектес зерттеулердің басты мақсаты болып отыр.

Ғылыми жобаның мақсаты, міндеттері М.Жұмабаевтың тілдік тұлғасы танымдық және прагматикалық ерекшеліктерін көрсететін ұғымдарды, тілдік құралдарды, жеке дүниетанымындағы көркемдік-эстетикалық, рухани құндылықтарды шығармалары арқылы көрсету.

Ғылыми жобаның жаңалығы

– М.Жұмабаев шығармалары «тілдік тұлға» теориясы аясында танымдық бағытта зерттеліп, осы тұрғыда оның тілдік тұлғасындағы ғаламның тілдік бейнесінің «ұлттық» және «жеке» сипаты қарастырылды;

– М.Жұмабаевтың тілдік тұлғасының «тіл», «мен», «жан», «өлім», «әйел» концептісі түзілді;

– М.Жұмабаевтың шығармаларында халықтық мақал-мәтелдерді түрлентіп қолданудағы мақсаты, афоризмдерді жасаудағы өзіндік ерекшеліктері сараланды

1.1 Ақынның тілдік тұлғасының қалыптасуында «Ана тілі» феномені Тіл біліміне «тілдік тұлға» категориясының енгізілуі жалпы «тұлға» ұғымының жаңа мазмұнмен толығына мүмкіндік жасады. Тілдік тұлға дегеніміздің өзі ұлттық тіл ортасында, ұлттық құндылықтар арасында тәрбиеленген, ұлттық рух пен ұлттық тілді толық меңгерген жеке адам, бүкіл ұлттық болмысты бойына жинақтаған индивид.

М.Жұмабаевтың тілдік тұлғасын тануға арналған зерттеу жұмысымызды тілдік тұлға бойындағы қасиеттерді оның ұлттық болмысына сай қарастыратын боламыз.

Ал танымы мен мақсат-мүдделері оның тілі арқылы көрініс табады.

Осыған орай М.Жұмабаев әлеуметтік процестерді қазақ халқының қоғамдық және рухани тәжірибесімен сусындаған өзіндік ой елегінен өткізіп, баға береді. Мысалы, ана тілі феномені ақынның тілдік тұлғасы қалыптасуында үлкен орын алады..

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың-
 Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...

Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз-бабам тілі, сен қалдың! –деп [3.б.163]

ана тілді игеру арқылы адам бірте-бірте қарапайым заттардан бастап, ғаламның заңдылықтарына дейінгі өзін қоршаған ортаның болмысымен танысады, мәдениетке араласып, тілдің әлеуметтік қызметі мен дамуына қатысу арқылы тұлға болып қалыптасады. М.Жұмабаев ана тілінің сақталуын ұлттың ұлт ретінде өмір сүруінің басты өлшемі ретінде қарайды. «Педагогика» еңбегінде: «Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді... Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдіре көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. ...Күндердің бір күні түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы...», -деп Мағжан атамыз қазақ тілінің болашағының жарқын болатынына кәміл сенге [М.Ж. 3.Т.162-б.].

Демек, тіл арқылы бекітіліп, қоғамдық санада, сонымен қатар жеке тұлғаның санасында сақталатын ұлттық-мәдени тәжірибе сол жеке тұлғаның тілдік әрекетіне де өз таңбасын түсіреді.

Тілдік тұлғаның айқындалуы барысында адамды өзгелерден ерекшелеп тұратын өзіндік қасиет – жекелік фактор маңызды рөл атқарады. Жекелік фактор алдымен өзін-өзі танудан көрінеді. Адамның тілді өз деңгейінде игеруге қадам жасауына жеке өзіне байланысты себептер, белгілі бір мақсаттар, адамның қоғамдық жүйедегі өзінің орнын сезіну, жекелік және топтық сәйкестіктегі өзіндік «мен» проблемасы әсер етеді. М.Жұмабаев:

«Не көрсем де алаш үшін көргенім,

Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!

Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,

Істей берсін қолдарынан келгенін!» – деп [М.Ж. 1.Т.88-б.] келетін өз позициясын адам жанының, психологиялық әлемінің

күпия құбылыстарын суреттеу арқылы жеке адам мен ұлт тағдырын бірлікте қарастырып, түсіндіреді. Ендеше сол кезеңдегі ұлты үшін жан қиған ақынның ұраны халқын жетелеп, күш беріп, арманы, тілегі бүгінгі күнмен сабақтастықта жүзеге асып, ұлттық тұлғасы, оның тілдік шығармалары арқылы сомдалып, ұлттық тілдік тұлғаға айналды деп айтуға болады.

Тілдік тұлғаны танудағы дискурс пен мәтін мәселелері.

Жалпы дәстүрлі тұрғыда жердің бетін жапқан қарды ақ көрпеге, ақ ұлпаға, ақ мамыққа теңеу орын алса, М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде – «жердің бетін аппақ кебіндей болып боз қырау жапқан». Мұндай сөз айшықтары ақынның сөзді түрлендіріп қолдануының айқын көрінісі ойлау жүйесіне сай «ғаламдық тілдік бейнесін» танытады.

М. Жұмабаев шығармаларындағы «ғаламның тілдік бейнесі».

Тұлға тіліндегі ұлттық ерекшелікті танытатын жеке ғаламдық тілдік бейнесінде берілу көрінісін саралау арқылы оның тілдік тұлғасының ұлттық болмысын тануға болатыны белгілі. Мысалы, М.Жұмабаев дискурсындағы теңеулер ойға келмейтін әртүрлі заттар мен құбылыстарды бір-біріне тосын теңеуімен ерекшеленеді. Мысалы, «ұршыққа оралған жіптей бас-аяғы жоқ қыстың ұзын кеші еді». Бұл жердегі ұршық лексемасының тура мағынасы «жіп иіруге арналған құрал» дегенді білдіретін лингвомәдени бірлік. Бірақ бұл сөйлемнің құрамында ол өзіндік мағынасынан тыс көркем контекстке сай түсініліп, ұлттық адресаттың санасында бұрыннан таныс ұршыққа оралған жіптің суреті жаңғыртылуы арқылы қысқы кештің қаншалықты ұзақ болатындығы ұғынылады.

Мағжанның тіліндегі теңеу, эпитет, метафоралар қолданысы қазақ тіліндегі дәстүрлі қолданыспен сабақтас. Көрнекті тілдік тұлғалардың тілінде қалыптасатын мұндай жүйе – заңды құбылыс. Мағжанның тіліндегі бейнелі теңеулер эпитеттік сипатта қазақ дәстүрлі үлгісінен туындаған, сондай-ақ, бұрын қолданылмаған тың теңеулер тобы да молынан ұшырасады. Мағжанда дәстүрлі – дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары арқылы жасалған теңеулер көптеп кездеседі.

«Алатау» өлеңіндегі:

Шындары Арсыменен араласқан,
Тәңірі тақ қылғандай тарғыл тастан.
Күңіреніп қоңыраулы қара нардай,

Қап-қара қорғасындай бұлты басқан.[М.Ж. Т.1.121-б]-деген жолдарда кездесетін дай-жұрнағы арқылы жасалған «желдей»,

«қияның қыранындай», «қап-қара қорғасындай», «қара нардай» эпитетті теңеулер арқылы көрсетеді.

М.Жұмабаев дискурсындағы авторлық метафоралар: «өмір – бір құрулы машина», «өмір тоқтау білмейтін, шаршау білмейтін жансыз машина» және т.б. Ақынның индивидуалдық танымының жемісі болып табылатын тағы бір метафора – «Өмір – шірік шөп» метафорасы: «Тәңірі де жоқ, тәубе жоқ, Өмір деген – шірік шөп, Қай үмітпен қазарсың?» Шірік болатын себебі: тәубесіз адам баласын құдайын ұмытып харам іс қылады. Басына айналып келерін ойламай сатқындық, азғындық жасайды. Барға қанағат қылмай, ашкөзденіп тәубесін ұмытады. Ондайлардың өмірі, ақын ойынша – шірік. Сібірдегі қаратүнек кезінде жазылған «Бостандық» атты өлеңі арқылы осынау дәуірдегі қатыгез ақиқат сырын ашына суреттеген ақын:

...Көк есігі ашылды,
Жұмақ нұры шашылды.
Келді ұшып бостандық
Ғарыш нұрлы жүзі бар,
Кәусар жібек сөзі бар,

Әдемі, алмас ақ қанат,[М.Ж. 2.Т.52-б]-деп көрсетіп, алайда «Жұмақтан қуылған адамзат» шамалы рахат, қызықтың өзін артық санайтындығын аңғартса. Халықтың асыға күткен таңын, бостандығын: «Ғарыш нұрлы жүзді», «Кәусар жібек сөзді», «Әдемі, алмас ақ қанат» бостандық деп бірнеше тізбектелген эпитеттер арқылы ойын нақтылай түскендігін байқатады.

«Ой» өлеңінде:

Ой улады –
Жаным ессіз, жаным мас
Ой улады –
Жүреkte зар, көзде жас.
Ой улады –
Көмір болды жүрегім.
Ой улады –
Сарғаямын, сенемін!

[М.Ж.Т.1.107-б]-деген жолдардан ассонанс тәсілін пайдалану арқылы өлеңнің мазмұны мен мәнін келтіріп тұрғандығын, керемет дыбыс әуезділігін жасағандығын көрсетеді.

«Күншығыс», «От», «Пайғамбар» т.б. секілді символдық өлеңдері ақынның тілдік тұлғасының көрінісі.

Қысық көзді Күншығыс,
Болсын соңғы бір жүріс,

Күнбатысқа жүрелік.
Желкілдеген туменен,
Жер күңіреткен шуменен
Қаласына кірелік.
Күл қылайық қаласын,
Құл қылайық баласын.
Жоқ, жоқ! Ашу басалық!
Гүл қылайық қаласын,
Ұл қылайық баласын,

Мейірім есігін ашалық...-деп ұлт азаттық күреске шақыра отырып, оны адам қанын ағызумен емес дейді. Саясаттан гөрі адамгершілік, мейірімділік идеясын көздейді.

2.Тілдік тұлғаны деңгейлік құрылымда сипаттау

2.1 М.Жұмабаев тілдік тұлғасының күнделікті дәстүрлі тілді меңгеру деңгейі Қазақ сөз майталмандарының тіліне әсер ететін бірінші қайнар көз – фольклор. Мағжан шығармашылығына халық ауыз әдебиеті әсер еткен бірінші бастау екенін өз еңбектерінде фольклор жанрының үлгілері мен деректерін үзбей пайдаланылуы айғақтаса керек. Әсіресе, «Ертегі», «Жүсіп хан», «Өтірік ертегі» дастаны –шығыстық сюжет, тұспалға құрылған. Ішкі мазмұны халықтық аңыз, ежелгі әңгіме, миф сарындары өзгеше құбылып, жаңа сипаттағы эстетикалық игіліктер жасады.

Ақын өлеңдерінде орыс сөздері көп кездеспейді. Оның орыс тілінде білім алғанын, орыс классиктерін аударғанын және орыс тілі мен әдебиетінен сабақ бергенін ескерсек, орыс тіліне жетік болған М.Жұмабаевтың ол сөздерді қолданбауының өзіндік мәні, қызметі бар. Мысалы, тек «N-ға» өлеңнің көлемінде сол өлеңде баяндалатын кейіпкерлердің толық болмысын беру үшін орыс тілі арқылы шет тілінен енген: граф,мсье, пардон, мамзель, философ, экономист, артист, поэт, героина, идеал сөздерін қолданады да, кемесер, жағырафия, гүбірнатыр сөздерін қазақ тілінің заңдылығына сай жұмсайды.

Мағжан шығармаларындағы оның тілдік тұлғасының тағы бір қырын көрсететін құрал - риторикалық сұраулардың қолданылуы. Риторикалық сұрау бұрыннан келе жатқан ерекшелік болғанымен, қазақ поэзиясында XX ғасыр басында Мағжан өлеңдерінен де көрінеді. Риторикалық сұраулардан оның ұлтжанды тілдік тұлғалық қыры ашылады. Бұдан «қазақ жері, алаш, ер азамат, үй, түрік» концептілері айқын көріністе жүйе құрайды. Мысалы: «Жан сөзі» «Түркістан», өлеңінде «ба» «бе» сұраулық демеуліктері қайталама құрайды:

«...Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?..»

3.«Сүю» концептісі. Ақын танымындағы махаббат – бар дүние болмысына, барша адамзат баласына деген сүйіспеншілік. Ақын өзінің жырласа да, ғашықтықпен жырлайды. «Педагогика» оқулығында өзінің елін сүюі, яғни еліне жауыздық тілемей, ізгілік тілеу, пайда келтіріп, зиян келтірмеуді әрбір адамның қасиетті борышы ретінде атап көрсетеді: «адамның шын мағынасымен адам болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, Жалпы адамзатты сүюі шарт», – дейді.

М.Жұмабаевтың шығармаларындағы «сүю» концептісінің өзегін бұл ұғымның ғалам бейнелеріндегі түсіндірілуімен сабақтастықта берген мағыналары құрайды. Жобада ғаламның діни-мифологиялық бейнесіндегі, ғаламның тарихи бейнесіндегі, ғаламның философиялық бейнесіндегі, ғаламның психологиялық бейнесіндегі махаббаттың модельдері сараланып, ол түсініктер ақын мәтінінде төмендегідей түрде көрініс табады: а) Аллаға деген сүйіспеншілік: «Зор Тәңірі күштісің сен, сенеміз біз, Әділ деп әр ісіңе көнеміз біз»; ә) Тәңір адамды махаббаттан жаратқан: «Махаббат, рахмет теңізің, Жаратты Тәңірі әйелді». б) туған елге, туған халқына деген сүйіспеншілік: «Алаш деген елім бар. Сол елімді сүйемін»; в) туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік: «Сарыарқа деген жерім бар. Сол Арқамды сүйемін!», «Асқарға аспан төніп еміренген. Керіліп бұлтпенен бал алысқан». г) анаға деген махаббат: «Көрше ауыр күрсінер, Менің бір қарт анам бар, Неге екенін білмеймін, Сол анамды сүйемін!»; д) досқа, бауырласқа деген рухани махаббат. Ақын шығармаларындағы бұл махаббат түрінің көрінісін оның М.Дулатовқа арнаған өлеңдер циклінен және т.б. өлеңдерінен көруге болады; ж) жарға деген махаббат: «Білгені – қазан-ошағы, Жабайы ғана жарым бар, Сол жарымды сүйемін!»...

Қорытынды М.Жұмабаев тілдік тұлғасын тану оның тек көркем мәтіні ғана емес, тұтас шығармашылығы (ғылыми еңбектері, мақалалары) негізінде жасалатын дискурсы арқылы жүзеге асуы тиіс. Осымен байланысты М.Жұмабаевтың аялық білімінің көрсеткіші, тілдік нормаларды меңгеруінің және оларды қолдануының көрінісі болып табылатын тілдік тұлғасының вербалды-семантикалық деңгейінде шығармаларындағы басқа тілден енген сөздердің қолданылу ерекшелігі мен тарихи контексті сипаттайтын сөздерге назар аударылып, олардың семантикалық мағыналары танымдық негізде айқындалды.

«Фалам бейнесіне» қатысты белгілі бір мөлшерде реттелінген ұғымдар, идеялар, концептерден тұратын М.Жұмабаев тілдік тұлғасының таным деңгейінде «жан», «өлім» және «сүю» концептілерінің біртұтас құрылымды құрап, жалпы дискурстың мән-мағынасын ашатындығы айқындалды. М.Жұмабаевтың прагматикалық мақсаты оның рухани насихатшы позициясынан қазақ қоғамына әсер етуге, қозғау салуға ұмтылысынан көрінеді. Осы бағытта оның шығармаларындағы ұлттық сипатты танытатын жеке авторлық метафоралар мен теңеулер сараланды. Шығармаларда берілген ақпараттардың қосымша, жаңа мағыналар үстейтіндігі көрсетіліп, афоризмдердің мағыналары айқындалды. Тілдік тұлғаны толықтай тануға мүмкіндік беретін таным және прагматикалық деңгейлерде қарастыру М.Жұмабаевты бір жағынан педагог, аудармашы, ғалым, журналист болып табылатын нақты тұлға мен екінші жағынан психологиялық, философиялық, біліммен қаруланған ақын, суреткер, көркемсөз шебері тілдік тұлғасы біріктірілген тілдік тұлға ретінде тануымызға негіз қалайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 264 с.
- 2 Манкеева Ж.А. Абайдың шығармалары тілін «тілдік тұлға» тұрғысынан зерттеу мәселелері // Қазақ филологиясы: егіз негіз (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: Арыс, 2010. – 352 б.
- 3 Нүрдәулетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі: филол ғыл докт. ... дисс. – Алматы, 2008. – 328 б.
- 4 Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 276 б.

ЫМ - ДЫБЫССЫЗ АҚПАРАТ БЕРУ ҚҰРАЛЫ

ОЛЖАБАЙ А. А., РЫСЫМБЕТОВА Д. М.

5 сынып оқушылары,

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы, Ақсу қ.

Ым – көзбен, қолмен берілетін дыбыссыз ишарат белгі. Дыбыстық тіл мен ым тілінің басты айырмашылығы ойдың айтылып, жеткізілу тәсілінде.

Қарым-қатынаста ым-ишаралардың халықаралық және баршаға түсінікті түрлері де баршылық. Мысалы, адам өзгенің өзіне назар

аударуын немесе оның қойған сұрағына жауап беруін өтінуді білдіретін ым-ишара – қолын көтеру болып табылады. Алайда бұл көптеген ым-ишаралар барлық халықта бірдей түсінікті, бірдей мағынада қолданылады бермейді. Бір халықтың қарым-қатынасында қолданылатын ым-ишаралар, басқа бір халықта түсініксіз болып келуі де мүмкін. Амандасу кезінде адамдар бір-бірімен қол алысып амандасады. Бұл – баршаға бірдей түсінікті ым-ишара.

А. Пиз бір халықтың коммуникациясында қолданылатын белгілі бір ишара санау ұғымын білдірсе, басқа бір халықта дәрекі қимылды немесе мүлдем басқа мағынада қолданылатын ымды аңғартатындығы туралы жазады [1,15]. Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, тілдегі ым, белгілер біріншіден, бірінің тілін бірі білмейтін халықтардың арасындағы қатынас құралы қызметін атқарады. Мысалы: «бас бармағын» көрсету ишараты қазақ және орыс, қытай, корей, Ұлы Британия халықтары тілдерінде «қарайсың», «керемет», «күшті», «тамаша» сияқты сөздерінің орнына қолданылса, Австралия, Жаңа Зеландия елдерінде осы мағынасымен қатар «барлығы жақсы» және көлікті тоқтату кезінде қолданған. Аталған ым-ишараттар барлық елде бірдей мағынада қолданылмайды. Мәселен, Болгарияда адам басын шайқау арқылы «иә» дегенді білдіріп, басын изеу арқылы «жоқ» дегенді білдірген. Арабтар «жоқ» дегенді білдіргенде басын артқа шалқайтып, таңдайын қағады, малайлықтар тек көзін ғана жұмады [1,16].

Ым-ишаралар қарым-қатынас кезінде ойды, пікірді нақтылай түсу үшін қолданып, сөзбен тығыз байланысты бола келіп, ойға түрліше реңк береді және нақтылайды, сөйтіп оның дұрыс қабылдануына ықпал етеді. Осы сияқты ойды дәлме-дәл беруде ым белгілі бір сөзбен айтылатын ұғымды алмастыра алады. Мысалы: қасын керу, көзді барынша ашу, ерін шығару, ауыз ашылу адамның таң қалғандығын білдіреді. Ал ашу-ызаны білдіруде қабағын түю, маңдайын тыржиты, көздерін сығырайту, ернін жымқыру немесе тістеу сияқты ишарамен түсінідіріледі. Бірақ бұл ишарат кей жағдайда басқа мағынада да қолданылады. Мысалы: Академик үндеген жоқ, қабақ түйіп тұрып қалды (С. Ерубәев. Менің құрдастарым, 133б.). Бұл жерде «қабағын түю» арқылы академиктің қатты ойға берілгендігін көрсетеді.

Сондай-ақ, қуаныш езуліктердің сәл жоғары көтерілумен және жұмсақ жымыспен беріле алады. Ым тек бір сөзді ғана емес, сонымен қатар тұтас бір сөз тіркесі немесе сөйлемдерді де білдіре алады. Мысалы, біреуден біреу хал-ахуалын сұрағандай болса, ол

бас бармағын көрсетумен «жақсы» дегенді, қолын сілтеумен соған керісінше «мәз емес» деген ұғымды білдіре алады.

Жер бетінде ым тілін қолданбайтын бірде бір адам жоқ. Колумбияда 2000 ым-ишараның мағынасын ашып түсіндіретін арнайы сөздік те құрастырылған. Көптеген ым-ишаралар бізге ежелгі дәуірден жеткен және оның өзіндік тарихы да бар. Келісу мен келіспеуді білдіретін жоғары көтерілген немесе төмен бағытталған бас бармақ ежелгі римдіктердің қарым-қатынасында қолданылып, өзіндік мағынаға ие болған. Жекпе-жектің аяқталғанында император гладиатордың жанын сақтап қалу не оның өмірін қию туралы ақпаратты осы ишараны қолдану арқылы білдірген [1,23].

Атап айтар болсақ, америка және басқа да халықтар коммуникациясындағы ым-ишараттарды зерттеген А. Пиз, орыс және неміс тілдеріндегі бейвербалды амалдарды қарастырған И.А. Стернин, жапондықтардың күнделікті тұрмысындағы паралингвистикалық амалдарды зерттеп, зерделеген П.С. Тумаркиннің және т.б. ғалымдардың еңбектерінен ым-ишараттар туралы жазылған мәліметтерді кездестіруге болады. Алайда қазақ тіл білімінде осы мәселеге арналған ғылыми тұрғыдағы еңбектер мен зерттеулердің қатары жоқтың қасы.

Бейвербалды амалдар, яғни ым арқылы ойды жеткізу турасында зерттеуші Ж.Нұрсұлтанқызы өзіне дейінгі ғалымдардың пікірлерін саралай келе, бейвербалды амалдар вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынастың түрі деп көрсетеді [1, 86].

Дыбыстық тіл – адам баласының бір-бірімен пікір алысу, қарым-қатынас жасаудағы ең басты құралы болғанымен, олар тек сөз арқылы ғана емес, сонымен қатар дененің түрлі қимыл-қозғалысы, таңба, белгі сияқты амалдар арқылы да түсінісе алады.

Тілдегі осы сияқты таңба, ым мен ишарат, пантомимо тілімен қарым-қатынас жасауын зерттеу теориялық та практикалық жағынан маңызды. Коммуникацияның бейвербалды амалдарына байланысты Ж. Аймауытов беттің ымын мимика, ал ымдасуды пантомимо деп атап, олардың өзіндік ерекшеліктерін сипаттап, нақты мысалдармен дәлелдейді. Тілші ғалым Т. Қордабаев: «Ым тілі жасанды емес, ол ұрпақтан ұрпаққа ауысып, мұра ретінде беріліп отыратын табиғи құбылыс. Шарттылық ым тілінде тым елеусіз, сондықтан ол негізінде интернационалдық құрал, оны бірінің тілін бірі білмейтін адамдар да түсіне алады. Барлық халықта жұдырық көрсетуді қорқыту деп, қол

бұлғауды шақыру деп түсінеді. Сөйленістің вербалды тәсілдерімен бірге жүретін кинесикалық, проксемикалық, просодикалық амалдар мен қимылдар лингвистикада бейвербалды қатынастың құрамында болатынын түсіндіреді. Паратілдік құралдар да дыбыстық сөздер сияқты өте тиімді және ынғайлы болып есептеледі. Шынында да, адамдар бірін-бірі белгілі бір дыбыстар арқылы ғана емес, қимылдар арқылы да түсінісе алады [2,234] десе, тілтанушы Б. Момынова мен С. Бейсенбаевалар: «Дене тілі, ым мен ишарат – тілдің әлеуметтік, психологиялық лингвистика сынды салаларының фактілерін салыстыра, салғастыра отырып, кешенді зерттеуге қол жеткізуге болатын, қазақ тіл біліміндегі теориялық тұғыры әрі толық анықтала қоймаған жаңа сала. Кейбір ым мен ишараттың тұтас сөйлем немесе сөз, фраза орнына жұмсала беретінін ескерсек, қазақ тілінің лексика, синтаксис және фразеология, семантика салаларын зерттеуде әлі толық пайдаланылмаған, бірақ пайдалануға тиісті материал екені айқындалып шыға келеді» [3,7] деген тұжырым жасайды.

Ым - тіл пайда болмай тұрғанда сөйлесім (разговор), тілдесім (общение), қатысым (коммуникация) қызметтерін атқарған, белгілі бір топқа ғана түсінікті құрал «Ым» дегеніміз біздің түсінігімізше, адамның басын изеу, иек көтеру, көз қысу, қарашығын жылжыту, қас керу, қабақ шыту, ерін шығару, езу тарту арқылы екінші адамға үнсіз, дыбыссыз ақпарат беруі. Ым адамзат дамуының алғашқы сатысынан бастап, бүгінгі күнге дейін адамдармен бірге өмір сүріп келеді.

Ишара- бұл да тіл пайда болмай тұрғанда сөйлесім (разговор), тілдесім (общение), қатысым (коммуникация) қажетін өтеу мақсатында дүниеге келген, ақпараттандыру қызметін атқарған, белгілі бір адамдарға ғана түсінікті дыбыссыз әрекеттің бірі. Ишара деп – адамның бет-әлпеті және екі қолы, он саусағымен белгілі бір мағынасы бар қимылдар, әрекеттер арқылы дыбыссыз ақпарат беруін айтамыз. [4,125]

Ишарат. Ең сәтті туған ишаралар көпке ортақ мән мен мағынаны бере алатын болса, онда ол жалпылық сипатқа ұласады да, бара-бара көпке ортақ түсінікті бір ғана ұғым беретін ишаратқа айналады. Яғни, ишарат дегеніміз – белгілі бір адамдар тобына немесе тұтас ұлтқа, болмаса бірнеше халыққа, әйтпесе, бүкіл адамзатқа ортақ ақпараттық ұғым бере алатын қалыптасқан қимыл-қозғалыстар жиынтығы.

Белгі де – дыбыссыз ақпарат берудің түрі. Ол да белгілі бір ортада ғана түсінікті шартты әрекет ретінде өмір сүреді.

Жол жүру ережелерінің жалпыға ортақ, әрі халықаралық қалыпқа түскен ишараттар да дыбыссыз ақпарат берудің бір үлгісі. МАИ қызметкерінің жол қиылысының ортасында тұрып, қолындағы таяғымен жол нұсқау түрлері немесе спорт ережелерін сақтауға байланысты төрешілер қолданылатын ишараттар да дыбыссыз ақпарат беру ғана емес басқару және дегенін істету қызметін де атқаратынын бәріміз білеміз.

Ым, ишара, ишарат әлемдік ақпараттану ғылымында қатысымның (коммуникацияның) қимыл-қозғалыстық түріне жатқызылады.

Мұндай өнер қазір сөйлеу қабілеті жетілмеген, тілінің мүкісі бар ортада өз өрісін тапқан. Олар да айтайын деген ойын қол қимылдарымен жеткізу барысында өз қоғамының санасына әсер ету арқылы мемлекеттік мүдделерге қызмет етеді. Қимыл-қозғалыс арқылы ақпарат беру, тарату нәтижесінде қоғамдық санаға қозғау салу өнерін қимылсөз деп атаймыз. Қимылсөз деп, сондай-ақ, қоғамдағы күрделі мәселелерді мемлекеттік, ұлттық, бұқаралық мүдде тұрғысынан қозғау әрі оларды шешу жолдарын түсіндіру және сол іске жұмылдыру үшін әлеумет алдында қимыл-қозғалыс арқылы жеткізілген пәрменді сөзді айтамыз.

Карикатура (итальянша caricatura, caricare – ұлғайту, әсіре бейнелеу) – өмірдегі жағымсыз құбылыстарды, жеке адамдардың бойындағы кемшіліктерді әшкерелеу мақсатында әзіл-оспақ, сын-сықақ, әжуа-мазақ, шарж, гротеск құралдарын қолданатын көркем бейнелеу тәсілі, бейнелеу өнерінің (негізінен, графика) жанры[5]. Бір адамның карикатуралық портреті шарж деп аталады. Онда әлгі адамның мінезін ашып беретін белгілі бір сипаты әдейі әсерленіп суреттеледі. Сол суреттен ешбір дыбыссыз-ақ мол түсінік алуға болады. Ендеше карикатура ыммен дыбыссыз ақпарат беріп тұр емес пе?



Бейбітшілік таңбасы іспетті смайликтерімізді қоймай пікір, блог жазу әсте, қиын. Смайликтер тарихына үңілсек, ағылшын ғалымы Скотт Фалман :):(секілді смайликтерімізді алғаш болып қолданды. Ал режиссёр Ингмар Бергманнің смайликтерді өз киносына қолданғаны сол еді, ол әлемге таралып, екі қара нүктесі бар сары түсті смайлик тіл жетпейтін нәрселерді дөп жеткізіп, сүйкімді көмекшімізге айналды[5].

Алғаш рет смайликті пайдаланған хабарлама 2002 жылы пленкада сақталған хабарландырулар тақтасының мұрағатынан

табылды. Осы хабарламаны табу, сол арқылы смайликтің пайда болған күнін анықтау мақсатында ұйымдастырылған «сандық археологиялық қазбаларға» көптеген адамдар қатысты. 25 жылдың ішінде смайлик электрондық қарым-қатынастың айнымас белгісі болып қалды. Ол чат немесе электрондық поштамен қарым-қатынас жасауда дауыс интонациясы мен ым-ишараның жетіспей тұрғанын түсінді. Смайликтер әңгімелесушіні дұрыс түсінуге, оның көңіл-күйін байқауға көмектеседі, әріден соң олар өте қызық және жағымды эмоция тудырады.

Ендеше смайликтерді қолдыну да дыбыссыз ақпарат беру, яғни ым тілі қатарына жатқызуға сұранып тұрған құбылыс.

Халқымыз әрекетпен, күшпен, ірі іс-қимылмен немесе пәтуалы сөзбен ғана емес, бет пішінімен, дене қимылымен үнсіз отырып-ақ ойды, пікірді айқын танытып, шаруасын тындыратын болған.

Осындай дағды, ым-ишара арқылы адамдар келісу, ашу-ыза, уялу, жеңілу, жеңу, қайғыру, қуану т.б. көңіл-күйлерінің көріністерін білдірген. Қазақтың осындай дағдыға айналған ым-ишараларының көбі күні бүгін де қолданылады. Дегенмен, заманның әртүрлі өзгерістеріне орай мұндай әдет дағдының біразы ұмыт та болды.

Халықтың мінез-құлқын жақсы білетін тәжірибелі адамдар әр адамның жүріс-тұрысынан, іс-әрекетінен, қас-қабағынан оның көңіл-күйін айтпай-ақ сезіп-біліп отырды. «Қабағың ашық қой»; «Екі езуі екі құлағында» -деп оның көңілділігін, «Иығың түсіп кетіпті ғой»- деп жабырқаулы жайын сезе қояды.

«Жақсы» дегенді бас бармағын көрсетіп, «жаман» дегенді қолын сермеп, мұрын тыржита салатын да әдет бар.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты жаңа форматта жарық көрген көптомдық энциклопедиясында (Алматы, 3-том, 2013ж., ғылыми редакторы - Н.Әлімбаев) былай атап көрсетіледі: «Үй иесі жолаушылап кеткен үйге келген бөтен ер адам «этикеттік норма» бойынша қонуға басқа үйге барады, бірақ «қайта соғатынын» білдіріп, қамшысын тастап кетеді. Үй иесі келген соң, әлгі адамның қамшысына қарап, кім екенін жорамалдайды, арнайы шақырып, келген шаруасын, бұйымтайын сұрайды. Ел арасындағы әдепке байланысты бұл салтты қамшығастар деп атайды. Қыз көре келген адамның қыз әкесінің үйіне қамшысын қалдырып кетуі «құда болыссак» дегенді білдіреді» (6,420).

Қазақта адам сұқтана қараса, жақсы заттардың қасиеті кемиді, тіпті одан айы-рылып та қалуы мүмкін деген нанымға орай көзді жанылдыру үшін жас баланың бас киіміне, бойжеткен қыздың өңіріне

жылтырақ бұйымдар (асыл тастар, сәнді түйреуіштер) тағылып, кейде баланың мандайына күйе жағылған. Мәуелі жеміс ағаштарына, көрікке, төрт түлік малға қызыл шүберек байлау салты болған (7,181).

Қазақтың қарым-қатынас жасау мәдениетіндегі мұндай ым-ишарат әрекеттері ұлттың рухани келбетін, таным шеңбері мен талғам өресін танытады. Көпіріп сөйлеп жатпай-ақ, кей жайтты ишарамен ұғындыра алатын осындай ибалы мінезімізден айырылып бара жатқанымыз қандай өкінішті? Заманның өзгеруіне орай елдік санада қалыптасқан құндылықтар жүйесінің де өзгергенін көз көріп отыр. Ана сүтімен, әке тәлімімен берілетін ұлттық тәрбие ұстындарының бүгінгі ұрпақ санасынан білдірмей ығысып, ұмытылып бара жатқаны ойландырады. Осы бүгін ым-ишаралардың қаншалықты деңгейде қолданылатынын білу үшін өз сыныбымызда сауалнама жүргіздік.

Ең көп қолданатын ым түрін ата

Ата-анаңның қандай ым, ишаралары бар?

БІМ мен ишаралар түрін жиі қолданасың ба?

Мұғалімдердің қолданатын қандай ым-ишаралары бар?

Достарыңмен араласқанда қандай ым-ишараларды сөзсіз түсінесіңдер?

Қорыта айтқанда, ым тілі қарым-қатынас кезінде тілдік амалдармен қатар қолданылып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты жеңіл іске асырып, біреудің ойын екінші адамға түсінікті, жан-жақты жеткізуге ықпал етеді. Түйіндей келгенде, талдау жұмысы бойынша төмендегідей қорытындыға келуге болады:

БІМ тілі ақпаратты қабылдау, өңдеу арқылы жаңа сапада жаңғырта отырып, таным мен мәдениет сабақтастығын дәлелдейді.

Айтылған сөздің астарындағы мәніне үніліп, сырын аңдау сөз баққан қазаққа міндет болған. Тіпті ашық айтылмай-ақ, ым мен қимыл арқылы берілген ойды аңғару дала қазағына қиынға соқпаған, Ашып айтса, әбес көрінетін көкейіндегі емеурінін атап айтпай-ақ, белгілі бір іс-қимылдың не құралдың көмегімен жеткізіп отырған. Ендеше зерттеу жұмысымыздағы мәліметтерді тіл және әдебиет пәндерінің факультатив сабақтарында қолданып, ұлттық құндылықтармызды сақтауға, дамытуға атсалысайық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Нұрсұлтанқызы Ж. О. Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар: Ф.ғ.к. ...авторефераты. – Алматы, 2006 – 29 б.

2 Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Мектеп, 1987. – 124 б.

3 Момынова Б., Бейсенбаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша сөздігі. – Алматы, 2003. – 280 б.

4 Байтұрсынов А. Тіл құралы. – Алматы: Мектеп, 2004. – 1256.

5 <http://ru.wikipedia.org> сайтының материалдары

6 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 4-том. Алматы: РПК «Слон», 2013.-736 б.

7 Байғұтова А. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. А., 2008.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ РОМАН ЖАНРЫ

ӨМІРЗАҚ Ғ.

9 сынып оқушысы, № 204 мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы
АЙГЕЛЬДИЕВА А. С.

орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 204 мектебі,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Ғұмырнамалық көркем шығармалардың типологиялық ерекшеліктері қарастырылған. Жалпы атауы «ғұмырнамалық» проза деп аталуына қарамастан, бұл ыңғайдағы туындылар іштей ғұмырнамалық (автобиографиялық), мемуарлық, эпистолярлық болып жүйеленеді. Олар бір-бірімен табиғаты жақын, әрі бір шығармада элементтері араласып келе беретіні тағы бар. Ішкі жанрлық жүйеде «ғұмырнамалық» шығарма деп, көбіне белгілі бір қоғамда өмір сүрген даңқты адамдардың өмірінен жазылған деректі туындылар аталады. Айталық, кешегі кеңес өкіметі кезеңінде дүние-ғаламның даңқты тұлғалары өмірінен жазылатын «Жизнь замечательных людей» сериясы бойынша 1933 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін жарық көріп келе жатқан деректі кітаптар сериясын ғалымдар осыған жатқызады. Бұл – мейлінше кең, тынысты серия. Сонымен қатар осы сериямен сабақтас «Жизнь в искусстве» (1967 жылдан жарық көреді) сериясы да болып саналады. Ол – бірыңғай өнер адамдары өмірін арқау ететін деректі туындылар жүйесі. «Жизнь замечательных людей» сериясын «Өнегелі өмір», «Тамаша адамдардың өмірі» деп тәржімалап жүрміз. Аталған серия бойынша Мәскеудегі «Молодая гвардия» баспасынан қазақтың айтулы азаматтарына байланысты (Шоқан, Сәкен, Қаныш т.б.) деректі ғұмырнамалық туындылар жарық көргені мәлім. Өзге

жанрлардан мұның ерекшелігі – қоғамда данққа бөленіп өткен тұлға жайында дербес автор (өзге адам) жазады. И. Стрелкова – Шоқан Уәлихановтың, Тұрсынбек Кәкішұлы – Сәкен Сейфуллиннің, Медеу Сәрсекеев – Қаныш Сәтбаевтың өмірі туралы жазды. Біз бұл орайда «Бүкілодақтық» өреде жарық көрген туындыларды ғана айтып отырмыз. Қазақ әдебиетінде ғұмырнамалық прозаның небір асыл үлгілері бар.

Сонымен қатар ғұмырнамалық шығармалардың тағы бір жүйесі – «автобиографиялық» туындылар. Әдебиет тарихында небір тамаша автобиографиялық роман, повесть, әңгімелер жазылған. Бұл жүйедегі шығармалардың авторы кейіпкері атының өзі-ақ айтып тұрғандай – өмірі сипатталатын адамның өзі. Автобиографиялық туындылардың бір ерекшелігі – автор мен кейіпкер бір болып келеді. Автор көбіне өз өмір дерегінен ауытқымай, формасын тауып сөйлейді. Алайда, қоғам өмірін жан-жақты қамтып, эпикалық тыныс алып, кең құлашты суреттеуге бара бермейді. Көбіне-көп шығармалардағы уақыт және кеңістік туралы толғамдарды өмірінен өріп шығады. Автобиографиялық шығармалар көп желілі болмай, көбіне бір-екі тармақты ғана болып өрістейді. Мәселен, Дат жазушысы Андерсен Нексенің «Автобиографиялық повестері», Ғабит Мүсіреповтің өз өмірінен жазған шағын формалы туындысын «Автобиографиялық әңгімесі» деп атағанын білеміз.

Ғұмырнамалық шығармалардың тағы бір жүйесі – мемуар. Мемуар жанрында роман, повесть жазыла береді. Ғұмырнамалық туындылардың бұл жүйесі авторға мейлінше еркіндік береді. С. Айнис, Андрей Белый, Александр Бенуа, Сәбит Мұқанов мемуарлық шығармаларын деп атауға болады. Онда қоғам өмірі басты кейіпкер өмірімен телқабыс алынып, оның қабатында көп желі жарыса қатар тартылып, егізделе суреттеліп кете барады. Кейіпкер табиғаты да эпикалық тыныспен беріліп, характері жан-жақты ашыла береді [1, 259].

Біз ғұмырнамалық проза дегенде, осының автобиографиялық жүйесіне ден қоямыз. Біз талдайтын шығармалар автобиографиялық сипатта.

Әдеби – көркемдік бастауы тым тереңде болған ұлттық ғұмырнамалық шығармалар уақытпен, дәуірмен бірге алға жылжып, дамып келеді. Жалпы атауы ғұмырнамалық деп алынған туындылар іштей көркемділік – мазмұндық үйлесімі мен формалық баяндауына, жүйеленуіне қарай бірнеше түрге бөліп қауға да болар еді. Мәселен, Ұлы адамдар, ғалымдар, қайраткерлер, жазушылар ғұмырын негіз еткен шығармаларды тек мемуар жанрына жатқыза салу әсте ұтымды емес. Қазақтың ұлттық тарихы мен әдебиетінен өз орнын алған

әл-Фараби, А. Құнанбаев, М. Өтемісұлы, С. Торайғыров, Т. Рысқұлов т.б. даңқты жандардың өмір тарихынан жазылған дүниелердің негізгі концепциясы жарқын ғұмырдың жаратылысын ашу болғанмен авторлық танымға да мол мүмкіндік беріледі. Бейнелеу ерекшелігіне қарай бұл шығармаларға негізгі фабула өмірлік жол болса да, барлығын ғұмырнамалық жанрға жатқызуға әсте келе бермейді. Бұларды тарихи тұлға өмірінен жазылған көркем туындылар деп қараған жөн. Қазақ ғұмырнамалық шығармаларының кемеліне келгеніне қарамастан, жанрлық жағынан әлі де ара жігін ажырататын мәселелер аз емес [1, 301].

Ғұмырнамалық – көркем проза кейіпкердің өмірнамасын бейнелеумен ерекшеленеді. Бұрынғы кеңестік және қазіргі ұлттық әдебиеттегі эстетикалық талдау осыны дәлелдейді.

Бүгінгі қазақ мемуаристикасының қалыптасу жайы бүкіл әлем әдебиетінің озығынан, орыс әдебиетінен оқу арқылы жетіле түскен. Ол ұлттық әдебиетіміздегі мемуарлық дәстүрлердің негізгі жолын ескере отырып, күрделене жаңарған, жаңа мазмұнмен түлеп, мәселен деп бағытта түрлене көркейген жанр. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері назар аудартады. Ескерткіш бойынан биография мен естелік элементтерінің үшқиндарын табамыз. Бұл бүгінгі мемуаристикамыздың, оның ішінде ғұмырнамалық форманың ұлттық саласы сонау көнеден екенін еске алғызады. Алғашқы мемуар үшқиндарының туу себептері ескерткіш авторларының соңына белгі қалдыру ғана мақсатынан емес сияқты. Тоныкөктің «Түрік білгіш қағанының еліне осы ескерткішті бағыштаған, Мен» – деуінде халыққа тәрбиесін мирас етпегі де, үлгі етіп ұрандауы да жоқ еместей. Мүмкін мұндай ескерткіш қалдыру сол кездің дәстүрі үшін аса маңызды болған тәрізді. Орхон-Енисей жазбалары сияқты ескерткіштердегі өмірбаян элементтері сол болған адамның өзі туралы айтқандарына жүйеленеді.

Көркем шығарманың табиғатына әсер ететін негізгі факторлар саясат, қоғам, идеология, тарихи жағдайлар өзгергенде, көркем туындылардың келбеті де өзгеріске түсетіні белгілі. Әсіресе, мұндай факторлық әсердің ерекше күштілігін Кеңес өкіметі орнап, Коммунистік партия билеген кешегі социалистік қоғамдағы әдебиеттерден көреміз. Мұнда тұтас дәуірге татитын ұлы өзгерістердің қалай орнағанын, қалыптасып өркендеуін, нәтижесінің мәнін ашып көрсететін шығармалар жазылған.

Егер сол кездегі «Тар жол, тайғақ кешу», «Өмір мектебі», «Орындалған арман», «Көз көргенде» негізгі кейіпкерлер

автордың өзі болса, «Аспандағы айқас», «Халқым үшін» т.б. автор өзге тұлғалар ғұмырын бейнелейді. Мұның өзі соңғы мемуар кейіпкерлерінің жалпы ерекшелігін белгілейтін де фактор. Осыдан автобиографияның мазмұнына материал беруші де, дәуір идеологиясын ғұмырнаманы өзгеріске келтіруші екені байқалмайды. Олай болса мемуар сипаттауына да азды-көпті болсын өзгертудің еніп отыруы (кейіпкерлері, объект нысанасы, адам психикасы, адам санасы т.т.) мүмкін жайлар.

Қазіргі қазақ әдебиетінде көркем ғұмырнамалық романдар («Тар жол, тайғақ кешу», «Өмір мектебі», «Көз көрген», «Орындалған арман», «Ұстаздың оралуы», «Қыран қазасы қияда» т.б.), повестік («Ұшқан ұя»), очерктік («Халқым үшін», «Аспандағы айқас»), әңгімелік («Менің өмірбаяным»), новеллалық («Офицер күнделігі», «Мәңгілік өмір», «Айналайын»), поэзиялық туындылар («Менің өмірім», «Алғашқы адым», «Жолда») т.б. мемуаристиканың қазақ әдебиетінде орныққан түрі. Көлемі және түрі жағынан қазақ ғұмырнамалық шығармаларының мазмұндық ауқымы да, тақырыбы да алуан. Зерттеу объектісіне келу де, ғұмырнамалық мотивтің берілуі де әр түрлі. Мәселен «Өмір мектебі» желісі ғұмырнамаға құрылған. Мұндағы естелік суреттеулер – ғұмырнаманы ашу ретіндегі тәсілдер. Ал «Тар жол, тайғақ кешу» қоғам өмірінің сан түрлі тартыстарын суреттеу жағдайында басталып, ғұмырнамалық жайды ішкі мазмұнына қарай орайластырады. Кей шығармаларда ғұмырнамалық шығарма соңына дейін бұлтарыссыз, өзге тәсілсіз бір қалыппен қозғалады.

– Балалық шақтан баяндай келетін шығармалар автобиографиялық – ғұмырнамалық болады. Ал «ғұмырнамалық детальдары аз және кейіпкер өмірдің есейген сәтінің бір мезеттік сәттерін (мейлі көп жылдар болса да) үзік-үзік оқиғаларын қамтитын мемуарлар-мемуар естеліктер» боп қарастырылуы жөн [3, 56].

Мемуар түрінің осындай ғұмырнамалық түрлері жиі кездеседі. Ал, балалық шағы баяндалғаннан бастап, соңғы белестерді жазушының ұсынуы – еркіндегі іс. Мәселен, С. Мұқановтың өмірінің есею жылдарын ұсынуы – мемуарды тіпті таяу мерзімге дейін жазуға болатынын көрсетеді. Бірақ, С. Мұқанов мемуарлық шығармасын одан әрі созбады. Мұндай жағдай Л.Н. Толстойда да болған. Ол жөнінде Л.Д. Опульская былай дейді: «Кейіннен «Есею жылдары» туралы толғана отырып, Толстой өзі қолданған «автографияның сарынына көңлі толмайтындығын байқап, ойға алған романын жалғастырмауға ниет етеді»

Ө. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» ғұмырнамалық романының негізгі композициялық дінгегі автордың өзі әңгімелейтін естеліктер болса, олардың берілу формаларының өзі біркелкі емес. Автордың бірыңғай баяндаудан гөрі формалық түрлендіруге басымырақ мән бергені көрініп тұр. Айтылып отырған әңгімені растап, бекіте түсу үшін түрлі құжаттарды, баспасөз беттеріне жариялағандарды сыналап кіргізіп отыру – мемуар жанрына тән шығармашылық дәстүр. Бірақ бұлжымастай көрінетін міндетті үрдіс емес. Мұндай құжаттарды көлденең тартпай-ақ жазылған мемуарлық шығармалар қазақ әдебиетінде де кездеседі. Автор алдыңғы айтылған шығармашылық дәстүрді пайдалануға көбірек ден қойған деуге болады [7, 99].

Бұл дилогияның анықтамасына «естелік-мемуар» деген атау өзінен-өзі сұранып тұр, шығарма табиғатына байланысты солай деп жіктегеніміз қолайлы деп ойлаймыз. Туындының жазылу формасындағы өзгешеліктің қандай көркемдік-идеялық мәні бар деген сұраққа келетін болсақ, осы соны форма арқылы автордың ең алдымен оқырманды өзіне тарту жағына күш салғаны байқалады. Белгілі бір тұлға жайында (айталық, бұл арада Ғабит Мүсірепов) әңгімелей отырып, жазушы көбінесе сюжеттік желілерді өз төңірегіне қарай құрады, одан қалса, қойын дәптеріне жазып алған әртүрлі әңгімелерді тізбелеп, жайып салудан да тартына қоймайды [7, 156].

Ө. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» ғұмырнамалық романындағы шығармашылық маңызды факторлардың бірі – автордың жазушылық лабораториясының ашылуы. Ұсынылып отырған кітаптың қалай өмірге келгенін әңгімелеп берумен шектеліп қалмай, айтып келе жатқан әңгімесін шығарманың кез келген тұсынан автор өзінің жазушылық лабораториясына қарай икемдеп бұрып алуға бейім. Мұндай үрдіс екі кітаптың да өн бойынан анық бой көрсетіп, атойлап отырады. Әсіресе өзінің күнделік сипатындағы жазбаларына оралып соға береді.

«Мен және менің замандастарым» өмірбаяндық романының авторы Ө. Нұршайықов өзінің шығармашылық өмірінің жарқын жақтарынан гөрі көлеңкелі тұстарын, ағалары мен әріптестерінен көрген қорлықтары мен қиянаттарын басымырақ суреттеп кеткен. Және осы бағытта айтылатын әңгімелердің оқылуы қызық, автор тарапынан жасалатын тұжырымдар да субъективизм нышандары байқалғанымен, оқырманға ой салып, пікір түйетіндей деңгейде.

Өткен оқиғаларды дәлдікпен тірілте білуде мұндай жазбалардың атқаратын міндеті ерекше болатындығы көрінеді. Қазақ жазушыларының

ішінен қойын кітапшаларының жәрдемі жайлы көбірек айтатындар – Ә. Нұршайықов пен М. Мағауин. Көп жылдар журналист болып қызмет атқарған Ә. Нұршайықовтың мұндай кітапшаларының саны үш жүзден асып жығылады екен. Олардың басым бөлігінің тікелей әдебиетке қатысы жоқ журналистік қолжазбалар болса, М. Мағауиннің «Алтын дәптері» – тек қана әдебиет пен әдебиеттану ғылымының мәселелеріне арналған таза шығармашылық жоспарлар [8, 126].

Мемуарлық шығармалардың басты нысанасы ретінде тарихи тұлға ғұмыры алынып, өмірлік шындықтың көркем бейнесін сомдаудағы нақты деректердің игерілу тәсілдері қарастырылып, бұл еңбекте ғұмырнама жанрының қазақ әдебиетінде даму бағытына тоқталдық. Зерттеу объектісі ретінде алынған Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», М. Мағауиннің «Мен», Қ. Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» романдарындағы өмірлік деректің жанр талабына сай сомдалудағы ерекшеліктерін саралап өту мақсатында, оны екі тарауға бөліп қарастырдық.

«Қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық роман жанры» атты бірінші тарауда қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық формада жазылған шығармалардың түрлік, жанрлық ерекшелігінің пайда болу тарихы мен алғашқы осы жанрда жазылған шығармалардың әдеби негізіне тоқталдық.

Ұлттық әдебиетімізде ғұмырнамалық (мемуарлық) жанрға жол салған С. Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Ф. Мұстафиннің «Көз көрген» романдары, Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі қазақ мемуаристикасын қалыптастырған іргелі туындылар. Әдебиеттану ғылымында аталған шығармалардың жанрлық табиғаты, образдар жасау ерекшеліктері, стильдік сипаттары, психологизм проблемалары жан-жақты қарастырылған. Ғалымдар пікіріне ден қойсақ, бұл шығармалар бір жағынан қазақ әдебиетіндегі мемуаристика жанрын қалыптастырса, екінші жағынан өзінің көркем болмысымен жалпы қазақ романының өсу, өркендеу, көркемдік шебін алуға да ерекше ықпал еткен туындылар. Әдебиетте жаңа жанр туды, қалыптасты. Енді ол дәстүр түзбекке керек. Аталған шығармалардың дәстүрін іздегенде Ә. Нұршайықовтың, М. Мағауиннің, Қ. Жұмаділовтің ғұмырнамалық, яғни автобиографиялық романдарына ден қоямыз. Сол тұрғыда қазіргі қазақ әдебиетінде осы жанрдың бүгінгі жаңаша қалпын ғылыми-әдеби, теориялық тұрғыдан сараптау үшін, Ә. Нұршайықов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділовтердің мемуарлық романдарын алдындағы мемуарлық шығармалармен салыстыра отырып талдау жасадық.

Мемуарлық шығарма автор өмір сүріп отырған қоғамда іргелі өзгеріс, тіпті саяси төңкеріс болып өткен соң, соның сонын ала туындайды екен. Айталық С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Ф. Мұстафиннің «Көз көрген» мемуарлық шығармаларының тууына ХХ ғасыр басындағы қоғамдық-саяси жағдай – 1917 жылғы Қазан төңкерісі, төңкерістен кейінгі қоғамдық өзгерістер, ел өміріндегі әлеуметтік жағдайдың басқа арнада дамуы ықпал еткен. «Тар жол, тайғақ кешу» – саяси күрес-көтерілістер ізі суымай тұрып, іле-шала жазылса, «Өмір мектебі», «Көз көрген» араға біраз уақыт салып барып жазылған. Ал, Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», М. Мағауиннің «Мен», Қ. Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние» аталатын ғұмырнамалық романдарының тууына 1986 жылғы жағдай, қазақ елінің тәуелсіздігін алуы, жаңа қоғамның «өтпелі кезеңнен» сараланып өтуі ықпал еткен-деп білеміз. Әрбір жазушы бір қоғамдық формациядан екінші қоғамдық формацияға елімен бірге өткенде екі дүниені өзара салыстырып ойланады, толғанады, көргендері мен көңілге түйгендерін елеп-екшеп, көркемдік жинақтауға түсіріп шығармада бейнелеуді ойлайды. Өзге көркем туындылар секілді мемуар да солай өмірге келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Толстой Л.Н. Пол. соб. соч. Ясной поляны. – СПб: Гослитиздат, 1949. – Вып. 8. – 544 с.
- 2 Нұршайықов Ә. Өткелдер // Жұлдыз. – 1997.

ШӘКӘРІМ МЕН МӘШҮР-ЖҮСІП КӨПЕЕВТИҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

РАХИМЖАНОВА Р. Т.

11 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы №10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Әдебиет пен өнердің дамуының тарихында адамның тұлғасы әрқашанда қалт етпейтін назарда болады. Қазіргі заманда өмір сүру және болашақ туралы ойлау мүмкін емес адамгершілік сұрақтары, өткеннің сабақтары – ешбір ірі жазушы немесе ақын жібермейтін негізгі тақырыптар осы. Сол уақытта кез-келген суретші шығармашылық міндеттерді шешкен кезде тек өзінің өмірлік

тәжірибесіне ғана сүйенбей, эстетика және философия саласында оның отандық және шетелдік ізашарлары және замандастары қол жеткізген білімдерге де сүйенеді.

Осы мағынада бір кезеңде өмір сүрген екі ұлы дала философтары Шәкәрім және Мәшһүр-Жүсіптің адамның қалыптасуындағы жалпы әлемдік рухани мәдениеттің рөлі туралы ойларының қатынасын қарастыру да қызықты және перспективалық болып көрінеді.

Анық болғандай, ұқсастық моменті кез-келген өзара салыстырудың міндетті шарты болып табылады және Шәкәрім мен Мәшһүр-Жүсіптің эстетикалық жүйелерінің байланысына дейін зерттеу пәнін кемітсе, онда сол факт жеткілікті түрде рельефті анықталады.

Қартайған шағында Шыңғыстауға қоныс тепкен Шәкәрім сияқты, Мәшһүр-Жүсіп те туған Қызылтаудан өз шығармашылығын жинақтап, далалы Ескелдіге кетеді. Ақын өзінің жалғыздығы туралы өкінішпен жазады:

Дружбу с богачами не водил,
Иманов и мулл я сарказмом гвоздил.
Ну, а вокруг песни поют не мои
Я снова одинок, как камень в степи.

(ауд. К.Канапьянов)

Шәкәрімнің мұнды монологы Көпеевтің өлең жолдарына ұқсас келеді:

Верили слухам, что я бай и кулак...
Боясь искренне говорить со мной
Избегала меня молодежь....
А мулла назвал вероотступником
Все ушли от меня, я остался один.....

(ауд. К. Мухамедханов)[1.16]

Жиырмасыншы ғасырдың басында Шәкәрім Құдайбердиевтің шығармашылығы мен Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің шығармаларында діни, эстетикалық, философиялық және психологиялық бастамалардың синтетизмі көрнекті анықталады. Бұл синтетизм – шығармашылық арындарының терең өзара енуі – Шәкәрімнің де, Мәшһүр-Жүсіптің де тұлғаларының тұтастығымен негізделген. Ішкі, рухани-психологиялық фактордың сыртқы - әлеуметтік факторға толық сәйкестігімен.

Ұлттық мәдениетте шығармашылық тұлға өзінің ұмтылыстарын өз бетінше жетілудің, ақиқатты іздеуде рухани жағынан да, көркем ақталуларда да, сондай-ақ әлеуметтік салада, қоғамдық гуманитарлық әрекетте де жүзеге асыру сирек құбылыс. Бұл екі дала данышпандарының тағдырларында осының барлығы үздіксіз

ізденістердің, күрестің, сопылықтың, өз тұлғасымен жұмысының нәтижесінде болды. Көптеген басқа шығармашылық тұлғалардан айырмашылығы (С.Торайғыровтың, М.Жұмабаевтің сергелденге түсуін, А.Байтұрсыновтың жеңіл емес тандауын еске түсірейік) бірінші дүниежүзілік соғыс, екі орыс революциясы, азаматтық соғыс қоғамды жіктеп, қарсылас блоктарда бөлген кезде тарихтың соншама драмалы кезеңінде Шәкәрім Құдайбердиев те, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев те өздерінің адамгершілік, психологиялық тұрақтылығын, позицияның бірмәнділігін сақтап қалды, оның мәні қарапайым халықтың құқықтарын қорғауда, терең және сөзсіз гуманизмде еді. Осы қасиеттердің басқаруына формальді емес діни тәжірибе және екі ұлы тақуы мен аскеттердің ізденушілігі әсер етті.

Шәкәрім мен Мәшһүр-Жүсіптің өлеңдерінде менің елім, менің қазақтарым, менің туған халқым сияқты ұғымдар жиі кездеседі. Ақындар оларды қазақтардың өмірінің әр-түрлі жақтарын баяндаған кезде басты өзек ретінде, негізгі мотив ретінде шығарады. Мәшһүрдің ашуға толы өлең жолдарына қараңыз:

Потерял казах уже треть души
Терпит насилие, купается во лжи.
Пусть слезы вскипят, наконец твои,
И гневом падут на рассадников тьмы.
Ал Шәкәрімнің дауысы өкініш пен күйінішке толы:
О, бедный, многострадальный мой народ,
Что и говорить о тебе, и так ясно,
Но чем помочь?
Нет глаз, чтобы видеть,
Нет слов, чтобы понять,
Ныне у казахов есть имя,
Но нет существа

Өлең жолдары бірімен бірі тек мазмұны бойынша ғана емес, құрылымы мен формасы бойынша да ұқсас екендігін көреміз.

Тоталитарлық режимнің ауыр жылдарында өмір сүріп, Шәкәрім әділдік, жақсылық, ар-намыс сияқты адамгершілік қасиеттердің аса маңыздылығын айтты. Философиялық трактат жанрында жазылған «Үш анық» атты туындысында ол рух туралы, жан туралы ғылыми-материалистік қалыптарды, эстетикалық көз-қарастарды жеткізуге тырысады.

Болмыс және тану, өмір және өлім, адам мен әлемнің туындау проблемалары бойынша. Шәкәрім не туралы ойланса да, ол әрқашанда адамның негізгі критерийлері ретінде ар-намысқа,

адамгершілікке оралады: «...адамдағы нысап, әділет, мейірім үшеуін қосып айтқанда, мұсылманша ұждан, орысша совесть бар. Бұл не? Бұны істеп тұрған кім? Бұған жауап берушілер «адамшылық ары соны істеді ұнатады» дейді. Мәнше, бұл жауап сол ұжданың солай қылғанды ұнатады деген болып шығады.» Шәкәрім ойланады: «...жан тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын нәрсе, барған шын жоғарылайтын нәрсе. Сондықтан тезірек жоғарылауға себеп керек қылады. Мәселен, таза дене, таза, толық мінез ой істерін керек қылады. Соның қатты бір керегі совесть — ұждан.

Өз жүйесіне ар-намыстың категориясын басқа да ұлы дана, құрдасы Мәшһүр-Жүсіп те енгізді. Өзінің туындыларында ол қоғамдық құрылыстың жақсылықтың, адамгершіліктің принциптері мен заңдарына сәйкес сүйену мүмкіндігін ғана емес, қажеттілігін де негіздейді, осы мақсатқа қол жеткізудің әдісі ретінде дала философы әрбір адамның адамгершілік жетілуін есептеді – жоғарғы тәртіп заңы бар, бірақ жақсылық пен олардың ұғымдары туралы жалған, өзгертілген көріністердің езгісінде сарылған өз жанын босату. Шығармашалырың бірінше ақын отандастарына арнап жазады:

Люди подчинили душу страсти,
Обвинять их, не в нашей власти.
Но колени свои я хочу преклонить,
Пред людьми веру и честь сумевших сохранить.

Өз халқының тағдыры үшін күйінішпен бірге екі суретші де артықшылықтарын айрықша баса айтып, болашағы туралы ойлана отырып, оған деген махаббатын ашық көрсетеді. Шәкәрім өз халқының кемшіліктерін қалай күшті бетіне басса да, халқы одан арылуы үшін жасайтындығын айтады.

Горевал я много,
И ошибался много
Казахи мои, позаботьтесь о себе.
Я ругал за то, что дружишь с сатаной,
И даешь ей управлять собой.
Если всегда будешь на поводе у тех,
Кто науськивает тебя,
Я говорил, что в конце концов погибнешь ты.

Бұл мұнаюларда ақынның өз халқына деген терең сенімі көрініп тұр, бұл жанның қалауы.

Ал басқа дана – Мәшһүр-Жүсіптің өлең жолдары өз халқының болашағы туралы оптимизммен жазылған:

Взойдет еще в степи свет зари,
Забудет память все беды земли.
Радости слезы увидим на глазах матерей,
Беды растворятся в улыбках детей.

Шәкәрім және Мәшһүр-Жүсіп дала данышпандарының көргенді максимализмі, қаттылығы рухани тұтастықтан, жанның тазалығынан шығады. Олардың барлық шығармалары ымырасыздықты, адалдықты, моральдік тазалық пен талапшылдықты көрсетеді.

Эссеистикалық үлгідегі (мысалға Шәкәрімнің «Жазбалары...» және М.Ж.Көпеевтің «Сөздер-аңыздары...») жазылған Шәкәрім мен Мәшһүр-Жүсіптің көптеген туындылары халықтың рухани тәжірибесінің сомасын ғана емес, сонымен қатар авторлар анықтаған дала өмірінің философиясын көрсетеді. Өздерінің шығармалары арқылы екі ақын, екі дана болашаққа бірімен бірі өзгеше диалог құрастырып, жинақталған халық тәжірибесінен тек ең бастысын, құндысын, жалпы адамдық құндылықтарды береді. Халқы үшін ең қайғылы 1931 жылы дүниеден озды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абилов Д. Слова об исторических памятниках. Алма-Ата 1956.
- 2 Бисембиев К Из историй общественной мысли Казахстана второй половины - 19 века. Алма – Ата 1997 ж
- 3 Дюсембаев Н Из глубины веков. Алма-Ата. Жазушы. 1970.б. 7-10.
- 4 Копеев М.Ж Шығармалары. Павлодар. Алма – Ата. Т. 1-8. 2005-2008 жж
- 5 Ш. Құдайбердиев. Сочинения. Алма – Ата. Дарын 2001 ж.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ПЕН ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРДЕ ҚАСҚЫР БЕЙНЕСІН СИПАТТАУ ЕРЕКШЕЛІГІ (Қазақ балалар әдебиеті шығармалары мен балаларға арналған танымдық энциклопедия негізінде)

САПАРГАЛИЕВА Р. А.
5 класс оқушысы, №24 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Қазақ балалар әдебиетінде аңдар мен жануарлар бейнелейтін шығармалар адам мен табиғат арасындағы байланысты көрсетеді. Біздің осы ғылыми жұмысымызға арқау болып отырған қасқыр бейнесін, оның психологиясын ашу және зерттеу барысында

қарастырылған мәселелерді ғылыми негіздермен салыстыруға тырыстық. Қасқыр жыртқыш аң болып, адамдарға белгілі қауіп туғызғандықтан, ол туралы халық арасында белгілі бір табу сөздер, мифтер пайда болып отырған. Солардың бірінде Ежелгі Қытай жазбаларында мынадай бір аңыз кездеседі: Кезекті бір шайқаста ғұндардың бір бөлігі қатты жеңіліс табады. Қарсыластары сол жердегі бүкіл ғұн атаулыны қырып-жойып, атып-шауып тастайды. Ең аяғында жалғыз ер бала ғана қалады. «Ит қорлықпен өлсін» деген мақсатта дұшпандары оның аяқ-қолын шауып кетеді. Елсізде қалған баланы бір қасқыр тауып алады да өз сүтімен асырайды. Адам аяғы баспайтын биік бір таудың ішіндегі үңгірде бала өсіп, ер жетеді. Осы баладан қасқыр жүкті болып, он ұл тауыпты. Түркі халықтары осы он ұлдан тараған-мыс...

Тағы бір аңыз: айдай сұлу бір ару бөлмесінде ұйықтап жатқанда, көкбөрі келіп, қосылады. Күн сәулесі кейіпінде келген көкбөріден қыз жүкті болады. Түріктердің түпнегізі осы қыздан тараған-мыс... [1.3-5]

Ал аса сақ, аса қулығы әр түрлі әрекеттеріне байланысты айтылған. Бірде бір сұр қасқыр ауыл-үйдің арасына кіріп кетеді. Қиқулап қуа жөнелген топ алдында ғана келе жатқан қасқырдан демде көз жазады да қалады. Ары іздейді, бері іздейді, жоқ. Кейін артынан анықтап білсе, арлан қасқыр ауыл арасында тұрған электр желісінің бағанасын құшақтап, тікесінентік тұра қалған екен. Сұр бағана мен сұр қасқыр ешкімнің назарына да ілікпепті. Қасқырдың ақылдығына танданысқан топ, бастарын шайқаса тарқасыпты. Қасқырдың өзге хайуандардан дара, олардың ешқайсысына ұқсамайтын қасиеттері көп. Оның бойындағы осындай ерекшеліктерге негізделіп айтылатын аңыздар да жетерлік. Солардың бірі-түркілердің түпнегізін көкбөрімен байланыстыруы. Қасқырлардың ішіндегі көк аспан түстес келетіндері мен ақ қасқырлар аса киелі хайуан болып есептеледі. Олардың адамдарға көрінуі де сирек. Мұндай көкбөрілермен кезіккен адам да «тегін адам емес, киелі қасиеттерге ие кісі» болып табылатындығы жайлы ұғым бар.

Қасқырдың табиғаты туралы ғылыми деректерге сүйенсек, қасқыр – ит тұқымдастардың ішіндегі ірі аң. Қасқырдың түсі суық. ДНК талдауы бойынша қасқырдың иттен тарағанын айтты. Салқын климатты аймақтағы қасқырлар жылы климатты аймақтың қасқырларынан анағұрлым ірі болады. 1939 жылы Аляскада салмағы 80 келілік қасқыр тіркелген. Ең кішкентай қасқыр – араб қасқыры. Ересек араб қасқырының салмағы 10 келі ғана болды екен.

Қасқырдың құйрығы ұзын әрі жуан болады. Иттің құйрығынан айырмашылығы- үнемі төмен салбырап тұрыды. Қасқырлар бір-бірмен түрлі дене қимылдары арқылы сөйлеседі. Сұр қасқырлар кез келген табиғи ортаға тез үйреніп кетеді. Сұр қасқыр – ең көп тараған түр. Ол негізінен, солтүстік жарты шарда тіршілік етеді. Қасқырдың буаздық мерзімі-62-75 күн.[4.23-25]

Қасқыр бейнесі көркем шығармалардың тақырыбына да арқау болып, өзегіне айналатындығына қазақ әдебиетінде жазылған көптеген шығармалар дәлел бола алады. Мысалы, М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінде қасқырдың портретін былай деп бейнелейді: «Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктен береді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні қара көк, жотасы күндірейіп, ауыз-омыртқа мен құйрығына шейін түп-тұтас болып, күлдіреуштей бүгіледі. Атылып еле жатқан садақ оғандай үңілген, сүйірленген бір бітімен бар. Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына заты қастай, жібімейді. Әлі күнге бір рет жадырап ойнап көрген емес. Татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын біледі». Бұдан байқайтынымыз жоғарыда келтірген қасқырға берілген ғылыми деректер мен оның шығармадағы сипатына сәйкес келетінін көреміз.

Әңгімеде қасқыр, табиғат, адам мәселесі сөз болады, жаратылыстағы адам мен табиғат теңдігінің қатынас дәрежесі көрсетіледі. Адамдар табиғаттың өз заңдылығына қарсы шығып, қасқырлар мекенін ойрандап, оның күшігін енесінен айырып, ауыл тұтқыны етті. Бірақ, қасқыр есейген сайын бостандықты сағынады. Ауыл тұрғындары Көксеректі жақтамай тұғын. Құрмаштың нағашысы қасқырды өлтіріп оның екі көзін ашқан күшігін өлтіріп бір ең кіші көзін ашпағайын ауылғы алып келеді. Құрмаш қасқырдың бөлтірігін асырап алады. Қасқырдың бөлтірігін ауыл төбеттері күнде талайды. Бір жыл өтеді. Көксерек есейіп ер жетеді. Барлық төбеттерді талауға шамасы жетеді. Сол кезде ол өзіне күшік кезінде тисіп тамағын тартып алатын итті талайды. Көксерек тамаққа тоймас талай қазандағы еттерді жеп кететін. Арықарай көксерек көкжал болады. Ол далаға кетеді. Ауылға қайтып оралмайды. Ол бір ұрғашы қасқыр кездестіреді. Содан кейін екеуі бірге азық тауып өмір сүреді. Қатты боранда ол 7 аш қасқыр кездестіреді. Көксерек солармен бірге ауылдың бір күнде бір үйір жылқысын жеп кетеді. Қарындары ашқанда жылқығы, қойға шабуылдайды. Ауыл адамдары қатты ашуланады. Бір күні Құрмаш атасы ауырып қалғанда боранда қой бағуға шығады. Сол кезде көксерек және

8 қасқыр сол қойларға шабуыл жасайды . Көксерек атпен оларға қарсы шабады . Сол кезде Құрмаш аттан құлайды . Құрмашқа көксерек шабады . Көксерек жақындағанда, ол көксеректі оның бір құлағының астындағы еңнен таниды. Сол кезде көксерек оның басын бірақ асайды.

Бұдан байқайтынымыз - халқымыздың қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап улиды деген мақалы, осындай әрекеттерден тұжырымдалған ой.

Ауылдағы аңшының қасқыр алатын ит болған, өзі көкжалдай болады. Сол аңшы көксеректі іздеуге бірнеше адам болып шығады. Жанағы тайыншадай итті бірге алып шығады. Олар көксеректі бір сайдың жотасынан кездестіреді. Сол мезетте көкжалға арыстандай атылып, жолбарыстай ақырып үлкен төбет көксерекке тұра ұмтылады . Екеуі біраз арпалысады. Екеуінің күші тепетең болады. Екеуі бір бірімен тістесіп екеуінің ауыздары қарсып қалады. Сол кезде ит иесі мен ауыл тұрғыны келіп көксеректі бауыздап жібереді. Төбет ит сол кезде зорға демалады. Олар ауылға көксеректі алып келіп оны Құрмаштың апасына алып келеді. Сол кезде апасы “Менің баламның жазығы не деп айтады”. Апасы қайғыдан құса болады.

«Көксерек» шығармасы - қасқырдың адам үстемдігіне еш көнбейтіндігінің ең нанымды дәлелі. Көксеректің баланы жарып кетуінен айқын көрініс табады. Бұл — қасқырдың мейіріммен ұстауға да көнбейтіндігінің дәлелі.

Қасқыр — дала тағысы. Киелі саналатын көкбөрі тұқымына қатысты тағы бір дерек, ол — оның отбасына беріктігі. Қасқыр бір ғана отбасына ие және ол — бөлтірік тәрбиесін толықтай өз мойнына алған хайуан. Ауыздандыру, бөлтірігін көкжалға айналдыру, бөрі-бөрі — осы ата қасқырдың құзырындағы міндет. Өзге хайуандарда жоқ осы қасиеттер киелі жаратылыс иесін әр кез даралап тұрады.

Қорытындылай келе, осы тақырып бойынша зерттеу барысында қасқыр — қайсар, аса сақ, қу хайуан екені, оның қайсарлығы — кез келген айқаста жеңіске жеткенше не жеңіліп, демі үзілгенше шайқасатының білдік. Қазір қасқыр аса азулы, жыртқыш ретінде суреттеледі. Өлі де солай. Қасқыр аңы - бұғауға көнбейтін тұз тағысының аса жыртқыштығын дәріптеудің ең көрнекті үлгісі деп түйіндейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерінің жинағы. Алматы, 2001.
- 2 Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы, Алматы, 2004.

3 М. Әуезовтың шығармалар жинағы. Алматы, 2004.

4 Балаларға арналған танымдық энциклопедия 050042, Алматы.

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

СИДИХОДЖАЕВА Н.

5 сынып оқушысы, З. Хусанов атындағы №110 жалпы орта мектебі,
ОҚО, Шымкент қ., Исфиджап ауылы

САЛМЕТОВА Г. А.

қазақ тілі жән әдебиет пәнінің мұғалімі, З. Хусанов атындағы
№110 жалпы орта мектебі, ОҚО, Шымкент қ., Исфиджап ауылы

Абайдың қара сөздері 1909 жылғы және одан кейінгі ілкі басылымдарда бірен – сарандай жарияланып, 1933 жылғы бір томдыққа ғана түгелдей енгізілген. Оны бас аяғын құрастырып, мағынасына, тақырыбына қарай сұрыптап, жаңаша нөмірлеп, баспаға әзірлеп берген – Мұхтар Әуезов. Сол жинақта Абайдың өмірбаян мәліметтерін толықтырып, бүкіл шығармашылық мұрасын талдап, оның ғылыми өмірбаянының негізін салған да – Мұхтар Омарханұлы. Сол еңбегі кейінгі жылдары өңделі, толықтырыла келіп, «Абай Құнанбаев» атты көлемді монографиясында зерттеуге ұласқаны да баршамызға мәлім.

М. Әуезов осы монографиясында Абайдың өзге шығармашылық мұралары қатарында оның қара сөздеріне де жеке тарауша арнаған. Ұлы ұстаздың прозалық шығармалары жөнінде алғаш рет жүйелі ғылыми пікір айтқан да Мұхтар Омарханұлы болатын.

Бұл орайда Абайдың өлеңнен қара сөздерге қарай ойысып, жаңа бір өріске бет түзеуі жөніндегі Мұханның байқаулары назар аударарлық.

«1890 жылдардан бастап, - деп жазды М. Әуезов, - ұстаздық, үгітшілік жолына түскен соң, Абай өлеңді аз жазса да, «қара сөзбен» айтатын өсиетті көп жазады. «Ғақлия» деген өсиеттері сол 1890 жыл мен 1898 жылдардың арасында жазылған. 1891 жылдан соң өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қара сөз үгітіне айналдырып жіберген. Кей уақыттарда бірталай өлеңдердің сол қара сөзде айтқан пікірлерінен шығарып, өлең қылып кеткені де бар» (Мұхтар Әуезов, «Абай Құнанбаев». Алматы; Санат, 1995. 75 – бет).

Бұдан әрі монографияда Абай өмірінің соңғы 10–15 жылдары ішінде Абай осы сияқты жаңа жанрды тауып, өлеңнен гөрі сол қара сөздерге көбірек уақыт бөлгені айтыла келе, бұрын Абай сөзін қадірлеп, оның әрбір жаңа өлеңіне ынтық болып отыратын ел

адамдарының мына «қара сөздер» шыға бастаған соң, мұны өлеңнен кем көрмейтін болғаны атап көрсетіледі. Абай сөздерін молдаларға ақша беріп жазғызып, көшіртіп алып жүргенде, ең алдымен қара сөздерді тілейтіні, соған көп ынтығатыны баса айтылады.

Қара сөздері талдауға келгенде М.Әуезовтің алдымен ауызға алатыны – олардың жанрлық ерекшелігі. Өйткені Абай мұрасы халыққа кеңінен таныс бола бастаған кезде, осы қара сөздердің жанры жөнінде әр түрлі пікірлер қалыптасты, әркім әр саққа жүгіртіп өздерінің білген - қадерінше неше түрлі болжаулар айтысты. Абай мұрасын өздеріне тартқысы келген кейбір өзге мамандық өкілдері бұл сөздерді әдеби шығармаға жатқызбай, бөліп әкетіп, өздері иемденбек болған фактілер де байқалған.

Осы мәселенің түпкілікті басын ашып берген де Әуезов еді. «Жалпы алғанда, - деп жазды ол кісі, - Абайдың барлық қара сөз дейтін мұралары көркем прозаның (астын сызған біз –Ж.Ы.) өзіне бөлек бір Алуаны болып қалыптанады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес. Стыль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің бір түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет талдау тәрізді (сонда, 210-бет).

«Бұл шығармаларда, - дейді Әуезов,- Абай өзінің оқушыларымен әңгімесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ұстаз тәрізденеді. Абай қара сөздері көбінесе барлық жайлардан өзі сөз бастап, өзі әңгіме-дүкен құрып отырған болады. Айтпақ сөздері мен ойларын мысалдармен келтіреді. Кейде өзінің көз алдында отырғандай, тыңдаушысына сұрақтар береді. Өзі онымен жауаптасып, әңгімелескен кісі тәрізденіп отырады. Мысалдарды қазақтың өз заманындағы күнделік болмысынан алады. Сол мысалдарды кейде күлкіге сайып, мысқыл, әжуа халдерді әдейі айқындай түседі. Әңгімесі тыңдаушысына пайдалы өсиет болуымен бірге, көңілді айтылып, қызықты боп жетсін деген мақсатты ойлайды».

Абай қара сөздерінің жанрлық ерекшеліктері мен автордың суреткерлік әдіс-тәсілдері жөніндегі өз ойларын осылай баяндай келіп, Мұхтар Омарханұлы осы қара сөздердің шығу себептеріне, ұстаздық өлеңнен қара сөздерге қарай ойысу жағына көз жіберетіні де назар аударарлық жәйт. Оны Әуезов былай түсіндіреді:

«Осыдан соңғы қара сөздер жөнінде айқын байқалатын бір өзгешелік, Абай өзінің өлең сөздерінің көптен-көбін заманындағы оқушылары мен тыңдаушыларына үнемі түсінікті болмайтындай

көреді. Онысы анығында да солай еді. Осы жайды ескеріп, Абай енді қара сөзінде сол өлеңдерінде айтылатын ойларының бірталайын жаңа сөзбен таратады» (сонда, 211-бет).

Ақынның өлеңдері мен қара сөздерін салыстыра отырып оқығанда, Әуезовтің бұл сөздеріне өзіміз де анық көз жеткіземіз.

Енді Мұхтар Омарханұлының қара сөздерді топтап жіктеу принципіне келейік. Ол кісі бұл шығармаларға «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» тарихи трактатын қосып, жалпы санын қырық алтыға жеткізеді. Солардың ішінен мазмұн жағы онша күрделі емес, тым қысқа қайырылатын жеті сөзді, Абайдың өз сөзіне жатпайды дейтін Сократ пен Аристодим арасындағы әңгіме туралы жиырма жетінші, бірыңғай афоризмдерден құралған отызжетінші, Құран-шәріп жайында ой толғайтын отыз сегізінші және тарихи трактат қатарына жатқызылатын қырық алтыншы- жиыны он бір сөзді бір бөлек шығарады да, қалған отыз бес сөзді Мұқан, жоғарыда айтқандай, оқырман мен тікелей әңгімелесу түріндегі таза «қара сөзге» жатқызады. Осы отыз бес сөзді М.Әуезов өз орайында тағы он бір тарапқа бөліп жіктейді. Солардың ішінен таза адамгершілік мәселесінен түр- түсімен таңбалап айырып көрсететіндері: Әділет, ақтық, турашылдық, шындықты сүйгіштік, ғылымға құмарлық, еңбекті бағалағыштық сияқты оң мінездер. Ал сондай шынайы адамдық игі мінезге қарама-қарсы жат қылықтар қатарында аярлық, жалғаншылық, пәлекорлық, мақтаншақтық, мансапқорлық, өсекші-өтірікшілік, еріншектік, әр алуан арамтамақтық, т.б. Және бір ерекшелік – жаңағы адамгершілік, мораль тақырыбына арналған жаймашуақ сөздер өзара сырласу, әңгімелесу түрінде өрбиді де, адам табиғатына жат теріс мінез-қылықтарды әшкерелеу тұрғысынан автордың наразылығы, мысқыл, тіпті ашық ашу-ыза аралас ауыр сезім түрінде көрінетін тұстары да баршылық екен. Соның бәрі де ұлы ұстаздың халқына шын жаны ашып болашағын ойлаған қамқоршылығына сыйып жатқандай.

Жаңағы Әуезов атап көрсеткен стиль алуандығына біз өз тарапымыздан бір – екі мысал келтірер едік. Қырқыншы сөз. Кітаптың бір бетіндегі ғана шағын көлемді осы мәтін табаны күректей жиырма үш сөйлемнен тұрады. Солардың он тоғыз «қалай?» деген сұрақпен, төртеуі «несі?» деген сұрақпен аяқталады. Ылғи зілді сұрақтар. Абайда олардың біреуіне жауап жоқ. Барлық жауаптарын тыңдаушы мен оқушының өз құзырына қалдырған. Енді ойланбай көр. Еріксіз ойланасың. Себебі, мен қазақпын деген әрбір адамға тікелей қатысы бар сауалдар. Ал солардың жауабын

іздеп тұрғанда өз - өзіңнен еріксіз қиналасың. Бұл да болса Абайдың стиль ерекшелігі.

Немесе он алтыншы сөзді алайық. Өте қысқа мәтін. Не бәрі сегіз сөйлем. Қазақтың Құдайға құлшылығы туралы. Әрбір мұсылман үшін ең қасиетті ұғым. Ал әр нәрсеге жүрдім – бардым қарайтын салдыр – салақ, бірақ арғы ниеті түзу қазақем құлшылығым өзіне лайық болса екен деп қам жемейді, әйтеуір жұрт қатарлы жығылып – тұрып жүрсек болғаны деп ойлайды екен. Кәдімгі бір несиесін сұрай келген сәудегерге айтатын: «Тапқаным осы, алсаң ал, әйтпесе жерден қазам ба?» деп ағынан жарылатын бейкүнә мінезі. «Білгенім осы, оқымадың демесе болады – дағы, тілімнің келмегені қайтушы еді?» - дейді. Ниеті дұрыс – ақ, бірақ табиғатына біткен парықсыздық қазақ байғұсты Құдай алдында да екі жүзді етіп көрсетпек. Абай соны келеке қылады.

Абайдың қара сөздерінде дін тақырыбының қозғалуы бір бұл сөзінде ғана емес, он екінші, он үшінші, жиырма сегізінші, отыз бесінші, отыз алтыншы сөздерінде Ұстаз қазақтың дінге шалағайлығы мен теріс ұғымдарын реалист ақын ретінде қатан сынға алады. Бірақ, бір өкінішті жері, кешегі кеңестік идеология қыспағы жағдайында Абайдың діни көзқарастары туралы ешқандай сөз болмайтын.

Бұл мәселеге Әуезовтің өзі де ерекше сақтықпен, байқап – байқап барғанды. Бірақ шындықтан жалтарған да жоқ. Оған мына сөздері куә: «...Қай кезде болса да, - деп жазды Мұхтар Омарханұлы, - Абай дінсіз емес, қайта дін тұтынушы, иланушы адам болады. Сонда ол өзінің елі тұтынып отырған мұсылманшылық дінінде. Сол діннің Алласын және басқа да бірталай қағидаларын ақын өзінің нанымы етеді... Кейде оның діні шартты түрдегі, тек адамгершілік мақсатына ғана арналған дін болатыны бар» (сонда, 156 - бет).

Абайдың діншілдігі жөніндегі Әуезов пікірінің алғашқы бір сарасы осындай болғанда, кейінірек, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңге байланысты ол ойын әрі қарай былай дамытады: «сырт қарағанда, бұл өлеңде Абай – анық діншіл ақын. Діні – исләмиат жолының қағидаларына табынған, мұсылманшылықтың Алласын, пайғамбарының, иманын үнемі ауызға алып отырған дін ұстазының ұғым – нанымын көрсеткендей» (171 – бет).

Сәл кейінірек, дәл осы ойын Мұхтар Омарханұлы тағы да былай қорытады: «... Абайдың діні - өзінің заманы мен ортасына бір жағынан сырттай баға бере отырса да, негізінде және де ақылдың, адамгершіліктің діні болады» (173 – бет).

Абай – сөз жоқ, дін мен Құдайды мойындаған мұсылман. Бірақ сонымен бірге ол терең ойшыл ғұлама ғалым. Ол үшін дін мен ғылым арасында белгілі бір жік бар. Екеуін бір – бірімен шатастырмайды да, араластырмайды да.

Абай, жоғарыда айтқанымыздай, өзінің қатал, сыншыл реалистігіне бағып, қазақтың мінез – құлқындағы өзге келеңсіздіктері сияқты, дін жөніндегі шалағайлығы мен салақтығын да батыл сынап жүреді. Мұны, әлбетте, дінге көзқарастағы болымсыздығы емес, діншіл қазаққа болыстығы деп қабылдаған жөн.

Он екінші сөзінде Абай айтады: «Кімде – кім жақсы – жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой,» - дейді. Бірақ сондай адамдар толымды ғибадатқа оқу жетпесе де, міндетті саналатын екі шартын білсе екен деп тілек айтады.

Он үшінші сөзде иман деген ұғымның мағынасы түсіндіріледі. Қысқаша айтқанда, ол сену, нану деген сөз екен. Құдай тағаланың барлығына, оның пайғамбары арқылы жіберген бұйрық – жарлығына мойын ұсынып, сену дегенді білдіреді екен. Ол үшін екі нәрсе керек екен. Әуелі не нәрсеге иман келтіріп, соның хақтығына ақылмен дәлел келтіріп сену. Екіншісі – кітаптан оқып немесе біреуден естіп, соған көміл сену. Бұл екеуінен басқа иман жоқ. Құдайдың өзі кешірер деп, оны ұмытуға да, пайғамбардың шапағатына сеніп алдануға да болмайды.

Абайдың түсіндіруіндегі жиырма сегізінші сөздің мағынасы да өте тағылымды. Онда мұсылман пенделер алдынан мынадай сауал тартылады: дүниедегі адам біткеннің мінез – құлқы да, тағдыр - талайы да әр алуан. Біреу бай, біреу кедей, біреуі ауру, біреу сау, біреу есер, біреу есті, біреу жамандыққа, енді біреу жақсылыққа бейім тұрады. Осындай ала – құлалықтың себебі не десе, аңқау қазақ айтады екен: «Құдай тағаланың жаратуы солай, бәрі соның бұйрығымен болған іс».

Осы орайдағы Абайдың айтатын уәжін тыңдайық. Олай болғанда, мынадай ойға жол ашылмай ма: Құдайдың өзінде әділет жоқ екен ғой. Адал еңбек еткен бір момынды кедей қылып, әркімге кіріптар етсе, енді бір антұрғанға еңбексіз мал береді екен. Әлде бір шарасыз адамды дімкәс ауру қылып, басқа бір залым алаяқтың денін сау қылады екен. Бір әке, бір шешеден туған екі баланың бірін ақылды, бірін жарымес қылып қояды екен. Соның салдарынан біреулер өмірде рақат көріп, абыройлы атанып, ол дүниеде пейішке барады екен де, енді біреулер бұл дүниенің азап – бейнетін тарта жүріп, күнәкар болады екен; сол үшін ана дүниеде тозаққа түседі екен. Осының бәрі Құдайдың бұйрығымен істелсе, онда қандай

әділдік бар?! – деп пейілі жаман адамдар өздерінің бұзықтық ісіне Құдайдың өзіне кепіл етіп қоймақшы болады екен.

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі - қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Фақлия) - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зор салған.

Сөйтіп көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық сананы ұштастырады. Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды.

Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды.

Қара сөзде айтылған ой

Абайдың «Жетінші сөзінде» ұшырасатын «жанның тамағы» деген күрделі философиялық ұғым бар. Оны Абай біздің санамыздан тыс өмір сүретін объективті дүниенің санада сәулеленуі нәтижесінде пайда болатын ғылым, білімнің жинақталған қоры ретінде қарайды. Осы себептен де Абай:

«... құмарланып, жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді.»

– деп қайыра түсінік беріп отыр... Абайдай ұстаз ақынның бұл «Жетінші сөзде» көздеген мақсаты адамның бойында туа пайда болатын жан құмары арқылы өз ұрпағының санасына тек қана жанның пайдалы тамақтарын сіндіру еді. Міне, Абайдың ағартушылық көзқарасының тамыр алған бір саласының қайнар көзі осы жақта жатыр.

Абай бұл бағыттағы ойларын өзге сөзбен «Ғылым таппай мақтанба» т.б. өлеңдерінде айтқан. Мұнда ол «жанның тамағы туралы» ұғымды өз заманының тұрғысынан келіп, «адам болу»

үшін қажет көп керектермен ауыстырады. Ақын толық адам болу туралы өзінің жүйелі де қалыптасқан көзқарасының тезисін ұсынады. Онысы:

«Адам болам десеніз...

Бес нәрседен қашық бол...,

Бес нәрсеге асық бол»

– деген жолдарда жатыр. Ақынның бүкіл шығармаларындағы негізгі бір тұтас тақырыпта өзекті идея болған. Абайдың пікірінше, ішкі рухани қазынамыздың молығуы тікелей өзіміздің қолымыздағы іс. Осы рәуішті пікір Абайдың «Он тоғызыншы сөзінде» де қайталанатын. Абайдың дүние танымы бойынша сананың, ақылдың пайда болуы күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен ғана туындайтын табиғи құбылыс. Сондықтан да Абай «Он тоғызыншы сөзінде»:

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады,»

— деп жоғарыдағы өлең үзіндісіндегі ойын осы сөзінде одан ары кеңіте отырып дамытатынын көруге болады.

Халықтың, қалың оқырманның өз кезіндегі интеллектуалдық дәрежесін ескеруден болу керек, Абайдың қара сөздеріндегі тіл құралдарының қолданысы поэзиясынан гөрі өзгешелеу. Бұл әсіресе жазба тілге ауызекі сөйлеу тілінің белгілерін енгізуінен байқалады. Мұны жеке сөздер мен сөз тіркестеріне (айтағын, жазатұғын) де, сөйлемнің құрылымында (сөйлем мүшелерінің ауызша сөйлеу дағдысына байланысты еркін орналасуы) қатысты айтуға болар еді: «Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе күлуші еді...» (Екінші сөз), «Орысқа күлуші еді: «ауылды көрсе, шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп» (сонда), «Бұрынғы қазақ жайын жақсы білетін адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады» деп» (Үшінші сөз), «Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден Рафил көп ететұғын да, әрбір мас сөйлеген кезінде бас ауыртатын» (Төртінші сөз). Өз дәуіріндегі басқа тілдер (шығыс тілдері мен орыс тілі) сөздері де кірігіп отырады: «сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сез жазып ядқар қалдырайын» (Отыз сегізінші сөз), «Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы. Мұнажат Уәлилердің зар наласы» («Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы...»), «Айтыңызшы, болсаңыз Здравомыслящий, Ақыл айтпай ма ағасы» («Интернатта

оқып жүр...»). Қазіргі қазақ әдебиетінде барынша дамып, кең өріс алып отырған сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің үйіп-төгіп қолданылуы, мәндес сөздер мен қайталамалар ауыз әдебиетінен, Батыс, Шығыс әдебиеттерінен үлгі алған Абай шығармаларында бар мүмкіндігімен пайдаланылады: «Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кенестес болмасам керек еді...» (Тоғызыншы сөз), «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, керіп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» (Он тоғызыншы сөз), «... Надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек» (Жиырма бірінші сөз), «Ей, мұсылмандар! Біреу бай болса, біреу кедей болса, біреу ауру, біреу сау болса, біреу есті, біреу есер болса, біреудің көңіл жақсылыққа мейілді, біреудің көңілі жамандыққа мейілді...» (Жиырма сегізінші сөз). Қазақ тілі мәдениеті мен тазалығының көшбасында болған Абайдың қай шығармасындағы сөз қолданысы да өзімен қатарлас, одан кейінгі қаламгерлердің қай-қайсысына да көп ой салып, игі ықпал етті. Оның көріністерін жаңа дәуірдегі аса көрнекті жазушылар мен жас талапкерлердің де шығармаларынан аңғару қиын емес.

Абайдың кара сөздері абайтануда жанр, стиль мәселесі, қазақтың жаңа жазба әдеби тілін қалыптастырудағы орны, Абай шығармашылығындағы дін жайы, дүниетаным мәселелері, т.б. жөндерден белгілі бір деңгейде қарастырып зерттелді.

Мұхтар Әуезов Абайдың кара сөздері 1890 жыл мен 1898 жыл аралығында жазылған деп көрсетеді. М. Әуезов Абайдың “анық кара сөз мұрасы” отыз бес сөзден тұрады деп түйеді.

“Жалпы алғанда, Абайдың осы барлық кара сөз дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек, бір алуаны болып қалыптанады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естегі, мемуар да емес. Стиль, мазмұн жағынан алғанда осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді. Профессор Х. Сүйіншәлиев Абайдың кара сөздерін прозаның шағын түрі деп атау керек деп, кара сөздерді мынадай түрлерге топтады:

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Өсиет Ғақлия. 13, 20, 28, 38.
- 2 Тастих (утверждение). 7, 17, 43, 45

- 3 Нақыл, тұспал сөз (афоризм, изречение)
- 4 Әңгіме, кеңес ретіндегі диалог, монолог. Сұрақ-жауап. 4, 5, 8, 9, 10, 12, 16, 19, 25, 27, 31, 32, 40.
- 5 Публицистика. 1, 2, 3, 14, 24, 26, 29, 33, 39, 41, 42 және “Біраз сөз” (46 сөз. Қ.М.)
- 6 Мақала, памфлет, ирония, сатира. 6, 11, 14, 22, 29, 41.
- 7 1 сөз күнделік, мемуар.
- 8 Ал 15, 17, 18, 23, 26, 27, 35, 36, 44 сөздерінің көркемдік сипаты басым: әсіресе, мінезсіз адамдардың (кербез, мақтаншақ) бейнесін суреттеуі.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

СЫЗДЫКОВА З.

10 сынып оқушысы, №14 ЖОББМ, Павлодар қ.
ЗУЛБУХАРОВА С. М.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,
№14 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Пунктуация лингвистика ғылымында толық зерттеле қоймаған, сондықтан тіл білімі проблемаларының бірі болып есептелінеді. Көркем шығармада, публицистикалық туындыларда, ресми стильдерде т.б. тыныс белгілері қызмет атқарады. Тыныс белгілерінің ресми стильде белгілі бір мағына беруде, ал көркем шығармада жазушы не ақынның айтпақ ойын, эмоциясын оқырманына әсерлі етіп жеткізуде өзіндік маңызы бар. Лингвистикада тыныс белгілерінің қызметіне қатысты санаулы зерттеу еңбектерін атауға болады. Оның қатарына Е.В.Дзякович, В.Ф.Иванова, Л.А.Будниченко, О.В.Александрованың еңбектері жатады.

Тыныс белгілері ресми стильде белгілі бір ақпаратты әсерлі етіп жеткізетін тілдік құралдардың қатарынан орын алады. Осыған байланысты қазақ тілінде пунктуация коммуникация процесінде белгілі бір ақпараттық жүйені өзінің байланыс каналымен, тілдік ақпаратымен тығыз байланыста қолданылады.

В.А. Кухаренконың айтуынша пунктуация – ауызша сөйлеудегі интонация, екпін арқылы берілетін экспрессивті-эмоционалды мағынаны жазбаша тілде оқырманға жеткізетін графикалық экспрессивтік құрал [1, 106].

Тыныс белгілері арқылы ресми стильде хабар беріледі, сонымен қатар, белгілі бір мән-мағынада қоса нақтыланады және әсер ету қызметін атқарады.

Л.Будниченконың пікірінше тыныс белгілері мағынасына байланысты екі топқа бөлінеді:

- 1) эмотивті тыныс белгілері (леп белгісі, көп нүкте, тырнақша)
- 2) құрылымдық-логикалық тыныс белгілері (үтір, нүкте, үтірлі нүкте, сұрақ белгісі, қос нүкте, сызықша, жақша) [2, 25].

Эмотивті тыныс белгілері ресми стильде оқырман қауымның айтылған ойды дұрыс түсінуіне әсерін тигізіп, мәтіндегі не болмаса шығармадағы ойды нақтылауға көмектеседі. Ал көркем шығармада эмотивті тыныс белгілері түрлі эмоцияны, жақтыру немесе жақтыртпау, жағымды әсер немесе жағымсыз әсерді, сонымен қатар, нақты бір эмоция түрін (қуаныш, реніш, өкініш, риза болу, шаттану, қайғы, т.б) оқырманға жеткізеді. Эмотивті тыныс белгілерінің (көп нүкте, тырнақша, леп белгісі) нақты мағынасы көп жағдайда контексте айқындалады.

Ал құрылымдық-логикалық тыныс белгілері грамматикалық мағынаны білдіреді, яғни ойдың аяқталуын немесе аяқталмаған, жалғасы бар екендігін, ойды немесе пікірді нақтылауға, себебін білдіруге (қос нүкте), қарама-қарсы мәнді беруге және мақсатты білдіруде, бірден екінші ойға ауысу мақсатында (сызықша), санамалауда, топтауда (нүктелі үтір, үтір), сұраулы мағынаны (сұрақ белгісі) беруде жұмсалады.

Іскери стильдегі эмотивті тыныс белгілердің бірі болып табылатын леп белгісі, көп нүкте, тырнақшаның қызметіне тоқталайық.

Қазақ тілінде леп белгісі интонациямен байланысты. Эмоциялық бояуы мол сөйлемдерден соң қойылып, сөйлеушінің түрлі эмоциясын (қуану, шаттану, риза болу кей жағдайда бұйыру, ашулану) береді. Ресми стильде леп белгісі бұйыру мәнін жеткізеді.

Ал көп нүктенің қолданысына назар салар болсақ, көп нүкте үнсіздікті, ауыр халді жеткізу үшін, күрсіністі жеткізу үшін, ойдың аяқталмағандығын, жалғасы бар екендігін білдіру үшін т.б., мақсаттарда қолданылып, шығармада белгілі бір қызмет атқарады. Ресми стильде көп нүкте ары қарай жалғасы бар, аяқталмаған ойды жеткізу мақсатында, сондай-ақ, баяндамадағы белгілі бір ғылыми еңбектен алынған үзінді мәтін екендігінен хабар береді.

Мысалы, көркем шығармада: «Сендердің алдарыңда ... алғанына арманым жоқ ... кемпірге көздерінің ... қырын салыңдар

... қош кешіндер ...»(Ж.А.) дегуе тілі әрең келді. Кейіпкер сөзінде көп нүктенің қойылуы, кейіпкердің ауыр халін, қиналысын білдіреді.

«Ол кетеді ... соғысқа барған кісінің тірі келуі екі талай-ау... аман болса, қашан келер? Егер, зәуде жазым болса, өліп кетсе... Жоқ бірге туған бауыры, қуатты ... ағасы өлмеу керек ... Құдай-ай! Сақтай гөр!» Жаман сұмдықты ойламайыншы...» (Ж.А.) Монологтағы көп нүкте кейіпкердің толғанысын, уайымын білдіреді.

Ал ресми стильдегі көп нүкте: «... трароппп....., деген ойды құптаймыз»

Н. С. Валгина «Многоточие может означать прекращение повествования по воле автора, так как это повествование представляется излишним по ходу развития сюжета или художественного образа.... Пусть читатель сам вообразит себе, что там увидели участники событий, а пишущему достаточно поставить многоточие» [3, 96].

Көп нүкте арқылы автор оқырманға ары қарай ойды өзінің өрбітуіне мүмкіндік береді. Өзіндік көзқарасына сәйкес қорытындылауына, шешім шығаруына, талқылауына ой тастайды.

Тырнақша ресми стильде түрлі мағына беру мақсатында жұмсалады.

Мысалы мамандық атаулары, пән аты мына анықтамада тырнақшаға алынған:

Филология ғылымдарының кандидаты. Кандидаттық диссертациясын 2003 жылы ақпан айында «Қазіргі қазақ балалар драматургиясы» тақырыбында 10.01.02 - «Қазақ әдебиеті» мамандығы бойынша Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Ғылыми кеңесінде қорғаған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары аттестациялық комитетінің 2003 жылғы 20 маусымдағы шешімімен (№8 хаттамасы) филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алған. Диплом № 0010588.

Көркем шығармада қаламгер көп жағдайда тырнақшаның кекесін, мысқыл, астарлы ойды беру қызметіне сүйенеді. Мысалы,

Дегенмен, соңғы кездері музыкалық білімі шамалы, тіпті нота дегеннен мүлдем хабары жоқ «жұлдыздардың» қаптап кеткені жасырын емес (Жас Алаш, 23 шілде, 2005).

Мұнда шындыққа дұдамал ойды білдіреді. Ащы мысқылды жеткізу үшін де қызмет атқарады. Мысалы, Қазір «гүл – қала, арман-қаланы» күл қоқыс басып барады (Жас Алаш, 30 қазан, 2004). Қаланың тазалығы атына сәйкес келмей бара жатқандығын мысқыл арқылы берген. Ал ресми стильде тырнақша мекеме атауларын, газет-

журнал атауларын, баяндама атауын, кей жағдайларда мерзім, уақыт тырнақшаға алынады. Бұйрық, резальюция тырнақшаға алынады.

Б.С. Шварцкопф пікірінше, тырнақша - мысқылды оқырманға күшейтіп жеткізумен қатар мәтіннің бүкіл мазмұнын беретін мағыналы сөзге көңіл аудартатын құрал, мұндай жағдайда тырнақшаны қолдану эмоционалды-экспрессивтік немесе мағыналық шарықтау шегін білдіреді [4, 116].

Қорыта айтқанда, тыныс белгілері ресми стильде ойды нақты жеткізуші, ал көркем мәтінде, публицистикалық жанрларда, т.б. экспрессивтік-эмоционалдық мағына беру мақсатында жұмсалып, оқырман сезіміне айтарлықтай әсер етеді, кейде көріктеуіш мәнге де ие болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Kuharenko V. A. A Book Of Practice In Stylistics. M.: Higher School, 1986, -

2 Будниченко Л. Экспрессивная пунктуация в публицистическом тексте (на материале языка газет) // СПб., Госуниверситет, 2003, -121 с

3 Валгина Н. С. Русская пунктуация: принципы и назначения. -М., 197, -

4 Шварцкопф Б.С. О факультативных случаях употребления кавычек //Нерешенные вопросы русского правописания. -М.,1974. -125 с.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ №1 АЙТЫС АҚЫНЫ

ТӨЛЕУОВ С. С.

7 сынып оқушысы, №31 жалпы білім беретін орта мектебі, Атырау қ.

ГУБАЙДУЛЛИНА Б. Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, жетекші

Жарқын шығармалары арқылы дәуір сырын жанымен ұғып, шаттана үн қосқан, адамгершілік пен ізгілікті дәріптеумен халқымыздың рухани азығын жалғастырып келе жатқан бүгінгі күннің үлесінде де көптеген ақын, жазушы аға-апаларымыз бар. Әдетте, таланттарды бірін биік, бірін аласа деге болмайды. Олардың әрбіреуі - бір - бір шың. Әрқайсысының өзіндік үні, өзіндік бояуы, жазу мәнері бар. Солардың ішінде қазақ поэзия тарихының бір парағы, бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауының лауреаты, республикалық ақындар айтысының лауреаты қазақ ақын қыздарының бірі Жәниба Қарасаева да бар. Оның талантының

шарықтау шегі -70 жылдардың аяғы мен 80 жылдардың орта тұсы. Ол халыққа алғашында айтыс ақыны ретінде танылды. Сондықтан да Атырау өлкесінде оны білмейтін, оның талантын қадірлемейтін жан кемде – кем.

Жәниба Қарасаева 1947 жылы 1 қаңтарда Атырау облысы Махамбет ауданы Таңдай селосында дүниеге келген. Осы ауылда орта мектепті аяқтап, кәсіптік училищеде сатушылық білім алыпты. Алғашқы еңбек жолын аралас дүкенде сатушылық қызметтен бастапты. 1983 жылы Гурьев педагогикалық институтын сырттай оқып бітіріп, жоғары білім алып шыққан. Бақсай кеңшарында директордың хатшысы, орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі, мектеп – интернаттың меңгерушісі, Бақсай кеңшарының кадр бөлімінің аға инспекторы қызметтерін атқарған.

2001 –2005 жылдар аралығында – Махамбет аудандық мәдениет бөлімінің бас маманы. Қазір зейнеткерлікте.

Жәниба-қазақтың жырға құмар бір қызы.

Автор өзінің Х.Ерғалиевке арнаған өлеңінде:

Қазақтың жырға құмар бір қызымын,

Дей алман әзір жырдың құндызымын.

Сіздердей ағалардан үйреңер көп

Гүлдердей қабылдаған күн қызуын, -

деп [1.108-6] өзі туралы сыпайы ізеттілікпен жырлаған болатын.

Өнер адамының сол өнердегі бітіс-болмысына өмірдің салған өрнек іздерінің, өскен орта, кіндік қаны тамған туған жер, табиғат аясының әсері тиеді. Жәниба ақынның дүниеге келген тұсы соғыс салған жараның әлі де жазыла қоймаған, көзден жас, көңілден мұң кетпеген жылдардың сақылдаған сары аязы еді. Өз балалық шағын

Жеті де емес, мен бірді онда оқыдым,

Қойшы қызы, бір мұнда, бір анда оқыдым.

Бірақ кейін қалғам жоқ қатарымнан

Оқығанды ойыма тез тоқыдым.

Қатарымнан оқ бойы озық болдым.

Білім – ғылым қолымды созып көрдім.

Жас күнімнен қолыма түспеген бақ

Қылаң берген бірінен озық төрдің, - деп [3.69-6] еске ала сыр шертеді.

Ақын балалық кезінде ұстаз болуды армандаған және ұстаз бәрін білуге, қолынан бәрі келуге тиіс деп есептеген. Осы арман жолында барлық өнер атаулыға ұмтылып өскен. Домбыра тарту, би

билеу, ән салу, өлең шығару тәрізді өнерлерді меңгерген. Ақынның 12 жасында әкесі – Қарасай дүниеден озып, отбасы қиыншылық көреді, ақын қыз жетімдік тауқыметін тартады.

Бірақ әкем өскенімді көрмеді,
Қатал тағдыр оған мұрша бермеді
Он екіден асар – аспас кезімде,
Әкем өліп, көзім жасы селдеді.
Ен далада қалғандай боп анашым,
Жоқ секілді оған енді панасын
Үш ағаның соңында өскен жалғыз қыз

Содан бастап жиған екен санасын,- деп [3.69-б] өз өмір жолын мұңая жырға қосады..

Анасының аурушандығы оның үлкен оқу оқып, білім алуына қол байлау болады. Әйтсе де діни сауаты бар анасы қыз балаға оқу міндетті емес, тек отбасының ұйытқысы болу керектігі басты міндет деген қағиданы ұстанған.

Ақын 20 жасына жетер – жетпестен анасы көз жұмады. Қыз бала бар ғұмырын отағасы мен балаларына арнау керектігін өз қызы –Жәнибаға аманаттап кетеді. Бала жасынан сөз өнерін сүйіп өскен ақынға ақындық қонуы да - кездейсоқ құбылыс емес. Ақындық өнер – киелі де көркем өнер.

Ақынның алғашқы өлеңдері 10-11 жасында шығарыла бастапты. Мектеп қабырға газетіне 8 наурызда 6 - сынып оқып жүргенде “Мың рахмет, саған, анам” атты өлеңі жазылып ілінген.

Ғажайып, қандай әсем туған далам
Құшағын айқара ашқан саған, маған
Осынау ғажап жерді сыйға тартқан
Асылым, мың рахмет, саған, анам!

Сөйтіп жас кезінен әдебиетпен әуестеніп, алдыңғы аға буындарды оқып, өз жанынан өлең шығаруға машықтанған. Жеке – жеке өлеңдері баспасөз беттерінде жарияланып, жұртшылық көдесіне жараған. Өлеңдерінің тақырыбы да сан алуан – арнау өлеңдер, туған жерге, анаға, табиғатқа деген махаббат, көңіл – күй лирикалары, өмірден түйгендері. Өз өлеңінде

“Сыздап, шаншып жүрегім, нені аңсайсың,
Тыпырламай, сірә, бір тұра алмайсың
Ақбас толқын тапшыған арнасынан
Дауыл күнгі теңізге неге ұқсайсың -

деп [1.47-б] ішкі толқынысын білдірген ақынның 1999 жылы дүниеге келген “Сұтақы” және 2001 жылы “Жүрек пернелері”

тақырыбындағы жинақтарға ақынның айтыстары мен прозалық шығармаларынан басқа 100 өлеңі енген. Сонымен қатар “Ана сағынышы”, “Махаббат киесі” кітаптарында соңғы кезеңде жазылған туындылары кірістірілген. Және облыстық ақпарат пен Жазушылар одағына “Өмір тіні” кітабын басуға ұсынып отыр.

Жәниба-айтыс ақыны

“Жәнибаның аренаға шығып “ақын Жәниба” атала бастағанына ширек ғасырдан асты. Оны әуелі облыс, содан кейін бүкіл қазақ тани бастады. Оны танытқан – айтыскерлік ерекшелігі. Жәниба - әрі суырыпсалма, әрі жазба ақын”,- деп көрсетті филология ғылымдарының докторы, профессор Қадыр Жүсіп [8.4 б].

Айтыс ақыны ретінде ең алғаш сахнаға 1977 жылы шыққан. Алғашқы айтыстары Бұлдыбаевтың жинақтаған “Мәңгі көктем” кітабына енді. Алғашында айтыс ақыны ретінде танылған өзге аудан, облыс ақындары “Қыз Жібектің сіңлісі”, “Қыз Жібектей қылықты” деп жырға қосқан. Өз бойындағы иба, әдепті кейінгі сіңлілеріне үлгі қылып ұсынған ақынға осы теңеу дәл айтылған. Әрі апамыз тегі жағынан да Қыз Жібектің руынан (Өлім шекті).

Шабиттың күдіреті кернегенде
Көмейден жыр шумағы селдегенде
Шіркін-ай, жүрегімді жарып көрсе,

Мендегі махаббатты ел дегенде,-деп туған елге деген сезімін ақтарған апамыз өз туған ауылынан ешқайда аспастан, атажұртына кіндігін байлаған ауыл ақындығымен де қадірлі.

1946 жылғы республикалық айтысқа атыраулықтардың атынан Құмар Жүсіп қатынасқаннан кейінгі 40 жыл бойғы үзілісті жалғаған да Жәниба апамыз болатын.

Алғашқы айтысы Новобогат, Бақсай кеңшары арасында 1977 жылы өтті. Махамбет ауданының ақыны Сүндетқали Аманғалиев Новобогат кеңшарының атынан шыққан екен. Оған

Біз талай кездерсеміз болса нәсіп,
“Жалданып” ақын болу бұл да “кәсіп”.

Жүргенің өз ішінде ештеңе емес
Ұят болды келгеніңіз аудан асып.
Жыр отын жалындатып жанғызатын,
Баршаның мерейін бір қанғызатын
Хамиттай тарлан шыққан Новобогаттан
Қалайша шықпады екен жалғыз ақын, -

деп [1.126-б] тап береді. Осыдан кейін – ақ өзгенің ауылы үшін дәптерін жалбыратып келетін “ақындар” жоғалған. Алғашқы айтысы жеңіс әкелген.

Осыдан бастап ондаған рет облыстық, жиырмаға жуық республикалық айтыстарға қатынасқан. 1983 жылы Бүкілодақтық теледидардан айтыскер ақындардың конкурсында СССР халық шаруашылығының және кейіннен ВЦСПС –тің медалімен наградталған. 1985 жылы Ә.Манаповпен жұмбақ айтысқа түсіп: Алдында есігінің тау бар екен,

Етекте бір кішкене тау бар екен.

Төбеде ақша бұлттар қалықтап жүр,

Шіркін-ай, қалай қарай аунар екен,-деп сұрақ қоя отырып,
«Бір сөзге бір ғасырдың жүгін артып,

Есінен көрерменнің тез кетпейік»-деп үлкен ой қалдырады.

Кейіннен «Қазақ әдебиеті» газетінде «Бір сөзге бір ғасырдың жүгін артып,» тақырыбында айтыс туралы көлемді мақала жарияланады.

1986 жылы республиканың суырып салма ақындарының лауреаты атанды.

Облыстық ақындар айтысында Жәнибаға апамызға “Атырау облысының №1 айтыс ақыны” атты кәулік табыс етілген.

1996 жылы ұлы ақын Ж.Жабаевтың 150 жылдығына арналған Республикалық ақындар айтысында елге танымал халық ақындары Ә.Қалыбекова, Ә.Беркенова, Е.Жақыпбеков, Б.Әлімжановтармен бір сапта өнер додасында бақ сынады. Бүкіл саңлақтар қатынасқан үлкен сайыста көрермендер қошеметіне бөленіп, Жамбыл бабаның суреті кестеленген ескерткіш кілеммен сыйланды.

Жыр алыбы Жамбылдың туғанына 150 жыл толуына арналған облыс ақындарының айтысында да ақынның өнеріне, талантының биіктігіне халық куә болды.

...Көп болды, домбыраны ұстамадым

Емес ол бұл өнерді тастағаным

Соңымнан жас толқындар легін көріп,

Жастардың жолын бөгеп қыстамадым, - деп өзгелерге өнегесі, өрнегі мол сөз тастайды.

Осы айтыста өте мәдениетті, әдепті, қарсылас ақынын сыйлай білетін сыпайылығымен өзгелерге өнеге танытты. Әдетте айтыс ұтқыр сөз, суырып салма жауап, тың сөз тіркестерімен айшықтылады.

“Байқамай артық айтсам, кешіре гөр

Алдымда ақ жаулықты ағамдайсың “-деген

өз қарсыласы атыраулық Әбдіхан Есенғалиевке :

Қарасам, қарсы алдымда ботамдайсың,

Сонан да өлең – жырдан от алғайсың...

Немесе : Басайын ботақан деп бауырыма

Басайын жырдан қамшы сауырына, - деп

естір құлаққа нақыл, тындар көңілге мақұл сөздері арқылы ақындық әрі апалық бағасын арттыра түседі. Ал құрдасы Қалидолла Ізекеновпен жыр додада

Өмірге бірге келген құрдасым – ай

Сеземіз дәуреннің бұл тұрмасын – ай

Алдыма жас келмеді деп өкпелеме

Жетермін өзім-дағы бір басына -ай

Немесе Келеді құрдас көрсем, қайрап салғым

Жарығы көмескі қой жайдақ шамның, - деп

құрдастық өзіл – оспағын жарастырды. Ж.Қарасаева Солтүстік Қазақстан облысы ақыны Мәдениетке еңбегі сіңген қайраткер Кеңес Тынымбаевпен, Шымкенттік Түркістан қаласы ақыны Әбдікәрім Манаповпен, Оралдық Александр Қауеновпен, жамбылдық Ермек Жұматаев, халық ақыны Қонысбай Әбіловпен т.б. жыр додасына түскен. Бұл ақындардың көпшілігімен әлі күнге дейін хабарласып отырады. Оның сыйласқан айтыскер ақындарының бірі халық ақыны Әселхан Қалыбекова болатын, ол ақынға жазған хатында:

Шыдайтын бораныңа, дауылыңа

Жан досың, жақсы көршің, қауымыңа

Алдында сіңлі болып басымды иіп

Берейін сәлемімді ауылыңа, – деп [1.4-6] елдің туын жықпаған ақынына сәлем арнапты. Галия Маркес айтқандай, «өнер-адамдарды көрінбейтін шынжырмен байлап қояды». Шәмші мен Жүмекеннің ізгі жолын айтыс ақтаңкерлері апалы-сіңлілі Әселхан мен Жәнибаның жалғастыруы өнер адамдарының арасындағы дәстүрлі сабақтастық тәрізді. Халық ақыны Әселхан Жәнибаға «Сіз Атырауға ғана емес, Алашқа ортақ ақынсыз, аяулы анасыз, жас ұрпақтың ұлағатты тәлімгерісіз»-деп ыстық ілтипатын елдің сүйікті газеті «Егемен Қазақстан» арқылы білдіреді.

Ақын “айтыс кезінде табиғи жауындай өзі келген жырларға жаным рахаттанады”деп отырады. Сонымен қатар ақын өз жырларын жаттамайды екен. Оның себебін “айтыс кезінде еркін суырылып өзі келетін жырды бөгейді”,-деп түсіндіреді.

Айтысты қазақ халқы өнердің шыны деп есептеген. Шын мәніндегі айтыс ақыны – сирек кездесетін көркемдік құбылыс, ұлттық олжа игілік. Ақынға қойылар талап өте жоғары десек, топ алдына шығып, сөз сайысына түсер айтыскер ақынға артылар жауапкершілік жүгінің қаншалықты ауыр екенін пайымдау онша қиын емес.

Бір-біріне ұқсамайтын сөз саптау, әуен мен әуез, шеберлік пен дарын, табиғаты бөлек тұспал мен тапқырлық, қылыш жарқылындай өткірлік, қарсыласының мүлт кеткенін, осал тұсын аңдудағы сергектік т.б. қасиеттер шын мәніндегі айтыскерге өте қажет – ақ. Жәниба анамыздың бойынан осы қасиеттердің қай-қайсысын да табуға болады.” Жиырмасыншы ғасырда Атыраудың маңдайына біткен ақ жаулықты жалғыз импровизатор екені шындық” – деп көрсеткен екен [8.4-6] филология ғылымының докторы Қадыр Жүсіп ағамыз.

Жәниба Қарасаеваның айтыс ақыны ретіндегі жетістіктері

Уақыты	Айтыстың кезеңдері	Нәтижелері
1977	Махамбет аудандық айтыс	Бас жүлде
1978, 1979 1980, 1981 1982.	Облыстық айтыс	1,2 дәрежелі Дипломдар, Құрмет Грамотасы
1979	Көркемөнерпаздар байқауы	ВЦСПС медалі
1983	Бүкілодақтық теледидардан айтыскер ақындардың конкурсы	Лауреат
1984	Облысаралық айтыскер ақындардың конкурсы	Лауреат
1985	Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 40 жылдығына арналған республикалық айтыс	СССР Халық шаруашылығының медалі, Лауреат атағы
1986	Халық-талант қайнары Республикалық фестиваль	Суырып салма ақындардың лауреаты
1987	Ұлы Октябрьдің 70 жылдығына Бүкілодақтық фестиваль	Құрмет Грамотасы
1988	«Теңіз достарын шақырады» фестиваль	Диплом
1989	«Наурыз мейрамы-89» республикалық айтыс	Құрмет Грамотасы
1989	3-республикалық айтыс	Алғыс хат
1990	Облыстық ақындар айтысы	№1 Облыс ақыны куәлігі 3-дәрежелі Диплом
1996	Ж.Жабаевтың 150 жылдығына арналған айтыс облыстық республикалық	2-дәрежелі Диплом Ескерткіш кілем
2005	Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі	

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ж. Қарасаева “Сұтақы” Аққыстау, аудандық баспахана, 1999.
- 2 Ж. Қарасаева “Жүрек пернелері” Алматы, “Эверо”, 2001ж.

3 Ж. Қарасаева “Махаббат киесі” Ақтөбе, “А-Полиграфия” ЖШС, 2004.

4 Ж. Қарасаева “Ана сағынышы” Ақтөбе, “А-Полиграфия” ЖШС, 2003.

5 Т. Жаңабайұлы “Сырбаз сырлар” Ақтөбе, “А-Полиграфия” ЖШС, 2004.

6 С. Бердімұратов “Тіршілік тынысы” Ақтөбе, “А-Полиграфия” ЖШС, 2004.

7 “Сезім пернелері” жинақ кітап Атырау, 2001.

8 Қ. Жүсіп “Айтыскер –ана Жәниба туралы не білеміз “Атырау” газеті 27.03. 2004.

9 С. Тәжбентаев “Атыраудың ақ жарма ақыны” “Жайық шұғыласы” газеті 8.04. 1997.

М.ӘУЕЗОВТИҢ 20 ЖЫЛДАРДАҒЫ МАҚАЛАЛАРЫ: ЕЛДІК ИДЕЯСЫ, БҮГІНГІ КҮНМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

ТУРАРХАНОВА К. М.
оқушы, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы №10 лицей мектебі, Павлодар қ.

Қазақ елінің рухани қазынасының тарихи тамырларына, олардың нәр аларлық ұлттық құндылықтарына деген ынта мен талап бұрын болмаған дәрежеге көтеріліп келеді. Өркениетті елдердің қатарына қосылуды ниет тұтқан мемлекет тұлғаның қадір-қасиетін көтеріп, жеке адамның бойындағы адамгершілік қасиеттердің қалыптасуын көздейді. Ұрпақ тәрбиесі, ұлт тағылымы үшін аянбай еңбек еткен кемеңгер жазушы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы имандылық қағидаларға толы. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш елбасы Н.Ә.Назарбаев бұл туралы ойын былай баяндайды: «Гуманист ретінде ол адамның адамға жасайтын қысастығын, зорлығын жан-тәнімен жек көрді, ол нағыз ойшыл ретінде ізгіліктің ғайыбы түсінік емес, әлеуметтік ұғым екендігін терең бағамдады. Сайып келгенде миллиондардың рухани дүниесіне дендеп енген оның эпикалық, эстетикалық және адамгершілік мұраттары – көпшіліктің қазынасы, ұлттың баға жетпес мұрасы. Мұханның бір ұлағаты осында».

Ең бастысы – М.О.Әуезовтің тақырыпты терең зерттеу қасиеті, факті жинақтау тәсілдері қазақ даласында сол кезде қалыптасқан алуан түрлі тақырыптарға жетелейді. Оны бірде әйел тендігі жайы толғантса, енді бірде оқу-ағарту, мәдениет ісі терең ойлантады. Қазақ

зиялылары, ғылым негіздері, саясат, шет жұрттар өмірі, баспасөз, әдебиет мәселелері де шығармашылық арқауына айналады. Ұлттық сауатсыздықты, аштықты жою жөніндегі ашық пікірі мен шығармалары үшін «ұлтшыл алашордашыл» атанып, саяси сахнадан шеттету басталған тұста Мұхаң бірінғай ғылыми жұмыстарды да қолға алады. Мұхтар Омарханұлы Әуезов әуел баста-ақ бүгінгі дәуір принциптерін тани-білудегі көреген зерттеушілердің қатарынан көрінді. Ол көпке ортақ ұлтаралық байланыстарын, салттардың бірегей дамуын, әдебиет бірлестігін зерттеуде көп ізденудің бастауы болатын. Сондықтан Р.Нұрғалиев: «Жас таланттың алғашқы сапары байлау мен пікірді ашық, жарып айтуды талап ететін публицистикадан басталады», - деп өз ой-пікірін білдірген.

Имандылық пен ізгілікті серік еткен жазушы өз ойларын, дүниетанымын зерттеу мақалаларында өрбітіп отырады. Солардың бірі - «Адамдық негізі - әйел» атты мақаласы. Мақаланы тақырыптан әріден бастап, өмір туралы философиялық ой түйіндейді. Оның «адам баласы қызықты өмір кешіреді» демей, «адам баласы қызықты өмір кешірмек болып қуанып, үмітпен өсіп» - деуінің астарында ұғынған адам үшін үлкен мән жатыр. Себебі адамды алдыға қарай жетелейтін болашаққа деген үміті мен қызығушылығы, ол - өссем, жетілсем, ұрпақ өсірсем деген бірінен соң бірі бітпейтін тілек, армандар. Сол армандардың жетегінде жүріп, өмір жалғандағы қызығы кеткен қарттықтың жеткенін байқамай қалады. Ол туралы жазушы былай дейді: «жылдан жылға қызуы басылып, ақыры кейін өледі». Егер Ананың өмірі мәнді, мағыналы дұрыс жолда болса, бала тәрбиесі де дұрыс жолға қойылды деген сөз. Сондықтан жазушының «...Ал, қазақ мешел болып қалам демесең, тағлімінді, бесігінді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!» деген сөзінде терең мағына бар. Бала кейіннен қаншалықты жақсы тәрбие көрсе де, «әуелгі анадан алған ішкі сырының арқауы болады». Жас таланттың алғашқы шағырмаларында айтылған ой ұшқындары кейінгі жазған мақалаларында кең ауқымда жалғасын тапқан. Академик З.Қабдолов: «...қазіргі қазақ әдебиетінде «Әуезов әйелдері» деп аңыздауға болатын жан тебіренер сырбаз, сұлу образдар галереясы жасалды. Дәл осының беташары Әуезовтің толғанысы - «Адамдық негізі - әйел». Бәрі содан басталған», - деп тұжырым бекітеді.

Қоғам қайраткерінің зер салып қарастыратын мақаласы - «Қазақтың өзгеше мінездері». Сол сияқты 1917 жылы газет беттерінен жарық көрген (Ж.Аймауытовпен бірігіп жазған) мақаласындағы ойлар Абай ақынның қара сөздерімен астасып

жатады. Мақалада бұрынғы қазақ елінің досымен достасып, жауымен жауласуға табанды халық екендігін айта келіп, қоғамдағы тарихи өзгерістер мен елді билеген өкіметтің іс-әрекеттері (ұйымсыздық, паракорлық, күндестік, әділетсіз билік пен партия) себебінен қазақтың ұлттық қалпының өзгергендігін айтады. «...Ұрлық, қорлық, өтірік, алдау, қулық, байлату, кісі өлу - рақымсыздық, жалған мақтан, ынсапсыздық, жалқаулық деген нәрселер шайтанның ұясынан артық болмаса, кем болған жоқ. Бір туысқан түгілі, әке мен бала партияға таласып, күндескен соң, адамның жақыны кім болмақ? Әрине, жалғыз ғана басы, құлқыны», - дей келіп, дінге келген кемшілікті де атап көрсетеді. Яғни, ендігі жақсы өмірдің жібі оқығандардың қолында деп елінің жарқын болашағын кеудесі ояу, көзі ашық саналы жастар қолына табыстайды. Дәл осы ойын «Оқудағы құрбыларыма» («Сарыарқа» газеті, 1917ж) және «Оқу ісі» («Абай» журналы, 1918жылы №11) атты мақалаларында жалғастырады. «Оқудағы құрбыларыма» деген мақалада жас жазушы оқуда жүрген құрбы-құрдастарын уақытты бос өткізбей, халықты оқу-білімге бастап, үлгі көрсетуге шақырса, «Оқу ісі» атты мақаласында қараңғылықтың құшағында қалған халқын мәдениет пен елдікке жетелеудің үлкен бір жолы - оқу-ағарту ісін дұрыс жолға қоюдың міндеттеріне тоқталып, өз ұсыныстарын айтады. Ұлттық мектептер ашуды, мұғалімдер білімін көтеру үшін курстар ашуды да сол кезде айтқан.

1920 жылы жазылған «Қазақ оқығандарына ашық хат» мақаласында Совет үкіметі кезіндегі халық тірлігін баяндайды. Төңкеріс болып, жаңа өкімет орнады. Енді қазақ зиялылары бөлініп жарылмай, керісінше ел басына күн туған уақытта, ұлт қамы үшін бірлесе қимылдау керектігіне назар аудартқан. Алдағы уақытта оқығандардың елге қандай пайдасы тиеді деген сұрақтарға жауап іздейді. Қалада қызмет атқаруға көзі ашық азаматтар керек екенін, халық оларды күтіп, шақырып отырғаны жөнінде ұсыныс ойлары айтылады. Бұл - Мұхтардың ел болашағына да үміт артып, мақсат қоя білуінің дәлелі.

Тырнақ астынан кір іздеген сыншылар шыққан 20-жылдары жарияланған мақалаларының бірегейі - «Сот» мақаласы. Онда М.Әуезов кез келген мемлекеттің заң шығарушы органы туралы, әрбір мемлекеттегі «тазалықтың қорғаны, соның аңдушысы, құралы, адамшылық, әділет жолымен тәрбиелейтін сот» жайында сөз қозғайды. Мақаланы оқып қарасақ, олардың алдында екі түрлі міндет тұратынын байқаймыз. Бір жағынан елдің мұң-мұқтажын

орындау, зорлықшылықтың құрығынан құтқару керек болса, екіншісі – келешекте қазақтың түзелуі үшін оны адамшылыққа, тазалыққа үйрететін қызмет. Қазақ халқы тәртіпті қатаң талап ететін соттың басқаруында болмағандықтан, бұрынғы екі сөзге келмес тік мінезден айрылмады. Мұхтар Әуезов осы мақаласындағы ойын «... әзіргі осы айтылған сөздерді әрбір соттың қолдануын тілек қылып, сөзімді тоқтатамын» деп түйіндеуінен, жазушы өмір сүрген кездің елдік сипаттағы көкейкесті мәселелері шешімін тапты деп айту қиын.

Жазушының тағы бір аса көңіл бөлерлік мақаласы халықтың материалдық жағын қамтамасыз етумен қатар рухани дамуын да жан-жақты қарастырғанының дәлелі іспеттес - «Жалпы қазақ өнері мен қазақ театры» атты мақаласы. Ол 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің ақпан айындағы 6-ншы санында басылып шықты. Мұнда сонау көне гректен бері қарай Еуропа елдерінің театрларына тоқталып, олардың дүниеге келу, даму жолдарын, сахналық дәстүрін, актерлік өнерін мәдени қауымға түсіндіре отырып ұйымдастырылатын қазақ театрының шығармашылық негізін ашып береді. «Қай өнерді алсақ та, әуелде өз елінің халық өнері болып, жалпы адам баласының ортақ теңізіне барып құяды» деуі ұлы мәдениет қайраткерінің қазақ театрының келешегін тануынан туған. «... Семей аймағындағы атақты күлдіргілер – Шандардың кулары, онан соң тапқыштық, шешендікпен аты шыққан Жиренше, Алдар көсе бар. Бұлардың өмірі толып жатқан комедия», - деп театр репертуарының мол қазынасын көрсетіп береді. Мұндай тәжірибені жазушы сонау Италияның Дель Арте комедия театрының ерекшеліктерінен танып, оның суырып-салма өнерінің біздің халық арасынан шыққан әйгілі кулардың өнерімен ортақ үлгісін көреді. Ақын, драматург, ғалым Әбділдә Тәжібаев: «Қазақ тілінде ертеде «драма», «театр» деген сөздер болған жоқ. Жаңа әлеуметтік өмір... топырағы әзір, тұқымы себулі тұрған өнер түрін өсіріп жіберді. ... оған жарық, жылу берді, шөлдемес үшін су берді. Сөйтіп, халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл маржандарын іргелі, үлкен өнерге айналдырады», - деп ғылыми тұрғыдан келісті айтқан. Бұған енді бірдеңені қосып жатудың да қажеті жоқ.

Келесі мақаласында адамдарды елге қызмет етуге, ұлттық рухты өз күштерімен көтеруге шақырады. Ол – «Бүгінгі зор міндет». Бұл қоғамдық-саяси мәні зор, әлеуметтік тақырыпта жазылған публицистикалық мақалалардың бірі. Сол замандағы оқығандардың негізгі міндеті панасыз, көшбасшысыз қалған ұлт болашағына қызмет ету болды. «Кедей қамы үшін қайғыратын кісілерге» үндеп,

назарын аудартады. Үкіметтің оқу ісіне беріп отырған кеңшілігі қаламгерді алаңдатады. Ол – жалпақ мемлекеттің қолданып отырған ісі. Губерниялық оқу бөлімінің жобасы бойынша қазақ ішінен 300-ден аса мектептер салынып, оның әрқайсысына 50 адамнан жұмысшы берілмек болып жатқанын айтады. Бұл сауатсыздықты жоюдағы алғашқы қадамдар болғаны белгілі. Осыдан М.Әуезовтің 1917-18 жылдары жазған мақалаларындағы ойлардың уақыт өте келе маңызды мәселелерге де сабақтасқанын аңғаруға болады.

Заманмен үйлесім тапқан «Қазақ қызметкерлерінің міндеті» деген мақаласында әлеуметтік жағдайлар кеңінен сараланып, қызметкерлер алдында тұрған міндеттер баяндалады. Олар – жаңа қоғамдағы барлық күш-қайратты, бос уақытты оқуға, шаруа жұмысына салу. «Мен сол сауалдарға жауап таба алмаймын», - деп қынжылған М.Әуезовтің айтайын деп отырғаны мына жайт: қазақ азаматы қазақ елін қай қызметімен қанағаттандырады? Қандай еңбек, қандай өнер, қай ісімен ризалайды? Мен мынаны істегенім жоқ па, мынандай үлгі, пайдалы істі ортаңа орнатқам жоқ па? — деп, қай қызметімен елдің аузын буады? Қараңғыда жатқан қалың елдің бір тілегі сонынан қалмайды. Ол тілек – елді мәдениетке жеткізу, ағарту, өнер-білім таратып, құралдандыру, дүниенің халін көруге көзін ашу, шаруасын түрлеп, ішінен жетілу. Бұл тілектің бәрі де азаматтың мойнына қарыз,оның дұрыстығын ешкім теріс деп айта алмайды. Егер бұларды атқаруға міндетті емеспіз дейтін азамат болса, ол қазақ жұртының қызметкері емес, тіпті оның қазақ елінің ішінде қызмет қылуында да мән-мағына жоқ. Болмаса ол адам кең байтақта, міндеті аз жерлерде қызмет қылуы керек. Егер оны да істей алмай, не мойнына міндет алмай, жылы орында жайланып отырmaq болса, оған айтар сөз де жоқ. Мінеки, осындай атқамінерлерді жазушы «... ол құдайдың берген қонағы. Елдің кішкене қазанына ортақ болып, еріксіз кірген еркелері», - деп сынауы тектен-тек емес.

Жоғарыда айтып өткен жіктеудегі топтың кейінгісі, яғни заманмен үйлесім тапқан күнделікті тұрмыстық қажеттіліктерге байланысты жазылғаны - «Егінге дайындалындар». Осы мақаласын жазу арқылы жазушы ауылдағы халықтың тұрмыс-тіршілігінің деңгейі мен шаруашылық жағдайынан хабардар етеді. Күн көру үшін егіншілікпен айналысқан елді губерниялық жер бөлімі 3-ке бөлген. Олар – егінді өзі салмағандықтан, немесе салса да, аз салып, керегін ала алмай, өзге жерлерден сатып алатын елдер мен астық көлемінің 50%-ын толтыратындар. Соңғы жігі – көлемнің 75%-ын толтыруға әлдері бар болса да, толтырмай отырған елдер. Осылай жіктерге

бөлудегі мақсат әрқайсысының ыңғайына қарай беретін көмегін ертерек межелеп алуда. М.Әуезов егіншіліктің қандай жақсылық не кемшілігі бар екенін және ол қай ретте болып отырғанын айтады.

Дүниеге қазақ перзенті болып туып, адамзат перзенті болып аттанған М.О.Әуезов тағдыры – талай ақиқатқа қапысыз көз жеткізетін тағылым мектебі. Заманмен бірге тебіреніп, мәңгілікпен үндесе білудің айқын өнегесі. Оның 20 жылдарда жазылған мақалаларының басты мазмұны мен өзекті мәселелері қазіргі уақыт талабымен ұштасады. Елінің еркіндігін аңсап, болашаққа зор үмітпен қараған дана ата-бабаларымыздың арманы бүгінгі таңда орындалуда. Атап айтсам, Ата заңымыз дүниеге келіп, елдіктің нышандары айқындалды. Елдіктің белгісіндей Елтаңбаны, желбіреген көк байрақты көргенде, әуелеген Әнұранды естігенде бойынды ерекше бір асқақ азаматтық сезім баурайды. Қазақ тілі – қазақ халқының мемлекеттік тілі болып қабылданды. Осындай игі істердің басы-қасында тұрған текті де дара тұлға – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. М.Әуезовтің 1920-жылдары жазған мақалаларында тұжырымдалған сауатсыздықты жою қадамдары бүгінгі таңда да жалғасын табуда. Қазақ елінде Елбасының жолдауымен жоғары сапалы білім беретін оқу орындары ашылды.

Осы тұрғыда халық жазушысы Әбіш Кекілбаев баға берді. Оның айтуынша: «Әуезовтің азаматтығы – елге деген жанпида еңбектен тұрады. Азаматтықты осылай Әуезовше түсінгенде ғана біз бір елдің мақсаты бір, тілегі бір перзенттері болып үлкен істерге жұмыла аламыз. Ұлы тұлғаны уақыт аласарта алмайды. Әуезов бейнесі осыған куә. Келер ғасырда да кемелдене беретін кемеңгер М.Әуезов – тек сіз бен біздің ғана емес, әлі дүниеге келмеген жаңа ұрпақтардың да сарқылмас игілігі, өлшеусіз бақыты».

Бүгінде Мұхтар Әуезов пен қазақ халқы – біртұтас ұғым. Оның есімі қазіргі қазақ халқының мәдениетін, ойы мен өрісін өрнектеп тұр. «XX ғасыр классиктері» деген ұғым өзіне Мұхтар Әуезов есімін қосады. Қазақ халқының тағдыр-талайын айтып, өмірін көрсету арқылы Әуезовтің ой-жүйесі адамзат мәнінің сан қилы қайнарына шомды.

Жазушы шығармаларымен, соның ішінде 20-жылдары жазылған мақалаларын оқып, меңгеру барысында халқымның ұлттық болмысына, тыныс-тіршілігіне жақындай түстім деп ойлаймын. Адамның немесе халықтың жанын түсінбей, білмей жатып жақсы көре алмайсың ғой. Ал, Мұхтар Әуезов өзінің халқы туралы, қазақтар жайлы әсерлі, терең, ғажайып ұлылықпен, ерекше нәзік түйсікпен суреттегені соншалық әлемнің кез келген оқырманы, менің нағыз туған

жерім Қазақстанды, жер бетіндегі қазақ адамының әдемілікке және кемеңгерлікке, еркіндікке құштар рухын жақсы көріп қалары сөзсіз.

«БАЛАПАН» - ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТЕЛЕӨНІМ

ТҰРЫСБЕКОВА А. С., ИМАНБАЕВА Я. С.

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы, Ақсу қ.

Телевизия өскелең ұрпақтың бойына ұлттық тәлім-тәрбие мен ғибрат-өнегені, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты тереңінен сіңіруде, мемлекеттік идеологияны насихаттауда әлдеқашан қуатты күшке айналды. Бірақ еліміздің көгілдір экрандарында балаларға арналған мәнді әрі мазмұнды бағдарламалардың аздығы ұлттымыздың болашағы - жас ұрпақтың ой-санасын өзге елдердің, әсіресе батыстың елдік болмысымызға да, тілімізге де, ділімізге де жат дүниелеріне еріксіз бұрып отыр. Қазіргі таңда қазақ баласы үшін шетелдің «Jetix», «Nickelodeon» немесе Ресейдің «Теленяня» сияқты арналары дамудың көзіне айналды. Ал, ол арналардан қазақ баласының көретін мультфильмдері мен бағдарламалары Қазақстанның мемлекеттік идеологиясымен мүлдем қабыспайтыны айдан анық. Бұл бүгін қалыпты болғанымен, ертең ұлт болашағы үшін қауіпті құбылыс. Бұған жол берсек, келешекте бармақ тістегеннен келер пайда болмас. Сондықтан да Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша құзырлы мемлекеттік органдар 2009 жылы толық қазақ тілінде хабар тарататын телеарналар ашу жұмысын бастап кетті. 2010 жылы тәрбиелік тағылымы мол телеөнімдер ұсынуды басты мақсаты ретінде белгілеген «Балапан» арнасының тұсауы кесілді. Бұл сөз жоқ тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы аса маңызды оқиға.

Сол кезде БАҚ беттерінде мынадай хабарлар жарияланды. «Бүгін көптен күткен ақжолтай хабардың куәсі болдық. Астанадағы «Думан» көңіл көтеру орталығында «Балапан» Қазақстандағы тұңғыш балалар телеарнасының тұсауы кесілді. «Қазақстан» республикалық телерадио корпорациясының базасында құрылған жаңа арна кабельдік желіде мемлекеттік тілде хабар тарататын болады».[1]

Бұл көңіл көтеретін-танымдық телеарна тілі жаңадан былдырлап шығып келе жатқан бүлдіршіндерден бастап, мектеп қабырғасында білім алып жүрген жасөспірімдер аудиториясына арналған.

Істі бастау оңай болғанымен, оны дөңгелетіп әкету қашанда қиын. «Балапан» арнасының өміршеңдігі ендігі кезекте оның

басы-қасында жүрген азаматтардың біліктілігіне, біліміне, қарым-қабілетіне тікелей байланысты болмақ. Ендеше оның басы-қасында жүрген әпке-ағаларымызбен танысайық. Бәрі де – бала жанын ерекше түсінетін жандар. Мысалы, «Шеберхананың» жүргізушісі Шыңғыс ұлттық арнадағы «Айгөлек» бағдарламасын жүргізген. Сондай-ақ белгілі тележүргізуші Ләйлә Сұлтанқызы «Кел, ойнайықты» жүргізеді. Ал Күнсұлу Шаяхметованы «Айжұлдыз» хабарынан көре аласыздар. Балалар хабарын жүргізгеннен кейін, баланың ішкі жан дүниесіндегі беймәлім сырларға, нәзік иірімдерге бойлай алу керек. Сондықтан да барлық жүргізушілер қатаң байқаудан өтіп, сарапталып алынған екен.

Қалай десек те, «Балапан» телеарнасының өмірге келуін тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы, рухани дүниеміздегі аса маңызды оқиға деп бағалаған абзал. Телеарна кішкентай бүлдіршіндеріміздің жастайынан елін-жерін сүйетін, ұлтының болмысын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын құрметтейтін көркем мінезді әрі тәрбиелі болып қалыптасуына, сүбелі үлес қосады.

«Балапан» телеарнасының материалдары аттас сайтта жарияланып тұрады. Сонымен бірге балаларға арналған бірнеше қызықты дүниелер бар. Мысалы, «Ол қандай бала болған?» айдарында қазақтың дана-данышпандарының балалық шақтары туралы мәлімет таба аласыз. Жыр алыбы Жамбыл ата туралы мәліметті мысал ретінде келтірейік.

«Жыр алыбы» Жамбыл өзі аттас Жамбыл тауының етегінде дүниеге келген. Жамбыл өмірбаян естелігінде өзінің дүниеге келуі мен балалық шағы туралы былай деп жазады:

«Шу өзені бойымен жүре берсеңіз, Хан және Жамбыл деген екі тауға кез боласыз. Менің әкем Жапа бір кезде осы тауларда көшіп-қонып жүрген. Мен Жамбыл тауының етегінде қақаған қатты боранды күні туылыппын. Маған сол көне Жамбыл тауының есімі ат болып қойылыпты». Бұл 1846 жылдың ақпан айы екен.

Ендігі сөз еткелі тұрған айдар «Балапанның» қонағы деп аталады. Онда Қазақстанның әлемге әйгілі боп үлгерген дарынды бүлдіршіндермен таныстырады. Мысалы, Жансая Әбдімәлік: «Әлемдегі ең мықты шахматшы Юдит Полгар сияқты болуды армандаймын», - дейді.

«Балапанның» қонағы: шахматтан әлемнің төрт дүркін чемпионы, жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионы Жансая Әбдімәлік. «Шахматтың ең кішкентай ханшайымы» атанған 12 жастағы Жансая жуырда халықаралық гроссмейстер нормасын

На сегодняшний день имеются отдельные статьи, раскрывающие те или иные стороны истории евразийской интеграции [1]. Важный вклад в изучение евразийства вносит Президент РК Н.А.Назарбаев [2]. Известно, что ранее историческая реконструкция евразийской концепции была проведена Л.Гумилевым [3]. Среди современных исследователей евразийства особое место занимает Председатель Национального Конгресса Историков Казахстана Ерлан Сыдыков [4]. Данной теме также посвящены труды ученых-историков Султанова Т. [5], Абжанова Х. [6], Кабульдинова З. [7], Мамытовой С. [8] и других. Несмотря на наличие вышеназванных трудов по данной проблематике, до сих пор в исторической литературе не имеется обобщающего научного труда по истории евразийской интеграции.

Исходя из этого, мы поставили цель: всесторонне проанализировать историю евразийской интеграции на примере казахстанско-российских отношений с глубокой древности и до сегодняшнего дня, а также на основе собранного материала показать перспективность данного направления во внешнеполитической деятельности Казахстана.

Для достижения поставленной цели нами определены следующие задачи:

- провести историографический анализ и выявить степень изученности проблемы, определить слабоизученные и неизученные аспекты проблемы;
- показать генетические корни евразийской идеи на примере казахстанско-российских отношений с древности до настоящего времени;
- дать оценку современным реалиям во внешнеполитической ориентации, выявить возможные модели интеграции и обосновать перспективность евразийской модели;
- составить хронику реализации евразийской идеи в истории независимого Казахстана;
- предложить пути дальнейшего расширения идеи евразийства в научно-образовательном направлении.

Для раскрытия поставленных целей и задач нами использованы следующие методы: анализ-обобщение, историко-сравнительный, историко-типологический, историко-хронологический, историко-генетический, историко-системный.

Гипотеза: Евразийство - это процесс исторически закономерный, необратимый и перспективный.

Президент РК Н.А. Назарбаев отмечал: «Евразийская идея, как теория была рождена в прошлом веке. Но уверен, что евразийская идея, как практика организации новой жизни будет воплощена в этом веке. Евразийство – одна из главных идей XXI века» Евразийское объединение является тем мощным ресурсом, который укрепляет реальный суверенитет, расширяет экономические и политические возможности государств [9]. Интеграция, как непрерывный процесс была запущена не сегодня, а в далеком историческом прошлом, в глубине веков. Оттого важно знать исторические корни.

Анализ этнополитических процессов на территории Евразии показывает, что еще во времена сакских, а затем тюркских и других племен происходили процессы интеграции, народы не только осваивали, завоевывали территорию самого большого континента, но и мирно сосуществовали, экономически сотрудничая. Взаимообогащение культур происходило посредством экономических, военно-политических, социокультурных, этнических связей. Происходившие в то время значительные мировые события не были оставлены без участия кочевых племен, которые заметно повлияли на историю мировой культуры. География Евразии предопределила единение на ее территории двух культурных миров: разных, непохожих, часто противоборствующих, но обреченных природой и судьбой на взаимодействие. В VI веке на территории Евразии обосновались племена древних тюрков. Территория от Алтая до Каспия в VI веке была населена тюркскими племенами и явилась первой евразийской державой, названной Тюркским каганатом. Борьба племен между собой обуславливала их недолговечность, тем самым в период VII-XIII вв. на его месте были образованы поочередно сменявшие друг друга каганаты: Тюркешский, Карлукский, Государство Караханидов, Огузский, Кимакский и др. Как известно, уже в X веке возникли интеграционные союзы тюркских государств с Русью с целью завоевания приграничных земель. Так, в 965 году русский князь Святослав Игоревич в союзе огузами отправился в решительный поход против хазар и разгромил их. Аналогично, в 985 году был совершен поход огузов в союзе с киевским князем против

волжских булгар. Кипчаки являлись особым звеном в становлении кочевой цивилизации. Сложение кипчакской народности шло под влиянием консолидации и интеграции народов и племен Евразии. В первой половине XI века к ним переходит этнокультурное влияние и консолидирующая роль в Волго-Уральском регионе, называвшейся на Руси «половецкой степью», а проживающие на этой территории тюрки именовались половцами. Между русами и кипчаками были выявлены взаимовыгодные связи, не только военно-политические, но и социокультурные и даже родственные [8]. В знаменитой битве на Калке русским ополчениям пришли на помощь кипчакские воины. Несмотря на поражение, эта героическая битва значительно задержала нашествие монголов на Русь.

Как и кипчаки, Золотая Орда оставила ясный след в истории кочевой цивилизации, во времена которой упрочнились культурные связи тюрков и славян. Уже в период формирования казахской народности и государственности, в пору борьбы казахов за свою независимость таились идеи евразийства. Становление Казахского ханства явилось главным событием, способствовавшим упрочению политической ситуации в Евразии и повлекшим за собой завершение этнической консолидации и формирование территории казахов.

Джунгарское нашествие, охватывающее период с 1723 по 1727 гг., явилось серьезной пыткой для казахов. Принятию российского подданства правителями Младшего и Среднего жузов содействовало их стремление к союзничеству с Россией и стремление обезопасить свои пастбища как со стороны Джунгарии, так и со стороны России. Расширение сферы российской государственности на восток в XVI веке сопровождалось различными миграционными процессами, ставшими так же неизбежными, как однажды в период расселения на западе степной Евразии тюркских народов.

Устанавливая новую систему властных отношений, Россия выполняла миссию умиротворения Великой Степи, стягивая воедино геополитическое пространство Евразии. Сложным явился процесс вхождения казахских земель под покровительство Российской империи, что вызывает противоположные суждения. Период «абсолютного зла», так называлось в советской историографии 20-30-х гг. время присоединения Казахского ханства к России или колониального захвата Казахстана царизмом [8]. В 1948-1949 гг. восторжествовала оценка, в соответствии с которой присоединение Казахстана к России имело прогрессивное значение, но как главное в этом процессе выделялась совместная борьба русских и

казахских масс против царизма. Появились позитивные стороны в экономическом и социально-культурном развитии Казахстана. Рассмотрим только основные моменты, характеризующие процесс сближения и интеграции казахов с Россией на тот период. Наиболее прогрессирующие в своем бурном развитии были казахско-русские торговые отношения, также шло постепенное приобщение к русскому образованию и культуре. Ярким примером этого являются деятельность и творчество выдающихся казахских просветителей Абая Кунанбаева, Чокана Валиханова, Ибрая Алтынсарина, вобравших лучшие традиции русской культуры. Народы, несмотря на преобразование идей евразийства в период жесткого тоталитарного режима, присущего советской системе, всегда помнили о своих этнических корнях. Наряду с распадом советской системы шел разрыв экономических и культурных связей постсоветских республик. По пришествию определенного времени стихла эйфория независимости, и страны постсоветского пространства стали активно поддерживать идеи евразийства на территории бывшего союза, как фактора возрождения вековых исторических связей. Сейчас же, когда идея евразийства рассматривается как широкомасштабный проект будущего, появляется множество сторонников и противников данной модели интеграции. С одной стороны, сторонники либерализма усматривают скрытые имперские мотивы. С другой стороны, противниками выступают другие, несогласные, в частности, с отрицания монголо-татарского ига. По мнению ведущего российского эксперта Александра Рар, в качестве противника также выступает Европейский Союз, опасющийся расширения российского национализма [10]. Нет ничего удивительного в том, что в мире есть силы, жизненно заинтересованные в недопущении воссоединения евразийского геополитического пространства [11].

В противовес динамично развивающемуся процессу евразийской интеграции на современном этапе выступают новые альтернативные модели интеграции. Нами выявлены следующие модели:

1. Пантуранская модель. Данная модель определяет возможность политической ориентацией - прозападной, к ней относятся взаимоотношения с Турцией, которая первой признала независимость Казахстана. Успешно развивается сотрудничество Казахстана и Турции в многостороннем формате – в рамках ООН, ОЭС, ОИК, СВМДА, саммитов глав тюркоязычных государств и др. [12]. Эффективное сотрудничество прослеживается на примере создания совместных образовательных учреждений, таких как

казахско-турецкие лицеи, частный университет им.С.Демиреля в Алматы, Международный казахско-турецкий университет (МКТУ) им. Х. А. Яссауи в Туркестане.

2. Панисламистская монорелигиозная, полиэтническая модель, имеющая в Казахстане своих сторонников. Ее возможная политическая ориентация – исламский мир. Современная ситуация в Афганистане резко снизила вероятность развития событий по этой модели.

3. Китаецентричная, полиэтничная модель, пока не являющаяся вероятной, но допустимая теоритически. Установившиеся в начале 1992 года официальные дипломатические отношения стали ключевыми во внешней политике обеих стран. Китай является 2-м крупным торговым партнером Казахстана. Развивается также энергетическое сотрудничество. Почти 20 процентов нефти Казахстана экспортируется в Китай [13].

4. Наиболее верной, на наш взгляд, является евразийская геополитическая перспектива, особенно интеграция с Россией. Двусторонние связи и сотрудничество регулируются обширной договорно-правовой базой (подписано более 480 договоров и соглашений). В экономической сфере отношения успешно развиваются на базе Программы экономического сотрудничества на 2012-2020 гг. По новейшим данным, объем взаимной торговли в 2013 г., по сравнению с 2012 г., увеличился на 18,8% и составил 13,1 млрд. долл [14]. О высоком уровне сотрудничества и взаимодействия наших стран наглядно свидетельствуют итоги IX Форума межрегионального сотрудничества Казахстана и России, состоявшегося 19 сентября 2012 года в Павлодаре под патронажем Президентов двух стран. В рамках встреч деловых кругов подписаны около 30 соглашений, в том числе конкретные прескты на общую сумму около 2 млрд. долларов [9]. Главным достижением сотрудничества является создание и совместная деятельность в рамках Таможенного Союза. Это имеет важное значение не только в плане устойчивого развития экономики стран ТС, но и политической стабилизации, развития социокультурных контактов на евразийском пространстве [15].

Процесс евразийской интеграции необратим и имеет большие перспективы. Это отражено как в Стратегии «Казахстан-2050», так и в «Концепции внешней политики на 2014 - 2020 гг.» [16]. Что касается Российской Федерации, Республика Казахстан продолжит укрепление взаимоотношений во всех сферах политического, торгово-экономического и культурно-гуманитарного сотрудничества

на основе Договора о добрососедстве и союзничестве в XXI веке, подписанного в ноябре 2013 года. В качестве приоритетов и задач концепции выделены евразийская интеграция, укрепление Таможенного союза и Единого экономического пространства в целях создания на этой основе Евразийского экономического союза.

Таким образом, интеграционные процессы - неотъемлемая черта развития мирового сообщества в условиях глобализации. Динамичное развитие государств невозможно в закрытом обществе, важным условием является открытость, интеграция на основе взаимовыгодного сотрудничества. Ключевым направлением внешнеполитической деятельности Казахстана является евразийская интеграция, которая имеет глубокие исторические корни. Евразийский вектор развития отражает общность исторических судеб и неразрывность культурных связей. Именно историко-культурное разнообразие обеспечивает устойчивость евразийской идеи, развитие которой поступательно и непрерывно, несмотря на критику оппонентов и имеющие место в казахстанском обществе иные модели интеграции. Процесс евразийской интеграции в современных условиях, как показывает анализ новейших данных, с каждым годом набирает обороты, создаются различные структуры по координации интеграционных процессов, особенно в сфере экономики. Ежегодной традицией становится проведение Евразийского экономического форума, а также форумов по приграничному сотрудничеству. На наш взгляд, с целью расширения и углубления евразийской интеграции весьма перспективным направлением должна стать активизация сотрудничества в научно-образовательном аспекте. В связи с этим, мы поддерживаем инициативу российских ученых [17] по созданию учебника «История Евразии» и считаем, что к данной работе должны присоединиться казахстанские исследователи истории евразийства. Мы предлагаем ввести в учебные программы курс «История Евразии». В завершении хотим сказать, что евразийская интеграция позволит нам занять достойное место в глобализирующемся мире. Только вместе евразийские страны смогут преодолеть вызовы времени, добиться прогресса и процветания.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Материалы Евразийских научных форумов, ЕНУ имени Л. Гумилева
- 2 Назарбаев Н. А. и Евразийство: сборник избранных статей и выступлений Главы государства / Под ред. Е.Б. Сыдыкова. – Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2012. – 222 с.

- 3 Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии //Наш современник. – 1992
- 4 Сыдыков Е. Евразийство – непрерывное, поэтапное, неизбежное // Mangi El. – Астана, 2013. - №1 С 73-75
- 5 Султанов Т., Кляшторный С.Г. Государства и народы Евразийских степей: от древности к Новому времени. – Петербург, 2009. – 432 с.
- 6 Абылхожин Ж.Б. Страна в сердце Евразии. – Алматы, 1997. – 280 с.
- 7 Кабульдинов З. Е. Казахи России. – Астана, 2009. – 300 с.; Евразийство: истоки идеи и современное состояние / Материалы форума «Наследие Л.Н. Гумилева и современная евразийская интеграция». – Астана, 2012. – С.7-14.
- 8 Мамытова С. Н. Исторический фундамент евразийства. – Веб-сайт Информационно-Аналитический центр МГУ, <http://www.ia-centr.ru/expert/>
- 9 Назарбаев Н.А. G-Global – мир XXI века. – Астана, 2013. – 196 с.
- 10 Пар А. эксперт: ЕС выступает против евразийского союза, опасаясь национализма. – Веб-сайт: РИА Новости - Москва, 12.11.2013.
- 11 Помяткин П. Запад и Евразийский Союз: глобализм против евразийства. – Новости: Военное обозрение. – 26.03.2012.
- 12 Материалы Международной конференции «Казахстанско-турецкие отношения и Стратегия «Казахстан-2050». – Веб-сайт: news.kazpravda.kz. – 10.07.2013.
- 13 Сыроежкин К.Л. Казахстан – Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству. – Алматы, 2010. - Книга 2. В формате стратегического партнерства. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2010. – 384 с.
- 14 Россия-Казахстан. - Веб-сайт посольства РФ в Республике Казахстан.
- 15 Казахстан в международном сообществе (Очерки многосторонней дипломатии). – Алматы, 2012 – 148 с.
- 16 Назарбаев Н.А. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства. – Астана, 14.12.2012; Концепция внешней политики Республики Казахстан на 2014 – 2020 годы. – Астана, 21.01.2014
- 17 Пивовар Е.И. Постсоветское пространство: альтернативы интеграции. Исторический очерк. – М., 2010. – 398 с.; Кляшторный С.Г., Савинов Д.Г. Степные империи Евразии. – М., 1994. – 352 с.,

Дугин А.Г. Евразийская миссия Нурсултана Назарбаева. – М., 2004. – 286 с.; Медведев Р. Назарбаев. Казахский прорыв и Евразийский проект. – М., 2008. – 382 с.

МҰРТТЫ ОБАЛАР СЫРЫ

ЖАНСҰЛТАНОВА А. А.

8 сынып оқушысы,

мамандандырылған «Зерде» дарынды балалар мектебі, Екібастұз қ.

Егер Мұртты обаларды зерттеу арқылы ата-бабаларымыздың ежелгі мәдениетін әлемге танытсақ, онда біріншіден, тарихи сабақтастық тұрғысынан қарасақ біздің өркениет пен құрылыс сонау көне заманда-ақ дамыған, екіншіден, астрономия ғылымы бізде сонау ғасырлар бұрын дамығанын көре аламыз. Бұл тақырыптың өзектілігі -Мұртты обаларды зерттеу арқылы ғылымы бізде сонау ғасырлар бұрын дамығанын көре алу.

Дана қазақ халқымыздың жұлдызды әлемді зерделеуде тек қана олардың қозғалыстары мен соған сай болатын ауа райының өзгерістеріне назар аударумен шектелмегендері белгілі. Қазақ жұлдызшылары атамекеніміздің бірнеше жерінде жұлдызды әлемді бақылап-зерттейтін обсерваториялар да салған. Уақыт өте келе ол құрылыстардың ауа райының түрлі өзгерістерінен көнергені хак. Атамекеніміздегі тіршілік тынысын, оның өткен тарихын зерделеп зерттеген талантты орыс ғалымы, биология ғылымдарының докторы П.И.Мариковский «Қазақ КСР Ғылым академиясы «Хабаршысы»-«Вестнигінін» 1977 жылғы 5-нөмірінде «Қазақстан территориясындағы ежелгі астрономиялық құрылыстар» («О древних астрономических сооружениях на территории Казахстана») атты көлемді ғылыми еңбегін жариялады. Қазіргі Қазақстанның табиғаты тамаша кең далалы аумағындағы көптеген ғажайып обалардың арасында «мұртты» обалар деп аталынатын обалар ерекше ой салады.

«Мұртты» обалар жерлеу ғұрпына арналған ескерткіштерден тыс, тасмола мәдениетінің 2-тобына біріктірілген. Бүгінде Қазақстан аумағынан табылған 300-ден астам «мұртты» обалар қорымы туралы мәліметтер жинақталды. Олар жерлеу орындарынан тыс, діни-ғұрыптық нысан ретінде қарастырылады. Ескерткіштердің бұл тобына қатысты мәліметтер Тасмола тайпаларының діни-ғұрыптық түсініктерін анықтауға қолданылады [3].

Ә.Х.Марғұланның болжауы бойынша, «мұртты» обалар «ас беру» немесе еске алу орындарында тұрғызылған ғұрыптық құрылымдар.

А.М.Оразбаевтың болжауына келсек, «мұртты обалар кешені түгелдей жылқыны құрбандыққа шалу ғұрпы мен шамандық күнге табыну наным-сеніміне байланысты». Тасмола мәдениетін алғаш ашқан М.К.Қадырбаев та 1950-1960ж. осы обаларды зерттеді [9].

М.К.Қадырбаевтың пікірінше, «мұртты» обалар кешенінің шығыстағы обасы «тек ғұрыптық сипатта» болып күнге табынуды білдірсе, кешенді тұтас алып қарағанда, «үлкен обада» «тайпаның беделді кісінің мүрдесі»: көсемдер, рубасылары, т.б. жерленген [4,5].

С.С.Сорокин «мұртты» оба кешенінің екі құрамдас бөлігінің үлкен оба мен оның серігі кіші оба бір мезгілде тұрғызылмаған деп топшылайды. Оның пікірінше, үлкен обаға қарғанда астына ат жерленіп, қыш ыдыс қойылған кіші оба мен одан шығысқа қарай жатқан сыртқы тас тізбектер кейініректе қаланған, ал кешен түгел дерлік ас беру, еске алу рәсімдеріне лайықталған. С.С.Сорокин Орталық Қазақстандағы тас тізбекті обаларды көне дәуірдің мәйіт жерленбейтін бұғытастары, ортағасырлық балбалды қоршаулары, т.б. сияқты құрылыстар тобына жатқызады.[10]

А.З.Бейсенов «мұртты» обалар жөніндегі материалдарды біршама жинақтап, қорытындылады. Бұл ескерткіштерді ол өлген адамды жөнелту-еске алу жоралғыларына лайықтап салынған ғұрыптық орындар деп тұжырымдайды.[1]

Қазіргі уақытта шартты болса да, «мұртты» обалардың негізгі ауқымы анықталды. Бүгінгі таңдағы мәліметтерге жүгінсек, Қазақстан аумағында 300-ден астам ескерткіштер анықталған. Аталмыш мәліметтер жыл сайын толықтырылуда. Негізгі ауқымы Орталық Қазақстан мен Солтүстік Қазақстанды (Көкшетау) сондай-ақ бүгінгі Шығыс Қазақстан облысының батыс бөлігінің далалы алқаптарын (Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау) қамтиды. Қазақстандағы мұртты обалардың жалпы санының 80% астамы осы аумақта шоғырланған. «Мұртты» обалардың бұл географиясы Тасмола мәдениетінің шеңберімен байланысты. Обалардың екінші бір анағұрлым шағын бөлігі (20% аздауы) Жетісу, Шығыс, Батыс, Оңтүстік Қазақстан жерлерінде, соның ішінде, көпшілігі Шығыс Қазақстан аумағында орналасқан. Жалпы «мұртты» обалар таралымы туралы сөз қозғағанда әкімшілік-аумақтық түсініктен гөрі географиялық ұғымдарға жүгінген жөн: негізінен, жалпы «мұртты» обалардың таралым аясы Қазақстан ұсақшоқылығы аймағымен сәйкес келеді [8].

«Мұртты» обалардың Қазақстанның қазіргі аумағынан тыс жерлерде таралуы тасмола мәдениеті тайпаларының сыртқы – өлкелерге жасаған күшті этномәдени ықпалымен, соның ішінде, шығу тегі тасмолалық топтардың сақ заманы мен одан кейінгі кезеңдердегі сыртқа қарай қоныс аударуымен түсіндіріледі.[6,7,11]

Қазақстандық «мұртты» обаларды зерттеу мәліметтеріне сүйеніп отырып, «мұртты» обалар кешеніне шамамен төмендегідей сипаттама беріледі.

«Мұртты оба» кешені әдетте батыстағы «үлкен» және шығыстағы «кіші» деп ажыратылатын 2 обадан, кіші обадан шығысқа қарай тартылған 2 тас тізбектен («мұрттардан») тұрады..

Кіші оба. Кәдімгі оба бейнесіндегі үйінді, арақидік қоршау немесе тас жайма іспетті дөңгелектенген (кейде сопақша, тік бұрышты) қарапайым, кішігірім құрылыс кешенінің басты элементі болып саналады. Бұл құрылыс астындағы табылымдар жылқы сүйектері мен қыш ыдыстарынан, от жаққан орынның қалдықтарынан (іздерінен) тұрады. Мұның астында адам мүрдесі жерленбейді.

Тас тізбектер. Шығысқа (СШ,ОШ)бағытталған, жартылай доға тәріздес иіліп келетін бұлардың ұзын бойынан екі тізбектің өзі, олардың шеттеріндегі оба тәріздес шағын құрылыстар, олардың үстінде немесе жанында байқалатын тас бағаналар (тақталар), сондай-ақ, тізбектердің әр жерлерінен байқалатын тігінен тұрған кішкене бағаналар ажыратылады. Ұзындығы бірнеше ондаған метрден 200м-ге жуық, тіпті одан астам тас тізбектер («мұртты») кіші обадан бастап шығысқа бағыттала салынған. Тас тізбектер ретсіз қалана салынған жолақтар емес екені анықталды. Олардың негізінде көптеген кіші құрылыстардың жүйесі жатады. Қазба жұмыстардың нәтижелеріне қарағанда, бұл шағын құрылыстардың өзі бірнеше түрлі болып келеді. Кей обалардың «мұрттары» дөңгелек немесе сопақша келген оба тәріздес құрылыстардан түзіледі. Кейде тізбектер астынан дөңгелек, тікбұрышты, бірақ оба сияқты үйінді түрінде емес, қоршаулар немесе тас жаймалар түріндегі құрылыстардың жүйесі анықталады. Бірақ, бұның бәріне тән қасиет – олардың өлшемі шағын болып келеді (дөңгелек болса, диаметрлері шамамен 0,5-1,5 м.т.с.с.) және олар қайталанып отыратын біртекті элементтер жүйесі тәртібімен тізіледі. Тас тізбектер астында, яғни жанағы шағын құрылыстардың астында құрылыстардың астында жануарлардың ұсақ сүйектері, от орындарының іздері ұшырасады.

Үлкен оба. Үлкен обаға адам мүрдесі қойылған. Бұл обаға келсек, оны үлкен деп тек шығыстағы кіші обамен салыстыра

айтады. Іс жүзінде бұл тасмола мәдениетінің кәдімгі, жоғарыда айтылған I-топтағы жерлеу ескерткіші. Оның қоршауы, оры болуы немесе болмауы мүмкін, ондағы қабір түрі, жерлеу ғұрпының басқа элементтері де басқадай көптеген жерлеу ескерткіштеріне тән.

Жүйекті обалар ерте заманнан бері ғалымдардың назарын аударып келеді. Мұндай обалардың суреттемесі мен алғашқы сызбасын өлкетанушы-ғалым Л.Ф.Семенов 1927 жылы бұрынғы Ақмола облысында жасаған болатын. Ол ешбір баспасөз бетінде жарияланған жоқ. Осы күнге дейін КСРО Ғылым академиясы археология институтының Ленинградтағы бөлімшесінің мұражайында сақтаулы. Одан кейін 1932 жылы бір обаны Калмыкияда И.С.Рыков И.В.Синицинмен бірге ашып зерттеді. 1933 жылы Орталық Қазақстанда жүйекті обаны Материалдық мәдениет тарихының Мемлекеттік Академиясы экспедициясы, ал 1946 жылы Ә.Х.Марғұлан жетекшілік еткен ғалымдар осы Орталық Қазақстаннан обалар сериясын қазып ашты. Олардың таралған аймақтары М.Қ.Қадырбаевтың еңбегінде дәл де анық көрсетілген. Көптеген жүйекті обаларды талдап-зерттей келе, М.Қ.Қадырбаев оларды мынандай төрт нұсқаға бөледі. Біріншісі, өлген адамның табытқа салынған денесі көмілген жерде пайда болған оба, оған шығыс тұстан ішінде атының сүйектері мен бір-екі қыш құмыра бар шағын оба келіп жанасады. Бұл шағын обада өлген адамның денесін табытқа салып жерлейтін үйшік жоқ, топырақ үстіне үйілген. Екінші нұсқасы – солтүстіктен оңтүстікке қараған қатар екі оба, оның солтүстік жағындағысына өлген адамның денесі жерленген, ал оңтүстік жағындағысында аттың сүйектері немесе бір қыш құмыра бар. Аттың сүйектері бар обада өлген адамның денесі салынатын үйшік те болмайды. Обаның үшінші нұсқасы айрықша. Үлкен обада жерленген өлген адаммен бірге аттың сүйектері мен қыш құмыралары көмілген кішкентай оба бар. Төртінші нұсқасында үлкен обада өлген адамның денесі өзінің қыш құмыраларымен бірге жерленген. Бесінші нұсқаға жерлеудің ізі жоқ обаны жатқызуға болады.

Орталық Қазақстандағы “алтын сақ көсемінің” қорымы. Бірден-бір археологиялық олжа Қарағанды облысындағы Қарқаралы ауданының аумағындағы ерте темір дәуіріне жататын Талды-2 қорымын зерттеу кезінде табылды.

Талды-2 қорымы Қ.Аманжолов ауылынан (Қарқаралы ауданынан 44 км жерде) 1,4 км жерде орналасқан. Археологиялық зерттеу жұмыстары 2009 ж. “2008-2010ж. Қарағанды облысындағы “Мәдени мұра” атты өңірлік бағдарламамен басталды.

2009-2010 жж. ерте темір дәуіріне жататын 7 сақ патшаларының қорғаны зерттелді. Олардың биіктігі 2-3,5 м, диаметрі 30-65 м-ге дейін жетеді. Зерттеу жұмыстарын археология ғылымының кандидаты Бейсенов Арман Зияденович өткізеді.

Өте маңызды жұмыстар 2010ж. №2(диаметрі 30м, ұзындығы 2м), №5(диаметрі 65м, ұзындығы 3,5м) қорғандарында істелінді. 2 қорғанда атақты аң стилінде жасалған 200-ге жуық ірі алтын бұйымдар, 1800-ге жуық алтын қабыршықтар, айылбас пен сақинаға ұқсас 21 000-нан аса ұсақ алтын моншақтар, сондай-ақ 14 қола садақ оқтарының ұштары, 150 тас салпыншақтар табылды. Бұл қорғандарда жоғарғы әлеуметтік дәрежедегі көсемдер мен ел билеушілер жерленген деп толық сеніммен айтуға болады. Көп алтын бұйымдар сақ патшасының салтанатты киімдеріне тігілген алтын әшекейлер түрін жатады. №5 қорғанда 30-35 жастағы еркек жерленген. Сүйектерді зерттеу кезінде жерленген адамның ккп жарақат алғы жайлы белгілі болды. Бұлжаңдай ерекектің әскери адам болғанын дәлелдейді. №2 қорғанда 50-55 жастағы еркек пен әйел жерленген. Кейбір заттар тұрпаттамадан алғанда Шығыс Қазақстандағы және республиканың басқа да аймақтарынан табылған заттарға ұқсас, бірақ ең алдымен, бұл ұқсас материалдар Тывадағы Аржан-2 қорғаныныда бар. Талды қорғанынан табылған заттар б.з.д. YII-YI Сарыарқа сақтарының Тасмола мәдениетіне жатады. Басқасы болмаса, Қазақстан мен Саян-Алтайды мекендеген сақтар өте жақын қарым-қатынаста болған деген ақиқатты мына табылған заттар бұрынғыға қарағанда дәлелдейді. Мүмкін Қазақстаннан Тываға шейін біртұтас тарихи-мәдени қабат бар болған шығар. Табылған заттар Қазақстан тарихында ежелгі сақ мәдениетін зерттеуде маңызды оқиға болып саналады. Таяу және шалғайдағы ғалымдар бағалы тарихи заттарды жоғары бағалады. Қазіргі уақытта Орталық Қазақстандағы ерте темір дәуірін зерттеу жұмыстары жалғасуда. Қазақстан ғалымдарымен табылған өте сирек бағалы заттар жайлы ақпарат бүкіл әлемге жетті. Ғалымдар Украина, Россия, Германия және Қазақстан ғалымдарынан құттықтаулар алды. Қарағанды облысында жасалған жұмыс көп жылғы зерттеулердің айқын нәтижесі болды, бірақ ол алдыңғы зерттеулердің маңызды импульсі болуы керек деп ғалымдар, тарихшылар мен өнертанушылар ойлайды. Талды-2 қорғанынан табылған керемет бұйымдар- тағдаулы өкілдің киімінің элементтері. Бұл бұйымдар әскери-көшпенді өмірдің идеологиясына, эстетикасына байланысты безендірілгенін айтып тұр. Әрбір аниматикалық кейіп костюмнің

баспахансынан және әлемдік көзқарастан үлкен орын алады [2]. Мұндай обаларды алғаш рет орыс ғалымдары Л.Ф.Семенов, П.С.Рыков және И.В.Синицын тауып, олар жөнінде түсіндірмелер жазған болатын. Жүйекті обалар шамамен біздің эрамызға дейінгі VII-VI ғасырлар мен біздің эрамыздың V ғасырына дейінгі уақытта, қола заманындағы мәдениетпен байланысты жасалғанын көрсетеді. Олар жергілікті исседон мен аримас тайпаларына, андронов мәдениеті мирасқорлары мен тікелей ұрпақтарына тиесілі деп саналатын. Бұл уақытта қазіргі Орталық Қазақстанда елді мекен, рудниктер, қабірлі құрылыстар, бейітке тұрғызылған ескерткіштер – ерте кездегі көшпенділер, малшылар мен ежелгі металлургия орталығы қалдырған жоғары мәдениет орнаған еді. Жүйекті обалар қай кезде де дүниеден өткен адам денесімен бірге жерленген түрлі қымбат заттарымен ерекшеленді және өзінің өзгеше типті құрылыс екендігімен, сақ-скиф типті мәдениеттің бет-бейнесін айрықша етіп көрсетуімен көзге түсті, Обалардың ішіне қойылған түрлі аса қымбат заттар обалардың сол кезде өмір сүрген тұрмысы тәуір, есімі белгілі адамдарға арналғанын көрсетеді. Жүйекті обаларды зерттей бастаған кезде олардың тек қана дәстүрлік мәні бар деп саналған болатын. Обаларды зерттеуші ғалымдардың мұндай пікірге келулеріне обалардан жамбас сүйектердің ізі ғана табылып, онда адам мүрдесі жерленбегендей көрінгені себеп болған еді. Кейіннен Орталық Қазақстанда обаларға жүргізілген қазба жұмыстары бұл пікірлерге қозғау салды, обалардың көпшілігінде дүниеден өткен адамның жерленген денесі бар болып шықты. Ғалым М.Қ. Қадырбаев сондай-ақ обаларға жанама салынған құрылыстардың тек таза дәстүрлік сипатта тұрғызылғанын және солярлық мәдениетті көрсететінін, өйткені олардың тармақтары көбіне, тіпті ылғи десе болады, шығысқа қаратылып салынатынын атап өткен. Обалардың басым көпшілігі тонаушылардың қолынан зардап шеккен. Сондықтан да археологтар зерттеген 100 обадан ғалым О.Бісмағұловқа 7 бас сүйекті ғана зерттеуіне мүмкіндік туды, олардың 3-уі ерлердікі, 2-уі әйелдердікі, 2-уі балалардікі. Бас сүйектер еуропидтік үлкен нәсілге жатады, бірақ өзінің бет-бейнесінде монғолоид нәсілінің белгілері де бар. Айта кететін бір нәрсе, бас сүйектердің бірінен сүйекті тесіп операция жасаудың – трепанацияның ізі табылды, ал басқа біреуінің пошымы жасанды деформацияның салдарынан конус тәрізденіп қалған. Өздерінің морфологиялық ерекшеліктеріне сай бас сүйектер сақ-үйсіндер заманындағы бас сүйектерге көбірек келіңкірейді. 1968 жылы Іле өзенінің орта ағысының он жағалауында, жайдақтау

келген Малайсары жотасының батыс ұшынан бір шақырым жерде, өзеннің үстінгі жағында көрінетін жалпақтауда, Алматыдан 142 шақырым солтүстікке таман және осы қаланы аудан орталығы Бақанаспен байланыстыратын тас жолдан 16 шақырым жерде бет-бейнесі «жүйекті обаның» жалпы типіне келетін, көзге әлсіз шалынатын құрылыс бар. Бұл обаның басқа обалардан ғажаптығы мен ерекше құрылымдылығы сонда, оның ішінде обаларға тән көмілген адам мүрдесі, оған қатысты басқа заттар да болмай шықты, жер бетінде де жерлеуге қатысты ешбір із табылмады, онда болашақ обаның контуры сияқты тастардан шеңбер үйілген. Құрылыс элементтерінің орналасымы оның қарапайым астрономиялық прибор екеніне көз жеткізуге болады. Тастардан сызылған шеңбердің бағдар төбешігі арқылы көкжиекке қарай кететін орта сызық Күннің наурыз айының 21-тәулігіндегі және қыркүйек айының 21-тәулігіндегі күн мен түннің теңелуі тәулігіндегі Күннің шығыс көкжиектен көтерілер тұсына дәл келетін болып шықты. Ал оңтүстігіндегі аякқы бағдар төбешікті жалғастыратын сызық Күннің жазғы тоқырауы, маусым айының 22-тәулігіндегі, яғни Жеріміздегі ең қысқа түн мен ең ұзақ күніндегі Күннің шығыс көкжиектен шығар тұсына дәл келеді. Солтүстігіндегі төбешікті бағдар төбешігімен жалғайтын сызық Күннің қысқы тоқырауы, желтоқсан айының 22-тәулігіне, яғни жылдың ең ұзақ түні мен ең қысқа күніне дәл сәйкестенеді. Ойды тұжырымдап қарағанда, құрылыстың қалған элементтерінің де өзге аспан шырақтары бойынша, атап айтқанда, Ай мен жұлдыздар, ғаламшарлар бойынша күнтізбелік күндерді анықтап білуде мәні болған, бірақ оны анықтау күрделі есепті талап етеді, өйткені одан бері өткен мың жыл ішінде аспан сферасындағы шырақтардың ығысуы болды. Аспан денелерінің аспан күмбездіндегі қозғалысы адам баласының назарын сонау ерте-ежелден аударды және олардың адам баласының тағдырына ықпал ететіні аңғарылды. Ел арасында тараған аңыз-әңгімелерде аспан денелері Құдай немесе Құдайдың жасырынатын орны деп саналды. Олар аспан әлемінде адаса қозғалып, жердегі адамдар мен тұтас халыққа құпия ықпал жасайды деп айтылған. Ұлы Жаратушының дүние әлемі жүйесін ретімен жасағаны анық. Көптеген халықтар осы кезге дейін Жаңа жыл басталатын көктемгі күн мен түннің теңелу күндерін бір немесе бірнеше күн бойы атап өтеді. Қазақ халқы наурыз айының 21-інен 22-сіне ауысқан тәуліктегі жаңа таң, жаңа күн, жаңа жылды ерекше мерекемен қарсы алып отырады. Осындай мазмұнды дәстүр қазақ жерінде ежелгі заманның өзінде-ақ астрономиялық құрылыстардың

салынуына негіз болған. Тас жүйекті обаларды археологтар астрономдармен, математиктермен бірлесе отырып әрі қарай зерттей берсе, бұндай ежелгі астрономиялық құрылыстардың әлі де талай танданарлық ерекшеліктерін аша түсері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бейсенов А.З., Погребальные памятники и культово-ритуальные сооружения древних номадов Центрального Казахстана. Автореф. дисс. канд. ист. наук, А., 1997
- 2 Бейсенов А.З., Ломан В.Г. Древние поселения Центрального Казахстана. – Алматы, 2008
- 3 Қазақстан тарихы. 1 том, 1996.
- 4 Кадырбаев М.К. Памятники кочевых племен Центрального Казахстана (7 в. до н.э. – 6 в н.э.): автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1959.
- 5 Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры // Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1966.
- 6 Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж., Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки, А., 1992.
- 7 Мерц В.К. Периодизация голоценовых комплексов Северного и Центрального Казахстана по материалам многослойной стоянки Шидерты 3: автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Кемерово, 2008.
- 8 Молодин В.И., Пилипенко А.С., Чикишева Т.А., Журавлев А.А., Поздняков Д.В., Трапезов Р.О., Ромащенко А.Г. К вопросу о связях населения территории населения территории современного Казахстана и Барабинской лесостепи в эпоху бронзы (по материалам археологии, антропологии и палеогенетики) // Маргулановские чтения - 2011: матер. междунар. археол. конф. (20-22 апреля 2011 г.). – Астана, 2011
- 9 Оразбаев А. М. Курган с «усами» в могильнике Джанайдар как архитектурный памятник/ Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. А., 1969
- 10 Сорокин С.С. К вопросу о толковании внекурганых памятников ранних кочевников Азии/ Археологический сборник ГЭ, 22, Ленинград, 1981
- 11 Хабдулина М.К. Степное Приишимье в эпоху раннего железа. А., 1992

ҒАБДУЛУАХИТ ХАЗІРЕТ АТАНЫҢ ҚАСИЕТТІЛІГІ

ЖЫЛҚЫБАЕВА М. Қ.
 11 сынып оқушысы, қазақ орта мектебі,
 Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Арбиген ауылы
 АХМЕТ Г.
 тарих пәнінің мұғалімі, қазақ орта мектебі,
 Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Арбиген ауылы

Хазірет Ғабдылуахит Тіленшіұлы өз заманының танымал адамы болды. Адалдық пен әділдікке, ізгілік пен мейірімділікке бастайтын ислам дінін тереңінен меңгеріп, оны халық арасында насихаттады. Әулие адам болды. Халқының құрметіне бөленіп, ел арасында беделі жоғары адам болды. Өмірден өткеннен кейін де соңында қалған ел -жұрты жадынан шығармады. Осы орайда «Хазірет» сөзінің ұғымына назар аударған жөн. Хазірет (қазірет, әзірет) – діни лауазым. Жоғары дәрежелі дін иелеріне беріледі. Мұхаммед пайғамбардан (ғ.с.) кейінгі 4 халифтің бірі Әли қазаққа Әзірет Әлі деген атпен мәлім. Сондықтан, Тіленшіұлы Ғабдылуахиттың хазірет атағына ие болуы ислам жөнінен терең білімі болғанын толық дәлелдейді. Мұндай атақ жүздеген мың адамның біріне ғана бұйырады. Ғабдылуахит хазірет 1853 жылы өмірге келді. Әкесі Тіленші еті тірі, пысық, заман ағымын қатарластарынан ерте түсінетін, өмірге деген ұстанымы берік болды. Балаларын қалың бұқара ортасында сауатсыз қалмас үшін білім алуына назар аударды. Оқытып, сауатын ашты. Ғабдылуахит хазірет ең алдымен алты жасынан бастап ауыл молдасынан дәріс алды. Семей өңіріндегі Қапияш, Шархы, Шәмші, Шериазидден деген білікті ұстаздардан ислам діні жөнінде терең дәріс алып алып, сегіз жыл оқиды. Мұнымен де тоқталмайды. Білімін одан әрі жетілдіру үшін 1873 жылы Бұхарай- Шәрифтегі «Мір араб» медресесіне қабылданып, мұнда 15 жыл оқиды. 1873-1888 жылдары Ғабдылуахит хазірет Тіленшіұлы дәріс алған Өзбекстан Республикасының Бұхара қаласындағы «Мір араб» медресесі 1535 жылы салынған.

Бұл оқуын 1888 жылы үздік бітіріп, жоғары діни хазірет атағына ие болып, туған еліне оралған. «Мір араб» медресесі - Орта Азиядағы ислам діні жөнінде білім беретін теңдесі жоқ оқу орны. Бұл жөнінде дінтанушы, «Құрайыш» мешітінің имам-хатыбы Абдулла Жолдас: «Мір араб» медресесінде оқытылатын пәндер негізінен: Құран, араб тілі, фикһ, Хадис, ислам тарихы. Араб тілі жоғары деңгейде оқытылатын. Араб тілінен біз риторикаға дейін

бардық. Мұндай «жоғары деңгейде білім беріп жатқан оқу орнын еш жерде кездестірмеймін»,- деп айтқан.

Бізге жеткен тарихи деректерден белгілісі алты жасында ауыл молдасынан дәріс алған Ғабдулаухит өзінің зеректігі арқасында алған білімін одан ары жетілдіру мақсатында Бұқара аттанады. Балғын жігітке ұлы ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпеев батасын берген.

Туған жерден жырақта жүріп алғыр шәкірт Ислам дінінің асыл қасиеттерін тереңнен сіңіріп, он бес жыл ішінде медреседе өтілетін он екі пәнді үздік бітіріп, еліне «Хазірет» деген атақпен келеді. Ерекше атап өтерлігі – қатарлас оқыған 500 тәрбиеленушінің тек қана төртеуі мұндай атаққа лайық болған.

Туған жеріне оралған хазірет ислам дінін насихаттаумен, шәкірт оқытумен шұғылданады. Өткен ғасырдың басында Темірғалы болыс салдырған мешіттің имамы, әрі ұстазы болды. 500 адамға салдырған мешіті Павлодар облысы, Шарбақты ауданының Есілбай ауылында салынған болатын.

«Мір араб» медресесін бітіргеннен соң 1921 жылға дейін «Темірғалы» мешітінде имам болған Хазірет Ғабдылаухит жүздген шәкіртке дәріс берді.

Хазірет ағамыз мешітке иман болумен қатар елді имандылыққа баулыды. Ағартушылық салада толайым іс тындырды.

Өмірінің соңғы жылдарында Шарбақты ауданының Арбаиген ауылының оңтүстік шығысындағы «Келдікыз» жайлауына өзі салдырған Алла үйінде ұстаздық жұмысын жалғастырды. Әубәкір, Смағұл, Сәдуақас деген шәкірттері Троицк қаласындағы жоғары діни оқу орнына қабылданып, өзінің жолын қуып хазірет атағына ие болды.

Хазірет Ғабдылаухит Тіленшіұлы 1926 жылы өмірден өтті. Өмірін дін жолына арнаған хазіретті соңында қалған ел-жұрты «Келдікыз» жайлауына жерлеп, басына бөренемен мазар тұрғызды.

Хазірет Ғабдылаухит Тіленшіұлының қасиеттілігі.

Хазірет Ғабдылаухит қасиетті адам болды. Сырқат адамдарды емдейтін, болашақты болжайтын, мұқтаждарға қолынан келгенше жәрдемін беретін, осы қызметтері үшін үлкен құрметке ие болды. Көзі тірісінде көрсеткен жақсылықтары бақиға аттанғаннан кейінде жалғасты. Оның бейітінің басына адамдар үмітпен, сеніммен, келіп тәу етіп, Алладан жәрдем сұрады. Осындай жолмен заманауи медицина емдей алмайтын аурулардан адамдардың жазылғаны туралы оқиғалар аз емес.

Қажылық сапарға дайындалып жүрген көп уақтың бірі Ғабдылаухитке келіп, қажылыққа барған тәуапшылардан Құрани

әл-Кәрим сүрелері мен аяттарынан сауал сұрайды. Мен сол үшін қасиетті кітаптың отыз парасын түгел дерлік жаттап біліп алдым. Соны сізге тындатпақпын. Қалай көресіз, уақытыңыз барма? – дейді. Хазірет біраз үндемей отырып, «-сіз әйтеуір қажыға барасыз. Алдымен Меккеде тәуап жасап, содан Медине-Ән-Набиге келесіздер. Осы шаһардың солтүстік шығысында бір үлкен ақ шатырлы үй тұр. Оның есігі күн шығысқа қараған. Сол шаңырақтың орталық бөлмесінде бір адам жер бауырлап кітап қарап жатыр. Айналасы толған ұлы ғұламалардың діни еңбектері, тағы басқа оқулықтар. Қақырынып дыбыс берерсің. Сонан соң ол «Кімсің?» деп сұрар. Сен жөніңді айт. Қазақпын, сонау Сібір өлкесінен қажылыққа келіп едім де. Ол сонда да басын көтермес. Егер үндемесе, әлгі маған айтқаныңды сол адамға қайталарсың, тындатайын –деп едім. Әрі қарай өздерің келісесіңдер деп сөзін аяқтады. Сөйтіп осы жайды қажыға келуші бұлжытпай орындап, Медине шаһарындағы өзі іздеп келген адамынан не айтады - деп күтіп тұрғанда, ол жарықтық кітаптан басын сәл көтеріп, осы тілегіңді менен бұрын біреуге айттың ба? деп сұрапты. Иә, өз хазіретіме ескертіп өтініп сұраған едім-депті тәуапшы. Ол келіппе еді осында? Ол кісі елде. Онда ел жұртыңа барған соң хазіретіңе жолығыа сәлем айт. «Мені қиямет күнінде ұмытпасың»- депті де басын төмен түсіріп, өз жұмыстарын қарауға кірісе беріпті.

Кеңес үкіметі орнаған жылдары «Келдікыз» қонысына жалған ақпармен қызыл отряд келіп қалады. Ғабдылаухит хазірет намаз оқып жатқан болатын. Бір солдат құранды жыртып, одан папироста орап шылым шегеді. Сол сәтте-ақ оның бет-аузы қисайып қалады. Оғанда көңіл бөлмеген екі солдат хазіретті атуға орманға алып шығады. Шырақтарым, сендердің атуларына қарсылығым жоқ. Тек бір тілегім бар, иманымды айтып екі рекғат намаз оқиын дейді. Аллаға сиынып, намазын оқып, өзі иманын өзі айтады. Оқып болған соң «Мен дайынмын!»,-деген. Оған бағытталған мылтық үш рет атылмайды. Екінші солдат қылышпен шауып тастамақ болғанда қолы көтерілген күйінде қатып қалыпты. Солдаттар болған жағдайды командиріне айтады. Командир келіп, солдаттардың пұшайман түрлерін көріп, таңғалады. Сөйтіп, ол хазіреттің қойған шартымен келісіп, мөр басылған анықтама жазып береді. Тек осыдан кейін ғана Уахит хазірет намаз оқып, солдаттарды тылсым күштен босатады.

Ақбалық хазіреттен шарифат тындаушылардың бірі; «-осы біз көпшілігіміз темекі шегеміз». Соның не қасиеті бар деп сұрапты, азғана үнсіз отырып, айналаға көз тастап, -меніңше темекі «һарам» нәрсе оны

тартуға болмайды. Оны Ғабдулахит хазіреттен сұраңдаршы?—ол кісі не айтар екен сұрап көріңдер дейді. Сонан кейін Ғабдулахит хазіреттен білгісі келгенін айтқанда бөгелместен, -темекі мен насыбай атқан кісі «мұбақ» депті. Пайдасынан зияны көп.

Ғабдулахит хазірет кезекті бір отырыста шарифат пен ғибадат кітабына түсініктеме беріп жатқанда, танымал әрі жылпыстау азамат: -осы біздің жұрт «шалбарды басына жастанба»- деп ат тонын ала қашады. Осылары несі? Ал негізінде адамның бар өміртіршілігін мына бейбақ шалбар сақтайды Сонда ол неге бастын астына салуға жарамсыз? Тыңдап отырып Хазірет мырс етіп жымышп: -«айтып отырғаның он екі мүшенің бірі ғой, артық-кемі жоқ. Оны жастансаңыз басыңыз әнтек жоғарылау жатар»-деген екен.

Сонымен өз ажалы жеткенше Ғабдылуахит Хазіретке ешкімніңде қиянат жасауға батылы жетпепті. Хазірет ағамыз қайтыс болған соң басына алты қанатты, ағаш бөренелерін қырнап, жонып үй тұрғызылды. 1940 жылы маусым айында Шалдай орман шаруашылығы бойынша қалың өрт шығып, мәйіттердің ескерткіштеріне үлкен қауіп төндіреді. Оның негізі Ғабдылуахит хазірет зиратының төңірегінде өршіді. Өрт сөндіруге орман қорғаушы орман басқармасы кірісіп, бар күш жұмсады. Мейірімсіз тілсіз жаумен қанша арпалысса да, қалың жалын сумандап, жолындағының бәрін жайпап, қара түнек қаптап, аспандағы торлаған қара бұлтқа айналды. Осы арпалысқа жол бермей елірген от жалын шашып, үдеп қас қағымда Хазіреттің ағаш үйіне төніп қалады. Сонда Шалдай орман шаруашылығының директоры А. Десятков маңайындағы адамдарға естілерліктей дауыстап:« Мына алдарыңыздағы биік зират қазақтың архиерейінікі (жоғары атағы бар діни адам). Оны қастерлеп, әулие тұтушы еді, қазір қасиетін көрейік»-депті. Енді бір кезде осы уәләйаттағы қабірлардың үстін басып келе жатқан қалың өрт ғұламаның үйіне келгенде екі айрылып өз бетімен жүре беріпті. Тек қана шатырының бір жақ шетін жалын шалады. Ал басқа мазарлардың ағаштан орнатқан белгілері жанып қара көмір күлге айналады. Мына кереметті көрген жұртшылық, «Біз шынымен Хазіреттің аруағының қасиетіне кәміл сендік» -деп жалбарыныпты.

Садьқашы ауылының тұрғыны Хацко деген азамат көп жылдар бойы мұнарада істеп, еңбек демалысына шыққан. Сол кісінің немересі үш-төрт жолдастарымен тиін атып жүріп, Хазірет қабірінің тұсына келеді. Хазірет күмбезінің төбесіндегі айын қыстыра кетуді ұйғарып, атуға кіріседі. Бәрінен озық көрінген бақылаушының немересі дәл тигізіп, үлкен олжаға батқандай жерге түсірмей қағып алады. Сөйтіп оны келемежге айналдырады, біраз шамада есенгіреп, адамшылдық

күйден жаңылып, не болса соған ұрына береді. Дереве үйіне хабар жеткізген балалар өздерін кінәлап, болған оқиғаны басынан аяғына айтады. Атасы безектеп жанұшыра жүгіріп, көршісі қазақ молдасына келіп, немересінің халін айтып көмек сұрайды. Екеуі қабір басына бірнеше күн қатынап, құран оқып, садақа үлестіріп, жылап-еніреп күйзеледі. Аяқ астынан мұсылмандарша Аллаға сыйынып Хазіреттен кешулік сұрап, түнейді. Ақырында Хазірет атаның аруағы жас баланың шалалығын ескеріп, ауруынан айықтырыпты.

Он жыл бұрын өткен төтенше оқиғаға байланысты Қарақыз өулетінің бүгінгі таңдағы келелі міндеттерінің бірі Ғабдылуахит хазіреттің қабірін қоршаған ағаш үйін келешекте от-орманға киелікітмес үшін кірпіштен жаңадан үй салу ұйғарылды. Бұл жұмысқа белсенділік танытқан ауыл имамы Жүністің Сүлеймені, Қарман Айтжанұлы, Темпайдың Батталы т.б. қызу кірісті. Қазіргі өрттен аман қалған ағаш үйді жұбайы Бөпежанның басына бұзбай жылжытайық -деп келіседі. Содан кейін төрт көтергішті әр бұрышқа қойып, көтергенде ешқайсысы қозғай алмайды. Түскен салмақпен жерге кіре береді. Қанша әлектенседе нәтиже шықпапты. Сосан имамда, көне ақсақалдар да: «Мұнда бір үлкен гәп бар. Хазірет өзі тірі кезінде, шәкірті әрі оқу озаты болған Сүлейменнің Ахатын сыйлайтын, кейде қолдап, тыңдайтын» еді. Сол кісіні алдырайық, не айтар екен -деп ұсыныс жасайды. Дереве Пішенбайдың Хасені алпыс шақырым жердегі Шоқтал ауылынан Ахат молданы екі сағат жарымда алып келеді. Келісімімен екі рікғат Нәфіл намазын оқып Аллаға сыйынып, көзінен жасын тия алмай тілеп жалынып біраз отырды. Сосан халыққа бұрылып: - «Енді қозғап көріңдерші»-деп өксіпті. Төрт бұрыштағы көтергіштер жеп-жеңіл жұмырлары жүк қылмай көтере жөнеледі. Астына ұзын бөренелерді төсеп, жылжытып әкеп, ілезде Бөпежан анамыздың қабірінің үстіне орната қояды. Зират етушілер қозыдай жамырап, ботадай боздап, артынан қуанышқа бөленіпті. Сол күні Хазіреттің аруағына тәнті болмаған адам жоқ шығар. Көзі тірісінде өсиет -болжау айтыпты «кейін менің мазарымды жаңалап қайта салатын болсаңдар, сонда қабір бетіне түскен топырақты жеңілтіп жабарсыңдар, денеме қол тигізбөндер»-депті. 1953 жылы бұрынғы алты қырлы ағаш зиратының орнына кірпіш пен бетондап жаңадан көрнекті сәулетті құрылыс жүргізіліп мазар тұрғызылды. Қабір ішіне түскен екі ақсақал марқұмның денесінің отыз жылға таяу уақыт ішінде бұзылмай, сол баяғы қалпын сақтап жатқанын, тек қана ақыретінің аздап сарғыштағанын көрген. Аяулы хазіретке жұртшылық қауым тарапынан көптеген ізгі

тілектер, орынды бағалар айтылған. Әсіресе, көпшіліктің жүрегінен жарып шыққан, жадымыздың сақталған бір шумақ жоқтау өлең жолдары Хазіреттің шарапатты қызметіне баға бергендей:

Бұқара барған жасынан,
Бақыт асқан басынан.
Дәріс айтып халқына,
Мешіт салған қасынан.
Бұқардан кітап алдырған,
Медресені аштырған.
Ұстазынан бата алған,
Диуани Гикматты жатқа айтып.
Инабатты Хазірет атанған.
Ғабдулуахит хазірет Тіленішұлы.

Ертістің Кереку өңірі қашанда болсын әулие-әмбиеге, ойшыл ғұламаларға, біртуар ғалым-данышпандарға, ұшқыр ойлы, орақ тілді ақын-жазушыларға кенде болып көрмеген.

Бүгінгі күні Ғабдул-Уахит хазіреттің туған жері «Келдікыз» жайлауында кесененің салынуына Кәрім Мәсімовтың тікелей атсалысуымен Ертістің бойынан орын тепкен Кереку өңірі өзінің сұлу да бай табиғатымен және көпшілікке мәлім тарихи орындары арқылы басқа өңірден ерекшелене түседі. Мәшһүр Жүсіптей ұлы ағартушыны сыйлаған Баянауыл өңірін бүкіл қазақ елі мақтан тұтады бүгінде.

2012 жылы Шарбақты ауданында бой көтерген Ғабдулуахит хазірет кесенесі де болашақта ел қызығарлық тарихи орынға айналады деген сенім бар. Өткен жылдың шілде айында Шарбақты ауданына қарасты Арбиген ауылының маңында, «Келдікыз» жайлауындағы орманның арасына салынған Ғабдул-Уахит хазірет Тіленішұлының кесенесін біреу білсе де, біреу біле бермейді. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген нақылды ұстанған қазақ ешуақытта ата-бабаларының аруағын ұмыт қалдырмаған.

Есімі елге мәлім әрі беделі биік тұлғалардың рухына ас беру рәсімі ежелден бері жалғасып келе жатқан үрдіс.

2013 жылдың қазан айының 26-жұлдызында ислам дінінің өркендеуі жолына бар ғұмырын арнаған белгілі дін таратушы, ғұлама Ғабдулуахит Тіленішұлының туғанына биыл 160 жыл толды. Осыған орай ғұлама кесенесінің басында ұлан-асыр той ұйымдастырылды.

Ғабдулуахит хазірет атаның кесенесінің басына жиналған жұрт қарасы мол болды. Еліміздің түпкір- түпкірінен қонақтар келді. Мерейлі тойда облыс әкімі Ерлан Арын халықты айтулы мерекемен

құттықтады. Ғабдулуахит Хазірет ата кесенесінің шырақшысы Рахметов Ермекке «Нива» көлігін кілтін табыс етті. Орманды өлкеде рухани бағытта әлі де талай игілікті істер атқарылатынын атап өтті. Мерекелік асқа жиналған жұрт осынау думанды күннің ең маңызды сәттерінің бірі болып есептелген аламан тоқ бөйгелердің жарысын қызықтады. Осындай шаралар арқылы дін жолына бар ғұмырын арнаған ғұламаның есімін бар қазаққа таныта аламыз- деді аймақ басшысы. Шарбақты ауданындағы Арбиген ауылына қарасты «Келдікыз» жайлауында бой көтерген ғұламаның кесенесі бүгінде көпшілік қызыға қарайтын тарихи орынға айналған. « Өлі разы болмай, тірі байымайды деген» нақылды ұстанған жұрт хазіреттің басына зиярат жасап, дұға бағыштап қайтуға дағдыланған.

Ғабдулуахит кесенесінің шырақшысы Ермек Рахметовтің сөзіне қарағанда, ғұламаның бейітіне зиярат жасай келетіндердің саны күн санап артып келеді. Тіпті, Қазақстаннан бөлек, Ресей және Германия, Сауда Арабия, Туркия елдерінен арнайы туристік сапармен келетін көрінеді. Баян-ауыл ауданының ауылынан жүйке жүйесімен ауырып келген адам хазірет атаның кесенесіне келіп, бір жұма атаның басына зиярат жасап, құдайға құлшылық жасаған. Ол кісі ауруынан ада- күде айғып сауыққан. Қыстың қақаған аязында да келушілер көп. Шарбақты ауданында тұратын бір ана он үш жыл бойы нәресте сүймеген. Сол ана үш жылдай Хазірет атаның кесенесіне жылына үш рет келіп, зиярат жасап құлшылық етіпті. Алдағы уақытта нәрестелі болайын деп отыр. Жазғы мезгілде Ғабдулуахит хазірет атаның кесенесіне келушілер көп. Тек жазда ғана емес қыс мезгілінде де келушілер өте көп. Ғабдулуахит атаның кесенесіне тіпті басқа елдерден де келушілер бар. Солардың бірі Арабия елінен келген қонақтар. Жақын аймақтардан да келушілер көп. Мен келген қонақтармен сұхбаттасу арқылы келген қонақтардың Кесене туралы ойларын білдім. Олар Ғабдулуахит атаның кесенесі өте әдемі, табиғаты көрікті, таза ауа, мұнда келген қонақтардың жандары тынышталып, өздері басқа әлемге келгендей болады екен. Мен ең алғаш Ғабдулуахит атаның кесенесіне келгенімде ғажайып әлемге келгендей күй кештім. Жиі-жиі барып тұруға тырысымын. Бұл жерде әр адам бар қайғы-мұңдарын естен шығарып, жандары рахатқа бөленеді. Және де бұл жердің суы дертіне шипа береді деген сенім бар. Шипалы судың өзіне тән ерекше дәмі бар. Келген қонақтар шипалы суды тамсана ішеді. Атамыз дүниеден өтседе артынан өшпес із қалдырды.

Рамазан айында жыл сайын бірінші ауызашарды ауыл тұрғындары Хазірет ата кесенесінде ауыз ашар беріледі. Ауырып

сырқаған адамдар мазарына барып, Алладан мейірім шапағат тіледі. Әулиелік, көріпкелдік, болжағыштық қасиеті бар Ғабдыл Уахит хазіретті көзі тірісінде де, өмірден өткен соң да ел жұрты пір тұтты. Хазірет Ғабдыл Уахит қасиетті адам болды. Сырқат адамдарды емдейтін, болашақты болжайтын, мұқтаждарға қолынан келгенше көмек беретін, осы қызметтері үшін үлкен құрметке ие болды. Оның бейітінің басына адамдар үмітпен, сеніммен, келіп, тәу етіп, алладан жәрдем сұрады.

Бұл – орман арасындағы шағын ғана алаңқайда салынған діндар атамыздың кесенесі алдағы уақытта мәні зор тарихи-туристік орынға айналады деген сөз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Хасенов Н.Х. Өткеннен ұлағат, үмбетке мұрағат. – Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2005ж. – 453 б.
- 2 Ғибратты ғұмыр – Хазірет Ғабдылуахит Тіленішұлы
- 3 Кесененің ашылу салтанатынан мәліметтер.
- 4 Хазірет атаның 160 жылдық тойындағы мәліметтер.

БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

КАИРДЕНОВА А. К.

10 сынып оқушысы, № 1 қазақ орта мектебі, Павлодар облысы, Ақсу қ.

БАЙМУРИНОВА Л. К.

тарих және география пәнінің мұғалімі, ғылыми жетекші

“Өткенімізді білмей, болашақты болжау мүмкін емес”

Н. Ә. Назарбаев

Бүгінгі таңда Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Қазақстанның әлеуметтік жағдайын қарастыру, жазып қалдыру маңызды. Болашақ ұрпақ Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Қазақстанның және Павлодар өңірінің әлеуметтік - экономикалық жағдайын білгендері абзал. Тәуелсіз, егемен ел бола тұра тарихтағы үлкен әлемдік соғыс кезіндегі елімізді жан-жақты қарастырып, талдау керек. Қазақстанның және қазақ халқының соғысқа әсері, үлесі жайлы қарастыру маңызды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. 2014 жылы “Бірінші дүниежүзілік соғыстың 100 жылдығы” қарсаңында бұл тақырыпты қозғау менің

міндетім. Ел жағдайының қандай болғандығын жүйелеп талқылау, өз елімнің, өз жерімнің дүниежүзілік соғыс кезіндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайын қарастыру менің парызым.

Зерттеу кезеңдері: әдебиеттерге шолу.(БАҚ материалдары, энциклопедиялар, анықтамалар, сөздіктер, интернет көзі)

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Қазақстанның әлеуметтік жағдайын және Павлодар өлкесіне байланысты барлық мәліметтерді анықтап, жинақтау.

Зерттеу әдістері:

- мәліметтерді жинақтау;
- архивтен мәліметтер алу;
- жергілікті мұражаймен байланыс.

Зерттеу жұмысының жаңашылдығы : Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Павлодар өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жинақтап саралау, жан-жақты зерттеу.

Бірінші дүниежүзілік соғысына қатысушы басты елдер капиталистері жаңа сауда рыноктарын, шикізат қоры мол жерлерді соғыс арқылы жеңіп, басып алуға тырысқан агрессиялық пиғылда еді. Осы мақсатты көздеп, жоспар құрған Австро-Герман блогы еді. Австро-Герман блогы Антантаға қарсы шықты. Австро - Герман блогының құрамында Германия, Австро - Венгрия, Түркия және Италия болды. Бірінші дүние жүзілік соғыстың басты себебі: империалистік державалар арасында, ең алдымен Германия мен Англия арасындағы отарлар мен ықпал ету аймағы үшін күрес болды. Соғысты бастаған герман империалистері, ал соғысқа кінәлі барлық елдің империалистері болатын. [4, 11 б] Негізгі соғыс екі жақтан да басқыншылық сипатта болды.

Ресей соғысқа 1914 жылы 19 шілдеде (1 тамыз) кірісті. Австро – Герман блогының ойлаған жоспары - Францияға соққы беріп, Париж арқылы Англияны, содан кейін бар күшті Ресейге жұмсау еді. Бірақ Ресей соғысқа өте қызу араласты. Бірінші дүниежүзілік соғыс 1914 жылғы 19 шілдеде басталды. Оған 38 мемлекет тартылды. Соғысқа қатысушы басты елдер (одақтар): Үштік одақ (Германия, Австро - Венгрия, Италия). Антанта (Англия, Франция, Ресей). Соғыстың сипаты – басқыншылық, агрессиялық, империалистік соғыс. [4, 11 б] Нағыз толық мағынасындағы дербес мемлекеттер қатарына — Англия, Германия және АҚШ жатты. Франция, Ресей, Жапония - «бірінші класты, бірақ әлі де шын мәнінде емес» - екінші топқа, 3-топқа Австро-Венгрия жатты. Ал бұл соғысты тудыратын ағылшын-герман қайшылығы ол отардың арасында жер иемдену

туралы қайшылық, Англияда отар өте көп, Германияда отарлар жоқ еді. Себебі: Германия отарларын көбейтуді көздеді. Англия оны өз есебінен бергісі келмейді. Міне, осы қайшылық осы уақытқа дейін оқылған дәрістерде айтылып кеткендей екі үлкен соғыс одақтары —Үштік одақ пен Антанта одақтарын дүниеге келтірді [4, 12 б].

1914 жылы 28 маусымда Австро-Венгрия тағының мұрагері эрцгерцог Франц Фердинанд Сараево қаласында қаза тапты. Осыған орай Германия императорының соғысқа итермелеуі мен Австро-Венгрия 23-ші шілдеде Сербияға ультиматум жіберді. Оның жауабын күтпей осы жылы 28 шілдеде Австро-Венгрия Сербияға соғыс жариялады. Ресей үкіметі дереу жұмылдыру жұмыстарын бастады. Орыс армиясындағы мұндай әрекетке жауап ретінде тамыз айының басында Германия Ресейге, Францияға қарсы соғыс ашты. Ал Ұлыбритания, Жапония Германияға қарсы соғыс жариялады. Сөйтіп Бірінші Дүниежүзілік соғыс басталып кетті.

Қазақстанның соғыс кезіндегі жағдайы

XX ғасырдың басында халықаралық жағдай күрт шиеленісіп, ірі мемлекеттер арасындағы бақталастық күрес күшейді. Бірінші дүниежүзілік соғыс елді тығырыққа тіреп қойды. Соғыс тек Петроградпен Ресейде ғана ауыр болған жоқ, Ресей империясының құрамындағы отарланып отырған барлық елдердің жағдайы қиын болды. Ол жағдай да қазақ жеріне әсер етпей тұрмады. Соғыс Қазақстанды да жалмап жатты. Сонымен қоймай, бай-феодалдар, шенеуніктер қазақтарды ұрып-соғып, жерлерін тартып алып, шөл, таулы жерлерге халықты ығыстырды. Өйткені, олар патшаның сойылын соғып, отаршылдармен ауыз жаласып, бірігіп басқыншылық қимылдар көрсетті және патшаның отарлау, тонау саясатын қолдады [2, 25 б].

Бұл соғыс барлық халықтарға, соның ішінде Қазақстанға да аса ауыр зардаптарын тигізді. Қазақстан майданды шикізатпен қамтамасыз ететін ірі өңірлердің біріне айналды. Соғыс қажетіне жергілікті халықтан алынатын салық 3-4 есе көбейді. Ресейдің дүниежүзілік империалистік соғысқа кірісуі Қазақстанды тонауды күшейтті. Соғыс қажетіне деп өлке еңбекшілеріне 10-ға жуық салығы енгізілді: 1. 40899244 пұт мақта 2. 38 мың шаршы аршын киіз. 3. 3 млн. пұт мақта майы 4. 229 мың пұт сабын 5. 300 мың пұт ет 6. 473928 пұт балық. 7. 70 мың жылқы. 8. 12797 түйе алынды. 9. 14 мың киіз үй салынды [1, 64 б].

Бірінші дүние жүзілік соғыс Қазақстан экономикасын құлдырауға әкеп соқты. Ауыл шаруашылығында өлкедегі

егіншілік облыстар бойынша біркелкі дамымады. Құнарлы жер көп болғандықтан егіншілікпен оны жақсы менгерген және орыстың қоныс аударушы шаруаларынан тәжірибе алған халық егіншілік аудандары бәрінен де жақсы дамыды. Соғыс егін шаруашылығына елеулі өзгерістер енгізді. Ең алдымен, ауыл шарашылық бақша дақылдарының егіс көлемі ұлғайды. Соғыс жылдарында да Патша үкіметі қазақтардан жерді тартып алуды жалғастырды. Ауылдың ең кедей бөлігі бұрынғысынан да зор қайыршылыққа түсіп, біржола күйзелді. Малынан, жерінен айырылып, кулактар мен байларға батырақ болған немесе өнеркәсіп орындарына, кеніштерге, кен орындарына күнкөріс іздеп кеткен қазақтар саны баған сайын көбее түсті. Қала халқының саны көбее түсті себебі, біріншіден қоныстанушылардың көптеп келуі, екіншіден жатақтар санының артуы, үшіншіден ішкі демографиялық өсімнің артуынан, төртіншіден сауда қатынасының дамуы әсер етті. Құрамына қарай қала халқы қанаушы өкімдерге, дворяндар, офицерлер, саудагерлер және оларға сыбайлас қазақтардың дәулетті бөлігі және жәй еңбекшілерге (мещандар, шаруалар, жұмысшылар) бөлінді. 1917 жылға қарай Семей облысында ғана 17 мыңға жуық батрақ қазақтар тіркелген. [1, 56 б] Батырақтар дегеніміз XX ғасырдың 30-шы жылдарына дейін байларға, кулактарға жалдану арқылы күнелткен әлеуметтік топ. 1916 жылы 3 миллиард сомға жаңа мемлекеттік заемға жазылу науканы жүргізілді.[3, 32 б] . Ол да қазақ халқының мойнына ауыр салмақ болып түсті. Соғыс басталуына байланысты қазақ халқына тағы бір ауыртпалық: әскери салық салынды, ол әскери міндеткерлік атқармайтындарға қолданылды делінді. Сонымен бірге отаршылдық – өкімшіліктің қысымымен қазақ халқына майданға көмек көрсету үшін әртүрлі ерікті қайырылымдық жасау міндеттелді. [3, 29 б]

Жетісудан 34 млн. сом мөлшерінде мал және мал өнімдері 1917 жылы шаңырақ салығы 100209 сом болды. Осының бәрі егістік жердің қысқаруына, ірі қара мал басының азаюына әкеп соқты.

1914-1918 жылдары жұмысшылардың жағдайы өте ауыр болды. Бір күндік орташа жалақы – 20 тиын. Жұмыс күнінің ұзақтығы – 12-14 сағат. Қымбатшылық артты:

Ұн -70%, қант -50%, сабын -200%-ға өсті. Кен өндіру, мұнай, көмір өндіру құлдырады. Өндірістегі мамандығы бар жұмысшылар үлесі күрт азайды. Елдің өнеркәсібіндегі жалпы күйзеліс пен ауыл шаруашылығының құлдырап күйзелуі Қазақстан экономикасын құлдыратты, өндіргіш күштердің даму деңгейі бірте-бірте кеми

берді. Сонымен қатар Қазақстан жеріне Үштік Одақтың әскери тұтқындары орналастырылды. Олар, негізінен, Павлодар, Семей, Ақмола қаларына орналастырылды. Мысалы, Омбыда- 20000 әскери тұтқын, Ақмолада -8612 тұтқын, ал Түркістан өлкесінде 200 мыңға жуық әскери тұтқын болған. Соғыс жылдары Австрия-Венгрия, Германия тұтқындарының қазақ жеріне әкелінуі өлкенің қоғамдық – саяси жағдайына әсер етті [2, 49 б].

Қазақстанда марксизмнің тарауы Орталық Россиядан көп кейін басталды. Оған өлкеде әлеуметтік-экономикалық қатынастың әліздігі және жұмысшы табының аздығы себеп болды. Қазақ өлкесінде Атбасарда, Көкшетау, Павлодарда алғашқы марксизм идеясын таратушы Петербург қаласындағы Благоевтар тобынан келген В.Г. Харитонов, Қарқаралы мен Семейде социал-демократ И.С. Домашевич, Верныйда А.С. Кочаровская т.б. келушіледің әсерінен басталды.

Қазақ даласында осы қиындықтарға қоса патша жарлығына көп қиындық әкелді, ол едің бірлігіне әсер етті. Жарлыққа қатысты әртүрлі көзқарастар болды:

1. Феодалдық басшы топтар және жергілікті әкімшілік бұл жарлықты қолдады, ол түсінікті еді, өз қамын ойлаушылар көп еді.

2. Революцияшыл топ өкілдері - Ә.Жангелдин, Ә.Иманов, Т.Бокин, Б.Әшекеев, Ж.Мәмбетов қара жұмысқа барудан бас тартып, халықты көтеріліске шақырды. Ол қазақ жастарының қамын, болашғын ойлады.

3. Либералдық-демократиялық зиялылар - Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов патша үкіметімен келісімпаздық бағыт ұстанды [4, 11 б]

Көтеріліске қатысушы революцияшыл – демократияшыл зиялылар өкілдері:

1. Жетісуда – Т.Рысқұлов, Т.Бокин, Б.Әшекеев, Ұ. Саурықов, К.Мәмбетов, А.Қосақов.

2. Торғайда - Ә. Жангельдин, А.Иманов. 3. Орал облысы мен Бөкей Ордасында – С.Мендешев, Ә.Әйтиев. 4. Маңғыстауда – Ж.Мыңбаев. 5. Ақтөбеде - Ә. Майкотов.

Майдан жұмысына қазақ жастарын алу туралы жарлық қазақ халқының зор наразылығын тудырды. Елде болыстық басқармаларды талқандау, ауыл старшындарын, қатыгез, жағымсыз байларды өлтіру, ірі феодалдардың иеліктеріне шабуыл жасау, жер сату жөніндегі құжаттарды, алым салық қағаздарын жою, патша әскерімен қақтығыс сияқты ашу-ыза әрекеттері кең орын алды. Сөйтіп, кетпең, шалғы, орақ,

мылтық, қылышпен қаруланған ел адамдары байлардың ауылдарын өртеп, малдарын айдап әкетуі жиілей түсті [4, 12 б.].

Павлодар облысының жағдайы.

Фасырдың басында 8 мың тұрғыннан айырылған Павлодар өлкесі 1914 жылы 10 мыңдық шепке жетті. Бұл, әрине, халықтың табиғи өсімі және қала үшін қолайлы экономикалық жағдайдың әсері есебінен боған емес еді. Дүниежүзілік соғыс, революция және азамат соғысы кездерінде қалада босқындар көптеп орнықты. Босқындар – дегеніміз қоғамда белгілі бір күштердің саяси, экономикалық, этникалық қысым, соғыс , табиғи апатына қарсы тұруға , төзуге шарасыз болудың әсерінен өз елінен басқа бір елге көшуге мәжбүр болған адамдарды айтамыз. Бұл жағдайда қазақ халқы ауылдағы аштық пен жоқшылықтан қалаға беттеуге мәжбүр болды.

Олардың алғашқы легі Ресейдің майданға іргелес облыстарынан келді. Жараланып өз әскери бөлімшелерінен қалып қойған, қашып шыққан көптеген бұрынғы әскери тұтқындар Павлодарда тұрып қалды. Қала тұрғындары даладан келгендер есебінен едәуір толықты. 1917 жылдың күзінде Қазақстанды бүлінушілік, азық-түлік дағдарысы жаулап алды. Павлодарда жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер ашықтан – ашық бас көтере бастады. Азық түлік бағасының кезекті көтерілуі «Әйелдер наразылығын» тудырды [2, 48 б] Ызаланған әйелдер ләпкелерді, қоймаларды талқандап, тіпті сатушыларды соққыға жыққан кездері де болды. Жөнсіздік бірнеше күнге созылып, үлкен қауіп тудырғандықтан, Уақытша үкіметтің уездік комиссары Павлодар қаласында әскери тәртіп енгізді [2, 49 б.].

Тұрғындардың этникалық діни және әлеуметтік құрамы неғұрлым күрделене түсті. Бұл тым әртүрлі құрамды келісімге шақыру оңайға соқпады. Оның үстіне бұл адамдардың бір біріне қарсы оқ атып бетпе - бет шайқасқан кездері санада әлі ұмытылмаған кез еді. Павлодар өңірінің жағдайы бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде құлдырады, оның себептері әртүрлі: 1. малдың көптеп соғысқа жіберілуі, 2. егін егетін жерлердің барлығы өңделмеуі .3. ауылдан адамдар қалаға беттеуі , олар ауылдан кетіп шаруышылықпен айналыспауы.

Соғыс деген осындай артынан зұлмат азап әкеледі және азаматтардың қаны төгіледі, жаралы адамдар мен қираған қалаларды қалдырып кететін тарихи жағдай.

Қорытынды.

Сонымен Қазақстан соған қоса Павлодар өлкесі бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Ресейдің азық-түлік, шикізат, киім-кешек көзі

болғанын көреміз. Осыған барлық дәлелдер кетірілді. Өлкелерден қаншама азық-түлік әкетілді, жергілікті халыққа салынатын салық 3-4 есе өсе түсті, кейбір жағдайларда 15 есе өскен кездер де болған. Ол әрине едің әлеуметтік – экономикалық жағдайына көп зиян келтірді. Жергілікті әкімшілік әрбір үйден әскери салықты, земостволық, жолдық салықтарды болыстар алатын, тағы басқа салықтарды қадағалап отырды. Осы Қазақстаннан қанша түйе, ет, балық, киім-кешек, оқ-дәрі, шикізат алып жатса да, көрсе көзі тоймайтын үстем тап өкілдері салықты да жинады. Салықты төлемеу былай тұрсын, егер сөл ғана кешеуілдесе дүре соғып, салықты алатын еді.

Соғыс кезінде ауыл басшылары, старшындар, шенеуніктер, байлар қазынаны тонап, үйлеріне барлық керек заттарды тасыды. Жұмысшы, шаруа халық қанша рет арыз жазса да ешқандай пайда тимеді. Керісінше, ұрып-соғып, салықтарын арттырды. Халықтан тым ауыр салықтар ғана жинап қоймай, түрлі «ерікті қаржы жинау» да міндеттелді. Міндетті салықты төлей алмай отырған халық енді не істерін білмеді. Бірақ, шенеуніктер халықтың бар малын, үй-жиһазын алып кетіп отырды. Жағдайды осындай әрекеттерімен ушықтырып отырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 “Қазақстан” Ұлттық энциклопедиясы /Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998. – 720 б.
- 2 “Павлодар өңірінің тарихы туралы очерктер”- Павлодар: 2001. С.Шевченко, Д.Ақылбек, Л.Кешубай, Т.Қоңыр.,
- 3 “Әлеуметтандың түсіндірме сөздігі”. – Алматы, Мектеп, 2007.
- 4 Қожахметұлы К., “Дүние жүзі тарихы” Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/К.Қожахметұлы, Ә.Шүпеков, М.Ғұбайдуллина. – Алматы: Мектеп, 2013. – 216б., сур.

ECONOMY AND CULTURE OF KAZAKH PEOPLE IN PAPERS OF RUSSIAN RESEARCHERS IN THE SECOND HALF OF XXI CENTURY

MUTAS K. S.

9 grade, secondary school № 21, Pavlodar

Studying history of Kazakhstan in a period of joining to Russia, especially the last period, is one of the actual problem of native history.

The opinion directed to suggest an idea about economic backwardness, lack of culture being colonized by Russia, so it was in the period of Soviet Power, predominated for many years. To authorize colonial policy, developing history favorable paradigm was imposed. The idea of saving from starvation based on absence of own developed civilization was put into people’s mind and people perceived policy of colonization as inevitableness. Having got independence Kazakhstan people could study authentic facts about the past of the country. It is worthwhile to study researches of Russian historians and scientists. Studying these papers it is necessary to use critical approach because of subjectivism presence, some conclusions are not objective as scientists did not take into consideration interconnection of climate peculiarities, structures of conducting, economy and nation’s mentality.

To study economy and culture of Kazakh people the author paid attention to the works of such researchers, as A.I. Levshyn, M. Krasovsky, G. M. Bronevsky, and N. K. Konshyn. There papers relate to XXI century and contain material about middle zhuz – Pavlodar area belongs to.

In their papers A. Levshyn, M. Krasovsky, G. Bronevsky and N. Konshyn in details describe economy, customs, traditions and the Kazakh way of life. In the article “Describing Kirgiz-Kazachy or Kirgiz-Kaisatsky hordes and steppes” A. Levshyn /4/ writes that Kazakh people had a lot of cattle which were the main object of home and foreign trade, he also describes customs and traditions of Kazakh people. The author gives conception of name origin. Clothes, armament, likings are described in the article.

M. Krasovsky in his work “Region of Siberian Kirgiz” /3/ says that at that time there was home and foreign trade. The author describes customs, traditions and religious education which was available for well-to do groups of society. Talking about home needle-working, the author points out that the first place was taken by wool, especially manufacturing koshma /3, p.110/.

Especially interesting materials about hunting and fishing by M. Krasovsky. They used different approaches to breeding and feeding of a species of domestic animals. It proves that the Kazakh knew animal’s habits, could turn good local conditions in their own advantage. We understand that fishing was out of vital importance. We understand it reading “It doesn’t matter how palatable fish was - mutton was better. Poor people replaced fish for meat /3, p 131/.

A researcher major - general labeled people as illiterate and ignorant still remained in primitive simplicity /1, p 450/ being joined by

the state unity. In his papers we can find information about khans raising to the throne, list of their names. The author pays much attention to the Kirgiz armament consisting of matchlock gun, saber, bow with arrows and aibalty (an axe with a long helve /1, p 174/.

G. Bronevsky describing spiritual life comes to conclusion that Kirgiz plasticizing Mohamed laws are ignorant in other ways /1, p 95/. It is connected with preserving and sending pagan traditional ceremonies to Moslems.

The beauty of the land is described by N. Konshyn in "From Pavlodar to Karkaralinsk: road notes /2/. He admires the nature of Kazakhstan. Bayan aul stanitsa became one of the famous country place in steppe regions. Healthy fresh air, a lake, pinery, picturesque sites make this territory as the best place to improve heath /2, c 3/.

Here you read information how trade was developed. For example: a trade fair is usually held in May 25 - June 25. Fair buildings in shape of four long rows are placed on a flat country. Manufactured goods by A. Derov (form Pavlodar) Volkov brothers and another great traders are sold here /2, p 39/.

Thus, researchers sent by the government of Russian Empire to study life of Kazakh people in order to use these researches for further for carrying colonial policy out, proved the presence of own civilization. More over these materials are evidence of existing state institution and legal relations in nomadic society.

LITERATURE

1 G.M. Bronevsky Notes about Kirgiz- Kaisac Middle horde. Sib. 1896. 500 p.

2 N. K. Konshyn. From Pavlodar to Karkaralinsk: industry and commerce. Road notes. Pavlodat . 2001. 300 p.

3 M. Krasovsky. Region of Siberian Kirgiz. In a book: Materials for geography and statistics of Russia , collected by the officers Of General army head quarters . Sib. 1868. 540p.

4 A. I. Levshyn, Describing Kirgiz- Kazachy or Kirgiz- Kaisatsky hordes and steppes. Almaty . Sanata 1996. 530 p.

ФЛОРЕНС НАЙТИНГЕЙЛ МЕДАЛІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИЕГЕРЛЕРІ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ

НАККАЖИНОВА Д., ОЛЖАБАЙ Ф.
оқушылар, ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебі Астана қ.
ТУРАРБЕКОВ Д. М.
тарих пәнінің мұғалімі, жетекші

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Қазақстанның медицина (медбике ісі) тарихында Ф. Найтингейл медалінің қазақстандық иегерлері туралы деректер өте аз және ХХІ ғасырдың ақпарат көзі – интернет сайттарында да мәліметтер жоқтың қасы (тақырып бойынша бар жоғы 5%). Осыдан туатын қорытынды жас ұрпақты, әсіресе болашақ медбикелерді тәрбиелеуде М. П. Смирнова, Р. Ш. Ысқақова, А. М. Дмитриенко, А. Я. Дмитриева, В. В. Широкаялардың ерліктері таптырмас құрал болар еді.

Зерттеу объектісі: Ф. Найтингейл медалінің қазақстандық иегерлерінің автобиографиялары, фотосуреттері, «Мейірбандылық пен ержүректілік» мұражайдағы және мұрағатындағы материалдары.

Зерттеу пәні: Ф. Найтингейл медалінің қазақстандық иегерлерінің тарихы

Зерттеу мақсаты: Медбикелер үшін ең жоғары мәртебелі марапат Ф.Найтингейл медалінің қазақстандық иегерлері: Смирнова М.П., Ысқақова Р.Ш., Дмитриенко А.М., Дмитриева А.Я., Широкая В.В. тарихын, медицина тарихына сіңірген еңбегінің маңыздылығын анықтау.

Зерттеу жұмысының гипотезасы: Қазақстанның медицина тарихында (медбике ісі) Ф. Найтингейл медалінің қазақстандық иегерлері туралы деректер қажетті деңгейде жиналады және интернет сайттарына мәліметтер базасын толықтыруға өз үлесімді қосамын. Сөйтіп, жас ұрпақты, әсіресе болашақ медбикелерді тәрбиелеуде М.П. Смирнова, Р.Ш. Ысқақова, А.М. Дмитриенко, А.Я. Дмитриева, В.В. Широкаялардың ерліктерін дәріптейтін баяндамалар жасалады.

Отан алдында көрсеткен ерлігі үшін қазақстандықтардың ортақ мақтанышына айналған қос жұлдызымыз – Мәншүк пен Әлияға Кеңестер Одағының Батыры, Хиуаз Доспановаға «Халық қаһарманы»(2005), 113 әйелге Социалистік Еңбек Ері жоғары атағы берілді. 10 мыңнан астам еңбекші әйелдер Кеңестер Одағының ордендерімен, медальдарымен марапатталды. Тылдағы еңбектері үшін қазақстандық 28 әйел Ленин орденімен, 25 «Қызыл Жұлдыз» орденімен, 196 «Құрмет Белгісі» орденімен, 400 – астамы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған [1,Б,6].

Соғыс кезінде жаралыларға, бейбіт өмірде ауру жандарға қамқорлығын аямай көрсеткені үшін Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің «Флоренс Найтингейл» медалімен дүние жүзінде 1309 медбике марапатталған. Ұлы Отан соғысы кезінде Кеңес Одағының 26 медбикесі және қазақстандық 5 фельдшер [7] марапатталған. Олар: Смирнова-Кухарская М.П. (1973), Ысқақова Р.Ш. (1975), Дмитриева-Глубина А.Я. (1985), Широкая-Руденко В.В. (1987), Дмитриенко А.М. (1989). Енді қазақстандық «Флоренс Найтингейл» медалінің иегерлерінің тарихы мен тағдырына тоқталайық.

Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің «Флоренс Найтингейл» медалінің иегері - Мария Петровна Смирнова (Кухарская). 1921 жылы Одесса маңында дүниеге келген. Мектеп бітірісімен 1941 жылдың 28 шілдесінде майданға аттанған жас қыз бар болғаны жиырма жаста еді. Ең алғаш медсанбатқа келген бойда жаралы танкисті қабылдап алуға бұйырды. Жаралы жас жігіттің бір қолы жұлынып түскен, бұлшық етіне ғана ілініп тұр. Көпті көрген хирург қолындағы қайшысымен жігіттің бұлшық етін қиып жібергенде қолы солпаң етіп жерге түсті. Маша қорыққанынан ес – түссіз жерге сылқ ете қалды. Есін жиғаннан кейін: «Хирург ұрысып, қайтарып жібере ме, сеңен ешқандай санитарка шықпайды» деп қорыққан. Жоқ, хирург бұған күлімдеп қарап: «Қызым, үйрене бер, әлі бұданда зорын көресің» [6] дегені ғой.

Осындай жанталас сәттердің талайы Мария Петровнаның басынан өтті. Кейіннен ойланып отырса 480-нен астам [7, Б,63] өрімдей жауынгерлерді ұрыс даласынан аман алып шыққан. Осыдай кезекті ұрыстардың бірінде медбикенің өзі де жараланып, госпитальға түсті. Оның ерлігі, жанкештілігі жайында сол кезде майдан газеттері, оның ішінде «Красная Армия» газеті талай мәрте жазды. Қаншама жауынгерлер өмірін сақтап қалған Марияға алғыстарын өлеңмен жолдады. Мысалға, Евгений Долматовский «Песня о Марусе Кухарской» [1, Б,266].

Соғыс кезінде жаралыларға, бейбіт өмірде ауру жандарға қамқорлығын аямай көрсеткені үшін 1973 жылдың мамыр айында Мария Кухарская Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің «Флоренс Найтингейл» медалімен марапатталды.

Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің «Флоренс Найтингейл» медалінің қазақстандық екінші иегері, лейтенант – Рәзия Шәкенқызы Ысқақова. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының тумасы. 1936 жылы жеті жылдық мектепті бітірген соң Шымкент қаласындағы медициналық училищені бітіріп, фельдшер мамандығын алады.

Еңбек жолын ауылдан бастағалы отырған кезде Ұлы Отан соғысы басталады. Өзі сұранып, 1941 жылдың қазан айында әскери фельдшер болып соғысқа аттанды. Ол кезде Рәзия Шәкенқызы он тоғыз жасар қыз еді.

Рәзия Ысқақова I Украина майданында генерал - полковник П. Рыбалко қолбасшылық еткен атақты танк армиясына қарасты 55 танк бригадасында фельдшер болады. Жауып тұрған қорғасын оқтың арасынан талай жаралыларды алып шыққан. Фельдшер Рәзия Ысқақованың бір ерлігі жөнінде осы бригаданың медицина қызметінің бастығы майор Богусловский: «Медицина қызметінің лейтенанты Ысқақова нағыз ерлік көрсетті. Ол жанып жатқан танктен батальон командирі Федоров пен оның экипажын алып шықты. Ол жаралы он бес адамды өлімнен құтқарып қалды» [1, Б.362] - деп жазған. Бұл - Сандомир үшін шайқаста болған оқиға еді.

Рәзия Шәкенқызын кейде майдандас достары «Қазақстан розасы, Қазақстан гүлі» [3, Б,44] деп те атайтын.

1943 жылдың жазында Курск доғасындағы Прохоровка елді мекенінің маңында танк үстінде лаулап жанған оттың қызыл жалыны қара түтінмен айналасындағылардың бәрін қырып, қара металдың өзін балқытуға шақ қалғанда Рәзия апамыз төрт бірдей танкисті от оранған танктен алып шықты. Лаулап жанған киімдерін сөндіріп, төртеуінің жарасын таңып, бәрін медсанбатқа жеткізді. Дәл осы күні жиырма танкисті ажал аузынан арашалап алып қалған.

Бірде ротаның старшинасы Ивашенко ұрыста қатты жарақаттанды. Хирургтердің пікірі бойынша оның өмірін тек қан құю арқылы сақтап қалуға болады екен. Сол кезде фельдшер Рәзия ойланбастан жаралы старшинаға өзінен қан алуды ұсынды. Рәзия Шәкенқызы соғыс кезіндегі осындай ерліктері үшін 1975 жылы Халықаралық Қызыл Крест комитетінің «Флоренс Найтингейл» медальмен марапатталған.

Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің «Флоренс Найтингейл» медалінің қазақстандық үшінші иегері – Антонина Яковлевна Дмитриева(Глубина). 1921 жылдың 8 наурызында Омбы облысы Шалқар(Челкар) ауданының Татарка аулында дүниеге келген. Санитарлық инструкторлардың курсы бітіріп, 1942 жылдың желтоқсанында майданға аттанды[7,Б,64]. Соғыстың алғашқы шебінде мотоатқыштар батальонында санинструктор болған. Жауынгерлер мен офицерлерге көмек көрсете отыра, жараланғандарын ұрыс даласынан шығарды. Антонина Яковлевна Белоруссияны, Польшаны азат етуге қатысты. Ол осы шайқастарда

қан кеше жүріп, жаудың қарша борап тұрған оғынның арасынан жауынгерлерге медициналық көмек көрсетіп, оларды майдан шебінен алып шықты.

Соғысты Германияда жеңіспен аяқтағандардың бірі. Соғыс кезінде өзі де екі рет жараланған. Соғыс барысында көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» ордені, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Ерлігі үшін» медальдармен марапатталған. 1985 жылы ХҚКК (МККК) ең жоғарғы наградасы – «Флоренс Найтингейл» атындағы медальмен марапатталды. 1945 жылы демобилизациядан кейін Павлодарға келген. Зейнет демалысына дейін 37 жыл [7, Б, 65] медбике болып жұмыс істеді.

Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің «Флоренс Найтингейл» медалінің қазақстандық төртінші иегері, кіші лейтенант – Вера Власовна Широкая-Руденко. 1941 жылы Одессадағы медучилищені бітірген. 18 жасқа толмай майданға аттанды. Ол өзінің кәмілетке толғанын Чапаев дивизиясының жаяу әскер тобының алғы шебінде қарсы алды. Оның майдандық жолы Новороссийск, Батайск, арқылы жаяу әскер полкінің 8 армиясының әскери фельдшері, кейін медицина қызметінің кіші лейтенанты болды. Ростов-на Дону қаласын азат етуге және Дон өзеніндегі шабуылға қатысқан. Ол осы шабуылдарды Дон арқылы 50 жаралы жауынгерді өткізіп, оларға жәрдем көрсетті. Бұл еңбегі үшін 1943 жылы «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Жаралы жауынгерлерге бірнеше мәрте өзінің қанын құюға келісімін берген, ештеңеден қорықпайтын батыл қыз болды. 1944 жылы Вера контузия алып, осы жылдың ақпанында демобилизацияға Брянск облысына кетіп, Одесса қаласында ауруханада аға медбике қызметін атқарды. 1954 жылы КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің жолдамасымен тың жерлерді игеру үшін Қазақстанға келеді. Ол мұнда 30 жылдан астам медицина саласында жұмыс істеді. Вера Власовна «І дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Тың жерлерді игергені үшін» [7, Б, 64] медальдарымен марапатталды. Сондай-ақ ол «Денсаулық сақтаудың үздігі» белгісімен, ал 1987 жылы «Флоренс Найтингейл» атындағы медальмен марапатталды.

Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің «Флоренс Найтингейл» медалінің қазақстандық бесінші иегері – Анна Михайловна Дмитриенко. 1923 жылы Алтай өлкесінің Линьки аулында дүниеге келді. 18 жасқа жана толған, қаршадай қыз Анна Мәскеу, Ленинград, Старая Русса қалаларын қорғауға қатысты. Майдан даласынан 200-ден астам ауыр жараланған жауынгер, офицерлерді шығарды.

1943 жылдан бастап тұрақты қан доноры болды. 1944 жылы зардап шеккендерге көмек көрсете жүріп, өзі жараланады, сонан соң Кеңес Армиясы қатарынан демобилизацияланады.

25 жылдан астам туберкулезге қарсы күресу диспансерінде медбике болып қызмет етеді. Қызмет барысында ҚазССР ҚКК қызметіне белсене қатысады. Қызыл Крест учаскелік комитеті негізгі ұйымының төрайымы міндетін атқарады. Анна Михайловна – тегін қан донорлығының насихатшысы, үйде науқастарды күту бойынша қызметшілер курсы дайындаушы медицина қызметкері. А.М. Дмитриенконың ерлігі мен еңбегі ескеріліп «І дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» [7, Б, 66] және т.б. медальдарымен марапатталған. 1989 жылы «Флоренс Найтингейл» атындағы медальмен марапатталды.

Ұлы Отан соғысы кезінде және одан кейін Қазақ ССР ҚКК Армия бөлімдеріндегі медбикелер мен сандружиницалардың соғыс немесе бейбіт кезде әрқашан жоғары дайындықта болды. Жоғарыда келтірілген дәлелдер мен дәйектер он сегізге толмаған, жиырмадан енді ғана асқан жас қыздардың Отаны үшін өз жандарын құрбан етуге дайын екендігін көрсетеді. Жауып тұрған оқтың арасынан талай жаралы жауынгерлерді аман алып шығу, қансырап, бір қадым басу мұң болып, көмек күтіп жатқан талай боздақтарға, балапанына су тасыған қарлығаштай болып көмегін аямаған медбикелердің алдында жас ұрпақ тағзым етуге міндетті. Қазақстандық ХҚКК «Флоренс Найтингейл» медалімен марапатталған қаһарман қыздарымыздың көрсеткен ерлігі бүкіл әлем халықтарының есінде қалып, жас ұрпақты тәрбиелеуде таптырмас үлгі болары анық. Отан үшін жан берген Мария Петровна Смирнова (Кухарская), Разия Шәкәңқызы Ысқақова, Антонина Яковлевна Дмитриева (Глубина), Вера Власовна Широкая-Руденко, Анна Михайловна Дмитриенколардың қысқаша тарихы мен тағдыры осылай.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қасымова Б. Қазақстанның қыздары – Ұлы Отан соғысы жылдарында. – Астана, 2005. – 371 б.

2 www.rokk.ru. Список советских медалисток Флоренс Найтингейл, награжденных Международным Комитетом Красного Креста с 1961 по 2005.

3 Будко Д.А.. За истинное милосердие и заботу о людях // Военно-исторический журнал. – 2006. - № 3.

4 Көлбаев Т. Қазақ әйелі қаһарман // Дала мен қала. – 2010. - 8 наурыз.

5 <http://ru.wikipedia>. Биография Флоренс Найтингейл

6. www.google.ru. Римма Волкова. Свеча, которая не гаснет. Воспоминание о войне.

7 Қызыл Крест Халықаралық Комитетінің Қазақстан Республикасы Қызыл Ай Қоғамының анықтамасы. Астана, 2009

СЫР ӨҢІРІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

ОҢАЛБЕКҚЫЗЫ Г.

5 сынып оқушысы, № 204 мектебі

ЖАҒАБАЙ Ә. Қ.

тарих пәнінің мұғалімі, № 204 мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Қазіргі Сыр бойы талай заманнан бері ұрпақтан ұрпақ ғұмыр кешіп, көш керуенін өткерген. Талай рет ат тұяғымен тапталып, бұлқынған жер. Өрт жалмаған қалалар мен қорғандар жыл өткен сайын үлкен-үлкен үйінді обаларға айналуда. Тіпті кейбірінің іздері де өшу алдында.

Сыр өңірін есте жоқ ерте дүниеден бастап адамдар мекендеп, уақыт өткен сайын олардың мәдениеті ілгерілей түскенін археологиялық қазбалардың нәтижелері мен осы кезге шейін сақталынып келген көне ескерткіштер айғақтап отыр.

Атақты ғалым Жамал Қаршидың жазуынша, оғыздар Сыр бойынан теп-тегіс жөнкіле көшпеген, олардың егіншілері, жатақтары, кейбір тайпалары моңғол дәуірінің өзінде Сыр бойын қоныстап отырған. Олар ғасырлар бойы осы араны мекендеп, бері келе кейбір тайпалары қазақ құрамына қосылады. Бұған Қорқыт, Көрғұлы, Жиренше шешен, Алдар көсе сияқты оғыз, қыпшақ заманында шығып, Сыр бойына кең тараған аңыздардың қазақ халқының ортасында ғасырлар бойы тұтастай, әдемі сақталып келуі дәлел. Оғыз бен қыпшақтардың қазақ халқының мәдени, рухани игілігіне негіз болған мұралары орасан көп, ол мұраны сипаттайтын белгілері қазақ жерінде осы күнге дейін аз емес. Ежелгі оғыз-қыпшақ тайпаларының сақталған аттары бұлардың атымен байланысты географиялық топонимдер, сол заманнан келе жатқан тарихи дәстүрлер, аңыз, хикаялар мол.

Оғыз дәуірінен қалған белгілердің аса күрделі бір түрі-Сырдария бойындағы ескі қалалар, күмбездер, мұнаралар, кернейшелер, не олардың қирап жатқан орындары. Оғыздар бір заманда Сырдария

мен Торғай өлкесінің арасында көшіп жүрген ел болғандықтан, олардан қалған жәдігерлер бұл өңірде жиі кездесіп отырады.

Оғыздардың Сырдария жағасындағы ең атакты қалалары Янгикент (Жанкент), Жент, Үзкент (Өзгент), Баршынкент (Қышқала) [29, 92-103 б.].

Қорқытпен қосақталып айтылатын тарихи хикаяның бағалысы әсіресе Жанкент қаласы туралы аңыздар. Сол аңыз бойынша бұл қаланы көп заман бойы билеген кісінің бірі елге үгіт-насихат айтушы, өзі жүзден асқан ойшыл қарт болады. Әбілғазының түрікмен шежіресінде оғыз елі әр уақыт Жанкент қаласына жиналып, қайы халқынан Инал Яуиды хан көтеріп, оған Қорқыт атаны уәзір ететіні айтылады.

Жазба деректерде Жанкент алғаш рет араб тарихшысы Ибн-Рүстемнің еңбегінде аталады. Сондай-ақ араб географы Ибн-Каукал оғыздардың басты қаласы Жанкент болды, оны ирандықтар Нау-Керде, арабтар Эл-Харият, сарматтар Дахи Нау деп атаған дейді. Жанкент биікке орналасқан. Жанкент атауының өзі Янгикент-Жанкент (Жаңа қала) деген мағынаны білдіреді. Жанкент тарихы ғасырлар қойнауында жатыр. Қаланың гүлдену дәуірі IX ғасырдың II-жартысы мен XI ғасырдың алғашқы ширегі. Жанкент шаһары-аумағы 15-20 гектар, егіншілігі, саудасы мықтап өркендеген қала болды. Қала маңындағы ирригациялық жүйелер егіншіліктің шаруашылықтың негізгі басты саласы болғандығын әйгілеп тұр. Ол кезеңде Арал теңізін Жент теңізі деп атаған. Жанкент тұрғындары осы теңіз маңынан үлкен тұз көзін тауып, Қытай, Иран, Үндістан елдерімен сауда қатынастарын жасаған.

Қыпшақ-кимақ тайпалары мындап мал айдап, Қарлан өткелі арқылы Жанкентке келіп, сауда жасаған. Қаланың шет көшелері құмыра жасаушылардың, ұсақ қолөнершілердің, зергерлердің, қару-жарақ жасаушы ұсталардың балшықтан соққан сабан үйлері мен ұстаханалары болған. Ал шаһар орталығындағы гүлзар баққа оранған, хауыздары мөлдір суға тұнған қала бектерінің биік дуалмен қоршалған үйлері болды. Қала сырты үш орам болып суға толтырылған орлармен қоршалды. Шаһардың сыртпен араласатын төрт қақпасы болды.

Әрбір жұма күні шаһар орталығындағы базар алаңында сауда қызу жүріп жататын. Жанкенттің шығыс пен батысты жалғастырып жатқан Ұлы Жібек жолы бойындағы тоғыз жолдың торабына орналасуы қаланың географиялық, экономикалық маңызын арттыра түсті. Қытай жібектері, Үнді маталары мен жемістері, араб елдерінің құрмасы, науаты, Иран құлдары базарда өтімді товар болып саналатын.

Оғыздарда қала мәдениеті жоғары дамыды. X ғасырда Жанкент бойының оғыздары Жайықтағы печене және башқұрттармен 34 жыл жауласады (922-956 жж.). 956 жылдан соң бұл аралық түрікмен және қыпшақ оғыздарының қоластына өтеді. Негізінде ұлыстың түбіне жеткен де осы қайшылық болды [30, 23-29 б.].

Ислам мәдениеті Сыр өңіріне Хорезм, Бұхар, Отырар арқылы еніп, Сыр бойындағы оғыз-қыпшақ ұлысы бүлінеді. Яғни Жанкент оғыздарының көсемі Қазан-Салор мұсылман дінін 963 жылы қабылдап, ал Қорқыт болса тәңірлік ескі культті жақтап, кимақ-қыпшақ, қай тайпалары көшпелі тұрмыста қалып шаман нанымын тұтынады. ал Жанкент болса, Қазан-Салордың елі болып қалады.

XI ғасырдың басында оғыздардың бір қанаты-селжуктер күшейіп, Селжук мемлекетін құрады. Әлемге әйгілі болған осы мемлекеттің сюбашы Селжуктер өз жолын осы Янгикенттен 935 жылы бастаған болатын. 1034 жылы Селжук әскерінің қолбасшысы Тұғрылбек Хорасан патшалығын әскери күшпен өзіне қаратады. Бұдан соң селжуктеге Хорезм, бүкіл Иран мен Азербайжан бағынады. 1055 жылы Тұғрылбек араб халифатының астанасы-Бағдатты басып алады. Бағдатта Тұғрылбек сұлтан болып отырады.

Тұғрылбектен кейін сұлтан болған Алып Арысланның және оның баласы Жәлеләдин Мәлік шахтың билік жүргізген кезінде селжуктер қатты күшейді. Қытайдан Жерорта теңізіне, кавказдан Иеменге дейінгі созылып жатқан жерлерде селжуктар биледі. Жәлеләдин Мәлік шах өлген соң, оның орнына отырған баласы Санжар астананы Хорасаннан Мервке, одан Жанкентке көшіпеді. Жанкент мықты бекініске айналады. Парсы тарихшысы Равэнди 1158 жылғы оғыздар мен селжуктердің арасында болған соғыстың дерегін келтіреді. Бұл екі тайпа оғыздардың екі бұтағы болса да, Санжар сұлтан тұсында өзара қатты жауласқан. Осы шаһарда Хорасанды, Шығыс Иранны, Хорезм мен Мавреннахрды билеген Селжук сұлтаны Санжардың өкіметі 1153 жылы тіршілігін тоқтатады. XIII ғасырда моңғолдардан ығысқан олар Кіші Азия, Анадоли жеріне барып, Селжуктер династиясы құрады.

1219 жылдың күзінде Сыр бойындағы оғыз-қыпшақ қалалары моңғол-татар шапқыншылығы салдарынан күл талқан болып қирайды. 400 жыл бойы қалалы мәдениет жасаған оғыз-қыпшақ тайпалары тағы да көшпелі өмірге түседі.

Моңғол-татарлар салған ойран басылмай жатып-ақ, Янгикент сауда мен қолөнер орталығының бірі ретінде қайта көтеріліп, XIV ғасырда гүлдену шегіне жетеді. Мұсылман мәдениеті ықпалында болған бұл қала Жаңақала-Жанкент деп аталады.

Алайда XV ғасырдан бастап қала жазба деректерден кездеспейді. Қала жоғалды. Оның жойылу себебі неде?

Қала бірнеше жойқын соғысты басынан өткерді. Бірі жолындағының бәрін талқан қып, төбеге айналдырылған моңғол-татар шапқыншылығы. Енді бірі Ақсақ Темірдің тонау-талқандау жорықтары. Мүмкін осы соғыстар суармалы егіншілікпен айналысқан, бейбіт ғұмыр кешкен қала халқын тоз-тоз еткен де шығар.

Араб саяхатшысы Хафизид-Абрудун жазбаларында Сырдарияның XV ғасырда Отырар тұсынан батысқа бұрылып, Әмудариямен бірге Каспийге құйғандығын айтады. Әрине бұл Сырдың төменгі ағысындағы Жанкент қаласына да ықпалын тигізбей қоймайды. Егіс алқаптары, ирригациялық жүйелер су жұрмегендіктен құм басып шөлге айналады. Негізгі тіршілік су болған, егіншілікпен айналысқан қала тұрғындарының шаһарды тастап кетуіне мұның да себеп болуы әбден ықтимал.

Жанкент қаласының орнын бірінші рет қазып зерттеген ғалым П.И. Лерх (1857 ж.). Ол кісі көрген кезде қаланың ескі қабырғалары, кейбір архитектурасы, көшелерінің ізі әлі жоғала қоймаған. Сыртынан қарағанда Жанкент қаласының түрі үлкен төбе сияқты үйінді болып жатады. Оның амуағы төрт бұрышты, жан-жағы тұтасымен биік қыш қамалмен қоршалған. Қамал қабырғасының қалыңдығы 6 метрдей. Ең жақсы сақталғаны оңтүстік қабырғасы, онда мұнаралар, оқ ататын тесік көздер сақталған. Ең биік мұнара оңтүстік батысында болған. Қаланың ортасында жан-жағын қоршаған ескі сарайдың орны, онда ел басқарушылары тұрған [31, 107-162 б.].

Үйлердің орны, қабырғасын аршып көргенде, одан көптеген архитектура үлгісі, қабырғаға түсірген суреттер, күйдірілген кірпіштер, көк қызғылт шынымен жапқан көзе тақталар, террокоталар, ғаншпен жасалған өрнектер, көзе сынықтары, араб жазуымен әшекейленген сауыттар, тағы сол сияқты өнер өрнектері табылған. Қазғанда табылған өзгеше нәрсенің бірі-сол ескі дәуірлерде әдемі дүние жасайтын шеберхананың орны. Оны қазғанда ішінен кірпіш күйдіретін, көзе сауыт күйдіретін, әдемі глазурь шынылары, шеберхана орындары табылған. Олардың барлығында сол кезде өндірісте істеген жұмыстардың қалдығы көп табылған. Соның бірі-араб харпімен жазылған кірпіш.

Шеберханадан табылған қызық нәрсенің бірі-глазурь шыны қорытатын пештің қалдығы, оның үстінде шойын қазан сақталған, оның іші қатып қалған глазурьдің ізі. Олардың бірталайы XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда заманы мәдениетінен хабар

береді. Жанкентте мыстан, күмістен жасалған XIII-XIV ғасырлар теңеліктері табылған. Бірақ өкінішті жері бұл қаланы Темірхан бүтіндей құртқан.

Кенес дәуірінде Жанкент қаласына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген, бірақ толық зерттелмеген, одан осы сияқты көп нәрселер тапқан ғалым С.П.Толстов.

Қала ішіндегі қоймаларда азық-түлік пен ауыз судың сақтық қоры болған. Қару-жарақ, оқ-дәрі сақталған. Қорған қабырғаларының әр жерінде және биік мұнараларында сыртқы жауларға қарсы қару қойып, оқ ататын арнайы орындар жасалған. Зерттеуші Хафиз Тыныш: «Оның мықтылығы соншалық, оның мұнарасы мен дуалын бұзу ешкімнің де ойына келмеген», - деп жазды. Сауран қаласының орны солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа 800 метр, ал солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа 550 метрге дейін созылып жатыр. Қорғанның құлап, шөккен қазіргі қалдықтары биіктігінің өзі 3 метрден 6 метрге дейін жетеді.

Зерттеуші-ғалым В.М.Флоринский 1888 жылғы зерттеуінде Сауран мұнаралары жайлы көзбен көргенін былай деп жазды: «Сауран мұнарасының аман қалған бөлігінің биіктігі 7 сажын, оның жанында 16 фут қашықтықта 1867 жылғы көктемде қираған мұнара тұр. Бүтін қалған мұнараның табанында төбені қазған кезде оның қазіргі үстінен іргетасына дейін толық сажын болып шықты.

Мұнаралар күйдірілген кірпіштен тұрғызылған, түрі тізбектелген тәріздес, айналмалы түрде жақсы салынған ішкі сатысынан ең жоғарғы жағына дейінгі диаметрі 6 аршын. Мұнаралардың бірінің түп жағы алтын жалатылған көгілдір әшекейлермен безендірілген. Бұл құрылыстың ішіне кіру үшін бір жағынан табанына бір жарым сажын биіктікте бұранда тәрізді басқышқа кішкене төрт бұрышты саңылау жасалған. Басқыш жарықты қабырғаларда жасалынған кішкене төрт бұрышты терезелерден алады».

Сауран қаласы XVII-XVIII ғасырларда жоңғар шапқыншылығына ұшырады. Одан кейін Қоқан хандығының езгісіне де түсті. Осыдан қаланың езгісіне де түсті. Осыдан қаланың құлдырау дәуірі басталады. Осындай аласапыран заманның бірінде халық қаланы қимай, Сауранды екі айналып барып кеткен екен. Содан «Сауран айналған» деген сөз қалған. XIX ғасырдың ортасында қала біржолата күйрейді [1, 203-215 б.].

Сауран қаласы-талай сұрапыл шайқастар мен оқиғалардың куәсі болған мекен. Соның бірі-1480 жылы Сауран мен Яссының ортасындағы кең жазық далад Сауран қаласын басып алу үшін

Жәнібек пен қалың қолмен Мұхаммед Шайбанидің (1468 жылы қайтыс болған Әбілқайырдың ханның ұрпағы) әскерімен айқасқа түседі. Қапылыста Жәнібек хан мен батыр Саян Мұхаммед Шайбани мен Ақсофы батырдың қол қолдап ұрған шокпарының салмағынан Жәнібек ханның омыртқасы үзіліп, ат-матымен жер құшып омақаса құлайды. Хан денесін батыр Саян жау тобынан алып шығып кетеді.

Кезінде Сауран қаласында атақты Бұқар жырау да болған. Ол Сауран қаласының сыртқы жауларымен шайқасқан ерен ерліктерін өз көзімен көріп, соны баяндайтын «Тас қамал» деп аталатын дастан жазады.

Қазіргі кезде Сауран қаласының құлаған қабырғалары мен мұнаралары қалған. Қорған ішінде уатылған кірпіштер мен сынған шыны, түрлі-түсті әшекейлі қыш ыдыстардың үйінділері жатыр.

Өзгерт-Сығанақ, Сауран қалаларымен қатар салынған, солардың тарихымен тағдырлас, Сырдың сол жағалауындағы орта ғасырлық мәдениеті мен саудасы, саяси-экономикасы, ілім-білімі дамыған қала.

Археолог-ғалым, полковник Б.А.Каллурдың айтуы бойынша «Өзгерт дегеніміз-ол, біріншіден, Сырға қосылған өзен, екіншіден, ішкі Өзгерт және қыр Өзгерт деген екі бекініс, соның екіншісі XIII ғасырдағы Өзгерт»-дейді.

Ішкі Өзгерт моңғол шапқыншылығына дейін Қыпшақ мемлекетінің құрамында болып, Сығанақ билігіне қараған. Моңғолдар қиратып, тонаған соң бұл қала қаңырап бос қалған. XIII ғасырда қаланың орны қыр Өзгертке көшіп, қала қайтадан жаңара бастайды. Өзгерт қаласы 1269 жылы құрылған Хидухан мемлекетінің құрамында болып, кейін Ақ Ордаға қарайды. Бұл кезде Ақ Орданың орталығы Сығанақ қаласы болған.

1428 жылы Әбілқайыр хан болып сайланып, жан-жағына шабуыл жасап, жер иелігін кеңейте бастайды. 1446 жылы ол Ақ Орданың Сығанақ, Созақ, Аққорған қалаларымен қоса Өзгерт қаласын да басып алады. Сығанақ астана болып, «Көшпелі өзбек ұлысы» пайда болады. Өзгертке билеуші етіп Маңғыт Уақас биді қояды. Қалада керуен сарайлар, мешіт-медреселр, басқа да мәден ошақтар салынады.

Өзгерт өңірі-Сыр бойына Ислам діні мен мәдениетін алғаш әкелгендердің бірі Әзірет Әлінің ұрпақтары Хорасан Ата атанған Әбдіжәми бабтың, кеменгер ойшыл Қожа Ахмет Яссауидің табандары тиген жер. «Бақырғани кітабының» авторы, Хәкім ата атанған Сүлеймен Бақырғани ақынның жамбасы да осы Өзгерт өңіріне тиген.

Алпамыс батырдың жұбайы Гүлбаршынның әкесі Қармыс бай осы Өзгентте тұрып, Мұхаммед Пайғамбардың жақын серігі, ұрпағы Мәулана Шәмшідің осы Өзгентте дүниеге келген. Бұл кісіні Молла Шәмшә немесе Шәмшы Бүзірік деп те атаған. Шәмшіден Өзгент қаласындағы мешіттің имамы әрі сол елдің ұлығы, ақын болған кісі. Сондай-ақ ол Өзгент қаласында тұрғындықтан, Шәмен Өзгенди деп те аталады.

Қазір осы Өзгент қаласының аумағы төрт шақырымдай жерді алып, төбе болып қалған орны жатыр. Қалаға кіретін қақпасының жобалары осы уақытқа дейін сақталған. Қаланың 62 қақпасы болған. Қорған төрт бұрышты етіп төбе үстіне салынған көрінеді. Ұзындығы 1,5 шақырымдай, ішінен саз балшықтан жасалған түрлі-түсті сынықтарын кездестіреміз. Өзгент шаһары-Сыр бойындағы тарихи оқиғаларға олы қалалардың бірі.

1219 жылы Жошы әскері қиратып кеткен Асанас немесе Ашнас қаласының кейінгі тағдыры туралы деректер өте аз. Ғылымда оның тарихи орны туралы пікірлер әрқилы. 1899 жылы қамалда болып, оны мұқият зерттеген В.Каллур өзінің көрген-білгендерін «Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің хаттамаларында» жариялаған еді. Бірақ ол қазба жұмыстарын жүргізбеген.

В.Каллурдың көрсетпеуінше, Асанас қаласы Сырдың сол жақ бетінде, Ақарықтың төменгі жағында орналасқан. Бұрын ол жер Головачев ауданы атаныпты. Екінші жағынан келсек, Асанас Сырдариядан 25, ал Бірқазан стансасынан 30 шақырымдай жердегі кебіңкі сайда жатқан қала орны болып шығады. Сол себепті ел аузында Асанас-Өзегі атанған.

Қаланың жан-жағындағы арық іздеріне қарағанда, Асанас қаласына су Сырдың сол жағындағы сарышығанақ стансасынан сәл төмендеу жерден тартылған екен. Жергілікті тұрғындар бұл тұсты Қарагөз деп атап кетіпті. Сол маңайда Ақтөбе елді мекенінің жанынан өтіп, Қызылқұм ішіндегі Сеңгірге дейін жетіп жатқан тағы бір арық болған. Мұның алғашқысын Каллур ауыз суы, ал соңғысын егістікке тартылған канал болуға тиіс депті. Соған қарағанда арықтардың бірі тура қала ішіне, ал екіншісі сыртындағы егіс даласына тартылған ба дейміз.

Осы жерде Каллур биік қорғанды көрген. Оның кейбір тұстарында қабырғасының биіктігі 20, ал үстіңгі жағының ені 15 қадамға дейін жетеді екен. Жалпы аумағы екі шақырымдай жерді алып жатқан қорғанның бес бірдей қақпасы болған: оңтүстік жағында, екі өзге жақтарында бір-бір қақпадан.

Тағы бір атап көрсетерлік мәселе-қамал үйіндісінің оңтүстік батыс бұрышында күйдірілген қыштан салынған тағы бір құрылыс ізі болған. Айналасы қалың жыныс сексеуіл.

Қорғанның ішінде бірқатар көне құрылыстардың іздері болған. Соларға қарап, В.Каллур олардың астыңғы қабаты күйдірілген қыштан, ал үстіңгі қабаты қам кесектен салынғанын анықтаған.

Бұл-тосын хабар. Себебі көне қала құрылыстарының немесе күмбез, мазарлардың екі бірдей құрылыс материалдары-күйдірілген қыш пен саз кесектен салынуы сирек байқалататын құбылыс. Осы кезе дейін біз қарастырып келген қалалардың бірде-бірінде байқалмаған еді. Олай болса, Асанас қамаланың бұл ерекшелігін қалай түсінер едік? Алғаш қираған қамалды халқы қайта қалпына келтіріп, өздеріне мекен етті ме екен?

Моңғол дәуірінен соң Сыр бойындағы бірқатар қалалардың қайта жанданып, тіршілік көзіне айналғанын ескерер болсақ, дәл осы жағдай Асанас қамалына да қатысты ма дейміз. Тіпті олай болмағанның өзінде қамалдың қыш пен кесектен салынуы бізді ойландыруға тиіс.

Қамалдың ішін қалың сексеуіл басқан болса, сыртында күйдірілген қыштан соғылған күмбезді мазар болған. Қорғанның батысында тұрған бұл мазардың ішінен Каллаур мәйіт орнын бақаған. Осыдан алыс емес дерде тағы бір мазар болыпты. Оның биік күмбезі құлап түскен екен. Аман тұрған төменгі жағы саз кесектен соғылыпты.

Каллаур осы екі мазардың аралыған көптеген тұрғын үйлердің ізін тауып, олардың қираған орындарымен танысқан. Сөйтіп барлығы дерлік саз балшықтан құйылғанын жазған.

Асанас аймағынан бір шақырымдай жерде, қаланың батысында топырағы үйілген тағы бір бекініс топырағы үйілген тағы бір бекініс орны байқалған. Әр фасады 300 қадам боларлық үлкен құрылыс екен. Қамалға бетін қаратқан шығыс жағында дөңестеу жер болыпты. Оны Калалур қамал немесе басқа бір құрылыстың қираған орны болуға тиіс деген деген.

Біз сөзінде Калаур Ақтөбе бекінісін де атайды. Ол Асанастың батысында екі шақырымдай жерде тұрған төртбұрышты бекініс екен. Оның ірбір фасады 200 қадам, ал ішінде төртбұрышты биіктік болған. Ұзындығы - 70, биіктігі - 60 қадам шыққан. Ал табанынан ең биіктігіне дейінгі аралық 55 қадам.

Қамалдың шығысында, шамамен екі шақырымдай жерде тағы бір бекініс көрініп тұрған. Ол да төртбұрышты екен. Екі қабырғасының ұзындығы - 200, қалған екеуі 185 қадам болған. Осы

бекініс пен қамалдың арасында толып жатқан көне құрылстар мен арық сілемдерінің іздері анықталған. Ең бастысы, Каллаур дәл осы маңайдан қыш күйдіретін пеш тапқан. Ол бұзылмапты. Іші саз кесекпен толтырылып, бірақ күйдірілместен қалған.

В.Каллаур суреттеген Асанас бекінісі мен оның айналасындағы құрылыс іздері туралы мәліметтер осындай деректерге қарап Асанастың үлкен қала, мықты бекініс болғанын көреміз. Моңғол әскері келгенде Өзгент, Баршынкент халқы оларды қарсы алған болса, Ашнас тұрғындары оларға үлкен қарсылық көрсетіп баққан. Ол туралы Әбілғазы: «Ашнастың халқы қаладан шығып соғысты. Жошы ханның әскері оларды жеңіп барлығын өлтіреді»-дейді.

Ашнас халқы қарсы қол шығарып соғысса да, онда моңғол әскеріне қарсы тұрарлық күш жоқ еді. Әр жерден жиналған шағын жасақ Жошы әскеріне төтеп бере алмаған. Каллаур айтқан пеш ішіндегі саз кесектердің осындай қиян-кескі ұрыс кезінде күйдірілместен қалып қоюы да мүмкін. Олардың кейін де күйдірілмеуіне қарағанда, Ашнас қаласы моңғол дәуірінен соң қайта жанданбаған сияқты. Мүмкін қала орнының табылмау себебі де осында болар?

Анаса мазарын Ә.Қоңыратбаев арнайы зерттеп, Жент мәдениетінің қалдығы болар деп шамалаған. Оның Қызылорда облысының Сырдария ауданына қарасты Ленин совхозы жерінде тұрғанын, архиетурасы жағынан Баршын қыз күмбезіне ұқсас болса да, көлемі шағын екендігін ескерте келіп, ғалым: «Ашнас мазарын тарихшылар сол маңайдағы Қорғантөбе, Көктөбе, Ақтөбелерге қарап асар деп келді. Шынында да ол арса емес. Осындай асарлар –төбе олар Күшан дәуірінен бар. Ал мына күмбез орта ғасырдың шаршы кірпішінен салынған мазар төбесі мен іргетасында жарығы бар. Барлық кесек көлденең өрілсе, айшық қырынн қойылған, онысы иілген маңдайша сияқты. Мазар ішінде мола жоқ, жермен жексен болып кеткен. Күмбездің артында 200-300 метр жерде есігі түстікке қараған, төбесі құлаған тағы бір мазар бар. Бұл аса үлкен, екі босағасы бөлек, терезесі батысқа қараған жәдігер. Оны шырақшылар Ашнастың ерге тимей, қаратйып өлген қарыдасының бейіті екен дейді.

Мазары кейін салынса да Ашнас ХҮІІІ ғасырда болған адам. Ғаббасилер, соның ішінде Мансұр (754-775) кезінде «Бұлар Сыр бойында оларға қарсы Жент мазхабындағы қимылдар көбейді. Шейтанизм қимылдарын ғаббасилер қанға бояп басса да, 810 жылға дейін Рафи қозғалысы өрістейді. Алғашқы шинтизмнің бір өкілі

-Ашнас болған. Мазарда мола болмайтын себебі, оны Жент тұрғындары кейін салған. Санжар мазары одан марка», -деп жазады [33, 112-167 б.].

Бұл ғылыми мәліметтер Каллаур деректерін толықтырумен қатар Асанас қаласының тарихына біршама анықтықтар енгізіп тұрса керек.

Асанас-тарихи қала. Ақмешіт тұсында оның орны әлі күнге бар. Сыр бойындағы көне қалалар санатына қосылатын бұл ескерткіштің құм астында қалған құпиялары археологиялық жұмыстармен ашылуға тиіс. Алдағы күннің басты міндеті-осы.

Ғасырлар бойы қыпшақ ұлысының мәдениет орталығы болған, саудасы, базары үлкен кең байтақ қаланың бірі- Сығанақ. Бұл қаланы бірінші рет тарихқа белгілі еткен Х ғасырдағы араб-географы -Әл-Макдиси. Ол ғалым Жетісу мен Сыр бойының қалаларын атай келіп, өзінің атақты кітабында «Тараз, Сығанақ» деп жазады. Сол заманнан бері қарай XV ғасырға дейін Сығанақ қыпшақ ұлысының астанасы болып келді. XII ғасырдан бастап ислам дінін қабыл етті. Араб жазушыларының айтуынша Сығанақ қаласында тұрғындар-қыпшақтар мен қаңлылар.

Сығанақтың орны Жаңақорған ауданы, Төменарық теміржол стансасынан сегіз шақырым жерде, Қаратау қыратының оңтүстік батыс етегі мен Сырдария өзенінің жағалауынан он бес шақырым қашықтықтағы Белқыр үстіртінде жатыр. Ең алғаш көзге бірден көрінетін үлкен қырат, жал-жал болып үйіліп жатқан ежелгі қаланың қорғандарының орны. Үйіндінің солтүстігі ұзыннан ұзақ шұбатылып созылған биік белдеумен ұштасады. Қорғанның солтүстік батыс беті мүлде жермен-жексен болып шөгіп кеткен. Сонда да ірі қаланған тастар, қыш сынықтары қисапсыз.

Ішке енгенде жал-жал, ойдым-ойдым болып жатқан көше қалдықтарына, мешіт, сарай, түрлі құлпытастардың үйіндісіне кезігіміз. Бір кереметі аяқ астындағы барша қыштардың өлшемдері бірдей.

Орта ғасырдағы Сығанақтың саяси тіршілігін, мәдениетін ұлан бастақ базарын, сәнді үйлерін толығырақ жазған ғалымдар Шарафуддин Иозди Фазуллулла, Ибн Рузбихан. Бұлардың баяндауынша, Сығанақ-қыр даланың іргесінде әдемілеп салынған шаһар. Ескі дәуірлерде ол өте гүлденіп тұрған үлкен қаланың бірі болған. Бұл өлкенің жер байлығы, елінің әдеп, мәдениеті көзге ерекше түскен. Сәулетті салынған базары да көп болған. Қаланың базарында күн сайын 500 түйеге артылған пұл-тауар сатылып отырған. Оның маңайы толған егіндік, бақша, арық, тоған еді.

Бұл қалаға Арқадан Хажы-Тархан жағынан қаншама бай дүние келетін, олардың ішінде мыңдаған қой, топталған жылқы, түйе, қымбат ішіктер, тондар, қару-жарақ, қайыңның безінен жасалған жебелер, жібек маталар болатын. Сығанақ әрі сәулетті, әрі бай жер болғандықтан, оған Еділден, Каспий теңізінен, Қашқардан, Хотаннан, Мәуреннахрдан қаптаған саудагерлер келіп, сахараның халқына өзінің бұйымдарын сататын.

XIV ғасырда Сығанақ қаласында Дешті-Қыпшақ ұлысының ақша-монеттері басылып тұрды.

Сығанақ үлкен білім орталығы болған. Оның топырағында сан қилы ғалымдар, ақындар, қолбасшылар шыққан. Соның бірі әйгілі ақын, жазушы Хисамеддин Әл-Сығанақи. «Нихайа» деген кітабы да, осы Сығанақ қаласында жазылды.

Сығанақ әдемі кілем шығарудың, түс киіз жасаудың, ат сайманын, садақ-жебе жасаудың, ат сайманын, садақ-жебе жасаудың, көзе-сауыт шығарудың орталығы болған. Шығыстан келген қара дүлей-моңғол шапқыншылығы 1219 жылдың күзінен бастап қала тағдырын өз қолына алған.

Сонымен, 1219 жыл Сығанақ қаласы үшін күйреу жылы болды. Осы бір қатты соғыстан соң XIV ғасырға дейін, яғни жүз жылдай қалпына келе алмады. Қатты соққыдан есін жию аса ауыр болды. Қазір қазақтардың бір заманғы мәдениет ошағы, мақтанышы болған Сығанақ қаласының тек қираған қалдығы жатыр.

Т.Әбілқасымовтың әңгімесі: 7-8 жасар бала кезімде әкем Сығанақ қорғанына ертіп барды. Баспанада тұрақты шырақшы отырады екен. Әкем мен шырақшы қолдарына шам алып, екі қатар түзілген қорған құландысының төменгі қапталындағы қорғаннан 4-5 метр қашықтықтағы сексеуіл түбіндегі айқын көрініп тұрған тасқа жақындады. Шырақшы тасты оңай аударып тастады да, өзі бастап бір адам сиятын тесіктен көлбеу орналасқан кірпіш тепкіштер арқылы төмен түсті. Әкем қолымнан ұстап алған. Ішіне толық түскен соң, білте шам жағылды. Сол жерде отырып бір құран оқылды. Байқағаным қабырғасы күйген кірпіштен қаланған жер асты коридоры. Төбесі де доға тәрізді иіліп, күмбездене кірпіштен қаланған. Жүріп келеміз. Жанама қуыс жолдар баршылық, қанша тереңдікке барары маған белгісіз, білте шамның жарығы арй қарай жетпейді. Бір кезде сандықтан үлкендеу, биіктігі жазу столындай кірпіштен өрілген еңсіз ғана төрт бұрыш жайдың үстіндегі былғарыны шырақшы ашты. Мен баламын, қорқыныш жоқ, бәрі маған қызық. Бір адам ақшам мезгіліндегідей алакөлеңкеде

ұйықтап жатыр. Тағы да құран оқу. Аят біткен соң әкем: «Сізге бір қақпаным бар, серіппесін теріскейдегі пәлен деген ұстаға жасатқаным, осында кемес бұрын үйіңізге апарып тастағанмын»-деді. Шырақшы: «Қақпан да несібе ғой»-деп тағы сүрені заулата жөнелді. Бұл жолғысы ұзақтау болды. Еті үйренген болуы керек, бетінде қуаныштың табы білінбеді [34, 55-98 б.].

Ол кезде сапаға талғам болмаған, қазіргі пікіріме сүйенсем өте жұмсақ, жұқа етіп иленген былғарымен өлік денесі оралған екен. Ер азамат мәйітінің жамылғысы толық жауып, белінен төрт елідей былғарымен бір байлап сыртқа беттедік.

Осы күнге дейін Сығанақтағы жергілікті халықтан басқаға құпия мүрдехана зерттелген жоқ, жалпақ тілмен айтқанда іздеуші, дәлірек айтсақ, қызығушылық болмады. Енді бұдан былай қылуатке түсер жол табылмауы да мүмкін, өйткені 1945-1946 жылдары қорғанды айнала күріш егісі егілгенде, күріштің алаңқайындағы су үш күнге дейін оқпанға жұтылып отырған. Ат шаптырым маңайдан қайта шыққан су болмаған. Күрішшілер мен егіс мамандары «Сығанақ жер асты қылуат жолында құйылып жатыр» деген жорамалға келеді.

Адам ғұмыры-өлшеулі. Нақты дерек-аңызға, аңыз болыпты-мыс деген ызындаған әңгімеге айналады. Бұл күнде Сығанақтағы жан-жаққа тарамдалған жер асты жолы жайлы, жерленген мумияланған кәдірлі адам тұрғысында «көрген едім» деуші жоқ, «естіген едім» деген куәлардың азайып бара жатқандығынан, ел тарихына қосылар үлес салмағы болар дегенді қағазға түсірдік.

Сығанақ қаласы XV-XVI ғасырлар арасында атақты қалалардың бірі болды. Өзбек ханы Мұхаммед Шайбани ханның хатшысы Фазаллах Ибн Рузбихан Сығанақ қаласының базарына күніне 500 түе сойылып көуәп жасалып, кешке дейін бір түірде көуәп қалмай, сатып кетуші еді деп жазады. Кейбір аудармашылар 500 түені тірідей сатқанда кешке дейін 1 түйе қалмай сатылып кететіндігін жазады. Ал басқа ірі қарамен ұсақ малдың қанша болғандығына тіпті есеп жетпеген. Сондықтан да қаланың орталық қорғанын айнала қоршай салынған қарапайым халық тұратын шаһристаны мен рабадының өзі ат шаптырым жерді алып жатқан. Алайда қала тағдыры бұл кезде де бейбіт жағдайда өмір сүре алмады. XV ғасырда Ұрыс ханның ұрпағы Барақ ханмен Әмір Темірдің ұрпағы Ұлықбек арасындағы талас –тартыс толастамаған.

Ал XV ғасырдың екінші жартысынан бастап Сығанақ Мұхаммед Шайбани хан мен Тоқай Темір хан ұрпақтарының

арасындағы талас-тартыстың қиыншылығын көрсе, XV ғасырдың 80-ші жылдарының аяқ кезінен бастап Өзбек хандығымен қазақ хандығы арасындағы қашылықтың құрбаны болады [35, 175-186 б.].

Сонымен тәуелсіздіктен кейінгі жылдары өшкен мұрамызды қалпына келтіріп, мемлекеттік бағдарлама аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қолға алынды. 1999 жылы Сығанақ қаласында Алматы ғалымдарының ұйымдастыруымен археологиялық қазба жұмысы жүргізілді. Міне, осы кезден бастап сыр өңіріндегі орта ғасырлық қалаларды қалпына келтіру және археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу жұмысы басталды. Алдағы мақсат – осы қалаларды ашық аспан астындағы мұражайға айналдыру.

АЗАМАТТЫҚ ҮШІН КҮРЕСКЕН

ТЕМІРБАЙ Р.

10 «Б» сынып оқушысы, № 266 мектеп-лицейі,

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

БЕКБАНОВА Г. У.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Жанқожа батыр - Арал өңіріндегі қазақтардың Хиуа және Ресей отаршылдығына қарсы азаттық күресін басқарған аса ірі тарихи тұлға. Алаш тарихшысы М.Тынышбаев Жанқожа Нұрмұхаммедұлын “Үш жүзге даңқы жайылған батыр” деп бағалайды. Сондай-ақ, тарихшының “Жанқожа Үш жүздің ең атақты батыр-билерінің бірінен саналады. Ол қазақ тәуелсіздігі үшін күрескер ретінде орысты да, хиуалықтарды да, қоқандықтарды да, тіпті хандардың өзін де мойындаған жоқ” деген мінездемесі де Жанқожа батырдың өр тұлғасын айғақтай түседі.

Нұрмұхаммедұлы Жанқожа (1774–1860) – батыр, Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы. Қазіргі Қызылорда облысының Қазалы ауданында туған. 19-шы ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап Сыр бойы мен Арал теңізінің шығыс жағалауын қоныстанған қазақтарға өз үстемдігін жүргізе бастаған Хиуа, Қоқан хандықтары 1830–1840 жылдары жергілікті халыққа өктемдігін одан әрі күшейтті. Хиуа хандығы Жаңадария, Қуандария, Қызылқұман өтіп, Қосқорған, Арал теңіздеріне дейінгі аралықтағы Сыр бойындағы қазақтарға шапқыншылықтар жасап, малын барымталап, әйел, бала-шағаларын тұтқынға алып кетіп отырды.

Қоқандықтар шекара бекітіп, әкімшілік құрып, 1817 жылдан бастап салына бастаған бекіністерінен әркез жасақтар шығарып, бейбіт елді шауып, алым-салық жинап тұрды. Осындай зорлық-зомбылықтан жапа шеккен қазақтар, жастайынан әділдігімен, батырлығымен елге танымал болған Жанқожаның төңірегіне топтасады.

Жанқожа 17 жасында Кіші жүз құрамындағы Әлімұлы тайпасының жергілікті рулары сайлап алған Қылышбай ханның Хиуа бекінісіне жасаған жорығы кезінде жасаққа елеусіз еріп барып, ешкімге дес бермей тұрған қарақалпақ батыры Тықыны жекпе-жекте өлтіреді. Осы жорықта әділетсіздігі үшін Қылышбай ханның өзіне де қол жұмсайды. Бұл кездерде Жанқожа ауылы Қарақұмды жайлап, Ырғызды қыстайтын. Қоқан хандығының Созақ бекінісіне орналасқан әкімдерінің жергілікті халыққа салынатын алым-салықтан тыс көрсеткен зорлықтары қазақтардың бас біріктіріп, бұл қамалға шабуыл жасауына себепкер болады. И.Аничковтың мәліметі бойынша, Қоқан әкімі Дәурен Созақ қалаларының бектері Отыншы, Сушымен бірігіп, Сарман биді өлтіреді.

Созақта тұратын Құрман би араша түсуін өтініп, Жанқожаға арнайы хабар жібереді. Жанқожа елден қол жинап, Созаққа жорыққа аттанып, жолда Жаңақорған, Желек бекіністеріндегі қоқандықтарды қуады. 1830 жылдың күзінде Созақ бекінісін қоршауға алып, көмекке келген қоқандық Таған палуанды жекпе-жекте қолға түсіреді. Одан кейін Жанқожа жасақтарымен бекіністің дарбазасын бұзып кіріп, Созақты басып алады. Қоқан бектері Отыншы мен Сушыны қолға түсіріп, баласын өлтірген өтеуі үшін Құрман биге тапсырады. Кейбір деректерге қарағанда, Жанқожа Қоқан хандығының Шымқорған, Қосқорған, Күмісқорған тәрізді бекіністерін де талқандаған. Жанқожа батырға арқа сүйеп, алым-салық төлеуден бас тартып, Хиуа бегі Бабажанның озбырлығына көнбей жүрген Сырдың төменгі сағасындағы қазақтарды тәртіпке келтіру үшін Хиуа ханы Аллақұл жасақтарымен түрікмен Аймұхамед палуанды жібереді. 1836 жылы Ақирек деген жерде елге тізесі батқан осы Аймұхамед палуанды Жанқожа жекпе-жекте өлтіреді. Басшысы мерт болған палуанның жасақтары бас сауғалап қашуға мәжбүр болады. Жанқожа бұдан кейін де Сыр бойындағы қазақтарды хиуалықтардың езгісінен құтқару үшін, олардың бекіністеріне жиі-жиі шабуыл жасап отырады. Оның бұл жорықтары нәтижелі болып, Хиуа бекіністері көп шығынға ұшырайды.

1845 жылдың көктемінде Хиуа хандығы Сыр бойындағы қираған бекіністерін қалпына келтіру үшін 200 жасақ аттандырады.

Жанқожаның жігіттері бұлармен ұрыс салып, кері қайтарады. 1847 жылы көктемде Хиуа бегі Уайыс-Нияздың әскері Атанбас, Ақирек, Қамыстыбасты жайлап отырған қазақтарға шабуыл жасап, 1400 үйді ойрандап, тонап кетеді. Осы жылдың тамыз айында Хиуа бегі Қожанияз бастаған шапқыншылар қазақ ауылдарын тағы да тонауға ұшыратады. Хиуалықтардың мұндай шапқыншылығы бір жылда бірнеше рет қайталанатын. Тонауға ұшыраған елін қорғауға Жанқожа 700 сарбазбен қарсы шығады. Құрамында екі мың әскері бар хиуалықтар Жаңақала бекінісінің төңірегіне шоғырланады. Жанқожаға Ресейдің Райым бекінісінің бастығы Ерофеев бастаған отряд келіп, хиуалықтарды талқандауға көмектеседі. 1847 жылы Райымға келіп, бекініс сала бастаған Ресей әскерлеріне Жанқожа қарсылық көрсетпейді.

Сол кездегі Орынбор генерал-губернаторы В. Обручевпен жолығып сөйлескен соң Жанқожа онымен орыс әскері жергілікті халықтың тыныштығын бұзбайтындығына және хиуалықтардың шапқыншылығынан қорғайтындығына келіседі. Бірақ кейін іс жүзінде керісінше болады. Патша шенеуніктері мен әскерлері ауық-ауық елдің тыныштығын бұзып, бұл кезде егде тартып отырған Жанқожаға да маза бермейді. Орынбор шекаралық комиссиясының Сырдария жүйесі бойынша өкілі И. Осмаловскийдің көмекшісі болып есептелетін тілмаш Мұхаммедхасан Ахмеров шабармандарын пара жинауға Жанқожа ауылына жұмсайды. Жанқожа оларды «орыс заңында мұндай салық мүлде жоқ» деп қуып жібереді. Осындай келеңсіз құбылыстарға ашуланған Жанқожа көтеріліске шығуға мәжбүр болады. 1856 жылы желтоқсанның соңғы күндерінде көтерілісшілер Қазалыны қоршауға алады. Қаратөбе маңындағы Л. Булатовтың отрядына бірнеше рет шабуыл жасайды. Көтерілістің бас кезінде Жанқожаның 1500-ден аса сарбазы болса, 1857 жылы қаңтарда олардың саны 5000-ға жетеді. Жағдай Орынбор генерал-губернаторы В. Перовскийді қатты алаңдатты. Ол генерал-майор Фитингофт бастаған 300 атты казак, 320 жаяу әскер, 1 зеңбірек, т. б. қаруларымен қоса сұлтан Елікей Қасымов бастаған бірнеше жүз казак жасағы бар жазалау отрядын аттандырады. Екі жақ Арықбалықтың тұсында кездесіп, бірнеше дүркін шайқас болады. Бақайшағына дейін қаруланған жазалаушы отрядқа көтерілісшілер қарсы тұра алмай, шегінуге мәжбүр болады.

Екі күн бойы ізіне түскен жазалаушы отрядтың көзіне көрінбей, көтерілісшілер Қызылқұмға ойысып кетеді. Жазалаушы отряд жолда кездескен қазақ ауылдарын шауып, тонаушылыққа

ұшыратады. Фитингофт бастаған жазалаушы отряд ақпан-наурыз айларында көтерілісші халыққа қарсы тағы бірнеше рет жорыққа шығып, қазақ ауылдарына адам айтқысыз жауыздықтар жасайды. 1856–1857 жылдары қазақтардан тартып алынып есептелмей, талан-таражға түскенді қоспағанда, 79567 сомның малы сатылады. Көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін Жанқожа сатқындық жасаған рубасылары мен елағаларына ренжіп, Дауқара жаққа, одан Бұхар хандығы жеріндегі Ерлер тауына жалғыз кетіп қалады. Екі жылдан соң қайта оралып, Қызылқұмда жалғыз отырған Жанқожаны Елікей Қасымов бастаған казак отряды өлтіріп кетеді.

Жанқожа Нұрмұхаммедұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің мән-жайы туралы құнды мәліметтерді қазіргі тарихшыларымыз сол кезеңдегі тарихи және саяси ахуалды баяндаған И.В.Аничков, Н.Веселовский еңбектері, Э.Мейер, Н.Маев, А.И.Макшеев, П.Иванов жазбаларынан алады, соларға сүйенеді. Ал, біз бүкіл өмірін туған халқының азаттығы мен бостандығы жолындағы күреске арнаған Жанқожа батырдың тұлғасын тарихи-ғылыми еңбектерден бөлек, тарихи жырлардағы батыр келбетінен де тани аламыз.

Жанқожа батыр жайында оннан (12 мың жол) аса тарихи жыр-дастандар шығарылып, ел арасында кең таралған. Солардың арасында Мұсабай, Нұрмағамбет, Лұқпан, Жөкей, Қарман, Нұрсұлтан, Ізжан, Орныкбай сынды ақын-жыраулардың туындыларын ерекше атаймыз.

Алаш жұртының арын арлап, елдік туын көкке көтерген ұлт-азаттық көтерілісінің қаһарманы Жанқожа Нұрмұхаммедұлы туралы әр кезеңде жазылған көркем шығармалар, эсселер мен ғылыми мақалалар, тарихи-ғұмырбаяндық зерттеулер аз емес. Батыр бабаның болмыс-бейнесі Зейнолла Шүкіровтің “Сыр бойы” романы, Бекділда Алдамжаровтың “Ұлы сел” тетрологиясы, Молдахмет Қаназдың “Жанқожа” кітабы, Әбдісаттар Оспановтың “Жанқожа батыр” деректі хикаяты мен шежіреші карт Өмірзақ Ахметов шығармаларында да сомдалған. Әйтсе де, біртуар батырдың барша болмысы мен кісілік келбеті, ерлікті жорықтары мен елдікті сақтаған бітімгершілік қасиеттерін сөз ететін тарихи жырлардың орны бір төбе.

Жанқожа батыр туралы өлеңмен жазылған шығармаларды тарихи жырлар деп алып, бізге жеткен мұралардың ішінен Мұсабай жыраудың “Жанқожа батырдың толғауы”, Жөкей Шанғытбайұлы жырлаған “Жанқожа батыр мен Бабажан сарт”, Лұқпан Кенжеұлы жырлаған “Жанқожа батыр” шығармасын қарастырамыз.

Мұсабай жыраудың “Жанқожа батырдың толғауы” атты 43 шумақтық жырын 1894 жылы И.В.Аничков алғаш рет

Қазан университетінің хабарлары мен сол жылғы Петерборда Н.Веселовский шығарған жинақта қазақ, орыс тілдерінде жариялағаны мәлім. Кейін осы мәтіннің қазақ тіліндегі нұсқасы сол калпында 1926 жылы “Жаңа мектеп” журналының №5 санында басылғаны да белгілі. Мұның сыртында Мұсабай жыраудың Жанқожа жайлы толғауы біраз қысқартылып, ықшамдалған нұсқада Қазақстан Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында қолжазба күйінде сақталған. Осы шығарма жайлы алғаш пікір білдірушілердің бірі академик С.Мұқанов былай дейді: “Бұл жырдың маңызы: оқиғасы бытыраңқы, өлеңі олақ, сөзі жасық болғанымен, Жанқожаның кім екендігі туралы, оның қайратты ісі туралы оқушыға көп әсер қалдырады”. Жырдың бұл нұсқасы “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген “Бабалар сөзінің” 62-томында берілген.

Мұсабай жыраудың “Жанқожа батырдың толғауы” батыр өлгеннен кейін ел үшін өмірін сарп еткен ардагер азаматтың бейнесін халықтың есінде қалдыру мақсатында дүниеге келген. Жыр Жанқожа батырдың ата-тек шежіресін баяндаудан басталады. Жырда негізгі 3 оқиға: Жанқожа бастаған Сыр бойы егіншілерінің Хиуа хандығы мен Ресей отарлаушыларына қарсы күресі және батырдың өлімі жырланады.

Мұсабай жырау жырындағы Бабажан сарт Жанқожа жайлы халықтың тарихи жырларында ең көп кездесетін кейіпкер. Мұсабай жырында Жанқожаның Бабажанды жазалайтыны бастан-аяқ баяндалмаса да, батырдың ерлігіне былайша тоқталып өтеді:

Қазаққа сарт та қылды үлкендікті,
Көрмедік Жәкең барда еш кемдікті.
Қаласын Бабажанның бұзып алып,
Қазаққа алып берді бір теңдікті.

Тарихи деректерге сүйенсек, 1860 жылдың басында Сырдария аймағының бастығы генерал-лейтенант Дебуден Бөрі сұлтанның барымташыларын жазалауға рұқсат алып, сол жолы Дауқарада отырған Жанқожа ауылын 600 адаммен келіп шабады. Сөйтіп, бүкіл қазақ сыйлайтын батырды мерт етеді. Жанқожаның осы 1860 жылғы Дауқара мен Қызылқұм шабуылын Мұсабай жырау жырда өзек еткенде, әсіресе үш мәселеге көңіл бөлген. Біріншіден, жырау мұнда батырдың жау келіп жатқанда намазынан тұрып кетпегендігін, сол арқылы оның еш нәрседен қорықпайтын нағыз ер екенін көрсетсе, екіншіден, Жанқожа ауылға жау шапқанда олардың шақырған ұрандарына сеніп мерт болғандығын айту арқылы Елекейдің опасыздығын көрсетеді. Үшіншіден, батыр өліміне

кінәлі Елекей мен ол осыған қатысты ел билегендерді айту арқылы сол замандағы ел арасы татулығы туралы жайттан да хабардар етеді. Жалпы, Мұсабай жырау елінің берекесін қашырған Елекей хан мен Бабажан бек секілді әртүрлі ел билеген пасықтардың, орыс отарлаушыларының халыққа қас қылықтарын әшкерелей отырып, қарадан шыққан ел қамқоры Жанқожа батырдың ерлігін дәріптейді. Жанқожа батыр туралы тарихи жырлардың бірі “Жанқожа батыр мен Бабажан сарт”. Бұл Жөкей Шаңғытбайұлы нұсқасы. Бұл дастанда Жанқожаның кескін-келбеті, айбары ерекше сипатталады. Жанқожа батырдың әділдігі, өз халқын қорғап, егескен жауын еңіретте жеңіп отырғандығы, хан төрелерімен қарсы болып, олардың айдауына ермегендігі, яғни батырдың осындай қасиеттері жырда ерекше шабытпен суреттелген.

Батыр туралы кеңес дәуірінде алғашқы жырлаушылардың бірі Лұқпан Кенжеұлының “Жанқожа батыр” деп аталатын жыры батыр туралы тарихи жырлардың ең таңдаулыларының бірі және бұрын-соңды зерттелмегені де. Бұл дастанда Жанқожа батырдың 17 жасында Жаңадария бойында Тықы батырдың қаласын бұзып, өзін өлтіргендігі туралы жырланады. Жас батыр Жанқожаның алғашқы жекпе-жегі, оның батырлық бейнесін, қимыл-әрекетін Лұқпан шынайы суреттеген. Одан әрі жас батырдың қамал бұзып, қарақалпақтардан қазақтың кегін алып берген ерлігіне сүйсінген Дабыл батыр Жанқожаға батасын берген екен. Жырда:

Алаштың басқа ерлері
Тықыға қарсы бармады.
Сол Тықыны өлтіріп,
Ортаға салды олжаны.
Осы бала ер жетсе,

Ұрыстың болар балуаны, - деп бағалауы да болашақ батырдың талай істі тындырарынан хабардар етіп тұрғандай. Расында да, жырда көп ұзамай Жанқожаның ел арасында даңқы шыға бастайды. Ол жырда былай суреттеледі:

Жанқожа батыр ел болды,
Ел ішінде бір болды.
Аңдып жүрген дұшпанның
Жүрегінде шер болды.
...Атағы шығып аспанға,
Күннен - күнге зор болды.

Лұқпан нұсқасында Жанқожаның қарақалпақ батыры Тықыдан кейін Хиуа бегі Бабажан сарт, түрікмен Әйімбет батырды жеңіп,

Жанкент, Қазалы төңірегін жаудан тазартумен бірге Сырдың ортаңғы бөлігіндегі Созақ, Қосқорған, Сайрам қамалдарын киратып, жергілікті қазақтарды қоқан езгісінен құтқарған жанкешті жорықтары өте әсерлі жырланған. Мұнда жыршы, әсіресе Жанқожаның түрікмен Әйімбет батырмен жекпе-жегіне және батырдың Кеңесары ханмен бірлесіп Созақ бекінісін алу кезіндегі ерлік істеріне ерекше тоқталып, соғыс суретін барынша қызықты әрі шебер тілмен асқақ эпикалық екіпінде сомдаған.

Ерегісіп келгенде,
Жауы бар ма жеңбеген?!
Айбаты суық арсыландай,
Көрген дұшпан қалмайды

Жанынан күдер үзбеген, - деген жыр жолдарынан Жанқожаның батырлық келбеті өрілген. Дастанның соңғы тұсы Сыр бойына орыстардың келуіне Жанқожаның патша бекіністеріне қарсы көтерілісі, оның қазақтардың қолынан қаза табуына арналады.

Тарихи жыр үлгілеріндегі Қабанбай мен Доланқараның, Барақ пен Алакөбектің, Шырыш пен Абылайдың, Базар мен Қарынның тілдесулері де қалмақ батырының бопсалап қорқытуынан басталып, қазақ батырының оған жауап беруіне ұласып, бірінші кезекті жаудың сұрап алуымен аяқталса, “Жанқожа батыр” жырында сөзбен емес, батырлардың сес көрсетуі қимыл іс-әрекет үстінде танылады. Айталық жырда:

Ат үстінде ойнайды
Екі жаққа бой тастап.
Аспанға балта лақтырып,
Ат бауырынан оралып,
Алады қағып, қайта ұстап
Балтаны қойып, найзамен

Ойнайды тағы ойқастап...,- деп Жанқожаның жекпе-жекке дейінгі дайындығы осылай берілсе, оның қарсылас батыры Әйімбеттің “Қылышын алды, шалқақтап... Көрсетті өнер алшақтап” деп суреттейді.

Даңқты батыр жайындағы жырларда оны өзге замандастарынан ерекшелетін бірнеше кісілік қасиеттерін көреміз. Ең алдымен, Жанқожа жастайынан өте әділ, тура мінезді, ешкімнен қорықпайтын жаужүрек әрі бұқара халықтың сенімді тірегі, туған елі мен жерінің қорғаны болған кісі. Екіншіден, досқа да жауға да бірдей адал, сертке беріктігі назар аудартады.

Қорыта келгенде, бүкіл өмірін өзінің туған халқының азаттығы мен бостандығына құрбан еткен, әлсіздердің қорғаушысы, әділдік

пен шындықтың жақтаушысы болған қадірлі бабамыздың аруағын құрмет тұту үшін Жанқожа батырдың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында жоғарыда аталған тарихи жырлар дүниеге келген. Жанқожа батыр мен оның үзеңгілес серіктерінің қаны бекерге төгілген жоқ. Олар ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен тәуелсіздік таңын жақындатуға қомақты үлес қосты. Сондықтан да, Жанқожа батырдың осы тарихи тұлғасы бедерленген тарихи жырлардағы бейнесін барынша аршып көрсетуге талпындық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Сыр бойы» З.Шүкіров Қызылорда «Тұмар» 1998 ж.
- 2 «Елтұтқа» М.Жолдасбекұлы., Қ.Салғараұлы., А.Сейдімбек, Астана 2001 ж.
- 3 «Сыр өңірі тарихы» Алматы, «Атамұра» 1998ж.
- 4 Қазақстан тарихы 3-том, Алматы, 2002ж. 381-бет
- 5 «Жанқожа батыр» Ә.Оспанов Алматы, 1992 ж. 104-бет

8 Секция. Философия
8 Секция. Философия

АБАЙ КУНАНБАЕВ – ФИЛОСОФ–ГУМАНИСТ

БАЙГУЗИНОВА С.
ученик 9 класса, Розовская СОШ, Павлодарский район
ТУСУПОВА Г. С.
учитель

*Не будь сыном своего народа,
а будь сыном человечества.*

Абай

Абай Кунанбаев - великий поэт казахского народа, философ - гуманист, композитор, ювелирный мастер художественного слова. Он родился 10 августа 1845 года в Семипалатинской области на склонах гор Шынгыстау, недалеко от источника Каскабулак. Изначально поэту дали имя Ибрагим. Говорят, что наречению поэта таким именем предшествовал вещий сон его отца – Кунанбая. Во сне тот увидел великого представителя племени тобыкты – мыслителя и философа Аннет баба, который произнес имя святого сына Ибрахимом.

Второе дорогое имя, связанное с жизнью великого поэта, - его родная мать Улжан, добрая и мудрая женщина.

Человек, который в наибольшей степени повлиял на раннее тяготение Абая к искусству слова и знаниям, была его бабушка Зере. Следующим замечательным учителем и воспитателем юного Абая стал сам казахский народ. На протяжении 20 лет чрезвычайно разносторонне расцветает гений Абая, он завоевывает необычайный авторитет, огромную и доселе в степи не встречавшуюся популярность. К нему стекаются акыны, певцы, композиторы, вокруг него толпится талантливая молодежь, создается социально-философская и литературная школы.

Первое и самое принципиальное обстоятельство состоит в импульсе к преобразованию культуры народа, который Абай дал. Речь идет прежде всего о словесной культуре, о поэтической традиции. Казахская специфика фольклора, несмотря на свою традиционность, и до Абая не исключала индивидуального творчества, о чем свидетельствуют сохранившиеся имена акынов, певцов, сказителей, композиторов, импровизаторов, мастеров поэтического состязания. Абай во все это

привнес совершенно новое качество. Он влил в культуру казахов целый поток образов, форм (сатира, лирика, откровения, пейзажная лирика, исповедь) сюжетов, идей из иных культур и традиций, что означало включение казахской культуры в мир большой культуры классических цивилизаций и привитие свойственных последним духовных опытов к традиционной культуре казахов. Затем тысячелетняя персидская культура и литература, которая в традиции семьи Абая вошла в его сознание с детства и закрепилась сознательным обращением к творчеству Фирдоуси, Саади, Низами, Навои, Физули. Совершенно новым, дотоле неизведанным был для казахов до Абая мир русской культуры в связи с европейской культурой и европейской традицией. Но опорой восприятия Запада является глубоко осознанный Восток, приверженность исламу. Особое место в творчестве Абая занимает «Кара сөз». Под этим наименованием объединены 45 «Слов» - небольших законченных фрагментов, выраженных в тщательно, художественно стилистически обработанной прозаической форме. Это и непосредственное обращение к читателю, откровенный разговор - собеседование, это и «ума холодных наблюдений и сердца горестных замет», это и философия жизни отдельного человека на фоне судеб народа. Термин «кара» (черный) в сочетании с термином «сөз» (слово) чрезвычайно многозначен: это и обозначение прозы в отличие от рифмованной речи и текста, это и обозначение печали, и, наконец, обозначение, идущее от тюркской традиции, важного, значительного, первостепенного. «Кара сөз» по жанру близки к тому, что в чингизовской традиции называлось «биликом», метким изречением, рассказом о жизненном примере, имеющим значение образца. По европейской традиции, это жанр «максим», «афоризмов», «бесед». А по сути «Кара сөз» - исповедь. Данное на русском языке название этого произведения «Слова назидания» звучит сухо моралистично, менторски-наставительно.

В педагогической системе Абая первостепенное значение отводится нравственному примеру и языкам. Через родной язык впервые открывается окно в мир. Широта взглядов, общечеловечность обязывает изучать языки других народов.

Испытанный им самим путь приобщения к европейской культуре Абай пропагандирует как всеобщее значимый путь приобщения к достижениям европейской цивилизации. «Знать русский язык - значит открыть глаза на мир» - говорит Абай в 25 Слове. «Знание чужого языка и культуры делает человека равноправным с этим народом, он чувствует себя вольно, и если заботы и борьба этого

народа ему по сердцу, то он никогда не сможет оставаться в стороне». Отталкиваясь от общего правила, что тот, кто способен воспринимать чужую культуру, делает шаг к более широкому взгляду на мир, учится самокритичности и к преодолению ограниченности, Абай еще раз настаивает: «Русская наука и культура - ключ к осмыслению мира и, приобретя его, можно намного облегчить жизнь нашего народа. Например, мы познали бы разные, но в то же время честные способы добывания средств к жизни и наставляли бы на этот путь детей, успешнее боролись за равноправное положение нашего народа среди других народов земли».

Мыслитель Абай вот уже почти два столетия восхищает различные поколения людей глубиной своей мысли и яркостью языка. Его известность переступила границы Казахской земли, а его талант стал достоянием всего мира. Но особую роль Абай сыграл в духовном единении двух народов – казахского и русского. Он много размышляет о сущности жизни и взаимопроникновении культур. Его мысли - это те кирпичики-основания на которых заложена современная философия свободного Казахстана.

Сегодня национальная философия становится необходимой частью общественного сознания евразийских обществ. Казахская философия определяется конкретно-исторической судьбой казахского народа, его менталитетом, характером мировоззренческих проблем в разные периоды его исторического развития. Началом казахской философии можно обозначить философию казахского просвещения 19 века. Данная философия формировалась под воздействием Востока и русской просветительской мысли, т.к. после присоединения Казахстана к России менялось мышление казахов, их уклад жизни, этнические традиции. Социальные противоречия в жизнедеятельности казахского народа критически осмысливались Чоканом Валихановым, Абаем Кунанбаевым, Шакаримом Кудайбердиевым. [1]

Чтобы понять процесс формирования казахской философской мысли необходимо обратиться к такой яркой фигуре в казахской культуре как Абай. Как сын своего народа, Абай взял лучшее от многовековой культуры казахского народа и обогатил эти сокровища благотворным влиянием русской культуры. Философская направленность поэта, прежде всего, проявляется в его поэтическом творчестве. Он поэт-сатирик, обличитель. Его стихи носят просветительский характер: есть стихи-притчи, стихи-назидания. Но во всех произведениях звучит основная мысль: любовь к человеку и природе – это ключ к философии

Абая. Исходя из своего философского мироощущения, ему близки такие русские поэты и писатели, как А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов, И. Бунин, Л. Толстой, Салтыков - Если все это сформулировать краткой мыслью, то можно сказать, что всех их объединяет философские искания смысла «народ-поэт».

С философией Льва Толстого его роднит направленность их педагогических воззрений – мысли о народе, идея его просвещения и воспитания. И Абай и Толстой свои этические мысли обрамляют в художественные формы: будь то поэзия или проза. Основная философская мысль обоих гениев в том, что человек не от природы нравственен или безнравственен, он становится тем или другим в процессе воспитания. Абай говорил: «Если бы в моих руках была бы власть, я отрезал бы язык всякому, кто говорит, что человек неисправим». Но человек, может исправиться только через знание, а «целью познания является достижение истины». [2] Именно поэтому он переводит их произведения на казахский язык.

Основная цель знания по Абаю – очеловечивание человека. «Не раскрыв для себя видимых и невидимых тайн вселенной, не объяснив всего себе, человеку не стать человеком» [3]. Абай был первым казахским поэтом, который выбрал путь самосознания и самопознания, главенствующими признаками которого были гуманизм и просвещение.

Человек должен в этой космической «песчинке – на земле» найти свое место, найти себя и быть самим собой. Он пишет:

«В душу взглядись глубже, сам собою побудь:

Я для тебя загадка, я и мой путь!

Знай, потомок, дорогу я тебе открывал

Против тысяч сражался, не обессудь!»

«Познай сам себя» - это одно из древнейших философских направлений всех народов. Познай себя – и ты обретешь Истину! Данный постулат исходит, прежде всего из религиозной философии.

Абай считал, что первое достоинство философа – мудрость, которая и завтра будет озарять, греть своими лучами людей.

ЛИТЕРАТУРА

1 Кунанбаев Абай Книга слов / ред. Р. Сейсенбаева.- Семей: Международный клуб Абая, 2001. - 147 с.

2 Мухтарова Ш. Идеи национального сознания в наследии Абая // Улагат. - 2001. - №5. - С.53

3 Смагулова Г. Абай и Толстой: принципы народного воспитания // Иртыш.- 1995.-8 августа.

ЖЕТІ АТАСЫН БІЛМЕГЕН – ЖЕТЕСІЗ

ҚҰРЫЛЫС А. Н.

II сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған «Зерде» мамандандырылған жалпы білім беру мектебі, Екібастұз қ.

Қай қазақ баласы болмасын жас күнінен құлағына құйып қоятын жеті ата дегеніміз не? Жеті ата- ата-баба, жетінші буын. [1,235]. Жеті ата - баланың өзінен бастап есептегендегі әкесі, атасы,бабасы,арғы атасы және т.б. жетінші буыны. Жеті ата - қазақ халқының дәстүрлі салт санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы,бабасы т.б. жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. [2, 393].

Осыдан барып, шежіре қалыптасады. Жеті атадан гөрі шежіренің ауқымы кең, тамыры тереңде жатыр. Жеті ата жеті буын өкілін ғана қамтиды, шежіреде мыңдаған ағайын – туыстың есімі жүйеленіп беріледі.

Шежіре - туыстас, бір руға тән ұрпақтардың таралу жолы; рулық, туыстық кесте. [1,728]. Шежіре- халықтың шығу тегін таралуын баяндайтын тарих ғылымының тармағы. Ру, тайпалардың тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, қалыптасқан ресми шежіре барлық халықтарда кездеседі. [3,721]. Дегенмен қазақ халқы шежіреге ерекше мән береді. Шежіре тектілік ұғымына әкеледі.

Тек - адамның түп нәсілін, арғы атасын білдіретін тарихи ұғым. Ол жаратылыстану ғылымындағы күрделі мәселелердің бірі. Мұның негізінде бірнеше ғылымның салалары мен ұғымдар пайда болып, ғылыми атауға айналған. [4]. Тек-шыққан негізі нәсілі тұқымы. [1,629]. Текті - тегі, шыққан жері жақсы.Сыйласарлық тектінің кім танымас нұсқасын (Абай). [1,629]. Тектілік- адам бойындағы асыл қасиеттердің парасаттылықтың үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілуі. Тектілік құбылысы жақсы адамның кездейсоқ қалыптаспайтынын, ата-бабалардан берілетін дүниетанымдық, ділдік, психологиялық, т.б. бейімділіктері болуға тиістілігін көрсетеді. Тектіліктің негізгі өлшемдерінің бірі абыройлы азаматқа айналу болып табылады. Осыған орай халық арасында «Жаманнан жақсы туады адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады бір аяқ асқа алғысыз» деген қанатты сөз айтылады. [4]. Тектілік - адам бойындағы асыл қасиеттердің, парасаттылықтың үлгісі ретінде ұрпақтан- ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілуі, жеке тұлғаның тегіне тартып парасаттылық, салауаттылық көрсетуі. Тектілік құбылысы жақсы адамның кездейсоқ қалыптаспайтынын,

ата - бабалардан берілетін дүниетанымдық, ділдік, психологиялық т.б. бейімділіктері болуға тиістілігін көрсетеді [5,100].

Абайдың жас кезіндегі мінезін, өзіне ғана тән ұтқыр да ұшқыр сөз тұрпатының тамырын М. Әуезов былай тапқан, таратқан: Арғынның Момын деген тоқалынан үш баласы: Қарасопы, Ақсопы, Мейрамсопы. Ақсопыдан - Қанжығалы, Тобықты. Тобықтының екі баласы: Рыспетек, Дәулетек (лақап аты Жуантаяқ) дейді шежіреші. Дәулетектің үш баласы - Байғара, Байшора, Жиеншора. Тобықтының үлкен баласы Рыспетектен: Мұсабай, Көкше, Дадан, Құлық. Мұсабай бидің екі баласы: Толымқожа, Сүйірбас. Толымқожаның (лақап аты - Жаман Тобықты) екі баласы: Биянай (одан Наз, Нүрке, Бірке, Ожар аталары тараған). Сүйірбастың үш баласы: Әлі, Сары, Қожаберген. Сарының балалары: Мәмбетей, Үмбетей, Мәмбетсопы және Кішік (Күшік). Мәмбетсопыдан – Жұмағұл, Қожан. Жұмағұлдың алты баласының бірі – Мамай батыр. Кішік (Күшіктен) – Саңмұрын, Байымбет, Әнет, Әйтек. Әйтектен – Олжай, Байбөрі (Бөкен), Қалқаман. Олжайдан - Айдос (одан - Ырғызбай, Торғай, Топай, Көгібак), Қайдос (одан - Бөкенші, Борсақ), Жандос (лақап аты - жігітек). Олжайдың үш баласынан өрбіген көп ұрпақты ел «үш Олжай» деп атаған. Жігітектен Кеңгірбай би (1735-1825), ал Айдостың Ырғызбайынан Өскенбай би (1778 -1850) туады.

Абайдың жас кезіндегі мінезін, өзіне ғана тән ұтқыр да ұшқыр сөз тұрпатының тамырын М.Әуезов осылай таратқан. Абайдың Абай болуының бір ұшығы нағашы тегінде деп айта аламыз. Себебі Абай нағашылары: орта Жүз Арғынның бір бұтағы Мейрам сопының кенжесі Қаракесек атанған Болатқожадан тарайтыны мәлім. Болатқожаның баласы - Бошан. Бошаннан - Таз (басқасын таратпай-ақ қояйық, баршаға мәлім бес Бошан), Таздан - Бұлбұл, Бұлбұлдан - Шаншар. «Болашақты болжаушы Шаншар абыз» атанған бабамызға байланысты әңгімелер көп, олардың жөні өзінше. Сол Шаншар бабамыздың Әйбике, Нұрбике деген әйелдері сонау ХҮІІ ғасырдың аяғында Тәшкенді билеген қатаған Тұрсын ханның қыздары болса керек. Еңсегей бойлы ер Есім ханмен тізе қосып, хан Тұрсынның бүлігін басқанда, Шаншар батыр оның қыздарын олжалап, елге әкеліп, алақанға салып өсіріп, бой жеткізсе керек. Сол Әйбикеден тараған ұрпақты Әйбике - Шаншар, Нұрбикеден - Нұрбике Шаншар деп кеткен. Нұрбике анамыздан Бертіс туған. Бертістің бір баласы Бектемірден Мөшеке, Битен, Шитен есімді балалары болған.Мөшекеден - Қазанғап. Қазанғаптан Тәттімбет туғанын бүкіл қазақ біледі. Қазақтың ұлы күйшісі Тәттекең туралы

басқа сөз айтпайық, әңгіме Абайдың нағашылары туралы. Битеннен - Қантай, Тонтай және Тұрпан. Қыр елінде Битенді Шитеннен бөлмейді, тетелес болғандықтан ба, арасына жыл толмай туған егіз деп есептей ме, әйтеуір Битен-Шитен деп қосақтап айтады. Сөйтеді де, Абайдың нағашысы, оның ішінде туған нағашысы Битен-Шитен деп қосақтап жібереді. Орайы келіп тұрса, сөздің жымы қабысып тұрса, айып жоқ қой, әйтсе де Абайдың туған нағашысы - Битен. Міне, сол Битеннен Қантай, Тонтай, Тұрпа. Мұхтар Әуезовтің деректерінің бұлжымас дәлдігінің дәлелі осындай. Тұрпанның Ұлжан, Молқара атты қыздары болған екен. Ұлжан апамыз - Абайдың анасы.

Жеті атасын білу, шежіре тарату, тектілік сөздерінің түп - төркіні халқымыздың ғасырлар бойы ұрпағына аманат еткен діл ұғымын дұрыс түсініп, қабылдап, сақтап, келесі ұрпаққа дақ түсірмей жеткізуімізді талап етеді.

Діл - таза жүрек, терең ой. Сен тілмен айтсаң мен ділмен, жүреппен айттым (М. Әуезов). [1,164]. Діл- адамдардың белгілі бір қоғамдастығына тән, нақтылы тарихи-мәдени ортада қалыптасқан мінез - құлық пен іс – әрекеттердің біркелкі сипатын білдіретін ұғым. [6,109].

